



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-
FARABI

Көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған
«Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2017 жылдың 3-4 қарашасы

МАТЕРИАЛЫ

Международная научно-практическая онлайн-конференция
«История казахского языка и основы духовной модернизации»
посвященный 85-летию со дня рождения доктора филологических
наук, профессора М. Томанова

Алматы, 3-4 ноября 2017 года

MATERIALS

International scientific-practical online conference
«History of the Kazakh language and basis of spiritual modernization»
dedicated to the 85th anniversary of the Doctor of Philological Sciences,
Professor M. Tomanov

Almaty, 3-4 November 2017

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03
Қ 17

Шығарылымға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Әбдиманұлы Әмірхан – филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
ф.ғ.д., профессор

Салқынбай Анар Бекмырзақызы – Қазақ тіл білімі кафедрасы профессоры, ф.ғ.д.

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері:

Иманалиева Ғазиза Қынуарбекқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.,
Лингвоарна ғылыми-зерттеу орталығының директоры м.а.

«Профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (2017 жылдың 3-4 қарашасы). – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 297 бет.

Конференцияның G-Global платформасындағы бейне түсірілімі <https://www.youtube.com/watch?v=rMT8WedCtuM> сілтемесінде жүктелген.

ISBN 978-601-7091-45-03

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03

ISBN 978-601-7091-45-03

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

МАРХАБАТ ТОМАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

А.Б. Салқынбай
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
филология ғылымдарының докторы

А. Вамбериден басталатын әлемдік түркітану ілімінің салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттелуінің үлкен бір саласы ХХ ғасырдағы Н.А. Баскаков, И.А. Батманов, А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев, Ф.Г. Исхаков, А.А. Пальмбах, А.Н. Кононов, Э. Наджип, Э.Р. Тенишев, С. Аманжолов, С.Е. Малов, К.М. Мусаев, А.М. Щербак, А. Аманжолов еңбектері арқылы, кеңестік түркітану ғылымы ретінде танылды. Бұдан өзге жеке түркі тілдерінің өз ішінде де түркітану ілімі жақсы зерттелді, ғылыми сала ретінде қалыптасып дамыды, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи даму жүйесі диахрониялық және синхрониялық бағытта зерделеніп, салыстырылып, салғастырылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан нақты ғылыми деректердің негізінде анықталды. Бастысы, бағытталған ғылыми жүйе болды, ол жүйенің арасында жақсы байланыс, ғылыми қарым-қатынас қалыптасты. Әрине, Түркиядағы түркітану мен Ауropa, АҚШ-тағы түркітану жайында мағлұмат мардымсыз болғанына қарамастан, кеңестік түркітану ғылымының әлемдік деңгейдегі өзіндік ғылыми орнының болғанын, ғылыми-теориялық деңгейінің жоғарылығын ешкім жоққа шығара алмасы шындық. Әлемдік ғалымдар күні бүгінге дейін С.Е. Малов зерттеулері арқылы көне түркі жазбаларын танытынын, түсінетінін, Н.А. Баскаковтың салыстырмалы грамматикасына сүйенетінін, Э.Р. Тенишевтің басшылығымен жасалған «Древнетюркский словарь» бойынша сөз мағынасын нақтылайтынын айтсақ та жеткілікті.

Осы кеңестік түркітану ғылымында Қазақ жұртынан шыққан бірнеше біртуар ғалымдар зерттеулері арқылы әлемдік түркітану ғылымына өз есімдерін мәңгілікке жазды. Солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор М. Томанов. «Кеңестік жылымық» атанған өткен ғасырдың 70-80 жылдары қазақ өнері мен мәдениетінде қазақ тарихына қатысты, елдің кешегі өткен сүрлеу жолынан тағылым іздеуде көптеген іргелі ізденістер болғаны белгілі.

Танып-біліп, өзімізді өзгеден,

Көшеміз біз өзімізді бетке алып, – деп Олжас ақын «Азия» арқылы әлемдік түркітану ғылымына олжа салды, Ә. Марғұлан көшпенділер мәдениетінің бастапқы іздерін жер қойнауынан тапты, І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов қолы жеткен мұражайлардағы мұрағаттарды сарыла қарап, «кеңес кезінде ғана көзін ашқан кезбе қырғыз-қайсақтың» шын тағылымды тарихының бар екенін, ел екенін, жеке ұланғайыр мемлекет болғанын, кәрі тарихтың қатпар-қатпар сырларынан көркемдік тауып, шалқар шабытты қаламымен халықты тарихтың нұрлы шуағымен жылытты.

Дәл осы тұста тіл-теңіздің тереңінен тарих сілемдерін тап бастырмай тауып, оған жіті қарап, терең зерттеп, тілде өзгеріссіз сақталған жеке тұлғалар мен қасиетті қара сөзге сіңген қазақ тарихының қасиетін таныған, танытқан ғалым профессор М. Томанов болды. Тіл – таза нақты ғылым. Мұнда жалаң сөзге, қыздырманың қызыл сөзіне, боямаға орын жоқ. Тіл ғылымы нақты тілдік деректерге ғана сүйенеді. Ал тіл тарихына қатысты зерттеуде сақталған көне мұрағаттар бетіндегі тұлғалар ғана сөйлейді. Біртоға мінезді, артық сөзден гөрі іске біртабан жақын, ғылымда өзіндік ғылыми жолын қалыптастырған профессор М. Томанов зерттеулері осындай көне мұралар тіліндегі тілдік бірліктердің тарихи сипатын ашып, зерделеп, әр таңбадан тарих ізін шолып, бағалап, текті сөздің төркінінен текті қазақтың тарихын аршыған ғылыми зерттеулер қатарында. Ғалымның “Қазақ тілі тарихи грамматикасының мәселелері” (1974), “Түбірлердің дамуы туралы мәселеге” (1974), “Үстеулердің тарихынан” (1975), “Тарихи грамматика мәселелері” (1975 ж. – Т. Қордабаевпен бірге), “Көне түркі жазуының (Орхон-Енисей) ескерткіштері” (1963), “Махмуд Қашғари (XI ғ.)”, “Махмуд Қашғари - түркі тілдерінің фонетикалық құрылымы туралы” (1971), “Тарихи морфологияны зерттеуде көне мұраларды пайдаланудың принциптері туралы” (1976), “Көне түркі жазба ескерткіштері – қазақ тілі морфологиясының тарихын зерттеудің көзі болып табылады” (1977) сияқты туындылары әрқайсысы өз алдына бір күрделі мәселенің ауыр жүгін арқалап тұр. “Қазақ лексикографиясының алғашқы нұсқасы” (1968) деп аталатын тарихи сөздіктануға арнап жазған мақаласынан бастап, М. Томанов орысша-қазақша сөздіктерді құрастыруға атсалысты (1959, 1960, 1962 т.б.). Олардың ішінде екі тілді құрылыс, архитектура, физика, астрология, заң, педагогика, психология салаларына арналған салалық терминдер сөздігі бар. Көптеген терминдік сөздіктерге алғысөздер жазып, батасын беріп, басылып шығуына мұрындық болды.

Ұстазы профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі М.Балақаевтың жетекшілігімен “Қазақ тіліндегі мезгіл мәнді сөз тіркестері” деген кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін, осы жолмен синхрониялық аспектідегі синтаксистің мәселелерін тереңдете зерттеп жүре берсе де М.Томановтың ғылым докторы болуы мүмкін еді. Бірақ, өз заманының жылы лебін сезінген ғалым, аға ұрпақ айта-айта, бірақ жаза алмай кеткен түркі тілдерінің терең тарихына барлау жасауды өзінің қасиетті борышы сезінгендей. Сондықтан да қазақ мәдениетінің, білімінің қара шаңырағы ҚазМУ-де алғаш рет “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” деген пәннен дәріс оқуға белін бекем буады. Он екіде бір нұсқасы жоқ тіл білімінің бұл саласынан алғаш бағдарлама жасайды, оқу құралдарын жазады. Кейін Республикадағы барлық жоғары оқу орындарына арнап оқу құралын жазып шығады. Сөйтіп, әр жерде айтылып жүрген қазақ тілінің тарихи даму жолдары мен қалыптасуы туралы ойды, жүйелі түрде тиянақтап, оқушы қауымның қолына ұстатады.

Кей ғалымдар қазақ әдеби тілінің бастауы Кеңес өкіметі тұсында ғана болған деген “әләуләйлімді” айтып жүргенде, М.Томанов тілдің тарихын ежелгі дәуірде жазылған тарихи мұралар тілімен салыстыра отырып зерделеп, оның көне бастауын алғаш рет классификацияға түсіріп берген еді.

Ғалым өзінің докторлық диссертациясын 1975 жылы “Қазақ тілі тарихи морфологиясының негізгі мәселелері” деген тақырыпта қорғайды. Айтушылардың сөзіне қарағанда, алты сағатқа созылған ғылыми айтыста өзім дегендерінің өзі өзекке тепкендей болса да, ғалымдық қарымдылық пен белсенді біліктілік жеңіп шыққан көрінеді. Тілдің дамуындағы жүйелі құбылыстарды дәлелдеудің бұлтартпас дәлелдері оның құрылымдық жүйесінде. Сөз құрамы үнемі өзгеріске түсіп отырады, ал морфологиялық құрылымның өзгерісі тек генетикалық-тарихи сипат алады. Осы реттен де М.Томанов тарихи фонетика мен тарихи морфологияны негізгі зерттеу нысаны ретінде таңдап алады да, оның қалыптасу жолын ежелгі Орхон-Енесай мұрағаттарымен салыстыра зерделейді, XI ғасырдағы түркі ғұламасы Махмут Қашқари еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасайды. Ғалым Махмут Қашқариды өзіне пір тұтқандай көрінеді бізге. Сондықтан да болар, орта ғасыр ғұламасының еңбектеріне алғаш ғылыми баға береді, оның салыстырмалы тіл білімінің атасы болатынын, алғашқы түркі карта жасаушысы екенін тәптіштеп жазады.

М.Т. Томанов түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазуға да түркі тіл білімі ғалымдарының көбінен бұрын кіріседі. Түркітануда мұндай салыстырмалы грамматикалар санаулы. Әрі олардың негізгілері, басты-бастылары – орыс ғалымдарының қаламынан шыққан. Сондықтан да М.Томановтың осы еңбегі арқылы да қазақ тіл білімі түркітануда туыс тілдестерінің қатарында оқ бойы озық тұрады.

Көне түркі жазбаларының тінін ақтарып, оның қазақ тілімен ұқсастығын, айырмасын аңғарып, тіл дамуындағы басты ерекшеліктерді, негізгі заңдылықтарды анықтауға арналған М. Томановтың ғылыми зерттеулерін саралаудың ғылыми-теориялық өзектілігін айтпағанда, бүгінгі түркі жұртының ортақ тарихи даму, қалыптасу жолын анықтаудың ең басты факторы саналатын тіл тарихын зерделеуі – бүгінгі ұрпақтың өзін өзі тануы үшін, түркілік мәдениетті дұрыс танып, сусындауы үшін де маңызды. Ғалым түркі тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйесіндегі дамудың теориялық негізін салды, өзіне дейін жазылған ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, оны кешенді түрде зерделеді. Басты ғылыми ұстанымы – фонетиканы лексикологиядан, лексикологияны морфологиядан, оны синтаксистен бөліп қарауға болмайтындығы еді. Ұсынған ғылыми теорияларын көне түркілік мұралар мен М. Қашқари еңбектерінен келтірілетін деректер арқылы әдіптеген ғалым зерттеулерінің деңгейі – биік, теориясы тұшымды. Қазіргі күнге дейін ғалым жазған “Қазақ тілінің тарихи грамматикасының” қайта жазылмай отырған себебі де оның бірегей ғылыми туынды болғандығынан.

Бүгінгі Қазақ сөзінің тарихи қалыптасып, мағыналық, тұлғалық және қызметтік тұрғыдан дамуы, ең алдымен, тіл құрамындағы есім сөздер мен қимыл мәнді атаулардың жіктелуімен байланысты. Осы жіктелудің ең негізгі себебін анықтаған ғалым М. Томанов “фонетикалық ұқсас негіздердің тарихи дамуы барысында жасалған” деп бағамдайды. Сондықтан да бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі заманда дербес, бір-бірінен бөлек сөздер болмаған, тек контекст құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленген синтаксистік элементтер болған дейді. Ғалым есім түбірлердің табиғатын анықтап қана қоймай, олардың даму жүйесін,

грамматикалық категорияларының қалыптасу жолдарын да түсіндіріп береді. Әсіресе, сын есім мен сан есім, есімдіктердің даму, қалыптасу жолдарын жақсы саралап көрсетіп, синкретикалық түбірлер құрамындағы болатын дыбыстық өзгерістерді терең талдайды. Түбірлердің нағыз табиғатын тануда басты назар аударатын нәрсе – олардың өзара семантикалық байланыстары деп атап көрсетеді. Мәселен, «ауыр» сөзінен сол процестің нәтижесі саналатын ұғым атауы ауыру есімі келіп шығатынын, немесе, тоң қимылы мен тоң есімі, «той» сөзі мен той, тоқ, ысы – ыстық, сен – сенім, бықсы – бықсық, нан – наным есімдері арасындағы мағыналық байланыстың тарихи себебін анықтап, олардың арасындағы себептілік байланысты көрсетеді.

М. Томанов алтаистикада, түркі тілінде қалыптасқан ғылыми ойларға, тұжырымдарға сүйене отырып, бірінші рет қазақ тілінің тарихи грамматикасын жазды. Бұл күні бүгінге дейін бірегей еңбек әрі дара оқулық ретінде танылып отыр. Оқулықта қазақ тілі тарихын зерттеудің негізгі әдістері, кезеңге бөлу мәселесі, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны бірінші рет ғылыми негізде сараланды. Тарихи фонетика мен тарихи морфологияның негізгі теориялық мәселелері кешенді түрде жинақталып, бай тілдік деректер арқылы зерделенді. Тілдің қазіргі морфологиялық құрылымын оның динамикалық дамуының жемісі ретінде таныған автор тілдік деректерді тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып, түбір ретінде танылып жүрген көптеген сөздерді алғашқы түбірі мен қосымшаға ажыратады. Бастысы, тіл дамуындағы морфологиялық даму заңдылықтарын жүйелеп көрсетіп берді. Түркітанудағы айтылған ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, бір буынды түбірлердің өзгеруіндегі басты ерекшеліктерді анықтады. Сөйтіп ғалым қазақ тіл біліміндегі тарихи морфология мен тарихи фонетика саласын толық қалыптастырды.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы – қазіргі қазақ тілінің тарихи бастаулары мен қайнар көзін анықтап, өзге түркі тілдерімен салыстыра отырып, олардың арасындағы байланысты, сабақтастықты терең зерделейтін, көне түркі жазба мұраларының тіліндегі тілдік бірліктерді талдап, олардың бүгінгі тіліміздегі көріністерін саралайтын, қазіргі тіліміздегі қолданыстағы кез келген тілдік форманың тарихи сипаттамасын ашып көрсететін ерекше пән. Профессорлар М. Томанов пен Ғ. Қалиев алғаш осы пәнді негіздеп, жүйелеп, оның типтік бағдарламасы мен оқулығын жазып Қазақ ғылымында тарихи грамматиканың негізін қалаушылардың бірі болды. Кеңес заманында Жоғарғы оқу орындарында орыс тілінің тарихи грамматикасымен қатар қазақ тілінің тарихи грамматикасы Республика көлемінде іргелі пән ретінде күні кешеге дейін осы авторлардың бағдарламаларымен, оқулығымен оқытылды. Бір өкініштісі, осындай іргелі пән қазіргі қазақ филологиясы кафедрасының басшылығының «арқасында» республикалық деңгейдегі оқу стандартынан шығарылып, оның орнына сол «апайымыздың» маманданған пәні оқытыла бастады. Уақытша болса да, бұл ертеңгі қазақстандық түркітану ғылымының дамуына тұсау болары анық.

Ғалымның 60 жылдық мерейтойында досы профессор Қайырболат Есенов “Ғалым мерейі” атты мақала жазып, мынадай пікір айтқан екен: “Профессор М. Томанов еңбектерінің күре тамыры қазақ тілі грамматикасы мәселелерін зерттеуде жатыр. Оның өзінде де алғашқы ізденістері тіліміздің синтаксистік

құрылысын қарастырудан басталған. ... Ғалымның өзге еңбектері өз алдына бір төбе болса, тарихи грамматика жайындағы зерттеулері өз алдына шоқтығы биік жеке бір төбе болатынын ашық айтуымыз қажет. Мұнда қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен жеке сөз таптары тарихи тұрғыдан жан-жақты сөз болады. Бұл ретте грамматикалық категориялардың қалыптасуы мен даму жолдары белгілі бір формалардың тарихи заңдылықтары негізінде туыстар тілдермен салғастырыла қарастырылады” [Тіл тарихы туралы зерттеулер. 591-бет]. Бұдан байқалатыны, замандастары, қаламдас ғалымдар М. Томановты тарихшы ғалым ретінде жоғары бағалаған. Оның қаламынан туындаған ғылыми зерттеулердің тереңдігі мен ғылыми бағасының жоғарылығын білген, мойындаған.

М. Томанов - түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып, түркітануға үлкен үлес қосты. Ежелгі деректерді кешенді, жан-жақты салыстыра зерттеу арқылы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін ашып көрсетті. Түркі тілдерінің негізгі жүйелілік ерекшеліктерін анықтап, оларға тән ортақ белгілерді көрсетіп берді. Әлеуметтік, экономикалық, тарих ерекшеліктеріне сәйкес қазіргі түркі халықтарының тарихи этногенездік тұрғыдан әр диалектіде сөйлеген тайпалардан құралғанын ескере отырып, әдеби тілді қалыптастырған негізгі арнаны тауып, тілдегі басты заңдылықтарды анықтады. Соңғы мың жарым жыл бойында түркі халықтары басқа халықтармен жиі қарым-қатынасқа түсіп, өте кең көлемді мекенді жайлап, түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат бергенін дәлелдеді.

Морфемалардың бір-бірінен жігі айқын ашылып тұратындығы, түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан дербес қолданылатындығы, әрбір морфема сөз құрамында белгілі бір семантикаға ие болатындығы М.Томанов еңбектерінде тарихи тұрғыдан дәлелденіп, ғылыми-теориялық бағасын алды. Қай уақытта болса да тіл тарихын, мәдениет тарихын, әдебиет тарихын жүйелеу, белгілі кезеңдерге бөлу маңызды саналады. Халықтың қалыптасу тарихымен біте қайнасып, ұласа дамып жатқан қазақ тілінің өзіндік даму, қалыптасу жолы бар десек те, ол елдің даму бағытымен тұтасып, халықтың даму жолымен бірге қарастырылуы қажет. Тіл білімінде түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің даму және қалыптасу жолдарын анықтап, зерделеген ғалымдар көп емес. Кей ғалымдар тілдің даму жолын ғылыми болжамдармен ғана пайымдап көрсетіп, оның қалыптасу сипатын тек ойша жасалған гипотеза арқылы айтуға талаптанады.

Қазақ тілі – түркі тілдер тобындағы біршама жас тіл ретінде де таныла бастағаны белгілі. Оның дамудың күрделі процестерінен өткен өзіндік грамматикалық құрылымы, қалыптасу тарихы бар тіл екеніне қарамастан, Кеңес заманындағы түркітану ғылымының аса білімпазы саналған үлкен ғалым, беделді ғалым С. Малов қазақ тілін ең жас тілдердің қатарына жатқызады. Қай кезде де беделді ғалымдардың айтқан пікіріне қарсы дау айтып, жаңа ерекше көзқарас білдіру оңай болмаған ғой. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінің қай-қайсысымен салыстырғанда да, бастау бұлағы – ортақ, даму жолы бір, сондықтан оның кейін шыққан жас тіл бола алмайтындығын терең ғылыми

пайымдаулармен, тарихи деректермен дәлелдеген ғалым да М. Томанов еді. Тіліміздегі сөз басында қатаң дыбыстардың мол айтылатынын тілге тиек еткен ғалым, қатаң дыбыстардың тарихи көне процесс екенін алға ұстай отырып, қазақ тілі жас тіл деген ғылыми пікірге дау айтады. С. Маловтың пікіріне қосыла алмайтынын жасырмай, ойын былайша тұжырымдайды: “...қазақ тілінде ұяңдар мен қатаңдардың арақатынасы да шамалас, *рт*, *лт*, *нт* тәрізді көне дыбыс тіркестері де екі буынды сөздер құрамында сақталған. Бірақ бұл соңғы ерекшеліктер қазақ тілінің де пәлендей жаңа емес, оның қалыптаса бастауы да сол көне дәуірлерде болғандығының дәлелі бола алады”. Қоғамдық сананың, ойлаудың логика-прагматикалық түрі күшейіп, мифологиялық, діни сана түрлерін ығыстырып шығарумен байланысты халықтық тілдің тарихын жүйелеуге де ерекше көзқарас қажет екені анықталуда. Осы ретте профессор М. Томановтың зерттеулерінің маңызы артады, тіл тарихын жүйелеуде автор ұстанған өзіндік принциптің мәні қазіргі таңда ерекше бағалауға лайық. Яғни тіл тарихы мен оны жасаушы халық тарихын бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан автор Қазақ тілінің тарихын “қазақ” этнонимі шыққан кезеңнен бастап жүйелеуді, ал оның бастапқы бастау көздерін көне заманнан бастау керектігін ұсынады.

Профессор М. Томанов көне түркі ескерткіштерін тек лингвистикалық тұрғыдан ғана зерттеп қоймай, сонымен бірге әдеби де, тарихи да, археологиялық та мұра ретінде қарастыруды жақтайды. Қазіргі зерттеу жұмыстарында бұл мәселе осындай күрделі аспектіде жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылуда. Мәселен, X–XV ғасырларда жазылған зерттеулерді жүйелеу барысында ғалым мынадай пайымдаулар айтады: “Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет – жазба әдебиет пайда бола бастады”. Яки ғалым жазба әдебиет пен ауыз әдебиетін қатар қарастыра отырып, олардың орны мен өзіндік ерекшеліктерін үнемі айқындап отырады. Бұндай ойлар кейінгі зерттеушілердің фольклорға қатысты өздерінің қатынасын қалыптастыруға итермелейді, жетелейді. Ауызекі тілде жасалған туындылар да тіл тарихын анықтауда өзіндік мәнге ие болады. Ғалымның тіл тарихына қатысты жазғандары білім көкжиегінің кеңдігін, арналы білігін танытады. Қазақ тіліндегі, көне не орта түрік тіліндегі сөздер мен сөзтұлғаларды ғана сөйлетіп қоймай, тілдік деректерді ареальдық бағытта, алтаистикалық деңгейде салыстыра, салғастыра зерттеді. М. Томанов М. Қашқаридың “Дивани лұғат – ит түрк” атты еңбегін ауызекі сөйлеу тілінің жинағы ретінде көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, бұл берілген баға – дұрыс баға еді. Қашқари еңбегінде берілетін мысалдар ретінде алынатын мақалдар мен мәтелдер, аңыздар ауызекі сөйлеу тілінің бірліктері екені анық. Ғалым М. Қашқари еңбегін терең зерттеу арқылы мынадай тұжырым айтады: “Қашқари кітабында берілген қыпшақ материалдары бүгінгі қазақ тілінің алғашқы сипатын танытады”. Өз кезі үшін бұл өте батыл пікір болатын.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық түркология комитетінің мүшесі М.Т.Томановтың ғылыми еңбектері сан-салалы, жан-жақты. Егер санамалап көрсетер болсақ, ол қалам тартпаған тіл білімінің саласы жоқтың қасы. Сірә, бұл ғалымның қарымдылығы, білім тереңділігі болса керек. Сірә, бұл

өз кезеңінде ғылымда туындап жатқан сан түрлі қажеттіліктердің үдесінен шығуды көздеген еңбекқорлық болса керек. Сірә, бұл ғылымға деген, қазақ тіліне деген шексіз құрметтен туындаса керек. Ғалым қазіргі қазақ тілінің синтаксисі, стилистикасы, морфологиясы, қазақ әдеби тілі, диалектологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, ежелгі жазба мұрағаттар тілі, тарихи фонетика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы сияқты күрделі мәселер жөнінде терең теориялық мәні бар үлкен-үлкен ғылыми еңбектер арнапты. Құны атан түйеге бергісіз сүбелі ғылыми туындылар бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің мемлекеттік тілі саналатын қазақ тілінің болашақтағы ғылыми-теориялық тұрғыдан дамуына да талай уақыт қызмет ете берері даусыз.

Әдебиет:

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988.
2. Основные вопросы исторической морфологии казахского языка. Автореф. дисс на соискание уч. степени доктора филол. наук. Алма-Ата, 1975, 126 с.
3. Құрышжанов, М.Томанов, Орхон-енисей жазу ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. - Алматы, 1964.
4. Қазақ тілінің стилистикасы. Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. өңделіп, толықтырылып екінші басылуы. - Алматы, 1974, 192б.
5. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (программа). – Кітапта: Арнаулы курстар мен арнаулы семинарлардың программалары. - Алматы, 1974, б.33-36.
6. Үстеулердің тарихынан // Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы, 1975. 6-шығыуы. Б. 24-33.
7. Тарихи грамматика мәселелері. Университтер мен педагогикалық институттардың филология факультеттері студенттеріне арналған көмекші құрал. - Алматы, 1975, 176 б.
8. Основные вопросы исторической морфологии казахского языка. Автореф. дисс на соискание уч. степени доктора филол. наук. Алма-Ата, 1975, 126 с.
9. Қазақ тіліндегі шығыс жалғаулы сөз тіркестері. Университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттері үшін көмекші құрал. - Алматы, 1975, 79 б. Ред. М.Томанов.
10. Көне түркі тілі. - Қазақ Совет Энциклопедиясы, 6-том. - Алматы, 1975.
11. Тарихи морфологияны зерттеуде көне мұраларды пайдаланудың принциптері туралы. – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы, 1976, 8-шығыуы, б. 122-131.
12. Основные вопросы исторической морфологии казахского языка. – Советская тюркология, 1976, №2, с.122-123. Информационное сообщение о защите докторской диссертации М.Томановым.
13. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. - Алматы, Мектеп, 1982. 5 б.т.
14. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. - Алматы, 1983. 48 б.
15. Көсемшелер тарихынан. /жинақта: Қазақ тілі теориясы мен тарихының мәселелері. - Алматы, 1986.

16. Принципы построения исторической грамматики казахского языка // Тюркология-88: Тезисы докладов и сообщений V Всесоюзной тюркологической конференции. 7-9 сентября 1988г. Фрунзе, 1988. С. 56-58.

17. Ана тілімізді” биік мерейі // Өркен. 1989. 14 қазан.

18. Ұлы ғалымдар өмірінен (VIII-XIV ғасырлар) - Алматы, 1989. 272 б.

19. Құдайберген Жұбанов және қазақ филологиясы // Өркен. 1989. 23 желтоқсан.

20. Тіл тарихы туралы зерттеулер. (Түркі-қазақ тілі материалдары негізінде). –Алматы: Ғылым, 2002. 40 б.т. Ғылыми редакциясын басқарған және жауапты шығарушы профессор А.Б.Салқынбай.

МАРХАБАТ ТОМАНОВ - ЧЕЛОВЕК В НАУКЕ

Н.М. Томанова
доцент кафедры русской филологии,
русской и мировой литературы. к.филол.н.,

Томанов Мархабат Томанович родился 5 февраля 1932 г. в колхозе «Абла» Кармакчинского района Кзыл-Ординской области в семье небогатого крестьянина. Отец его, Томан, был грамотным человеком, читал Коран на арабском. В семье было шестеро детей – четверо мальчиков и две девочки, Мархабат был младшим из четверых сыновей. Двое старших братьев так же, как и Мархабат Томанович, работали впоследствии в системе образования казахской республики. Старший брат Канибай Томанович Бадраков – был участником Великой Отечественной войны, вернувшись с фронта, стал учителем в сельской школе, затем директором школы, защитил кандидатскую диссертацию по педагогике, позже работал инспектором по делам образования в системе высшей школы. Средний брат Шамшат Томанович Баекеев – ветеран войны и труда, тоже воевал, учительствовал, как и его старший брат, всю оставшуюся жизнь проработал директором школы в родном Кармакчи. Когда маленькому Мархабату исполнилось 14 лет, семью постигло горе – погиб третий сын Томана Сыраждин, ему было только 16 лет (во время переправы через Сырдарью затонула машина, в которой находились школьники). Сыраждин был очень талантливым мальчиком, писал стихи, учился отлично, был любимцем семьи и друзей. Мама Мархабата не пережила горя, слегла с инсультом и через два года скончалась. В школе Мархабат был очень живым, любознательным учеником, ему хорошо давались гуманитарные предметы, он мечтал стать историком.

Окончив школу на отлично, в 1949 году Мархабат приехал в Алма-Ату поступать на исторический факультет, успешно сдал вступительные экзамены, но не прошел собеседование. Старший брат Мархабата Томановича Канибай был репрессирован после возвращения с фронтов Великой Отечественной войны, прошел сталинские лагеря и в анкете Мархабата была отметка о неблагонадежности. Но на филологический факультет в тот год поступила

рекомендация из вышестоящих органов набрать молодых парней и его приняли без экзаменов.

В 1954 году с отличием закончив филологический факультет, поступил в аспирантуру на кафедру казахского языка в КазГУ им.С.М.Кирова. После окончания аспирантуры Мархабат Томанович работал младшим научным сотрудником в Институте языка и литературы АН КазССР, где трудился над составлением русско-казахского словаря терминов по архитектуре, физике, астрономии, педагогике, психологии, юриспруденции, строительству. В 50-60 годы кафедра казахского языка и Институт языка и литературы проводили активную совместную работу над углубленным исследованием узловых вопросов современного казахского языка. Выходит в свет коллективный труд под общей редакцией члена-корреспондента АН Каз ССР профессора Маулена Балакаевича Балакаева «Современный казахский язык. Фонетика, лексика, грамматика». В тот же период проводилась активная исследовательская работа по изучению основных вопросов синтаксиса простого предложения и синтаксиса словосочетания современного казахского языка. В тюркологии вопросами синтаксиса словосочетания в казахском языке одними из первых занимались профессор М.Б.Балакаев и его ученики. В результате кропотливой работы научной школы выходят в свет труды М.Б.Балакаева «Синтаксис словосочетания в современном казахском языке», «Основные типы словосочетания в современном казахском языке», «Синтаксис словосочетания и простого предложения современного казахского языка». В 1960 г. под руководством профессора М.Б.Балакаева Мархабат Томанович защитил кандидатскую диссертацию на тему «Словосочетания, выражающие временные отношения, в современном казахском языке» по специальности тюркские языки. Научную и педагогическую деятельность Мархабат Томанович продолжал в вузах республики: с 1961 г. по 1962 г. – старший преподаватель кафедры казахского языка Казахского женского пединститута, с 1962 по 1963 гг. - старший преподаватель кафедры казахского языка КазГУ им. С.М.Кирова, с 1963 по 1964 гг. – и.о. заведующего кафедрой казахского языка и литературы Гурьевского Пединститута. В 1964 г. Мархабат Томанович возвращается на работу в родной альма-матер, где прошел все ступени должностного роста от старшего преподавателя до профессора (1977) и заведующего кафедрой казахского языка (1979-1989).

В круг научных интересов Мархабата Томановича всегда входили вопросы истории казахского языка. Исследования по данному научному направлению в Казахстане начались с изучения языка отдельных памятников древнего и среднего периодов. В разные годы Мархабатом Томановичем были опубликованы научные труды «Махмуд Кашгари», «Махмуд Кашгарский о фонетическом строе тюркских языков», «О грамматическом строе языка Дивана Махмуда Кашгарского» (в соавторстве с А.Курышжановым), «Грамматические очерки языка и история исследования Орхоно-Енисейского памятника» (в соавторстве с А.Курышжановым), «Язык древне- и среднетюркских памятников» (в соавторстве с Г.Айдаровым, А.Курышжановым) и т.д.. Одновременно им велось исследование истории грамматического строя

казахского языка. Результатами его научной деятельности в этом направлении стала блестящая защита в 1977 г. докторской диссертации на тему «Основные вопросы исторической морфологии казахского языка» по специальности 10.02.06 – тюркские языки и публикация в 1981 г. научной монографии «Историческая грамматика казахского языка. Фонетика. Морфология». Диссертация М.Томанова стала первым систематизированным исследованием по вопросам исторической морфологии казахского языка. «В построении исторической грамматики казахского языка, пишет автор, результаты синхронного изучения играют первостепенную роль. Казахский язык не богат письменными памятниками старины. Памятники кыпчакского языка, которые принято считать имеющими отношение к отдаленной истории казахского языка, относятся в основном к послемонгольскому периоду и они в языковом отношении неодинаковы, о чем аргументировано утверждают ученые в своих исследовательских работах. Любой памятник, каким бы он ни был, свидетель той эпохи того периода, когда он был написан. И поэтому только на его основе не может быть создана динамическая история языка, хотя факты памятника могут быть материалом для создания такой истории. Одним из основных материалов, на которых строится история языка – результаты синхронного изучения языка. Любой синхронный срез в процессе развития является итогом предыдущего периода и одновременно составляет базу для следующего синхронного среза. Потому настоящее всегда синкретично слито с прошлым языка. Синхронное изучение выявляет наличие двух или большего числа синхронных состояний, которые предполагают рассмотрение их в историческом изменении». Путем сравнительно-исторического метода автором были выявлены факты прошлого в современном состоянии казахского языка, были установлены отношения этих фактов к языку древних памятников и родственным тюркским языкам. Путем сравнения фактов древних и современных языков, литературного языка и диалектов были установлены те изменения, которые претерпели эти языки, и причины инноваций в современных языках.

Труд Мархабата Томановича по истории казахского языка стал плодом многолетнего исследования и преподавания в стенах КазГУ курса исторической грамматики казахского языка. В учебные планы вузов республики по специальности казахский язык и литература курс истории казахского языка был введен еще в 60-е годы, к этому времени возникла острая необходимость в фундаментальных исследованиях по этому курсу и учебных пособий. Мархабатом Томановичем были написаны программы учебных курсов по истории казахского языка (1972) и учебные пособия, в основу которых легли все его основные научные труды.

Вторым направлением в научных интересах Мархабата Томановича была работа по стилистике казахского языка. Им была опубликована работа об истоках исторических связей казахского литературного языка. В коллективе авторов М.Балакаева, Е.Жанпеисова, Б.Манасбаева Мархабат Томанович работал над вопросами стилистического функционирования грамматических ресурсов казахского языка, результатом этой работы стало создание учебника «Стилистика казахского языка», опубликованного в 1974 году и претерпевшего

множество изданий. Этот учебник был отмечен уже в новое время филологической общественностью, как отвечающий современным стандартам образования, медалью имени А. Байтурсынова и все его авторы удостоены званием «Лучший автор».

Профессор М.Томанов всегда был в центре общественных интересов, занимал активную позицию в строительстве науки и высшей школы в Казахстане. Мархабат Томанович активно работал в академических журналах и являлся соавтором ряда академических трудов: «Современный казахский язык. Фонетика, морфология» (1962); «Грамматика казахского языка. I Морфология (1967), II Синтаксис» (1967); «Труды института языкознания», 1961; «Исследования по тюркологии» (1969). М.Томанов принимал активное участие в редактировании и подготовке к печати тематического сборника Министерства высшего и среднего специального образования КазССР «Казахский язык и литература» (1971-1979), рецензировал многотомный «Толковый словарь казахского языка», активно участвовал в работе семинара «Философские вопросы языкознания», с 1979 года читал лекции на факультете повышения квалификации для преподавателей кафедр казахского языка и литературы, по приглашению читал спецкурсы в Гурьевском, Чимкентском, Кзыл-Ординском пединститутах.

В годы руководства кафедрой казахского языка Мархабат Томанович развивал и укреплял ранее сложившиеся связи кафедры с ведущими научными тюркологическими центрами Советского Союза в Москве и Ленинграде, в Азербайджане, Башкирии, Киргизстане, Каракалпакии, Узбекистане, в Народной Республике Болгарии. В подготовке высококвалифицированных кадров большую помощь оказывали такие известные ученые как профессора Н.А.Баскаков, В.М.Насилов, Э.Н.Наджиб, К.М.Мусаев, И.А.Батманов, А.М.Щербак, А.Шайхулов долгие годы личная дружба связывала Мархабата Томановича и академика, председателя Советского комитета тюркологов Эдхяма Рахимовича Тенишева.

Будучи сам благодарным учеником своих великих учителей, Мархабат Томанович написал в 1983 г. развернутый экскурс об истории кафедры казахского языка КазГУ. Вспомнив имена академиков И.И.Мещанинова, С.Е.Малова, профессора Е.И.Убрятова, В.М.Жирмунского, во время Великой Отечественной войны трудившихся в КазГУ и оказавших помощь в становлении молодой еще кафедры, а также имена академика Кудайбергена Жубанова и всех, кто организовывал работу кафедры и заведовал ею с 1943 года, он писал: «Сейчас, спустя 40 лет нельзя без трепета и чувства благодарности последующих поколений лингвистов вспоминать имена тех, кто своим повседневным и кропотливым трудом внес огромный вклад в дело укрепления и развития новой кафедры как самостоятельной научно-педагогической единицы в составе университета, кто впервые разрабатывал университетские научно-теоретические курсы по разделам казахского языкознания и обеспечивал их чтение, кто прилагал усилия в определении основных направлений научных изысканий кафедры». Мархабат Томанович воспитал и своих благодарных учеников, ставших вначале кандидатами филологических наук, а позже докторами наук

(Ж.Садвокасов, Ж.Туймебаев, Ж.Сарбалаев, У. Буркитбаев, А.Салкынбай и многих других).

Придя молодым юношей в большую науку, Мархабат Томанович отдал развитию научного познания свою короткую по человеческим меркам, но яркую и деятельную жизнь, и ушел буквально с подмостков научной трибуны (Международная конференция, посвященная 90-летию академика Кудайбергена Жубанова) в иной мир, оставив последующим поколениям пример доблестного пути Ученого.

OLUMLULAŞTIRMA/-OLUMSUZLAŞTIRMA BAĞLAMINDA DOĞU TÜRKİSTAN'DAN DERLENEN KAZAK ATASÖZLERİNDE “AZ” VE “ÇOK”

Prof.Dr. Naciye Yıldız

Özet

Atasözleri, değer yargıları, tecrübe, dünya görüşü, bilgi paylaşımı üzerinden birer iletişim aracıdır. Bu iletişime *az* ve *çok* kelimeleri hem olumlu hem de olumsuz anlamlar katmaktadır. Bu çalışmada, *Babalar Sözi* külliyyatının 67. Cildinde yer alan atasözleri az ve çok kelimeleri bakımından değerlendirilecektir.

Anahtar kelimeler: Kazak, atasözü, az, çok, olumlu, olumsuz.

Abstract

Proverbs are a communication tool in terms of value judgments, experience, worldview, information sharing. “little” and “very” words make this communication both positive and negative. In this study, the proverbs on the 67th Skin of the Babalar Sözi collection will be evaluated in terms of “little” and “very” words.

Key words: Kazakh, proverbs, little, very, positive, negative.

Divanu Lugati't-Türk'te “sav” olarak adlandırılan atasözleri, “bir milletin tecrübelerini, dünya görüşünü, gözlemlerini, karakterini, olaylar karşısında davranış kalıplarını yansıtan söz kalıpları” olarak tanımlanabilir. Genellikle bir veya iki kısa cümle hacmindeki az sözle derin anlamlar ifade edebilen atasözleri, kelimelerin yerinde ve etkili kullanılışları açısından ayrı bir öneme sahiptir.

Tarihî süreç içinde Türkiye Türkçesinde, *mesel*, *darb-ı mesel*, *emsal*, *hikmet*, *pend* gibi Arapça ve Farsça kökenli terimlerle de ifade edilen atalarsözü, Kazak Türkçesinde *makal-metel* olarak adlandırılmaktadır. Kazak halk kültürü, *makal-meteller* açısından zengindir. Bu konuda yayımlanan en zengin malzemelerden birisi de Prof.Dr. Seyit Kaskabasov ve ekibi tarafından yayımlanan 100 ciltlik *Babalar Sözi* isimli külliyyatın 2011 de yayımlanmış 464 sayfadan oluşan 67., 400 sayfadan oluşan 68. ve 440 sayfadan oluşan 69. ciltlerinde yer almaktadır. 67. Ciltte 6362, 68. Ciltte 4825, 69. Ciltte ise 5367; toplam olarak üç ciltte 16754 makal-metel yer almaktadır. 67. ciltte yer alan makal-meteller Doğu Türkistan'da yaşayan Kazaklar arasından

derlenmiştir. Üç ciltten taranan örnekler bu çalışmanın sınırlarını aşacak hacimde olduğundan, bildiri, 67. Ciltte yer alan ve Doğu Türkistan'da yaşayan Kazaklardan derlenen örneklerle sınırlandırılmıştır.

Çalışmada tespit edilen atasözleri verilirken sürekli kaynak tekrarı yapmamak için Babalar Sözü 67'de yer aldığı sayfa numaralarıyla gösterilecektir.

Çalışmanın amacı, atasözlerinin yansıttıkları değer yargıları, tecrübe, dünya görüşü, bilgi paylaşımı üzerinden birer iletişim aracı oldukları düşüncesinden hareketle, bu iletişime *az* ve *çok* kelimelerinin kattığı olumlu veya olumsuz anlamı tespit etmektir.

Kazak Türkçesinde *köp* kelimesi “1.Çok fazla, bol. 2.Devamlı, sürekli.3.Halk” karşılığı olarak kullanılmaktadır. *Az* kelimesinin sözlükteki karşılığı “fazla olmayan”dır

Bu çalışmada *köp/çok* ve *az* sözlerinin kullanıldığı atasözlerini şu başlıklar altında topladık:

1.Genellemeler: “Genelleme” bir veya birkaç olaydan hareketle genel sonuçlar çıkarma veya özelden genele geçme anlamına gelmektedir. Her ne kadar genellemeyle ilgili olarak Alexandre Dumas'nın “Bütün genellemeler tehikelidir. Bu da öyle” ve Friedrich Nietzsche'in

“Bu dahil, bütün genellemeler yanlıştır” şeklinde değerlendirmeleri olsa da atasözlerinde genellemeler, kanaat belirtmek, yaşanan tecrübelerden genel sonuçlar çıkarmak üzere yaygın şekilde kullanılmaktadır. Bu tür Kazak atasözlerinde *çok* ve *az* kelimelerinin kullanılışını cümleye kattığı olumlu ve olumsuz anlamlara örnek:

-Köppen körgen ulı toy “Halkla görülen ulu toy”. S.47. (El ile gelen düğün bayram) köp: İsim, olumlu.

-Aşarşılıktı köp körgen özi toymay «me» demes/Cetimdikti köp körgen üş şakırtpay «e» demes. “Kıtlığı çok gören kendi doymadan “buyur” demez,/Yetimliği çok gören üç kere çağırtsmadan “efendim” demez” (67/s.115) köp: Zarf, olumsuz

-Üyde tavısı köpke/Tüzde duşpanı timeydi. “Evde sesi çok olana/Dışarıda düşman değmez” (67/s.59) köp: İsim, olumlu.

-Köp söz – bok söz. “Çok söz, pis söz” (67/s.25) köp: Sıfat, olumsuz.

2.Etiketleme: Etnik ve ahlaki yapıyla ve ekonomik düzeyle ilgili tespitler, özel bir kişiye benzetmeler “etiketleme” olarak adlandırılabilir. Atasözlerinde farklı milletlerle ilgili yakıştırmalar yanında bazı özelliklerden hareketle zengin-fakir, dürüst-yalancı, iffetli-iffetsiz, tembel-çalışkan gibi etiketlemeler yapılmaktadır. Etiketleme, etiketlenene karşı yargı oluşturmakta ve buna bağlı davranışların gelişmesine sebep olmaktadır. Atasözlerinde etiketleme de bu tür karşı düşünce ve davranışların ulusal boyutta oluşmasına zemin hazırlamaktadır. *Çok* ve *az* kelimeleri bu tür atasözlerinde etkiyi kuvvetlendirmek üzere kullanılmaktadır. Kazak atasözlerinde bunlara örnek:

-Kazakta ayran köp/Orista meyram köp. “Kazakta ayran çok, /Rusta bayram çok” (67/s.49) köp: İsim, olumlu.

-Cavdı köp kaşıradı/Caksı atak Barakta kaladı. “Düşmanı kalabalık kovalar,/İyi ün Barak'ta kalır.” (67/s.42) (Barak Batır) köp: İsim, olumlu.

Olumsuz kullanım:

-Estimegen elde köp/Esek mingen Sart'ta köp. “Haberli olmayan elde çok,/Eşek binen Sart'ta çok” (67/s.38) köp: İsim, olumsuz.

3.Abartı/Aşırı büyültme veya küçültme: Atasözlerinde sözü etkili kılmak açısından olumlu veya olumsuz bir şeyin abartılı olarak ifade edildiği görülebilir ancak Kazak atasözlerinde az ve köp sözleri bu tür ifadeler için çok fazla kullanılmamaktadır:

-Köp el—sarkılmas köl. “Kalabalık halk –kurumaz göl” (67/s.46). köp: Sıfat, olumlu.

-Köptiñ küşi köldey/köşip -cürgen eldey “Kalabalık olanın gücü göl gibi/Göçüp giden el gibi” (67/s.48) köp: İsim, olumlu.

- Cüz dos az,/Bir duşpan köp. “Yüz dost az/Bir düşman çok” (67/s.43)az: İsim, olumsuz, köp: isim, olumlu.

4.Felaketleştirme: Bir olaydan aşırı bir sonuç çıkarma, hiçbir olumlu yön bulamama, herşeyin yok olması, hayatın sona ermesi, sıkıntı çekme gibi durumlar “felaketleştirme” olarak adlandırılabilir. Abartmanın bir üst ve son merhalesi olarak tanımlanabilecek olan felaketleştirme konusunda psikologlar tarafından getirilen açıklamalardan biri şu şekildedir:

Alt beyinde hipokampüs dediğimiz bir yapı var. Bu hipokampüs yaşadığımız deneyimlerin hafızaya ne şekilde kaydedileceğinde belirleyicidir. Eğer hipokampüs fazlasıyla uyarılmış ise ki genetik uyarılma da genetik faktörler belirleyici olabiliyor. Bazı insanlar yapı gereği büyütme eğilimi içerisinde oluyorlar. Özellikle de kaygı ve endişeli insanlar bu çok daha fazla görülen bir durum. Ve hipokampüs yaşadığı olaylar içerisinde daha ziyade olumsuz olayları hayatı algılama, insanları algılama sürecinde öncelikli referans deneyimler olarak kaydediyor Ve alt beyin bir durumla karşı karşıya kaldığında ya da bir insanla karşı karşıya kaldığı zaman hemen o insanla ilgili yaşadığı deneyimleri hatırlıyor.”

<http://fatihresitcivelekoglu.blogspot.com.tr/2014/05/>

Milletlerin yaşadığı büyük olaylar da benzer şekilde milli hafızada kodlanarak atasözlerinde uyarma amaçlı olarak kullanılmaktadır. Kazak atasözlerinde felaketleştirme amacıyla bağlamında az kelimesi kullanılmamıştır. Çok sözü de bütün bağlamlarında olumsuzdur:

-Köp maldan ayırılğanda/ Bir maldı kaskır -ceydi. “Çok malını kaybettiğinde,/Bir hayvanı da kurt yer” (67/s.420) köp: Sıfat, olumsuz.

-Köp korkıadı/ Tereñ batıradı. “Çok korkutur,/Derin batırır” (67/s.46) köp: İsim, olumsuz.

-Köp oynagan bir -cılaydı. “Çok gülen bir gün ağlar.” (67/s.227). köp: Zarf, olumsuz.

-Kısır sözde kırsık köp. “Boş sözde bela çok” (67/s.253) köp: İsim, olumsuz.

5.Ümitli olma: Felaketleştirmenin zıddı olarak değerlendirilebilir. Atasözlerinde her ne olursa olsun her olumsuzluğun sonunun geleceğini, yolunda olmayan işlerin düzeleceğini ifade etmek üzere söylenen atasözleri bu bağlamda değerlendirilebilir. Türkiye Türkçesi’nde “Çıkmayan canda ümit vardır” atasözü, bu tür atasözlerine örnektir. Bu tür atasözleriyle topluma olumlu mesajlar gönderilir ve bağlam ikna

amaçlı olarak kullanılır. Kazak atasözlerinde söz konusu kelimeler bu tür örneklerde fazla kullanılmamıştır ve bütün örnekler olumludur:

- Caksı atka iye köp,/Caksı adamga dos köp. “Cins ata sahip çok/İyi adama dost çok” (67/s.75) köp: İsim, olumlu/köp: isim, olumlu.

- Caksı adamdı –caktay-vşı köp/İyi adama destekçi çok. (67/s.75) köp: isim, olumlu.

-Köp -casagan kömbeniñ üstinen şıgadı/Çok yaşayan define bulur. (67/s.97) . Varyant: köp -cürgen kömbe üstinen şıgadı. (67/s.296) köp: Zarf, olumlu.

6.Karşılaştırma: Bir olgunun veya varlığın iki yönlü olarak değerlendirilmesi veya iki yönlü dikkat çekilmesi şeklinde oluşan bu tür atasözlerinde bir yön veya olay olumsuzken diğer taraf çoğunlukla olumlu mesaj yansıtır ancak iki yönlü olumsuzluk veya olumluluk içeren atasözleri de mevcuttur. Bu tür atasözlerinde *az* ve *çok* sözleri yaygın bir şekilde hem olumlu hem de olumsuz anlamlar katmak üzere kullanılmıştır:

-Argımak attıñ balası/ Az ottap, köp -cuvsavdı,/Azamat erdiñ balası /Az söylep, köp tıñdaydı. “Argımak atın yavrusu/ Az otlayıp, çok nefes alır./ Yiğit kişinin balası/Az konuşup çok dinler” (67/s.25).

-Alarmanga altav az,/Berermenge besev köp. “Alacaklıya altı az/Verecekliye beş çok” (67/s.25). az İsim, olumsuz. köp: İsim, olumsuz.

-Mılciña mıñ söz köp emes/Bilgirge bir söz az emes. “Boşboğaza bin söz çok değil,/Bilge kişiye bir söz az değil.” (67/s.254) Çok: İsim, olumsuz, az:İsim, olumlu.

-Az söz—altın/ köp söz—kömir . “Az söz altın,/Çok söz kömür” (67/s.242). az Sıfat, olumlu, çok: sıfat, olumsuz.

7.Kehanette bulunma veya mantık yürütme: Bazı atasözleri, geçmişte yaşanan tecrübelerden hareketle mantık yürüterek olacakları önceden tahmin etme, ihtimaller üzerinde görüş belirtme veya inançlar vasıtasıyla olabilecekleri haber verme şeklinde kalıplaşmaktadır. Bu tür atasözleri her iki dünya için de uyarı fonksiyonu taşıyabilmekte, dolayısıyla hem hayatla hem de ölüden sonrasıyla bağlantılı olabilmektedir. Kazak atasözlerinde *çok* ve *az* sözleri bu tür atasözlerinde yaygın biçimde kullanılmıştır:

-Köp suramasa, az bermes. “Çok istemezse, az da vermez” (67/s.349).

-Köpke -cakkan kundayga da -cagadı/Çoğunluğun hoşuna giden Huda'nın da hoşuna gider. (67/s.47) köp: İsim, olumlu.

-Eñbek tübi—bereke/ köptiñ tübi—mereke. “Emeğin sonu bereket,/Çokluğun sonu bayram” (67/s.364) köp: İsim, olumlu.

-Köpti -cılatkan köp -cürmeydi. “Çok kişiyi ağlatan çok yaşamaz” (67/s.47) köp: İsim, olumsuz.

8. Emir kalıpları: Bilindiği üzere, emir kiplerinde doğrudan karşısındakine hitap söz konusudur. Atasözlerinde dolaylı yoldan veya metaforlar üzerinden de gelecek nesillere hangi durumlarda ne yapılması gerektiği ifade edilmekle birlikte tavsiye, zorunluluk, gereklilik ifade etmek üzere doğrudan emir kipleri de kullanılmaktadır. Bunlar bir hareketi yapmak veya yapmamak şeklinde kalıplaşan sözlerdir. Kazak atasözleri arasında az ve çok kelimelerinin kullanıldığı emir kalıpları şunlardır:

-Azdın azanşısı bolganşa,/Köptin kazanşısı bol. “Az kişinin müezzini olana kadar/Çoğunluğun aşçısı ol” (67/s.24). az İsim, olumsuz, köp: İsim, olumlu.

-Calgız -cürrip -col tapkanşa/Köppen -cürrip adas. “Yalnız yürüyüp yol buluncaya kadar, /Çoğunlukla yürüyüp kaybol.” (67/s.179) köp: İsim, olumlu.

-Köp akımağın agası bolganşa/Bir akıldının inisi bol. “Çok ahmağın ağabeyi olacağına,/Bir akıllının kardeşi ol.” (67/s.199) köp: Sıfat, olumsuz.

-Köp -casagannan surama/köpti körgennen sura. “Çok yaşayana sorma,/Çok görene sor.” (67/s.180) köp: Zarf, olumsuz. köp: Zarf, olumlu.Varyant: -Köp -casagannan akıl surama/ köp körgennen akıl sura. Çok yaşayana akıl sorma,/Çok görenden akıl sor.” (67/s.199)

- Az söylep, köp tında. “Az konuş, çok dinle.” (67/s.172) az: Zarf, olumlu. köp: Zarf, olumlu.

-Dosı köppen sıylas/Dosı azben sırlas/Dostu çok olana itibar et,/Dostu az olanla sırrını paylaş. (67/s.313). köp: İsim, olumlu, az İsim, olumlu.

9. Emir verirken sonuç gösterme: Bu kalıplarda sadece emir yer almaz, tavsiye edilen konuya uyulduğu veya uyulmadığı takdirde hangi sonuca ulaşılabileceği de olumlu veya olumsuz yönüyle belirtilir:

-Tuzdı köp saktama, suv bolar/kızdı köp saktama, küñ bolar. “Tuzu çok saklama, su olur,/kızı çok saklama, cariye olur” (67/s.108) köp: Zarf, olumsuz.

-Ulıñ bolsa, koy baktır, adam bolar/köp baktırma, az baktır, nadan bolar. “Oğlun olursa, koyun güttür, adam olur,/Çok güttürme, az güttür, cahil olur.” (67/s.239) köp: Zarf, olumsuz, az: Zarf olumlu.

- Egin ekseñ tında ek/Odan öner önüm köp. “ Ekin ekersen işlenmemiş toprağa ek/Ondan elde edeceğin çok olur” (67/s.361). köp: isim, olumlu.

10. Kişileştirme: Birinci şahısa bağlı olarak ifade edilen kalıplardır. Bu tür kalıplarda, atasözünü söyleyen birinci ağızdan tavsiye, kinaye veya hüküm bildirmenin yer alması, söylenen sözü kuvvetlendirmekte; inanırlığı arttırmaktadır. Bu tür atasözlerinde *çok* ve *az* sözlerinin fazla kullanılmadığı görülmektedir:

-Az asım, davsız basım. “Az aşım, kavgasız başım.” (67/s.265) az Sıfat, olumlu

-Keledi dep köp koydım/ kelmegen soñ -cep koydım. “Gelir diye çok koydum,/Gelmeyince yiyiverdim.” (67/s.276). köp: Zarf, olumlu.

11. Mükemmeliyetçilik: Her konuda en üstün durumda olmayı, en üstün faziletlerle donanımlı olmayı öğütleyen atasözlerinin, pedagojik fonksiyonları nedeniyle oldukça yaygın olarak hemen her dilde yer aldığı söylenebilir. Bu tür sözler vasıtasıyla, her gelenek kendi mükemmel insanını yaratmaya çalışır ancak çalışmamızda sınırladığımız kelimeler açısından bakıldığında bu tür bir anlam içeren atasözlerinde *az* ve *çok* kelimelerinin çok yaygın şekilde kullanılmadığını tespit ettik:

-Cigitke -cetpis türlü öner az. “Yiğide yetmiş türlü hüner azdır” (67/ s.93). az İsim, olumlu.

12. Şüphencilik: Bu tür atasözlerinin temelinde görülen, duyulan her söze inanmamak gerektiği, herşeyin arka planında başka gerçeklerin olabileceği

düşündürülerek ihtiyatlı olma tavsiye edilir. Bu tür atasözlerinde de *az* ve *çok* kelimelerinin fazla kullanılmadığını tespit ettik:

-Azdın aşpız degenine nanba,/Köptin tokpız degenine nanba. “Azın açız dediğine inanma /Çoğun tokuz dediğine inanma” (67/s.24). *az* İsim, olumsuz, *köp*: İsim, olumsuz.

13. Tenkit: Atasözlerinde insan davranışları üzerinden tenkit konusu da işlenebilir. Bu tür atasözlerinde zaman zaman tenkit edilen davranışın olumlandığı yanılığısı oluşabilir ancak olumsuz davranışların atasözlerinde öğüt olamayacağı varsayımından hareketle bunların söz konusu davranışı tenkit etmek ve bu tür konulara dikkat çekmek üzere söylendiği göz önünde bulundurulmalıdır. Bu tarz Kazak atasözlerinde de *çok* ve *az* kelimeleri kullanılmıştır:

-Urıga mal köp. “Hırsıza mal çok” (67/s.339).

-Urının üyi köp/Bireyinen aladı, bireyine beredi. “Hırsızın evi çok,/Birinden alır, birine verir.” (67/s.341).

-Tañdağan tazga -colıgadı/ Akılı azga -colıgadı. “Çok seçen kele rastlar,/Aklı az olana rastlar. (67/s.107).

-Kadın köp bolsa, is bitpeydi/Tüve köp bolsa, -cük sıymaydı. “Kadın çok olursa iş bitmez,/Deve çok olursa, yük sığmaz”.(67/s.137).

14. Tecrübe: Atasözlerinin temel fonksiyonlarından biri de yaşanmış tecrübelerin, edinilen bilgilerin paylaşılması, bunlardan ders çıkarılmasının sağlanmasıdır. Geçmişte yaşanan olumlu veya olumsuz olaylar, gözlemler bir atasözü kalıbı içinde nesillere taşınır. Bu tür atasözleri kalıplarında *çok* ve *az* kelimeleri şu şekilde kullanılmıştır:

-Üyi -cırtıktı tamşı -ceydi/ Agayını azdı kamşı -ceydi. “Evi yırtık olanı damla yer, /Ağabeyi az olan kamçı yer.” (67/s.145).

-Balaga pışak bermeseñ, bir -cılar/Pışak berseñ, köp -cılar. “Çocuğa bıçak vermezsen bir kere ağlar/Bıçak verirsen, çok ağlar.” (67/s.121).

-Köp oylagan tabar/köp ürlegen -cagar. “Çok düşünene bulur,/Çok üfleyen yakar.” (67/s.199).

-Az kaygını as basar, köp kaygını dos basar. “Az kaygıyı yemek bastırır, çok kaygıyı dost bastırır.” (67/s.210).

-Bitken iske sınşı köp/ Pisken aska -ceyşi köp. Bitmiş işi denetleyen çok,/Pişmiş aşu yiyen çok .(67/s.218).

15. Gelenek-görenek: Bireylerin yetişmesinde toplumsal kodların önemi büyüktür ve bu kodların zihinlere yerleşme vasıtalarından biri de atasözleridir. Atasözleri, gelenek ve göreneklerin yansıtılması açısından sözlü kaynak vazifesi görür. Hatta atasözlerinin yazılı kanunların olmadığı dönemlerde kanunların yerini tuttuğu hatırlandığında önemleri daha iyi anlaşılacaktır. Toplumun gelenek ve görenekleri vasıtasıyla bir ve birlikte olması söz konusu olduğundan bu birliğin sağlanmasında geleneklere işaret eden atasözlerinin de çok önemli payı vardır:

-Ac köp bolsa, kede köp. “Aş çok olursa gelenek çok” (67/s.267).

-Konak az otırıp, köp sınaydı. “Konuk az oturur, çok sınar. (67/S.280).

-Konagı köp üydiñ balası tok. “Misafiri çok olan evin çocuğu tok olur .” (67/s.281).

-Köp uygarsa, xan tüyesin soyadı. “Kalabalık uygun görürse, han devesini keser.” (67/s.326).

-Kız bala ökpeşi bolsa/kalıñ malı köp bolar/Er bala ökpeşi bolsa/ırıska kesir bolar. “Kız çocuk nazlı olursa,/Başlığı çok olur./Erkek çocuk alingan olursa/Rızıkta zararlı çıkar.” (67/s.139).

16. Sebep bulma, bahane gösterme: Herhangi bir konuda doğrudan olumsuz cevap vermek veya bir isteği geri çevirmek yerine, bir bahane bulmak, doğru olmayan bir davranıştır. Atasözlerinde de bu tür davranışlara da dikkat çekilmektedir. İnsan psikolojisini yansıtan bu türdeki Kazak atasözlerinin hepsinde *çok* kelimesi cümleye olumsuz anlam kazanmaktadır:

-Bermeytin kisi kelgende/Köp kaynaydı kazanım. “Vermeyecek kişi geldiğinde/Çok kaynar kazanım.” (67/s.347).

-Bermestiñ siltayı köp. “Vermeyecek olanın bahanesi çok” (67/s.347).

Sonuç:

-*Babalar Sözü* isimli külliyyatın 67. Cildinde yer alan makal-metellerden 251’inde *köp/çok ve az* kelimeleri kullanılmaktadır.

-Bu atasözlerinde *köp* sözü 279, *az* sözü de 59 kez kullanılmıştır.

-*Köp/çok ve az* kelimesi sıfat olarak 24, isim olarak 115, zarf olarak 87 kez kullanılmıştır. İsim olarak kullanılma sıklığının fazla olması, *köp* kelimesinin *halk* anlamında da kullanılmasından kaynaklanmaktadır.

- Söz konusu kelimeler 184 kullanımda cümleye olumlu, 113 kullanımda da olumsuz anlam katmak üzere kullanılmaktadır.

-*Köp/çok* kelimesi olumlu bir kelime olarak algılanmakla birlikte, günlük kullanımda olduğu gibi, kullanıldığı cümlenin bağlamına göre atasözlerine de olumlu veya olumsuz algılar yükleyebilmektedir. *Köp/çok* kelimesinin atasözlerine olumlu anlam katması yeterlilik, bolluk, zenginlik ifade etmeye aracı olmaktadır. Atasözlerinde bilişsel çarpıtmalar olarak adlandırılan aşırı genelleme, etiketleme, aşırı büyütme/küçültme, felaketleştirme, zorunluluk, kehanet, kişiselleştirme (Keser ve Voltan-Acar 2013:1-20) gibi özelliklere paralel olarak *köp/çok* kelimesi atasözlerine aşırılık veya gereksizlik anlamlarıyla olumsuzluk katmaktadır. “-Aşarşılıktı köp körgeñ özi toymay «me» demes/Cetimdikti köp körgeñ üş şakırtpay «e» demes. *Kıtlığı çok gören kendi doymadan “buyur” demez,/Yetimliği çok gören üç kere çağırtpadan “efendim” demez*” benzeri kalıplar buna örnektir.

-Genel olarak *az* kelimesi atasözlerine yetersizlik, yokluk, eksiklik gibi olumsuz anlamlar kazandırmakla birlikte, “-Argımak attıñ balası/ Az ottap, köp -cuvsavdı./Azamat erdiñ balası /Az söylep, köp tiñdaydı. “*Argımak atın yavrusu/ Az otlayıp, çok nefes alır./ Yiğit kişinin balası/Az konuşup çok dinler*” şeklindeki kalıplarla, yerindelik, aşırı olmama gibi olumlu anlamlar da kazandırmaktadır.

-Atasözlerinde *köp/çok ve az* kelimeleri ayrı ayrı veya aynı kalıpta bir arada kullanılabilir.

Кайнақча

Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 67*, Astana, 2011.

Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 68*, Astana, 2011.

Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 69*, Astana, 2011.

Keser, Nilüfer, Nilüfer Voltan-Acar “Türk Atasözlerinde Bilişsel Çarpıtmalar”, *Akademik Bakış Dergisi*, S.35, Mart-Nisan 2013, s.1-20.

<http://fatihresitcivelekoglu.blogspot.com.tr/2014/05/dusunce-hatalar-felaketlestirme.html>

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБЫС СЕПТІГІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Сағындықұлы Б.

Құлжанова Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Түркі тілдерінде аса ежелгі дәуірлерде табыс септігінің ешқандай формасы болмаған. Тарихи даму барысында сонау ескі дәуірлерде алғаш рет – -ук/-уғ, -ык/ -ығ, -ғ формалары пайда болған. Бұл формалар әрі етістік, әрі есім мағынасында жұмсалатын синкретикалық түбірлерге жалғанатын. Кейінірек есімдерге жалғанған -ук/-уғ, -ык/ -ығ, к/-ғ табыс септігі жалғауларының формалары болып қалыптасты да, етістіктерге жалғанған -ук/-уғ, -ык/ -ығ, к/-ғқимыл есімдерінің жұрнақтары болып функциялық қызмет ете бастады. Бұлардың сыртында осы форманың негізінде ы/-ны формасы өмірге келді. Бұл форма қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде бар. Табыс септігі, формасы болмаса да, өз мағынасын сақтау ұстанымын ұстап қалған.

Түйін сөздер: табыс септігі, синкретикалық түбірлер, көне формалар мен жаңа формалар, жаңа этимология.

There were no forms of accusative case in the Turkic languages in ancient epochs. In the course of historical development forms such as -ук/-уғ, -ык/ -ығ, -ғ appeared for the first time in ancient periods. These forms were added to syncretic roots that were used in the meaning of a verb and a noun as well. Later, noun suffixes such as -ук/-уғ, -ык/ -ығ, к/-ғ were formulated as suffixes of an accusative case, whereas verb suffixes such as ук/-уғ, -ык/ -ығ, к/-ғ began to function as suffixes of nouns that modify action. As a result, forms ы/-ны were emerged. This form is peculiar for the most modern Turkic languages. Accusative case remained its meaning in spite of not having its own form.

Keywords: accusative case, syncretic roots, archaic and new forms, new etymology.

Табыс септік. Зат есімге жалғанатын табыс септігінің жалғаулары **-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н.** Бұл жалғаулардың ең соңғы тұрғанынан басқасының бәрі –

бір қосымшаның әр түрлі фонетикалық варианттары болып саналады. Мұндағы **-н** тәуелдік жалғаулы зат есімнің үшінші жағынан кейін жалғанады. Қазақ тілінде табыс септігі тек тура толықтауыш қызметінде жұмсалатын септік деп есептелінеді. Осы себептен табыс септігіндегі сөз сөйлем ішінде әрқашан сабақты етістіктен, яки сабақты етістік түбірден жасалған есім сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, қимылдың, істің, әрекеттің тура объектісін көрсетеді. Табыс септігі ашық түрде және жасырын түрде айтылады. Табыс септігінің жасырын түрде қолданылуы – тілімізде өте жиі байқалатын құбылыс [1, 60].

Табыс септігінің ашық немесе жасырын қалыпта айтылуын көпшілік ғалымдар түркі тілдеріндегі белгісіздік категориясына байланысты құбылыс деп түсінеді. Алайда соңғы жылдардағы зерттеулер мұның себептері әлдеқайда көп екендігін көрсетті. Аға буын ғалымдарымыздың бірі М.Балақаев мұны басқаша шешуге тырысып, былай деп жазады: «Тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болуының негізгі себебі олардың мағыналық мазмұнының белгілі болуында емес, ол сөздердің синтаксистік негізі қызметінің өзгешелігінде болу керек. Синтаксистік қызметі айқын болу үшін олар әр уақытта толықтауыштың формальдық белгісін – табыс жалғауын бойында сақтап тұрады». Бұл жағдаяттың да дау тудырмайтындығы анық. Табыс жалғаулы сөздің көбіне көп нольдік формада жұмсалудың стилистика талабына байланысты: мағынаның анық болуына, ойдың түсінікті жеткізілуіне, сөйлемнің қысқа құрылуына көмектеседі. Нольдік формадағы табыс септікті сөздің өзі меңгерілетін етістіктің дәл алдында, араға сөз салмай тұруы өте ерте заманнан келе жатқан факт. Мұны – нольдік формадағы табыс септігі мен сабақты етістіктің тікелей тіркесуін – біздің заманымыздың зерттеушілері ескінің қалдығы деп есептейді.

Көне заманда және осы кезде қолданыста жүрген табыс септігінің бүкіл жалғауларын үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1. **-уғ/-үг, -ығ/-иг, -ғ/-г**; 2. **-ы/-і**; 3. **-ны/-ні, -н**. Бір ғажабы, **-ғ/-г** дыбысына аяқталған тұлғалар мен **н** дыбысынан басталатын жалғау орхон-енисей ескерткіштерінде жарыса қолданылады. Өзге септіктер сияқты табыс септігі жалғауларының шығу тегі де түркологтардың назарын ерекше аударды. Өз пікірімізді айту үшін әйгілі ғалымдардың бірқатар болжамдарына шолу жасалық.

Жоғарыдағы көрсетілген үш топтағы **-ы/-і** және **-ны/-ні** варианттарын барлық түркологтар дерлік, бір негізден пайда болған деп есептейді. В.В.Радлов **-ығ/-иг, -уғ/-үг, -ғ/-г** варианттарын соңғы екі вариантқа мүлде қатысы жоқ деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды. Оның ұғымынша, есімдіктерге жалғанған **-ы/-і** жылысу заңы бойынша **н**-ді қосып алып, есімдерге жалғанатын **-ығ/-иг, -уғ/-үг**, варианттарын тарихи даму барысында ығыстырып жіберген. П.М.Мелиоранский мұны **-ығ/-иг**-ді осман, азербайжан, якут тілдеріндегі табыс септігі жалғауы **-ы/-і**-нің көне түркі тіліндегі қосымша формасы деп болжайды. В.Бангтің пікірі П.М.Мелиоранскийдің пікірімен үндеседі және оны қолдайды, олар бірнеше фактілердің негізінде **-ығ/-иг** формасынан, **ғ/г**-дыбысының түсіріліп айтылуы нәтижесінде, **-ы/-и** пайда болған деп санайды. «... что аффикс **-ы** в языках огузской группы развился из **-ығ** в результате выпадения конечного **ғ**» (Мелиоранский, 1899, 28) (9. 38-б.). [2, 38].

В.А.Богородицкий бұл жалғаудың алғашқы түрі оңтүстік-батыс тілдерінде кездесетін **-ы/-і** варианты деп қарайды. Есімдік түбірге жалғанған кезде түбірдің соңғы **-н** дыбысы морфологиялық жылысу заңы бойынша қосымшаға ауысқан (**мен+і>ме+ні**). Кейін осы құрамда есімдердің септелуіне де ауысқан. А.Н.Кононов табыстың көне түркі тіліндегі тұлғасы **-ғ(-ығ, -іг)** ілік септік жалғауы құрамындағы мұрын жолды **-ң** дыбысының (**-ың**) өзгеруінен шыққан деп шамалайды [3, 155].

Г.Ф.Благова өзінің зерттеуінде **-ғ** тек қана зат есімдерге (не соның қызметіндегілерге), **-ы** - тәуелденген сөздерге, **-ны** есімдіктерге жалғанған деп қарайды (14. с. 112-126). **-ығ/-іг** XIII-XIV ғасырлар ескерткіштерінде мүлде ұшыраспайды. Тува, хакас тілдерінде *тіріг, сарыг* сияқты сөздерде **-ығ/-иг** формасы сақталған. Осы тілдерде табыс септігінің (онымен омонимдес) **-ығ/-иг** формасының сақталмауы бірқатар түркологтарға күман тудырды. Олар **-ығ/-иг**-тен **-ы/-и**-дің пайда болуы мүмкін емес деп есептейді (СИГТЯ, 94). **-ғ**- да, **-ы**- да, **-ны**- да бір негізден шыққандығын төменде нақты фактілермен дәлелдейміз. Орта ғасыр ескерткіштерінде **-ғ** формасы зат есімдерде, **-ы** формасы тәуелденген сөздерде, **-ны** формасы есімдіктерде көбірек сақталып қалған.

Біздің ұзақ жылдар бойғы зерттеу жұмысымыз табыс септігі формаларының, варианттары қанша көп болса да, түпкі тегі бір екендігін көрсетті. Ол – ***-уқ** формасы болып шықты. Бұл форма жіңішкергенде – **-үк**, ұяңданғанда **-үғ/-үг**, еріндіктер езуліктерге айналғанда **-ығ/-иг** формаларына өзгереді.

Демек, орхон-енисей ескерткіштерінде, қарлұқ-ұйғыр жазбаларында, сондай-ақ «Құтадғу биликте» көп ұшырайтын **-ығ/-иг** формалары еріндік дауыстылардың езулікке айналу процесінде пайда болған варианттар. Еріндік дауыстылардың езулік дауыстыларға айналуын көне тілдер мен жаңа тілдерді өзара салыстырғанда әрдайым ұшыратып отырамыз.

Көне түркі тілінде табыс септігінің жалғауы ретінде жұмсалған **-ығ/-иг** формасы тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде сөз жасайтын жұрнақтың қызметін атқарған. Ол кезінде есімнен етістік, етістіктен есім, есімнен есім, етістіктен етістік жасайтын ең өнімді жұрнақтардың бірі болған. Мұның кейбір қалдықтары қазіргі қазақ тілінде де сақталып қалған. Мысалдар:

Жау+ық ет. *Жауласу, қастасу, өштесу.*

Жан+ық ет. *Жанын салу, жанталасу.*

Жел+ік ет. *Бірдемеге елігу, еліру, құмарлану, әуестену.*

Көз+ік ет. *Жолығу, кездесу, көзіне түсу; көз тиіп ауыру.*

Сез+ік зат. *Бір нәрсеге күдіктенуден туған күмән, шүбә.*

Тол+ық сын. *Ет-жеңді келген, семіз. үст. Бүтіндей, тұтас.*

Тол+ық ет. *Үстемелеп қосылғаннан толыға, молая түсу.*

Тұн+ық сын. *Кірішкісіз, таза, мөлдір.*

Біл+ік зат. *Санамен аңдарлық түсінік.*

Сөз+үг зат. *Әңгіме-дүкен, толғау, аталы сөз, арнау, дастан.*

Келтірілген сөзтізбеге назар аударсақ, біздің заманымызда сөз жасау қабілетінен айрылған, өлі **-ық/-ік** жұрнағы арқылы **жау** (өштескен, қастасқан адам, дұшпан), **жан** (жан-жануарларға тіршілік беретін рух), **жел** (кейде қатты,

кейде баяу соғатын ауаның ағымы), **көз** (көру мүшесі) зат есімдерінен туынды етістіктер; **сөз** (бір нәрсені іштей түсіну, аңғару, білу), **біл** (бір нәрсе жайында толық хабардар болу, ұғу; түсіну) етістіктерінен туынды зат есімдер; **тол** (бір нәрсенің ішкі деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу), **тұн** (су не сол сияқты лайланған сұйық заттардың тыныш күйде тұрып тазаруы, мөлдір түске енуі) етістіктерінен туынды сын есімдер жасалған. **Тол** (бір нәрсенің ішкі деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу) етістігінен **тол+ық** (үстемелеп қосылғаннан толыға, молая түсу) туынды етістігі пайда болса, **сөз** (заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің белгілі бір мағынасы бар негізгі бірлігі) зат есімінен қазіргі кезде архаизмге айналған **сөз+үг** (әңгіме-дүкен, толғау, аталы сөз, арнау, дастан) зат есімі туындаған. Бұлардың арасында зат есімнен етістік, етістіктен зат есім және сын есім, етістіктен етістік тудырған бәріне бірдей ортақ **-ық/-ік** формасы өлі тұлғаға айналғаннан кейін түбірге ажыратуға келмейтіндей болып әбден сіңісіп кеткен. Қазір әдепкі түбір, түпкі түбір сияқты ұғынылады. Ал зат есімнен зат есім жасаған **-ық/-ік**, **-ығ/-іг** жұрнағы тарихи даму барысында бірте-бірте табыс септігінің жалғауына айналған. Мысалдар:

Байат аты бирла **сөзүг** башладым (ҚБ, 12-бәйіт) [4].

Тәңірі есімінен дастанымды бастадым.

Бұл жерде **сөзүг** зат есімі «баяндалатын сөз» мағынасында тұр. Қазіргі түсінікке орай «дастан» деп те аударуға болады. Атау септігінде нольдік формада. Жасырын тұрғанда табыс септігі атау формасымен тең түседі. Анығырақ айтқанда, **-үг** зат есімнен зат есім жасап тұрған жұрнақ. «Құтадғу билиг» ескерткішінен алынған бәйіттің осы жолы біздің заманның түсінегі бойынша «Тәңірі есімімен сөзімді бастадым» деп те аударуға болады. Бұл ретте **сөз** – түбір, **-үг** – табыс септігінің жалғауы болып шығады. Алайда, тіл мен сөйлеу бір емес. **Сөз** – тіл элементі болса, **сөзүг** – сөйлеу (сөйленіс) элементі. **Сөз** бен **сөзүг** сөзформаларын шатастыруға болмайды. **Сөз** – түбір, **сөзүг** – туынды түбір. Көне тілде **-үг** жұрнақ қызметінде тұр, табыс септігі жалғауының міндетін жүктеп тұрған жоқ.

Сөзүг сөзләдәчи азар һәм йазар

Укушлуғ ешитсә оңарур түзер (ҚБ, 202-бәйіт)

Әңгіме айтушы кейде адасып кетсе, кейде жаңылады

Ақылды адам есітсе, оны түзетеді, дұрыс қалпына келтіреді.

Бұл ретте де әдепкі бәйіттегідей **сөзүг** зат есімнен жасалған зат есім ретінде қабылданылады. Тағы бір мысал.

Сөзүг өггүси бар йәма сөккүси (ҚБ, 45-бәйіт)

Айтылған сөздің мақтаулысы бар, даттаулысы бар.

Осы бәйіт жолындағы **сөзүг** сөзформасын екіге бөліп, **сөз+үг** түрінде ажыратсақ, **-үг** біз күткендегідей табыс септігі жалғауының мағынасын бермейді, ілік септігінің жалғауы ретінде түсініледі. Сөзбе-сөз «**Сөз+дің** мақтаулысы бар және даттаулысы» деп деп аударуға болады. Шындығында ілік септігінің формасы бұл бәйітте жасырын тұр. «**Сөзүг(+тің)** өггүси бар йәма сөккүси» қалпында ұғынуымыз керек. Сонда **-үг**-ті ілік септігінің де, табыс септігінің де жалғауы ретінде шатастыруға болмайды. Қайталап айтамыз, **сөз+үг** – туынды сөз, **-үг** – сөз жасаушы жұрнақ. Айтылған жұрнақтың сөз тудырушылық қасиетін

заттық мағына беретін көне бір сөз төңірегінде ғана әңгімелеп отырмыз. Арнайы зерттеушілер, әлбетте, мұндай фактілердің санын көбейте алады. Ғылыми қорытынды жасауға қазақ тілінде сақталып қалған көне жұрнақ сарқыншақтары жеткілікті деп есептейміз. Зат есімнен зат есім жасаған **-ығ/-иг** жұрнағы сонау орхон-енисей жазбаларында-ақ табыс септігі жалғауына айналып кеткен. Мысалы, не қағанқа **ичиг күчиг** берүрмән (ДТС, 405-бәйіт). [5]. Қай қағанға ісімді, күшімді берермін. Мұнда **ич+иг** (іс+ті), **күч+иг** (күш+ті) табыс септігі формасында тұр.

Төратти өзүрди сәчү **йаңлуқ+уғ**

Анар берди ердам билиг өг **уқ+уғ** (ҚБ, 144-бәйіт)

Ақылды адамды жаратты, таңдаулы етті,

Оған өнер, білім, ақыл-ой, сана-сезім берді.

«Құтадғу билиг» ескерткішінен алынған бұл бәйітте **йаңлуқ+уғ** (адам+ды) сөзі табыс септігі формасын қабылдап тұр. Дәл осы форма (**-уғ**) лексикалық мағынасы толық **уқ** (ұқ) етістігінен **уқуғ** (сана-сезім) зат есімін жасаған. Бұдан түркі тілдері дамуының ежелгі, көне дәуірлерінде **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** формаларының бірде жұрнақ қызметін, бірде табыс септігі жалғауының міндетін атқарғанын байқаймыз. **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг**, **-ғ** формалары тілдік өмірге келмеген кезде табыс септігі үнемі нольдік формада тұрған, ешқандай жалғау қабылдамаған. Сабакты етістікпен қабыса байланысу арқылы табыс септігі мағынасын жеткізіп отырған.

Етістіктен есім, есімнен етістік, есімнен есім, етістіктен етістік жасайтын әмбебап (универсал) **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** жұрнақтарының арасынан зат есімнен зат есім жасайтын **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** жұрнағының бөлініп шығып табыс септігі жалғауының қызметін атқара бастағанын жоғарыда айтып өттік. Жұрнақтан жалғауға айналған бұл форма кезінде жай септеуге де, тәуелді септеуге де, есімдіктердің септелуіне де қатысқан.

А.Н.Кононов зерттеу барысында орхон-енисей ескерткіштері тілінде табыс септігі жалғауында тұрған бір ғана есімдік – **мен+иг** сөз формасын анықтаған. Бұл қазақ тіліндегі **мен+і**, **сен+і** табыс жалғаулы есімдігі ілгеріде **мен+іг**, **сен+іг** тұлғасында айтылған деген сөз. Оның есесіне көне түркі жазба ескерткіштері тілінде тәуелді септеудің **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** формасына аяқталған табыс септігі ұшырамайды. Солай бола тұрса да, П.М.Мелиоранский мен В.Банг бірнеше фактілер негізінде атап көрсеткеніндей, тарихи ескерткіштер тілінде, сондай-ақ қазіргі түрік, түрікмен, азербайжан, гагауз, якут тілдерінде кездесетін **-у/-ү**, **-ы/-и** формаларының **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** формаларынан шыққандығы дау тудырмайды. Үнемдеу заңы негізінде пайда болған **-у/-ү**, **-ы/-иг** тұлғалары мен толыққанды **-уғ/-үг**, **-ығ/-иг** тұлғалары «Құтадғу билиг» ескерткіші тілінде жарыса қолданылған. Екеуі де бір-бірімен тең түсіп, табыс септігі жалғауының мағынасын береді. Мысалы:

Елик бир күн олдурды йаңлуз өзи

Оқыды кераклаб көр **Өгдүлмиш+и** (ҚБ, 1762-бәйіт)

(Елік бір күні жалғыз өзі отырып

Өгдүлмишті керек етіп шақырды).

Ағырлады елиг көр **Өгдүлмиш+иг**
Сынады анар берди барча ичиг (ҚБ, 1614-бәйіт)
(Елік Өгдүлмишти сыйлап құрметтеді,
Оған барлық істі тапсырып сынап көрді).

Кісі аты Өгдүлмишке бірде **-и**, бірде **-иг** тұлғалары жалғанғанымен, теңдей түсіп, табыс септігі жалғауының міндетін атқарып тұр. **ғ, г** дауыссыздарының элизияға ұшырап, бірте-бірте жойылып кеткендігін, тілші түгіл, қарапайым оқушы да айырып-ажырата алады. Табыс септігіндегі **ғ, г** дыбыстарының мүлдем өшіп кетуі осы септіктен кейін ешбір қосымшаның жалғанбауынан деп білеміз.

Сонымен көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фонетикалық варианттар – табыс септігінің көрсеткіштері **-ғ/-г, -ығ/-иг, -уғ/-үг** – ең ескі формалар болып табылады. **-ғ/-г** дауысты дыбысқа аяқталған түбірлерге, **-уғ/-үг, -ығ/-иг** дауыссыз дыбысқа аяқталған түбірлерге жалғанады. Үнемдеу заңының әсерінен **ғ** дыбысы түсіріліп айтылғанда **-у/-ү, -ы/-и** формалары табыс септігінің қызметін одан әрі атқара берген.

-ғ/-г, -ығ/-иг, -уғ/-үг тұлғалары қазіргі тілдерде кездеспейді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде ғана сақталған. Мұның басты себебі түркі тілдерінде кейінгі замандарда сөз ортасында, сөз соңында **ғ** дыбысының түсіріліп айтылуы заңдылыққа айналуынан еді.

Ал **-ны (-ні, -ды, -ді, -ті, -ті)** варианты қалай шықты?

Йулуғ қылды малы тәни **жаныны**

Йалавач **савунчи** тилади көни (ҚБ, 51-бәйіт)

(Малын да, тәнін де, жанын да садақа етті

Пайғамбардың сүйінішті жағдайын шын тіледі).

Билиглигкә сөзләдим ошбу сөзүм

Билигсиз **тилини** билүмәз өзүм (ҚБ, 199-бәйіт)

(Осы сөзімді білімдіге арнап айттым,

Өзім білімсіз адамның тілін білмеймін).

Осы бәйіттердегі табыс жалғаулы «жаныны» (жанын), «тилини» (тілін) сөздерін екі ыңғайда бөлшектеуге болады: 1) **жан+ын+ы, тил+ин+и**; 2) **жан+ы+ны, тил+и+ни**. Бірінші – диахрониялық тұрғыдан былайша сипатталады: **-ын/-ин** – тәуелдік жалғауының көне формасы, **-ы/-и** – табыс септігі. Бұлайша бөлгенде оның мысалға келтірілген 51-бәйіттегі **савунч+и** (сүйінішін) табыс жалғаулы сөзінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Екіншісі – синхрониялық тұрғыдан **-ы/-и** тәуелдік жалғауының үнемделген жаңа формасы болады да, **-ны/-ни** жылысу процесінің нәтижесінде кейін қалыптасқан табыс септігі ретінде түсініледі. Дәлірек айтқанда, тәуелдік жалғауы көне формасының құрамындағы **н**, өлі формаға айналған соң, табыс септігінің ықшамдалған тұлғасы **-ы/-і, -у/-ү** жалғауларының алдынан қосылып, бір-біріне әбден сіңісіп кеткен. Бір жағынан, **н** дауыстыға аяқталған түбірлерге, негіздерге дауыстыдан басталатын (**-ы/-и, -у/-ү**) қосымшасы жалғанғанда тұтығып қалмас үшін сына дыбыс сияқты қызмет атқарады. Әуелгі кездерде барлық зат есімдерге (немесе соның қызметін атқаратын сөздерге) бірыңғай **-ны/-ни** формасы жалғанғанымен, кейбір тілдерде бірте-бірте фонетикалық **-ды/-ді, -ты/-ті** варианттары өмірге

келді. Бұл ретте өзге тілдерден енген аяғы **т**-ге аяқталатын қос дауыссыздардың да ролі ерекше болса керек. Мысалы, **дост, қаст, раст, бост**. Бұлар табыс септігінің жалғауы жалғанғанда – **дос+ты, қас+ты, рас+ты, бос+ты**. Яғни **т** дыбысы табыс септігінің жалғауы **-ы/-и, -у/-ү**-ге жылысады. Мұндай факт түркі тілдерінің өзінде де жоқ емес. ХІҮ ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудың толғауында: «Құба ұлдың **шынты** асылы сол болар» деген жол бар. Демек, **шын** сөзінің көне тұлғасы –**шынт**. Оған табыс септігі жалғауын жалғасақ – **шын+ды**. Олай болса, **н** ғана емес, **т** да қосымшаға жылысып келген дыбыстардың бірі. Қорыта келгенде, табыс септігі жалғауларының даму кестесі мына төмендегідей: **-ук>-ығ>-ы>ны; -үк>-иг>-н(і)>ни(ні)**. Сөйтіп, табыс септігі (варианттары аса көп сияқты көрінгенімен) айналып келгенде, бір-ақ формадан шыққан. Ол – ***-ук**. Табыс септігі жалғауының мағынасын сақтап қалуда **-ы/-и, -у/-ү** дауыстылары ерекше қызмет атқарған. Алдынан **н**, соңынан **ғ** дауыссыздарының селбесуі – тарихи даму нәтижелері.

Табыс септігінің бұлардан оқшау тұрған формасы – **н**. Ол тәуелдіктің үшінші жағы септелгенде пайда болады. Мысалы:

А.	үй+і	адам+ы	қала+сы
І.	үй+і+нің	адам+ы+ның	қала+сы+ның
Б.	үй+і+не	адам+ы+на	қала+сы+на
Т.	үй+і+н	адам+ы+н	қала+сы+н
Ж.	үй+і+нде	адам+ы+нда	қала+сы+нда
Ш.	үй+і+нен	адам+ы+нан	қала+сы+нан
К.	үй+і+мен	адам+ы+мен	қала+сы+мен

Кестеге көз жүгіртсек, табыс септігінен басқа төрт септіктің **н** сонорынан басталып тұрғанын байқаймыз. Олар – атап айтқанда, ілік, барыс, жатыс және шығыс септіктері. Тәуелдік жалғауының бұрынғы толық формасы **-ын/-ін** екендігі белгілі. Екі дыбыстан тұратын осы тұлға екіге жарылғанда **-ы** мен **-і** тәуелдіктің үшінші жағының міндетін одан әрі атқарған да, **н** өлі формаға айналып кеткен. Ол төрт түрлі күйге ұшыраған. Бірінші, атау және көмектес септікте элизияға ұшырап, ұшты-күйлі жойылып кеткен. Екінші, ілік, жатыс септіктері жалғауларына жай ғана жылыса салған: **-ың/-ің>-н+ың/-н+ің; -да/-де>-н+да/-н+де**. Үшінші, өзінен кейін қосылған қосымшаның басқы дыбысын ығыстырып жіберіп барып жылысқан. Бұған барыс, шығыс септіктері жатады: **-ға/-ге>-н+ға/-н+ге>-на/-не; -тан/-тен>-н+тан/-н+тен>-нан/-нен**. Төртінші, табыс септігінде тәуелдіктің үшінші жағының өлі **н** формасы «тіріледі», бірақ ол тәуелдіктің емес, табыс септігі жалғауының қызметін атқара бастайды. Басқаша айтсақ, тәуелдіктің бұрынғы толық формасы қалпына келеді де, ешқандай табыс септігі жалғауын қабылдамай-ақ, табыс септігі мәнін бере алады. Демек, **н** – *табыс септігінің төл жалғауы емес*, бар болғаны тәуелдіктің үшінші жағының **-ы** мен **-і**-ден ажыраған өлі формасы ғана. Сондықтан оны шартты түрде ғана табыс септігінің жалғауы деп түсінеміз. В.В.Радлов пен В.А.Богородицкий жазып қалдырғанындай, **н** дыбысы морфологиялық жылысу заңы бойынша, есімдік түбірлерінен қосымшаға жылысқан емес (**мен+і>ме+ні, сен+і>се+ні**)

сияқты. Себебі, **мен, сен** есімдіктерінің құрамындағы **н** өлі емес, тірі. Қосымшаға жылысу үшін белгілі бір дыбыс өлі формаға айналуы шарт. Рас, жіктеу есімдігі үшінші жағының көне формасы **-ан**. Оның құрамындағы **н** соноры **ан** септелгенде қосымшаға ауысады: **ан+ның үчүн> а+ның үчүн**. Жіктеу есімдігі үшінші жағының түбірі өлі формаға айналғаннан кейін ғана жылысу құбылысы пайда болған: **-ан** екіге жарылған. Алайда мұны В.В.Радлов пен В.А.Богородицкий сияқты абсолюттендіруге, заңдылық ретінде тануға болмайды. Жалпы алғанда, табыс септігі жалғауларының даму жолы, міне, осындай.

Табыс септігі жалғауының осынша көп варианттарының арасынан «Кодекс куманикус» пен «Ат тухва аз-закыйа» ескерткіштерінің тілінде **-ны/-ни, -н, -ы/-и** варианттары ғана пайдаланылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Алматы, «Ғылым», 1967.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). Ленинград, «Наука», 1977.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971.
4. Юсуб Хос Хожиб. Құтадғу билиг. Тошкент, 1971.
5. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.

ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕН

Тымболова А.О.
ҚазМемҚызПУпрофессоры, филол.ғ.д.,

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда, жалпы қазақ тілін оқыту әдіснамасын стандарттау және жүйелеуде Қазтест тәжірибесіне баса назар аудару қажеттігі қарастырылады. Сондай-ақ Қазтест жүйесі шығарған бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендерге талдау жасалады.

Кілт сөздер: Қазтест тәжірибесі, қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқыту, ересектерге қазақ тілін оқыту әдістемесі, оқу-әдістемелік кешендер, тілдік дағдыны қалыптастыру.

Summary: The article focuses on the teaching Kazakh language as a second foreign language, system and general standard of methods of Kazakh language teaching according to Kaztest experience. And also programs and teaching-metodological complex published by Kaztest system have been analyzed.

Key words: Kaztest experience, teaching Kazakh language as a second foreign language, methods of Kazakh language teaching for adults, teaching-metodological complex, formation of language skill.

Қазіргі таңда үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту бағытында сапа, нәтижеге қол жеткізу, мемлекеттік тілге ынтаны арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру деген мәселелерге келгенде, елімізде іске асып жатқан тәжірибелерге сүйенген жөн. Осы орайда, тілді үйрететін мамандар қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда, жалпы қазақ тілін оқыту әдіснамасын стандарттау және жүйелеуде ҚАЗТЕСТ тәжірибесіне баса назар аударып, нәтижелерін пайдаланса еш ұтылмайды деп ойлаймыз. Себебі қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық ҚАЗТЕСТ жүйесі бүгінде мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттауда, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендерді ұсынуда көш бастап тұр.

Негізі тілді ересек азаматтарға үйрету оңай емес. Ересектерге қазақ тілін оқытуда андрагогикалық негіз басты бағыт болуы тиіс. Андрагогика гректің андрос – ересек адам, аго – жетелеймін деген сөзінен шыққан.

Еліміз егемендігін алып, қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілмей тұрып, ересектерге қазақ тілін оқыту әдістемесі арнайы зерттеу нысаны болмады. Соған орай қиындықтар да кездесті. Сондай кедергілерді жою мақсатында Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы жасалысымен-ақ ҚАЗТЕСТ жүйесі осы шаруаны мықтап қолға алып, нәтижеге жетуге ұмтылды. Алғашқы кезеңдерден бастап-ақ орталықтың тыныс-тіршілігі білім кеңістігінде қазақ тілін үйретудің бірегей тұтастығын қалыптастыру, қазақ тілін оқытудың мазмұнын біріздендіріп, жетілдіруді көздеген жұмыстармен қайнап жатты.

ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы да бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі тілді үйретудің әлемдік тәжірибелерін зерделей отырып, ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесін жақсы қолданды.

Республиканың түкпір-түкпірінен жоғарыдағы бағытта жазып шығатын тәжірибелі авторлардың басын қосып, оларға тілді үйретудің оңтайлы жолдарын қарастыруға, сапалы оқу-әдістемелік кешендер жазуға тапсырыс береді. Осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің ең оңтайлы әдістері ескеріліп, ҚАЗТЕСТ тарапынан тілдік дағдыны қалыптастыруға көмек беретін көптеген оқу-әдістемелік құралдар мен қазақ тілінен тест тапсыру жүйесінің кешендері жарық көре бастайды.

ҚАЗТЕСТ жүйесі ең алдымен ҚР Ұлттық стандарттарына сәйкес **«Қазақ тілін оқытуға арналған Бірүлгі бағдарлама»** [1] жасады. Бүгінде бұл аталмыш бірүлгі (типтік) бағдарламаның мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жүйелеудің, біріздендірудің құралы болып отырғандығын сеніммен айта аламыз.

Бұл тілді оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен ретінде 2011 жылы жарық көріп, 2016 жылы толықтырылып, өңделіп қайта басылды. Бағдарламаның артықшылығы тақырыптар тіл үйренушілердің сұранысына орай деңгейлер бойынша концентрлі бағытта сабақтастықпен жүйелі түрде беріліп отырады. Яғни, тілдік материалдардың берілуінде ең алдымен тіл үйренушінің коммуникативтік дiттемі ескерілген. Бағдарламада қоғамның әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси сипаты қатаң ескеріліп, тіл үйренушілердің қазақ тілін ресми-іскери мақсатта, кәсіби біліктілігін шыңдау мүддесіне байланысты тұрақты сөйлеу модельдері арқылы меңгерту көзделген. Бұл ұстаным тілдерді

зерттеудің, оқытудың, бағалаудың жалпы еуропалық күзіреттілік талаптарына сай келеді.

Тіл адам баласының қарым-қатынас құралы қызметін атқаратындықтан, ол – әрекеттің ерекше түрі болып саналады. Тілді әрекет ретінде санау, оқыту үрдісінің мақсатына сай келеді. Сондықтан тіл – әрекет теориясының негізінде қаралуы керек. Тілдің әрекет ретінде қаралуы оның адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауымен байланысты. Анығырақ айтсақ, тіл – әрекет ретінде қарым-қатынас қызметін атқару үстінде қаралады.

Демек, тіл үйреушінің басты мақсаты үйреніп жатқан тілінде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Ол үшін орталық ең алдымен **бес деңгейге** арналған **«Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумын»** (2011) шығарады. Мұнда қарым-қатынас жасауда белсенді қолданылатын тілдік бірліктер мағыналық тақырыптар бойынша топтастырылып беріледі. Тілді оқытуда маңызды компонент болып табылатын сөздік қор сұрыпталғаннан кейін ҚАЗТЕСТ мемлекеттік тілді оқытуға арналған бірүлгі оқу-әдістемелік кешендерді шығара бастайды.

Солардың бірі ретінде қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін жазылған оқу-әдістемелік **«Тіл-құрал»** (2011) еңбегін айрықша атар едік [2].

Оқу құралында тілдік дағдыларды қалыптастарудың тиімді жолдары айқын берілген. Тапсырмалар таза тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тілді қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. Атап айтқанда, тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуы көзделген. Сондай-ақ, тапсырмаларға қатысты жаттығулар берілген. Бұл жаттығулар тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Әсіресе жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылғандығы тиімділігін береді деуге болады. Өйткені бұл сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, негізгі мән берілетін тапсырмаларды есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазақ тілін ересектерге оқыту тәжірибесінде акмеология әдісі көмекке келеді. Тіл үйретудегі акмеологиялық тәсілдің ерекшелігі адамның тілді үйрену жолындағы өзінің жасаған қызметінің және жеке еңбегінің нәтижелерін көре білуі мен оны қажетті арнада пайдалануына жол ашады. Тілді осы әдіс арқылы меңгертуде оқыту академиялық ереже күйінде қалмайды, бірліктерді коммуникацияда қолдана білу дағдысы қалыптасады, бастапқы деңгейде лексикалық, грамматикалық материалдар жаттамай меңгеруге әкеледі, тілдік құбылыстарды түсіндіру жаттығуларға негізделеді, үйренуші олардың мағынасын түсінеді, тілдік бірліктер мазмұны, қызметі жағынан топтастырылады, нәтижесінде сөйлеу қалыптасады.

Ұжымдық авторлықпен жарық көрген **«Қазақ тілі»** (2016) **A1 қарапайым деңгейге** арналған оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген [3]. Қарапайым деңгейді меңгертуге

арналғандықтан, мұндағы тапсырмалар тіл үйренушінің материалды тыңдап түсіну, оқып түсіну, жаза білу, сөйлей білу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Оқулық мазмұны он екі бөлімнен, әр бөлім екі сабақтан тұрады. Мысалы, азық-түлік атты бесінші бөлімдегі 1-сбақ дүкенде деп аталады. Ондағы сабақтың тақырыптары бір келі қант беріңізші, алма үш жүз теңге тұрады деп берілген. Күнделікті өмірмен тығыз байланысты осындай тақырыптар аясындағы тапсырмалар қызықты әрі тартымды берілген. Танымдық мәні жоғары тапсырмалар легі сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша сөйлеу дағдысын ұштай түседі.

Ал **A2 Базалық деңгейді** меңгертуге арналған «**Қазақ тілі**» (2016) оқу құралында лексикалық тақырыптардың аясында грамматиканы меңгерту қосылады [4]. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгертудің түрлі әдіс-тәсілдері қамтылған A2 деңгейде тіл үйренушінің енді пікір білдіру, ойын ойға ұластырып диалогқа түсу мүмкіндіктерін арттыру көзделген. Қазақ тілі грамматикасының негізгі элементтерін қатыстыра отырып, сөйлеу әрекетіндегі қызметі түсіндіріледі.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ, 2012 жылы ұжымдық авторлықпен «**Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы**» жарық көрді [5]. Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда грамматиканың орны ерекше екендігі белгілі. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағыштың негізгі мақсаты – тіл меңгеруші тұлғаның бойында қазақ тілін үйрену барысында грамматикалық құрылымды қамтитын минимальды грамматикалық қорын қалыптастыру болып табылады. Тіл үйренуші тілді үйренудің алғашқы қадамында негізгі грамматикалық құрылымдарды үйрене бастайды және айтайын деген ойын құрылымдық, стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдермен жеткізуге талпынады. Сондықтан мұнда негізгі тілдік бірліктерді және олардың қолданылу ерекшеліктерін білу – басты мәселе болып табылады.

Қазақ тілін үйренуде сөйлеу әрекеті арқылы үйрену үрдісі тиімді жол ретінде таңдалып отырғандығы белгілі. Алғашқы қадамдарда, көбіне сөйлеу әрекетінің сөйлесім түріне көңіл бөлетіні анық, тіл үйренуші тезірек қазақ тілінде сөйлегісі келеді. Алайда сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгеру тіл үйренушінің түрлі дағдыларының қалыптасуына тікелей байланысты.

Грамматикалық материалды әртүрлі құрылымда беру және жаттығулар жүйесін соған сәйкестендіру арқылы грамматикалық дағдыны қалыптастыруға болады. Мұндағы негізгі мәселе – таңдалып алынған грамматикалық материалды мөлшермен беру, яғни қандай көлемде және қай уақытта беру мәселесі. Тілдік бірліктердің түрленуін бәрін бірден және күрделі құрылымдармен бірге ұсыну – тілдің грамматикасын тиімді үйренуге кері әсерін тигізетіні анық. Осы ретте машықтануға арналған жаттығулар да тілдік дағдының қалыптасуына, белгілі

сөйлеу үлгілерін ұқсас жағдайларда пайдалану арқылы сол тілдік құрылымның қалыптасуына ықпал етеді. Бір тақырыптың аясында болатын тілдік құрылымның бір үлгісіне дағдыланудың мысалдары мен жаттығулары дәл сол тақырыпқа ұқсас жағдайларда сол үлгі мен тілдік құрылымды дұрыс қолдануға септігін тигізеді, осы арқылы грамматиканың табиғатын түсінуге үлкен мүмкіндік туындайды.

Грамматикалық анықтағышта алдымен тілдік құрылымның ережесі беріледі. Ережелер түсінікті тілде баяндалады; ережеге сәйкес мысал келтіріледі; әртүрлі дағдылардың қалыптасуына ықпал ететін жаттығулар беріледі және жаттығулардың үлгісі орындалып, көрсетіледі; тілдік құрылымды тиімдірек түсіну үшін келтірілген жағдаяттарға байланысты суреттер мен безендірулер беріледі; жаттығуларды орындау барысында «осында және дәл қазір» қағидасы бойынша анықтағышты жұмыс дәптері ретінде пайдалануға, яғни берілген тапсырмаларды осы құралда орындауға мүмкіндіктер бар; грамматикалық материал құрылымдық және функционалдық тұрғыда тілді оқытудың халықаралық тәжірибелеріне негізделіп ұсынылады; тіл үйренуші ұсынылған анықтағыштың өзіне қажетті тақырыбынан бастап, тіл меңгеру деңгейін жетілдіре алады.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту әдістемелерінің тиімді тәсілдері айқындалып, қолданысқа енгізілуде. Инновациялық технологиялардың негізгі қағидаларын басшылыққа алған жоғарыдағы кешендердің барлығында тілді диалог арқылы үйрету/үйрену басты орында. Диалог – адам өмірінің мәні мен мақсаты; диалог – адамгершілікті иемденудің негізгі құралы; диалог арқылы тұлғаралық қарым-қатынасқа жету басты мақсат етіп алынған.

Бүгінгі таңда білім беру оқытушыдан оқу әрекетін түбегейлі ойластыруды қажет етеді. Оқыту мақсатын жоспарлаудың, құрылымын анықтаудың өзіндік моделі бар. Сондықтан ЖОО-да Блум таксономиясы бойынша бағалау (Evaluation) мәселесіне баса көңіл бөлінеді. Бағалау мұнда талдау ретінде қарастырылып, мониторингпен (Assesment) бекітіліп отырады. Бұл оқытудың әр кезеңдерінде мақсатты дұрыс қоя білуден бастап, әрбір сабағыңызды микрооқулық дәрежесіне дейін көтеруге жетелейді.

Ал Қазтест жүйесі бойынша осы қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген.

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің барлығы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында шығарылған. Тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік кешендердің барлығының аудиожазбалары компакт-дискіде қосымша берілген. Бұл қосымша көмек оқу-әдістемелік құралдардың маңызын арттыра түседі.

Қорыта келгенде, республика көлемінде үштілді үйрету барысында қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ тарапынан

шығарылып жатқан еңбектердің еліміздің тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына айрықша үлес қосып отырғандығын атап өткіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ тілін оқытуға арналған Бірүлгі бағдарлама». –Астана, 2011, 2016 жж.
2. «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік құрал. -Астана, 2011.
3. «Қазақ тілі» А1 қарапайым деңгейге арналған оқулық. –Астана, 2016.
4. А2 Базалық деңгейді меңгертуге арналған «Қазақ тілі» оқу құралы. –Астана, 2016.
5. Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. –Астана, 2012.

METİN MERKEZLİ VE BAĞLAM MERKEZLİ KURAMLAR ESASINDA OĞUZ KAĞAN DESTANI ÜZERİNE İNCELEME

Prof.Dr. Naciye Yıldız

Özet

Bu çalışmada Prof.Dr. Muharrem Ergin tarafından çevirisi yapılan Uygur harfli Oğuz Kağan Destanı'nın numaralandırılmış asıl nüshasını dikkate alarak destan metnini olay *örgüsü*, *zaman* ve *mekan* ilişkisine dayalı *metin merkezli kuram* ile işlevsel halk bilimi yöntemi, sözlü kompozisyon yöntemi ve icra yönteminin oluşturduğu *bağlam merkezli kuramın* performans/icra boyutu çerçevesinde incelemeye çalışacağız. Örneklerimizi Uygur harfli esas metin üzerinden tanıklamayı tercih ettik. Halkbilimi araştırmalarına yeni boyut kazandıran pek çok araştırmacı gibi Edward Corbett ve Robert Connors tarafından ön görülen ve “*Classical Rhetoric for the Modern Student*” adlı eserle sistemleştirilen performans teorisinin araştırma yöntemlerine göre Oğuz Kağan Destanı'nı yer, zaman, karakter ve mekan ilişkilerinin yanı sıra Türk kültür kodları, açısından da tetkik ettik.

Anahtar sözcükler: Oğuz Kağan Destanı, performans teori, söz boyutu, icra boyutu.

Abstract

In this study, we will try to examine the epic text within the framework of the text-centric theory based on the event pattern, time and space relation and the performance / execution dimension of the functional folk method, the oral composition method and the context-centered theorem, taking into account the enumerated original version of the Oguz Kagan Epic, which is translated by Prof.Dr. Muharrem Ergin and is in Uighur language. We preferred to witness our examples through the Uighur-lit main text. We investigated the Oguz Kagan Epic, in terms of space, time, character and space relations as well as Turkish culture codes, like many researchers who have given new dimension to the study of folklore, according to the research methods of performance theory systematicized by Edward Corbett and Robert Connors, "Classical Rhetoric for the Modern Student".

Key words: Oguz Kagan Epic, performance theory, word dimension, performance dimension.

GİRİŞ

Köken olarak Farsça olan destan sözcüğünün aslı dâstândır. İran tesiriyle divân edebiyatına, oradanda halk şiirine, halk diline geçtiği varsayılmaktadır (Elçin 1988: 34). Destan, bir milletin yaşamış olduğu maceraların, dünyaya bakışının ve ideallerinin, genellikle bir proto-tipten hareketle, bir kahraman etrafında birleştirilerek dile getirildiği, kendisine has bir geleneği olan anonim eserlere denir (Yıldız 2009: 7). Bir başka görüşe göre; konu sınırlaması olmaksızın âşık tarafından destan yapılmaya değer bulunan vakayı, bir cismi veya kavramı hikâyeye ederek ve sözlü kültür ortamında âşığın ele aldığı konuyu anlatım tutumuna bağlı olarak geleneksel âşık havaları eşliğinde icrâ ettiği nazım türüne destan denilmektedir (Çobanoğlu 2005: 3). Özetle; destan (epos), bir boy, ulus (kavim) veya millet hayatında tam estetik hüviyet kazanmamış eser sayılan efsânelerden sonra nazım şeklinde ortaya çıkan en eski halk edebiyatı mahsullerinden biridir. Sözlü geleneğe bağlı bu anonim mahsuller, zaman ve mekân içinde cemiyetin irâdesini ellerinde tutan “*kahraman-bilge*” şahsiyetlerin menkıbevî ve hakikî hayatları etrafında teşekkül etmiş uzun, didaktik hikâyelerdir (Elçin 1986: 72).

Çalışmamızda Prof.Dr. Muharrem Ergin tarafından çevirisi yapılan Uygur harfli Oğuz Kağan Destanı'nın numaralandırılmış asıl nüshasını dikkate alarak destan metnini olay örgüsü, zaman ve mekan ilişkisine dayalı *metin merkezli kuram* ile işlevsel halk bilimi yöntemi, sözlü kompozisyon yöntemi ve icra yönteminin oluşturduğu *bağlam merkezli kuramın* performans/icra boyutu çerçevesinde incelemeye çalışacağız.

Metin merkezli halkbilimi kuramı, temelde Tarihi-Coğrafi Fin Okulunun ortaya koyduğu ilkelere dayanan ve evrimsel, psikoanalitik, mitolojik, biyolojik yaklaşımlarla zenginleşen, yapısalcı yaklaşım çerçevesinde Lord Raglan, Vladimir Propp ve Claude Levi Strauss gibi araştırmacıların yapısal çözümleme yöntemleriyle işleyen ve kahraman biyografisini çeşitli açılardan analiz eden bir kuram olarak tanımlanabilir (Çobanoğlu 2005: 111-216). Bağlam merkezli araştırma kuramı ise, *işlevsel halk bilimi, sözlü kompozisyon* ve *icra* olmak üzere Edward Corbett ve Robert Connors tarafından üç temel dinamikte açıklanır. İcra yöntemi de *kişisel boyut, sosyal boyut* ve *söz boyutu* olmak üzere kendi içinde alt gruplara ayrılır. Bu gruplarda dikkate alınan ölçütler sırasıyla şöyle izah edillir (Edward-Corbett 1999: 377-458):

A) Kişisel Boyutta: Kaynak kişi ve kaynak hakkında bilgi toplanır, derlemeye ve varsa kullanılan malzemeye ilişkin bilgiler elde edilir, ezber kabiliyeti (memoria) ve ezberleme teknikleri üzerinde durulur, anlatıcının repertuarı gözönüne alınır.

B) Söz Boyutunda: 1-Anlatıcının giriş formelleri (inventio), 2-Metnin giriş bölümü (exordium), metnin gelişme bölümü (narratio), metnin sonuç bölümü (peroratio), 3-Kelime seçimi (elocutio), konuşma figürleri (figures of speech), cümle uzunlukları (length of sentences), cümle türleri (kind of sentences), yan cümlelerin yapısı ve temel cümleye bağlanış şekilleri, bağlaçların ve edatların kullanılışı, etimolojik inceleme, standart türün ağız özelliklerini yansıtıp yansıtmadığı, söz

sanatları, ses olayları, ses ve kelime tekrarları (asonans, aliterasyon, anafora), mecaz kullanımlar, paralel kullanımlar, karşıt anlamlı iki kavramın yakın kullanımı (oksimoron), karşıt anlamlı iki unsurun uzak kullanımı (paradoks) gibi konular dikkate alınır.

C) Sosyal Boyutta: anlatıcı ve dinleyici ilişkileri incelenir, dinleyici tepkisi tetkik edilir, dinleyicinin konumu ve sahne durumu dikkate alınır, katılımcıların aktif mi, pasif mi oldukları gözlemlenir, kültür unsurlarının mekânla ilgisi kurulur, kültürel durum göz önünde tutularak sosyal katmanlar dikkate alınır ve incelenir.

Oğuz Kağan Destanı hakkında temel bilgilere yer vererek yukarıda bahsi geçen metodlar açısından destan metnini kısaca incelemeye çalışacağız.

Oğuz Kağan Destanı'nın tam nüsha olarak kabul edilebilecek iki metni mevcuttur. İlki Uygur harfli Oğuz Kağan Destanı, ikincisi ise Reşideddin'in *Câmiü't-Tevârih* adlı eserinin *Târîh-i Oğuz û Türkân ve Hikâyet-i Cihangîrî û* adlı bölümünde yer alan metindir. Bu iki metin dışındaki diğer İslamî versiyonlar ise büyük oranda Reşideddin'in Oğuznâmesinin uzantısı görünümündedir. Destanın bugünkü bilgiler doğrultusunda sekiz nüshası vardır:

1- Uygur harfli Oğuz Kağan Destanı,

2- Reşideddin Fazlullah'ın *Câmiü't-Tevârih* adlı iki ciltlik eserinde yer alan *Târîh-i Oğuzân ve Türkân* bölümü,

3- Ebu'l Gazi Bahadır Han'ın *Şecere-i Terâkime ve Şecere-i Türkî* adlı eserlerinde yer alan Oğuz Kağan Destanı metinleri,

4- Cüveynî'nin *Tarih-i Cihan-güşâ* adlı eserinin Çağatay Türkçesine çevrilen *Cengiz Tarihi* bölümünde yer alan metin.

5- Yazıcıoğlu Ali'nin Topkapı Sarayı Revanköşkü Kütüphanesinde muhafaza edilen *Tevâhir-i Âl-i Selçuk* adlı eserlerindeki Oğuznâme metni,

6- Uzunköprü nüshası olarak da bilinen Manzum Oğuznâme metni,

7- Kazan'da bulunmuş olan Oğuznâme metni,

8- Türkmen şairi Andalıp'ın Oğuznâmesi (Aça 2013: 89-90).

Uygur harfli nüsha ilk defa Dr. Rıza Nur tarafından keşfedilmiştir. 1932 yılında W. Bang ve Reşit Rahmeti Arat tarafından Almanca, daha sonra 1936 yılında Türkçe olarak yayımlanmıştır. İslamiyetin etkisinin neredeyse hiç görülmediği bu yazma, daha arkaiktir. Bu destan, Ali Torun ve Abdurrahman Güzel'e göre 8. yüzyılda; Mustafa Aça'ya göre ise Uygur bahşıları tarafından 13. yüzyılda; Faruk Sümer'e göre 14. yüzyılda kaleme alınmıştır (Özdemir 2016: 110). Oğuznâmenin teşekkülü ile ilgili olarak Ahmet Bican Ersilasun şunları söylemiştir: "Oğuz destanı, daha Sırderya boylarında iken sözlü olarak teşekkül eden bir destan olduğu için Türkmenistan, Azerbaycan ve Türkiye'nin ortak dil ve kültür mirasıdır. Oğuznâme 13. yüzyıldan önce yazılı hâle gelmiş, hem Oğuz Kağan'a hem de Dede Korkut boylarından bir kısmını içine alan bir kitap halinde elden ele dolaşmaya başlamıştı. Mısır Memlûk tarihçisi Ebubekir bin Abdullah bin Aybek ed-Devâdârî'nin 13. yüzyıl başındaki kaydı, bu bilginin kesin olduğunu gösterir. Türkiye, Azerbaycan ve Türkmenistan açısından bunun anlamı şudur: Bu üç ülkedeki Türkler, henüz birlikte yaşarken Oğuz destanı teşekkül etmiş ve hatta yazılı hâle gelmiştir. Azerbaycan ve Doğu Anadolu sahasında sonradan muhtemelen 14-15. asırlarda Oğuznâme, bugün elde bulunan Kitab-ı Dede Korkut halini almış; Oğuz Kağan'a ait bölüm kitabın birinci boyunu (Dirse Han oğlu

Boğaç Han boyu) oluşturmuş ve bunun da muhtelif yazmaları olmuştur” (Aça 2013: 12).

Muharrem Ergin’e göre asıl Oğuz Kağan Destanı, yani destanın ana eseri kayıptır ve bugün bu destanın değişikliğe uğramış ve hikâyeleşmeye yüz tutmuş, bir hayli değişiklikten sonra kağıda geçirilmiş bazı parçaları ile bir hülasasını teşkil eden rivayetleri elimizde bulunmaktadır. İşte bu parçaların en büyüğü ve en mühimi Dede Korkut Kitabıdır. Müstakil bir eser haline gelmiş ikinci mühim parçası ise Oğuz Kağan Destanı’dır. Ergin, bu destanî rivayetlerin esasını, Reşidüddin’in Camiü’t-tevarih’indeki Farsça Oğuzname teşkil ettiğini, diğer nüshanın da Paris milli kütüphanesinde bulunan “Uygur Harfli Nüsha” olduğunu belirtir (Ergin 1988: 6-7). Oğuz Kağan Destanı’nın bir nüshası da Topkapı Müzesinde bulunmaktadır. 1959 yılında Faruk Sümer, 1972 yılında Zeki Velidi Togan tarafından Farsçadan Türkçeye çevrilmiştir. Ancak bu varyant ile Uygur yazısıyla oluşturulmuş varyant arasında önemli farklılıklar bulunmaktadır. Eldeki kaynaklardan Oğuz Kağan Destanı’nın bir Oğuznâme geleneği oluşturduğu, kitap halindeki bu Oğuznâmelerin değişik Türk boyları arasında elden ele dolaştığı anlaşılmaktadır. Günümüze kadar Oğuznâme yazmalarından on sekizi tespit edilmiştir ve Salnâmelerde bulunanlar da dahil olmak üzere yirmiyi aşkın Oğuznâme olduğu tahmin edilmektedir (Özdemir 2016: 110-111).

генетикалық тұрғыдан й-ге айналмайды. Қазіргі тарихи грамматикада айтылып жүрген р > з > й алмасуы ақиқатқа сай емес. Ал *кейін* сөзінің *кедін* тұлғасынан пайда болуы әбден заңды. Мұндағы *кед* түбірі тіліміздегі *кет* сөзінің фонетикалық нұсқасы. Ал *д* дыбысының дауыссыз *й*-ге айналуы – заңдылық. Бұл құбылыс тіліміздегі *кейін* сөзінен де көрініп тұр. Сонымен, біздің пайымдауымызша, ең ілкі түбір – *қа* түбірі. Онан кейінгі екінші дәрежелі түбір – *қай* (қат) түбірі де, ал *қайт* түбірі үшінші тәрежелі түбір болады. Мұның сыртында ескеретін аса маңызды бір мәселе – осы жерде *алғашқы түбір* деп танылып отырған *қа* элементінің арғы негізінде ең ежелгі УҚ тілдік негізі тұрғанын түсінуіміз керек. Бұл УҚ элементі (тілдік негіз) жоғарыда біз айтып отырған ең ежелгі 1-дәрежелі «қа» (*қайт* сөзіндегі) түбірімен тең емес. УҚ тілдік негізінен осы «қа» түбірі сияқты, бірақ өзге туыстас ұғымдарды білдіретін ондаған өзге түбірлер жасала алады. Бұл тілдік негіздің семантикалық өрісі аса кең. Мұны біз монографияда көрсеттік [2, 330]. Мына *қайт* сөзіндегі «кері, кейін» ұғымы сол көптеген (шамамен 40-тан астам) ұғымдардың тек бірі ғана. Мысалы, УҚ негізінің кейбір мағыналары мыналар: *қорашау, қосу, бұрыш, қисық, кіру* т.б., және бұл ұғымдардың өзі тілдік құбылыстарға қарай алуан түрлі жағдайда алуан түрлі өзгерістермен қолданыла алады. Сонда біз *қайт* сөзінің жасалуын екі этапты емес, 4 этапты кезеңмен көрсетеміз: 1. УҚ (тілдік негізі) > 2. *қа* – «қарсы, кейін, кері...» ұғымдарындағы 1-дәрежелі ежелгі түбір > *қай* (қат/қад түріндегі 2-дәрежелі ежелгі түбір) > *қайт* түріндегі 3-дәрежелі бүгінгі түбір.

Қорыта келгенде, тарихи тіл білімі жетістіктерін онан әрі алға апару бағытында тіл генетикасының әдіс-тәсілдерін қолдану түркілік түбір табиғатын жалпы адамзаттық тілдік деректер аясында кеңінен қарастыруға және барынша терең айқындауға мол мүмкіндіктер береді демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Бекмағамбетов Ш. Тілдің дыбыстық жүйесі (Тарихи грамматика пәні бойынша). «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн. 2002, №10., 60-64 б.б.
2. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. Алматы, 2014.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.
4. Жұбанов Қ. Образование сложных слов в казахском языке. Исследования по казахскому языку. Алматы, 1966.
5. Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері. Алматы, 1999.

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАСЫ

**Дина Алкебаева ф.ғ.д.,
ҚазҰУ-дың профессоры**

А. Байтұрсынов туралы аз жазылған жоқ, бірақ оның жазған кейбір мақалаларының құны бүгінгі күн сұранысын көрсетеді. А. Байтұрсынов

туралы Ә. Хайдар бір баяндамасында «А. Байтұрсынов – біз үшін оқылмаған дастан» деп айтқан еді. А. Байтұрсынов тіл – әдебиет әлеміне сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Оның қазақ тілі мен әдебиетінің әр түрлі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазып, баспа беттерінде жариялады. 1913 жылы "Қазақ" газетінде жарияланған "Қазақтың бас ақыны" атты мақаласы әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі әрі өзін осы еңбегі арқылы көрнекті әдебиеттанушы ғалым ретінде танытты.

Мақалада ұлы ақын Абайды халыққа таныстырды, оның тарихи – әлеуметтік миссиясының мәнін атап көрсетті, өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық сипаты мен сөз өнеріндегі алатын орнын айқындады. Абай – жан ішкі сезімі ақын; ақынның рухани болмысындағы ымырасыз ой, ащы шындық, адам тағдыры және адам құқықтары туралы моральдық сұрақтардың мағынасы мен мәнін ашуға тырысты. Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», талантын, сыншылдығын, білімділігін ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты.

Ақын Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін ағартушы-демократтық дәрежеге көтерді, тіл және әдебиет ғылымының іргетасын қалады. Абаймен танысқанға дейін 1913 жылға дейін Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысалында» қазақ елінің халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. «Маса» жинағында (1911) негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті болуға насихаттап, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты білімсіздіктен, жалқаулық пен енжарлықтан қашуға, кәсіпке, білімге баулу мен тәрбиелеуді мақсат еткен болатын. Қоғамдық – саяси, әлеуметтік лирика – лирикалық жанрдың тақырыптың мазмұнына қарай бөліп қаралатын, қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғайтын ақынның заманға, халықтың тағдырына көзқарасын білдіретін үлкен саласы деп айтсақ, автор осы салаға қатысты еңбектеніп қоғам қайраткері дәрежесіне жетті. Белгілі әдебиетші, ғалым Рымғали Нұрғалиев былай деген еді: Екі жинақ- “Қырық мысал”, “Маса”- қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам- тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады. Бұл туралы айтып отырған себеп А. Байтұрсынұлы Абай туралы мақала жазғанға дейін қазақ халқының қоғамдық саяси өмірінің қыр – сырын, сол кездегі тағдырының жай – күйін өте жетік білген.

Автор Абайды таныта отырып өзі де үйренді ағартушылық, демократтық ойлар, ұлт болашағына айрықша жанашырлық таныту, Абай дәстүрінің үлгісіндегі сыншылдық сипаттар ақынның "Маса" жинағына енген барлық өлеңдеріне тән болып келеді.

Байтұрсыновтың Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәнінің тереңінде аз сөзге салиқалы ой тастаған пікірінің құндылығы туралы айта кету керек. Автор басқа ақын, жырау, ауыз әдебиетін, халықтық шығармаларды өте жетік білген Абайды оқығанға дейін талай ақын

ретінде танылған, соған қарамастан Абайдың ұлылығын бірден таныған себебі, мақалаға "Қазақтың бас ақыны» тақырып қоюдың өзінің мәнін айқындайды. Автор мақалаға ат қою да біріншіден шығармасының позициясын айқындап береді. Содан соң шығармасын арқылы жан- жақты ашады. Мақаланың тақырып қою автордың дүниетанымдық көқарасымен мағыналық психоэлеуметтік тұғырын анықтап береді. Автор шығармасына ат қою арқылы жазған еңбегінің мақсаты мен міндетін өзі нинтерпретация жасайды. Автор тақырып қоюдың хас шебері әдебиеттанушы әрі публицист ретінде танымал болды. Автор сол кезде әдебиеттің сан алуан үлгілерін білсе де, Абай туралы жазаған еңбегіне «қазақтың бас ақыны» деп тақырып беруінің өзі автордың терең білімін, жаңашыл сөз өнерінің құдіретін ғана емес әдебиеттің адам өміріндегі алатын мәні ме сипатын терең көрегендікпен пайымдағанын көрсетеді. Арада қанша уақыт өтсе де талай ақын туып өмірден өтсе де, әлі де ғасырлар талантын халқына сыйласа да «Абай -қазақтың бас ақыны» болып қала беретіндігін автор алыстағы алды-артын болжайтын қырағы көзбен ақыл – парасатпен таразылаған.

"Қазақтың бас ақыны» деген тақырыбының сан алуан осы уақытқа дейін жазылған Абай туралы жазылған еңбектердің қайнар бұлағы деп айқан артықтық етпейді.

А. Байтұрсынов Абаймен алғаш 1903-ші жылы танысқан, әрине Абайдың өлеңдері арқылы оған мақаласындағы сөздері дәлел бола алады. *«1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың»* – дейді.

Содан соң Абайдың өлеңдерін өзі түсінуге тырысады, оны былай баяндайды: *« Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды»*. Автордың айтпағы Абайды түсіну қиын, шын мәнінде Абайдың өлеңдері көп емес том –том емес, бірақ аз сөзге терең маңына мен мән берген сөз құдіреті тереңде мұхиттың түбіндегі інжу – маржандай. Содан соң А. Байтұрсынов Абайды тану мен талдаудың оңай емес екенін айтады. *« Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік»*. .. Кейбіреулердің айтатын *«ауырлығы бар»* деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққаниша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді». Бұл пікірлері арқылы А. Байтұрсынов не айтқысы келді? Абай өзі айтқандай сөз түзелді, оқушы сен де түзел деген пікірінің қилы қилы, сазды да қасиетті сабырмен талдау керек мәніне бой алдырғанды қалаған.

Шынында да осы уақытқа дейінгі зерттеушілер Абайды қанша жазып зерттесек те әлі толық зерттеп тани алған жоқпыз, Абайда ашылмаған сырлар мен жұмбақ ойлары бар екенін айтып та жазып та жүр. А. Байтұрсынов осы жерде *«оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын*

кемшілік» дегенді қайталап қолданып отырғанымыз осы кемшілік пен олқылық, Абайды дұрыс бағалай алмай немесе қазіргі ғылым салалары бойынша талдауға жете алмаған кемшілік әлі Абайтануда сезіліп те тұр, бұл – мойындалатын шындық. Осы пікірді А. Байтұрсынов сонау 20-шы ғасырдың басында айтып кеткен еді. Осыған қатысты жарты ғасырдан астам уақыттан кейін А.Ысқақов «Абай және қазақ әдеби тілі» деген мақаласында осыған ұқсас пікір білдірген, Абайдың тілі деген тақырып – өте күрделі екендігіне тоқтала отырып, егер ол өлеңдерін шығыс әдебиет үлгілерінде жазса, кітаби ақын ғана дәрежесіне жетер еді деген пікірді айтады. А. Байтұрсыновтың жоғарыда айтқан ойлары кейінгі ғылыми қауымға ой салғаны негізгі ғылыми зерттеулерінің бастауы болғаны анық.

Осы бір аз сөзге көп мағыналы түйін түйген А.Байтұрсынов тағы да былай дейді: *«Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды»*. Осы жерде Ахмет не айтпақ болды? Дәл бүгінгі күн тұрғысынан, осы пікірге қандай талдау жүргізуге болады. Тыңдаушысы, оқушысының біліміне көп мән беру керек екендігін қабылдаушының да білімінің жоғары болғанына талғам мен таразысына өзімен теңдес болу керектігін де Абай арқылы А. Байтұрсынов та негіздеп берген.

Автор осы шағын бірақ мәні терең мақалсында тағы да былай дейді: *Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде гана емес, өзінде де болған.* Қазір тіл ғылымында сөзтану ғылымы, когнитивті ғылым, нейролингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б ғылым салалары өзінің жаңа ғылыми – ұғымдық базасын алып келді. Олардың басты мәні мен зерттеу нысаны- адам. А.Байтұрсыновтың осы бір сөзінен 1 ғасырдан уақыт өтсе де осы ғылым салалары арқылы Абайды зерттеуге бастама беріп соның қайнар бұлақтай асып тасып жатқан болмыстық мәнін ашу міндетін көрсетеді.

Автор осы аты шулы мақаласында: *Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері – қазаққа зор бақ –* деген пікір білдірген. Абай бомаса, қазақтың зор бағын жоғалтып алатын қоғамдық қаупін Ахмет сол кездің уақытымен айтқанмен, бүгін сол қауіп пісіп жетіліп тұр. Абай артына асыл мұра етіп қалдырған үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздерден біз бақ етіп ұстап тұра алмай қолдан ұшырып бағын жоғалтқан жандар болып қала ма деген үлкен қатерге тап болған күй кешу басқа түсіп тұрған сияқты.

А. Байтұрсынов мақаланы тағы да былай өрбітеді: *Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, тор түгіл, тақтан орын берген – дейді.* Абай тақтан орын берген сөздер бүгінде қазақ өз тағы мен бағын жоғалтып жатқан жоқ па деген ой келеді. *Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тындаушы көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-*

сараң екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тындауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.

А. Байтұрсынов Абай туралы жазған мақаласында Абайдың сыншы екенін тамаша түрде дәлелдеп кеткен. Сыншы – синтездік өнер, сыншы таланты ауыр ол бірнеше ғылымның эстафетасын арқалайды, кезінде сын туралы ғылыми зерттеушілердің тілімен айтқанда әдеби «сын – қимыл, қозғалыс үстіндегі эстетика» болса, сол сұлулық сөз сынын тамаша өлең арқылы өрбітіп терең мән берген Абай екенін автор шынайы дәлелдеп берген болатын.

А. Байтұрсынов Абайдың бойындағы ақындықты ғана емес, сонымен қатар сыншылдықты, жазушылықты, білімділікті, ғұламалықты, көсемділікті зор ізгілікпен пайымдаған. Оны мына сөздері арқылы жүйелеп береді: *Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігіін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік... Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады – деп өлеңге берген сыни талдаулары арқылы дәлелдейді. Абайды сыншы деп таныған ғылыми пікірлер қазіргі күнде әлі айтылған жоқ.*

Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған.

А. Байтұрсынов айтқан сөздері арқылы Абай – терең білім иегері. Қазіргі уақытта адамды зерттеуде адамның аялық білімінің зор мәні терең қарастырылуда.

А. Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» мақаласында «білімнен мал артық болушы ма еді» деп Абайдың білімді бағалаған тұсына ерекше тоқталады. Қазір де білім ұғымының оның адам өмірінде мәні де өте маңызды. Қазақ елі де білімнің жаңа жетістікері мен биік шыңдарына ұмтылып жатқаны тоқтаусыз болмақ. Абайдың білімге ұмтылудың қазақ үшін қандай көкейкесті екенін А. Байтұрсынов қолдауы осы Абайдың білім туралы айтқанына негізделеді, оған назар аударып, қазақ елі білімге зәру екендігін аса қатты мән беру керектігін өзі де айтады. Білім – адамның танымдық дүниетану нәтижесі. Шын мәнінде Абай өмір сүрген уақытта білім мен ғылымның әлі таразының басына теңгерілмеген тұсы болғандықтан, А. Байтұрсынов та Абай сияқты білімнің маңызы мен мәніне оқырманына айтқысы келеді. Білім – бұл адамның барлық рухани және физикалық күштері қатысқан тұлғаның ең жоғарғы өзін-өзі жетілдіретін көрсеткіші; бұл шығармашылық іс-әрекеттің түрі. Оның үдерісінде адам өзін-өзі

дамыта және өзін-өзі өзгерте тұрып рухани және материалды объективті және субъективті қоғамдық мәні бар құндылықты қана құрып қоймайды, соны ізгіліктендіріп жетілдіреді, айналасына ұғындырып, ой тастайды, адамның санасында бар бірақ әлі бой алдырмаған тұстарына қозғау салады.

Ағылшын философы Ф. Бэкон «білім – ерекше жаратылыс күші» деп айтқанындай, А.Байтұрсынов Абай өлеңдерін оқығанда өзіне «ауыр» болғанын айтады. Шын мәнінде Абайды зерттейтін зерттеушілерде осы пікірде бүгінде түсіну үшін білім керек. Абайдың: «Ұятың, арың оянсын, Бұл сөзімді ойлансын...» дегені ойларының маңызын әлі жаттанды түрде айтқанмен, мағынасы филологиялық ғылыми тұрғыдан әлі сыры ашыла қоймады.

А.Байтұрсыновтың сөзінің мағынасына терең үңілген сайын Абайдың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болу себебі оның сөзінде емес өз бойының асыл қасиеттері мен болмыс тұлғасының, жаратылысының оқшаулығы мен даралық сипатының сан ғасырда бір туар адамзатқа тартылған жаратылыстың құпия сыры тартуы деп тануымызда, бірақ бұл әлі толық анықталып танытылған жоқ десе де болады. А.Ысқақов «Абай және қазақ әдеби тілі» деген мақаласында осыған ұқсас ойларын ортаға салған болатын, Абайдың ерекшелігі «жазуында емес» дей келіп, аса дарындылығында, шешендігінде, терең ойлылығында деп бағалаған болатын. Шын мәнінде Абайдың заманындағы өзгерістер оның сөз өнерінің бүкіл зор аумағын қамтыды. Қазіргі заманның да қоғамдық, әлеуметтік мәдени – саяси жағдайлар, ғылымды қайта тану мен оның жаңа бағыттары Абайды қайта тану мен шығармашылық данышпандығын басқаша түсініп зерделеуге мән беруді талап етіп отыр. Мағжан Жұмабаев *айтқандай Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар, Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.Көз ашып, жұртын ояу болған сайын, Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар* деген сөзі де осы мақаланың мәнін аша түседі. *Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең, сөздің ұқсаған құдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған, Қарсы келер Абайдың кім бетіне!*- деп Ж. Жұмабаев жырлағанда қазақта ешкім тең келмес қазақтың бас ақыны деген автордың берген әділ бағалауына осылайша өлең жолымен өрнектеген болатын.

А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәні негізі Абайдың заманындағы қоғамдық-саяси өзгерістер мен қазіргі заманның ортақ байланыстары арқылы талдау түсіну тереңіне тарта берітіндігін, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері жалпы адамзат баласын рухани құндылықтарға жетелейді. Алайда қазіргі жақандану дәуірінде, әлемдік өркениет заманында Абайды қалай түсіндіреміз. Абайды жатқа айтып «Абай солай деп еді-ау, Абай ұлы ғой былай айтқан еді-ау» – деп ыңыранып тынамыз ба?

А.Байтұрсынов Абайдың «ауырлығы» сан ғасырдағы адамзат құндылығын сақтауға, қазіргі әлем үнінің «жан айқайына» жеңілдік, тазалық, мейірімділік, парасаттылық мәселелерінің «ауруына» «жеңілдік» әкелетін «дауа» екенін айтқан шығар.

Автор «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәні мен маңызы мынада: Абайды жаңа көзқараспен, өзгеше тыныспен, бүгінгі заманның әлеуметтік

демімен, ниеті-пиғылымен, сусаған пейілімен, рухани жандауасымен қарауға шақырады.

ҚАЗАҚ МОРФОЛОГИЯСЫНЫҢ ИДИОЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жұбаева О.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы

Ұлттық мәдениеттің семантикалық жүйесі, негізгі коды – этникалық тіл болып табылады. Грамматикалық категорияларда ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері көрініс табады. Морфологиялық категорияларда ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, адамдар арасындағы қатынас айқын көрінеді. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, ұлттық ділмен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеу ерекшеліктерімен байланысты болады. Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі мен тәжірибесі тілде көрініс тауып, менталитет түзеді. Білім қоры тіл семантикасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік ұжымның ұлттық, мәдени мәдени тәжірибесін көрсетеді. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің көрсеткіші бола алады. А.Байтұрсынұлы жақты үшке жіктейді: «Жақ үшеу: I жақ – мендік, яғни айтушы, II жақ – сендік, яғни тыңдаушы жағы, III жақ – бөгделік, яғни айтушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы» [1]. Тіл арқылы қарым-қатынас ерекшеліктері де байқалады. I, II жақта сөйлесушілердің бір-біріне қатысы, өзара ілтипаты, сыйластығы байқалады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні *ол* деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады» [2, 226]. Сол сияқты қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Относительно личных местоимений должен заметить, что сказать о себе *мен*, а другому *сен* было бы неприлично в разговоре с высшим или младшему со старшим. Скромность и вежливость требуют сказать вместо того: *біз*, *сіз*. Таким образом, эти два слова в киргизском языке должны назваться вежливым единственным числом», – деп жазады [3]. Алайда қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кетеді. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптьев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған.

Анайы түрі	
<i>жекеше:</i>	<i>көпше:</i>

I жақ	мен	—
II жақ	сен	сендер
III жақ	ол	олар
Сыпайы түрі		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	біз	біздер
II жақ	сіз	сіздер
III жақ	ол кісі	ол кісілер

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. *Мен* есімдігінің (I жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Функционалды-семантикалық өрісте сөйлеуші мен тыңдаушы орындары өзара алмасып отыратындықтан, сөйлеуші (I жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. I жақтың көпше түрі болмайды, ал *сендер* ретінде сөйлеушіден басқа тыңдаушылардың бәрі қолданыла алады, яғни *сендер: сен+сен+...+сен*. I (сөйлеуші) жақ пен II (тыңдаушы) жақ ерекше референтті білдіріп, өзара қарсы қойылады. II жақтың көпше түрі бірдей адамдардың көптігін емес, әртекті референттердің жиынтығын білдіреді. Ендеше, *сендер* әртекті референттен құралуы мүмкін болғанмен, *мен* (I жақ) әртектілік құрай алмайды. Соған сәйкес *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Бұдан I, II жақ «бірегейлік/жиынтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз, біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Яғни сөйлеуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, I жақ (*мен*) референтінің өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі I жақ көптік формасы инклюзив/экслюзив коррелятында қолданыла алмайды. Ендеше, А.Байтұрсынұлының «анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісуге болады.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы, вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайды. Қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керек. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде «бірегейлік-жинақтылық» корреляты бойынша *я, ты* есімдіктері бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында *мен, сен* (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), *біз, сіз* (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері қолданылады. О.Бетлингк **бvз, сvз** есімдіктеріндегі -з тұлғасын I, II жақ есімдіктерінің кірігуінен пайда болған, яғни **біз<бі+сі (мен+сен), сіз<сі+сі (сен+сен)** деп есептейді. Бұл пікірді А.В.Бондарко да қуаттап, -з көрсеткішін «жақтық плюрализаторы» деп есептейді [4, 96-97]. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, қопармалы тілдердің табиғаты қайшы келеді. Орыс тілінде *адам* сөзінің жекеше тұлғасы *человек* болғанмен, көпше тұлғасы (яғни *адамдар* сөзі) *человеки* емес, *люди* түріне ауысып кетеді. Ал қазақ

тілінде мағына қосымша үстелу арқылы беріледі. Бұл – тілдің жалғамалылық қасиетіне байланысты.

Біз есімдігінің жекеше, сыпайы түрде қолданылатынына дәйек ретінде дастаннан мысалдарды көптеп келтіруге болады^{††}:

*Сағыныштан болдық зар,
Ақ жүзіңе ынтызар,
Біз-жалғызды жылатып,
Қайда жүрсің, гашық жар?* («Қисса-дастандар»).

*Бізден хабар сұраса,
Көзі көрген жолдастар,
Бірге жүрген мұңдастар,
Бізді есіне алғандар,
Бізді көрмей қалғандар,
Бізден хабар сұраса,
Сәлемімді айтарсыз!* («Қисса-дастандар»).

«Таһир-Зуһра» дастанында *біз* есімдігінің көпше тұлғада емес, жекеше тұлғада қолданылғанын байқауға болады. Оған *біз-жалғыз* деген қолданыс та нақты айғақ бола алады. Сонымен қатар өмірмен қош айтысқалы жатқан Таһирдің бақұлдасуында да сөз негізгі кейіпкердің жеке өзінің атынан берілген.

Қазіргі тілдік қолданыста ресми стильде, баяндама, конференцияларда *біз* есімдігі жиі жұмсалады. Яғни тілдік қолданыста есімдіктерді орынды пайдаланғанымызбен, тілдік парадигмада дұрыс көрсете алмай жүрміз.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде ғалымдар жіктік жалғауының шығу төркінін жіктеу есімдіктерімен байланыстырады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айтады. Яғни жіктік жалғаулары *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінен шыққан. Соған байланысты I, II жақ жіктеу есімдіктері мен етістік әрдайым қиыса байланысады. Әрі жіктеу есімдіктері етістіктен кейін келіп, өзара қиыса байланысқан. Кейін қосымшаға айналып кеткен.

*Ботасы өлген түйедей
Енді боздай қалдым мен.
Құлыны өлген биедей
Өле жаздай қалдым мен* («Қисса-дастандар»).

*Ғараб құлға патша айтты сенейін мен,
Сөзіңе екіншілей ерейін мен.
Бақшаға бұлар кетсе хабар берші,
Анықтап өз көзіммен көрейін мен* («Қисса-дастандар»).

Рухтары гүл, Таһирсің,

^{††} Бұл орайда мысалдарды қазақтың көне дастандарынан, қиссалардан мақсатты түрде алып отырмыз. Сол арқылы тіліміздің даму сипаты да көрінеді. Ал кейінгі өлең-жырларда негізінен алғанда, тіліміздің нақты болмысын көрсететін ерекшеліктер редакция тарапынан «өңделіп, түзетіліп» беріліп отырған. – О.Ж.

*Ләгілдей мислі Таһирсің,
Көзден аққан жастарым,
Мейірбан қыл, Таһир сен!* («Қисса-дастандар»).

*Бұтағынан қайрылған,
Гүлдей солып қалдың сен.
Құстарынан айрылған,
Бақшадай болып қалдың сен* («Қисса-дастандар»).

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, жіктеу есімдіктері мен етістіктер өзара қиыса байланысқан. Ал *Таһирсің* – *Таһир сен* деген мысалдар тіл дамуының кезеңдерін нақты көрсете алады, яғни жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айғақтайды.

Субъектілі-предикатты қатынасты білдіретін негіз + I жақ жіктеу есімдігі түріндегі құрылымдар көне түркі жазба ескерткіштерінде молынан кездеседі: *k[adyr] jagyda jagyčy bän täzig käjikkä alp bän* (E 44, 6); *kyrgyz oğly män* (S. 2); *bälä tugma ärdi oğly bän* (E 15, 2); *bilgä kagan atysy jolyg tigin män...* (Mh, X, 1); *bu atymyz umay bäg biz* (E 28, 3); *biz az biz* (O, 8); *tänsi män* (IB, 1); *ala atlyg jol täñri män* (IB, 2); *altun kanatlyg talym kara kuš män* (IB, 4); *korkma timiš kut birgaj män timiš* (IB, 3) т.с.с. Сонымен қатар II жақ жіктеу есімдіктері де жиі кездеседі: *ötükän jyš olursar bängü il tuta olurtačy sän* (Ktm, 8); *bödkä körügmä bäglär gü janyltačy siz* (Ktm, 11).

Жіктеу есімдіктерінің сөйлемнің соңында келіп, қосымша қызметін атқаруы *мана, сана* қолданыстарынан да анық байқалады. Яғни бүгінде тілдік қолданыстан шығып қалған *мана, сана* тұлғалары да I, II жақ тұлғалы жіктеу есімдіктерінен түзілген [5].

Академик Р.Сыздықова «Едіге» жырынан:

Ай, Едіге сен енді қайт сана,

Қайтып Еділ өт сана.

Еңсесі биік боз орда –

Еңкейіп сәлем бер сана ...

Хан сарқытын іш сана ...

Үстіңе ала қара кіс

Тон береді, ки сана ...-

сияқты өлең жолдарын мысалға келтіре отырып, өлең жолдарындағы *сана* деген сөзді *сен-а* дегеннің қазақшаланған тұлғасы ретінде сипаттайды.

Бұл тұлға ауыз әдебиет үлгілерінде («Алтын сақа», «Қара батыр» ертегілерінде т.с.с.) кездеседі. Мысалы:

Бала қарғаға айтты:

– *Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды ал сана, біздің елге бар сана, сағынып жүрген әкеме, тұмарымды бере қал сана* («Қара батыр»).

Сондай-ақ «Қыз Жібек», «Ер Сайын» жырларында да кездеседі:

Келгін, балам, қайт сана,

Әкеңе сырын айт сана,

Патша қызын алсаң да,

Өз еліңе жат-сана («Қыз Жібек»).

*Тоқсан торқа ки сана,
Тоғыз жорға мін сана,
Хан мен билер отырсын,
Ғақылмен ойлап біл сана* («Ер Сайын»).

А.Байтұрсынұлы мұндай тұлғалардың (*барсана, тұрсана, жүрсана, қойсана, кетсана*) кейінгі қолданыстан ығысып бара жатқанын, негізінен бұрынғы ертегілерде кездесетінін, онда өтініш мәні бар екенін айта келіп, оны ызалы райға жатқызады [2]. М.Томанов, Ғ.Мұсабаев, Е.Жұбанов, С.Исаев, Р.Сыздықова сынды ғалымдар *сана* тұлғасын «көптеген түркі тілдерінен, тіпті олардың поэтикалық дүниелері тілінен ығысқан «көненің көзі» ретінде таниды. Бұл орайда *сана* тұлғасының этимологиясын тануда ғалымдар екіге жіктеледі: М.Томанов, Ә.Ибатов т.б. ғалымдар *сана* формасын *сана* етістігімен түбірлес екенін айта келіп, оны көне түркілік *са* түбірінен өрбігенін (*са>сан>са>н>сан>са*), *сана* етістігі бұйрық райдың *-а* жұрнағы арқылы жасалғанын айтады [6]. Ал академик Рәбиға Сыздық *сана, мана* тұлғаларының *мен, сен* есімдіктерінің *-а* формантының ықпалымен өзгеріске түскен түрі ретінде сипаттай келіп, бұл тұлғаның Ясауи «Хикметтерінің» тілінде жиі кездесетінін айтады (*андын соңра дәрийа болұб таштұм мән-а* (47 б, 1-2); *һич ұхламай дидарыны көрдүм мән-а* (47 б, 11,12). Тек *мән* емес, *сән* есімдігі де *а* көрсеткішімен келеді: *көб халайық айтадүр үшбу кіші бимәрмән дүр/ мән талибымны тапмадым мән зармән деп айт сән-а* (98 а, 1, 2, 3); *әгәр диуанасән тағдын өзүң ташла сән-а* (98 а, 9, 10).

Ғалым *мана, сана* құрамындағы *а* элементін қаратпа сөзге, бастауыш, баяндауыш болып тұрған сөздерге көңіл аударту, олардың мәнін күшейте түсу сияқты қызмет атқаратын шылау ретінде сипаттайды: «Зер сала қарасақ, бұлайша тұлғаланған *мән, сән* есімдіктері I және II жақта айтылған етістіктері бар сөйлемдерде келеді: *биғам болұб йер астыға кірдім мән-а* (38 б, 3, 4)... Мұндағы *мән* есімдігі – бастауыш, бірақ ол сөйлемнің соңында келіп тұр, ал өлең мәтінінде инверсия, яғни бастауыштың баяндауыштан соң келуі – кәнігі құбылыс. Демек, бұл жерде *мән йер астыға кірдім, мән дәрийа болұб таштұм* деген сөйлемдерді түсінеміз, сондықтан *а* элементі есімдікке жалғасып, оны күшейту оған көңіл аударту қызметін атқарып тұр... Шылау сөздің немесе басқа бір толық мәнді сөздің аффикс қатарына өтуде оның орналасу позициясының, яғни инверсияланатын әрекетінің рөлі зор екенін айтқан зерттеушілер де бар. Мысалы, бір нәрсені (айтушыны не тыңдаушыны, мезгілді, қимыл амалын т.с.с.) баса көрсету үшін белгілі бір сөздердің сөйлемнің ең соңына көшіп, инверсияға ұшырайтыны айтылады. Бұған біз *мен, сен, ол* есімдіктерінің сөйлем соңында қайталануын мысалға келтіре аламыз. Хикметтердегі: *хуррам болуб йер астыға кірдім мән-а* деген өлең жолында *мән* сөзінің инверсиялануы осыны көрсетеді. Бұл жерде *мән* есімдігіне *а* элементін жалғауы арқылы оны баса көрсету әрекеті екі еселеніп тұр» [5]. Бұл орайда *мана, сана* тұлғаларының этимологиясына берілген профессор Р.Сыздықтың тұжырымы шындыққа жанасымды сияқты. Себебі *са, сан, сана* сөздері бір түбірден өрбісе, *мана* тұлғасы туралы не деуге болады? Бұл тұлғаның тілімізде болғанына жоғарыдағы дәйектер дәлел бола

алады. Сонымен қатар бұйрық рай тудыратын -а формасы жоқ екені белгілі. Әрі мағыналық жағынан да, қызметі тұрғысынан сипаттағанда да, *сана, мана* тұлғалары әу баста I, II жақ тұлғалы жіктеу есімдіктерінен өрбігені байқалады.

Тіл дамуының өзіндік кезеңдерінде III жақта да есімдік пен етістік қиыса байланысқан. Алайда уақыт өте келе қосымша мүлде түсіп қалған. А.Байтұрсынұлы жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласып, III жақтың көпше түрінде ымырадан шығып кететінін айтады. Ғалым сөздеріне мысалдар да дәйек бола алады:

*Кімді балам дер енді,
Кімді мендей сүйер ол?
Біз есіне түскенде,
Жанған отта күйер ол.
Күйгеніне кез болсаң,
Сабыр айта көріңіз!* («Қисса-дастандар»).

*Көрген итің – дұшпан ол,
Арамызға түскен ол,
Екеумізді күзетіп,
Көп сырларды шешкен ол.
Сені менен айырар ол,
Қанатымнан қайырар ол.
Мұнды басты заріпке,
Көп залымдық айлар ол* («Қисса-дастандар»).

Мұндай қолданыстар көне түркі жазба ескерткіштерінде де жиі кездеседі: *Bilgä toñukuk añug ol* (Тк, 34); *oguzu jätmä tarkanč ol* (Тк, 22) т.с.с.

Қазіргі кезде III жақ жіктеу есімдіктері сөйлемнің бас жағында, баяндауыштан бұрын келеді де етістік нөлдік тұлғада келеді: *мен студентпін, сен студентсің, ол – студент*. Қазақ тіліндегі III жақ өз ішінен адамға да, затқа да қатысты қолданылуы бойынша жіктеледі де қазақ тіліндегі *ол* есімдігі жіктеу есімдігі ретінде де, сілтеу есімдігі ретінде де қолданыла береді. Мысалы, *Ол бүгін келеді* деген сөйлемде *ол* – жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, *Ол ағашқа тиіспе* деген сөйлемде *ол* – сілтеу есімдігі.

Жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігінің арасында тұлғалық айырмашылық жоқ. *Ол* есімдігі *бұл, сол, анау, мынау* т.б. есімдіктермен қатар сілтеу есімдігі ретінде қолданыла береді. Бұл басқа түркі тілдеріне де тән. Жіктеу есімдігінің III жақта *ол кісі* түрінде өзгеруі бұл есімдіктің осы ерекшелігімен байланысты сияқты. Себебі қазақ әдебіне сәйкес кісіге қол шошайтпайды, сыйлы, құрметті адамдарға қатысты сілтеу есімдіктерін қолдану әбестік болады. Адамға қатысты сілтеу есімдіктерінің қолданылуы көбінесе экспрессивті мәнде, жақтырмағандықты білдіреді. Сондықтан жіктеу есімдіктердің қолданысынан қазақ ділін (менталитетін) байқауға болады. Мұқағали Мақатаевтың:

*Су сұраса, сүт берген, айран берген
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп
Қасыңа мына біреу қайдан келген?–*

деген өлеңіндегі *мына біреу* тіркесі сол адамды жақтырмағанын білдіреді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған. А.Байтұрсынұлы *бала* сөзінің жіктелуін былайша көрсетеді:

Анайы жіктеу:

Ж е к е ш е:

I жақ *баламын*

II жақ *баласын*

III жақ *бала*

К ө п ш е:

I жақ —

II жақ *балаларсыз*

III жақ *балалар*

Сыпайы жіктеу:

Ж е к е ш е:

I жақ *баламыз*

II жақ *баласыз*

III жақ *бала*

К ө п ш е:

I жақ *балалармыз*

II жақ *балаларсыз*

III жақ *балалар*

Сол сияқты тәуелдеу үлгісін көрсетуде де осы жүйе бойынша анайы-сыпайы түрге жіктейді. Мысалы:

Анайылық түрі:

Ж е к е ш е:

I жақ *атам*

II жақ *атаң*

III жақ *атасы*

К ө п ш е:

I жақ *аталарым*

II жақ *аталарың*

III жақ *аталары*

Сыпайылық түрі:

Ж е к е ш е:

I жақ *атамыз*

II жақ *атаңыз*

III жақ *атасы*

К ө п ш е:

I жақ *аталарымыз*

II жақ *аталарыңыз*

III жақ *аталары*

А.Байтұрсынұлы анайылық түр – *оңаша тәуелдеу*, сыпайылық түр – *ортақ тәуелдеу* болатынын айтады. Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек II жақпен ғана шектелмейтінін тіл фактілері де көрсетіп отыр. Ресми стильде *мен* орнына *біз* қолданылады. Тіл – тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет деп ойлаймыз.

Морфологияға *идиоэтникалық сипат* тән болғандықтан, морфологиялық жүйе тілдің өзіндік ерекшелігін танытады. Грамматика *ментальділікке* әсер етіп отырады. Қазақ әдебінде әке-шешесіне, ата-әжесіне қатысты *сен* есімдігі қолданылмайды. Алайда қазіргі кезде морфологиядағы ментальділік, яғни тілдің

ұлттық тілге қатысына жөнді мән берілмеуіне байланысты үлкен кісілерге сен деп сөйлеу жалпы сипат алып барады. «Мұның не? Неге үлкен кісіге *сен* дейсің? Неге *сіз* демейсің?» – деп сұрағанымызда: «Әке-шешем, ата-әжем т.б. – маған жақын адамдар, мен оларды жек көргеннен емес, өзіме жақын тартқаннан *сен* деп айтамын. *Сіз* деген алыстатады, жат етеді», – деген сылтау айтады. Шын мәнінде, бұл – орыс тілінің, орыс мәдениетінің ықпалы. Орыс халқында жақын адамына қатысты *сен* есімдігін қолдану, сыпайы түрде емес, анайы түрдегі тұлғаларды қолдану, жақын тартқан адамына асбөлмеде шай беру т.с.с. қалыптасқан дәстүр бар. Алайда қазақта сыйласқан адамына, жасы үлкен кісіге қатысты, тіпті ғашығына, сүйген жарына, қарындасына, інісіне, дос-құрбысына қатысты да *сіз* есімдігі, сыпайы түр қолданылады. Дәйек ретінде қисса-дастандардан мысал келтірсек:

*Бүгіннен соң, жан досым,
Енді **сізді** көрмек жоқ,
Бұрынғыдай бірігіп,
Енді бірге жүрмек жоқ* («Қисса-дастандар»).

*Ғаріп басы кесілсе,
Сіздің үшін кесілер,
Кеудеден жаны үзілсе,
Сіздің үшін үзілер* («Қисса-дастандар»).

*Деді абыз: – Бір Алладан білдім ізді,
Түсімде үш күн бұрын көрдім **сізді**,
Қарныңыз, сірә, **сіздің** ашқан шығар,
Дәм қойып сыйламақпын **өзіңізді*** («Қисса-дастандар»).

Бұл – алыстату, жат санаудың белгісі емес, керісінше, ерекше құрмет, сыйластықтың нышаны. Сол себепті М.Балақаевтың: «Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады», – деген сөзін толық қуаттаймыз [7, 14]. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің анайы және сыпайы түрге жіктелуі басқа тілдерге ұқсамайды. Қазіргі кезде жіктеу есімдіктері *мен, сен, ол, біз, сендер, олар* түрінде келеді де сыпайы түр Пжакпен ғана шектеледі: *сіз, сіздер*.

Грамматикаларда жіктеу есімдіктері қате берілгендіктен, жіктеу парадигмасы (қатары) да қате беріліп жүр.

А.Байтұрсынұлының жіктеу үлгісі:

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	мен келдім	—

II жақ	сен келдің	сендер келдіңдер
III жақ	ол келді	олар келді
Сыпайы жіктеу		
<i>жекеше:</i>		<i>көпше:</i>
I жақ	біз келдік	біздер келдік
II жақ	сіз келдіңіз	сіздер келдіңіздер
III жақ	ол кісі келді	ол кісілер келді

Яғни анайы түр де, сыпайы түр де 3 жақ толық. Парадигма толық. Етістіктер де соған сәйкес жіктелуі керек. «Бозжігіт» дастанынан мысал келтіретін болсақ:

*Хан ием, алдыңызда арыз қылдық,
Айыпты мойынға алып, қарсы жүрдік.
Қылышың қолыңызда, біз алдыңда,
Ерік сізде не десеңіз, мойын сұндық* («Қисса-дастандар»).

Бұл жердегі *арыз қылдық, қарсы жүрдік, мойын сұндық* етістіктері – көптік тұлғадағы емес, жекеше тұлға, сыпайы түрдегі етістіктер. Етістіктің көпше түрі ертеректе **-лар/-лер** тұлғалы болған. Уақыт өте келе үнемдеу ұстанымына сәйкес ол көрсеткіш түсіп қалған.

*Сонда жендет кісенді байладылар,
Өлтіруге орнын сайладылар,
Төңірегіне қараса бәрі дұшпан,
Ғаріп жанын алуға қинадылар* («Қисса-дастандар»).

*Өлтіруге Бозжігітті байладылар,
Қылышын өткір қылып қайрадылар,
Жендеттер қылышпенен шауып еді,
Өтпеді қылыш жанды қинадылар* («Қисса-дастандар»).

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін терең пайымдап, өзіне дейінгі тіл білімпаздарының еңбектерін зерделей отырып, жіктеуді, ең алдымен, анайылық және сыпайылық жөнге жіктейді де оларды іштей жекеше-көпше түрге саралайды. Сонымен қатар ортақ, оңаша тәуелдікті жіктеу іштей тағы да анайы-сыпайы, жекеше-көпше түрге бөлініп, жіктеу үлгісі бірізділікпен, жүйелі түрде баяндалған.

Анайы жіктеудің I жақ көпше түрі (*мендер*) жоқ болғандықтан, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде етістіктердің жіктелу үлгісінде де осы ұстаным сақталған. Оны бұйрық райдың жіктелу үлгісінен де байқауға болады.

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі бұйрық райдың жіктелу үлгісі:

Анайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йын/-йін	-
II жақ	етістік түбірі	-ндар/-ндер
III жақ	-сын	-сын /-сін
Сыпайы жіктеу		
жекеше:		көпше:
I жақ	-йық/ -йік	-лық/-лік
II жақ	-ңыз/-ңіз	-ңыздар/-ңіздер
III жақ	-сын/-сін	-сын/ -сін

Байқап отырғанымыздай, бұйрық райдың анайы, көпше түрінің I жағы жоқ (дұрысында да, *сен айт* дегеннің көпше түрі *сендер айтыңдар* болғанмен, *мен айтайын* дегеннің көпше түрі ретінде *мендер айтайындар* деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда I жақтың көпше түрі ретінде көрсетіліп жүрген **-йық/ -йік** жалғауы А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде *сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі* ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы жіктеулерінде сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде **-лық/-лік** тұлғалары берілген.

Дастандар тілінен нақты мысал келтірсек:

Көпті көрген кәрімін,

Біраз жырды жырлайық.

Аспандағы торғайдай,

Алдыңызда зарлайық! («Қисса-дастандар»).

Мұнда ханның алдына келген жырау «біраз жырды жырлайық, аспандағы торғайдай алдыңызда зарлайық!» деп сөйлейді. Бұл жердегі жырлайық, зарлайық етістіктерінің жекеше тұлғада қолданылып тұрғаны «көпті көрген кәрімін» деген сөзінен де аңғарылады.

Сол сияқты:

Неше жыл жапа шекті отын тасып,

Сарғайды нұр сипаты қайғы басып.

Бір күні енді үшеуі кеңес етті:

«Өлсек те кетелік – деп, мұнан қашып» («Қисса-дастандар»).

Сұралық енді хабар сонан барып.

*Қытайға бұл сөзбенен қойды бетті,
Бес-алты ай, жол түзік боп жүріп кетті.
«Бір хабар бұл шаһардан алалық», – деп («Қисса-дастандар»).*

Қытай жұрты Чин ханға барып жетті.

Патша айтты: «Сөзіне наналық біз.

Қасына дәруіштің баралық біз.

Тегінде мына сөзі бекер емес,

Мұның да фатихасын алалық біз.

***Көрелік** ықыласпен дұға қылса» («Қисса-дастандар»), –*

деген өлең жолдарындағы «өлсек те кетелік, сұралық, бір хабар бұл шаһардан алалық» сияқты етістіктердің көптік тұлғада қолданылғаны «Бір күні енді үшеуі кеңес етті» деген өлең жолдарынан да байқалады. Сонымен қатар «Сөзіне наналық, қасына дәруіштің баралық, мұның да фатихасын алалық, көрелік ықыласпен дұға қылса» деген сөздері – жеке өз атынан ғана емес, қасындағы уәзірлері мен жиналған қауымның атынан айтылған сөздер.

Бұл мысалда тағы бір назар аударатын жайт – *біз* есімдігі жекеше тұлғада емес, көптік тұлғада қолданылған. Ол -з қосымшасының ерекшелігіне байланысты. Ғалымдардың тұжырымдауынша, -з қосымшасы әу баста көптік мәнді білдірген. Оған көз, мүйіз, тізе т.с.с. сөздер де мысал бола алады. Алайда тілдің дамуына байланысты -з қосымшасы қазіргі кезде түбірмен кірігіп, біртұтас сөз ретінде танылады. Сол себепті ол сөздердің үстінен тағы да көптік қосымшасы жалғана алады. Дегенмен мұндай сөздер жеке тұрып та көптік мәнді білдіре алады.

Абай шығармаларының тілін жан-жақты зерттеген академик ғалым – Рәбиға Сыздық осы күнгі прозамызда, әсіресе қоғамдық-саяси, ғылыми-публицистикалық стильде **-йық** вариантында қалыптасқан I жақтық бұйрық райдың көпше түрінің аффиксі Абайда дәйім **-лық** қалпында қолданылғанын, бұл – оның жалғыз прозасына ғана емес, өлеңдерінің тіліне де тән екенін айта келіп, Абайдың кейбір өлеңдері («Бір дәурен кемді күнге бозбалалық») тұтасымен **-лық** ұйқасына құрылғанын ескертеді:

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,

Қартаймастай көрмелік, ойланалық.

Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,

Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық.

Бар ойы – өлең айтып, ән салалық,

Біреуді қалжысқ қылып, қолға алалық.

Қызды ауылға қырындап үйір болса –

Көңіліне – зор қуаныш бір бадалық...

Ғалым Ясауи тілінен бастап, Қадырғали би Қосымұлының «Жами`ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбегінде, Абай шығармаларында қалау рай мағынасы жекеше I жақ үшін **-ай+ым/-ей+ім** (*сені алайым*) және **-ай+ын/-ей+ін** (*дос тұтайын*) жұрнақтары, көпше түрі үшін **-лық** және **-лы** жұрнақтары арқылы берілгенін нақты тілдік дәйектермен дәлелдейді. Бұл парадигма А.Байтұрсынұлы еңбектерінде де толық көрсетілгенмен, кейінгі

грамматикаларда (Т.Шонанов еңбектерінен бастап) **-лық/-лік** қосымшасы мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар жіктік жалғауының көпше түрі кейде **-лық/-лік** тұлғасында қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі көркем әдебиетте **-лық/-лік** формасы қолданыла беретінін айта келіп: «Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формадан гөрі **-йық/-йік** формасы көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты», – дейді [8, 73].

-лық/-лік қосымшасы қазіргі кезде тілдік қолданыста әлі де бар. Жергілікті өңірлерде **-лық/-лік** қосымшасымен қатар **-лы/-лі** қосымшасы да жарыса қолданылады. Бұл қосымша дастандар тілінде де сыпайы жіктеудің I жақ көпше түрі ретінде қолданылады:

Түсімде жарым: «Мені ізде», – деді,

«Үмітті таппасын деп үзбе», – деді.

Сол үшін не қатерге бас та тіктік,

Жазғанын Жаратқанның біз көрелі («Қисса-дастандар»).

Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан **-лық/-лік (-лы/-лі)** формасы бүгінгі таңдағы грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. Оның себебі – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің I жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз.

Тілде үнемдеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс. Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал **-лық/-лік** формасының жойылып кетпей, әлі де қолданыла беруі – тілімізде бұрыннан бар және өзіндік қызметі, мағынасы бар, яғни өзіндік орны бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

Бұйрық райдың жіктеу парадигмасының II жағының өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда екінші жақтың көпше түрінде дәнекер **-ын/-ін** буыны пайда болғандай көрінеді. Алайда тіл дамуына назар салсақ, бұл қосымша әу баста бұйрық райдың II жақ жекеше тұлғасының өзіндік көрсеткіші болғанын байқаймыз. Оған дастан жолдары да дәйек бола алады:

Жар-жар айтқан, жан жарым,

Аман болың, қош болың!

Бізге өтер күн болды,

Сізден кетер күн болды,

Аман болың, қош болың! («Қисса-дастандар»).

Хан жарлық қылды: «Ертең келтірің!» – деп,

«Базарға алып келіп өлтірің», – деп.

«Өлгенін дұшпанымның жұртым білсін,

Ләшкер мен алсын сөйтіп ел тыным», – деп («Қисса-дастандар»).

Бұл қосымша тіл дамуында **-ғын/-гін** түрінде де қолданылғанын байқауға болады:

Нұрдан жарқыл алғанмын,

Жолдастарың жанға алғын,

*Бізді іздесең табарсың,
Тоты құстай толғанмын,
Таяғыңды қолға алғын,
Бізді іздесең табарсың («Қисса-дастандар»).*

Бұл көрсеткіштер қазіргі кезде Қазақстанның батыс аймағында, Маңғыстау, Ақтөбе қазақтарының тілінде сақталып қалған. Жергілікті ерекшеліктерді тілімізді бұзатын, нормаға қайшы келетін элементтер ретінде ғана қарастырмай, тіліміздің даму ерекшеліктерін көрсететін байлық ретінде де тану қажет деп білеміз.

Тіл жүйесіне бағытталып, ғалам туралы білімдердің тілде көріну тәсілдерін бейнелейтін грамматикалық концептілер лексикалық жолмен берілетін концептілерге қарағанда, **біршама тұрақты** болып келеді. Сол себепті грамматикалық концептілер жалпыұлттық деңгейде стандарттауға бейім болады. Морфологиялық категориялардың бұл ерекшелігін Қ.Жұбанов та атап көрсетеді: «Тіл өзгереді, бірақ барлық саласы бір қалыпта өзгермейді. Грамматика құрылысы өте шабан өзгереді. Тоқтамай калейдоскоп сияқты өзгерсе, грамматика да болмас еді. Демек, грамматика дегеніміз – тілдің бір қалпының белгілі уақыт ішінде тұрақтауы, орнығуы. Осы арқылы ол дыбыс құрылысының өзгеруіне де кедергі болады. Сондықтан сөздер ұзақ замандар бойы дыбыс құрылысы жағынан бір-бірінен алыстап кетпейді. Бұдан олардың ұластығы байқалады» [9, 258].

Сонымен, тілдік семантиканы зерттеу арқылы халық түзген, тіл иесі субъект жасаған ғаламның тілдік бейнесін қалпына келтіруге (реконструкциялауға) болады. Этнос үшін ерекше маңызды, ұлттық кодтың негізі болатын категорияларды ғаламның концептуалдануы тұрғысынан қарастырудың мәні зор. Бұл морфологиялық категориялардың ерекшелігі мен қолданысын сипаттап, оған негіз болған концептуалды құрылымдарды анықтауға, сол арқылы морфологияның концептуалды кеңістігінде көрініс тапқан тілдің концептуалды жүйесін сипаттауға мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860. – 172 с.
4. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.
5. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. - Алматы, 2009.

6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
7. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

ПРОФЕССОР М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Құлназарова Г.С.
ҚР Мемлекеттік орталық музейінің
аға ғылыми қызметкері**

Бүгінде түбі бір түркі халықтары өздерінің төл тарихын, тілі мен әдебиетін тарихи тұрғыдан қайта, жаңаша тұрғыда зерттеу керек. Бұл – заман талабы. Өйткені, бүкіл түркі дүниесіндегі болып жатқан үлкенді-кішілі тарихи өзгерістер, сол халықтардың тілдік ерекшеліктеріне де әсер етпей қоймайды. Сондықтан да, қазіргі түркі тілдерінің тілдік материалдарында қазақ тілінің де көптеген тілдік элементтерінің сақталғанын ескере отырып, қазіргі түркі халықтарының қоғамдық, этнографиялық, саяси- әлеуметтік, әдеби-мәдениеттік, жалпы өркениеттік және тілдік тарихын жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы ретінде зерттеуіміз керек.

Шынтуайтында, көне қыпшақ пен шағатай тілінде жазылған жәдігерлер бүкіл түркі халықтарына ортақ. Мұны ғалым М.Тынышбаевтың: «Қазақты қалыптастырған үш жүздің ірі тайпалары, рулары қырғыздың, қарақалпақтың, өзбектің, түркіменнің, ноғайдың, башқұрттың, қазан татарларының, қырым татарларының, басқа да кавказдық мұсылман халықтарының құрамында кездеседі» - деген пікірі нақтылай түседі [1;27-28 б.].

Denilebilir ki; çapı çevresinden geniş olan ve sözvarlığı içerisinde mühim bir yekunu teşkil eden her deyiimi kendi özgül ağırlığı içerisinde değerlendirmek gerekir. Çünkü deyimler sosyo-kültürel yapısı ve taşıdığı mahiyeti itibarıyla disiplinlerarası incelemeye tabi tutulması gereken kültürün zengin unsurlarıdır. Nitekim deyimlere kaynak teşkil eden unsurları Rus dilbilimcileri Prof.Dr. V. V. Vinogradov ve Prof.Dr. A. A. Reformatskiy; *folklor, edebî kaynaklar, mitoloji, tarihî hadiseler, basit halk konuşmaları ve dinî kitaplar* (Babayev 1962 :49) olarak niteler.

Dolayısıyla çalışmamızda kullandığımız klasik dönem Türkmen deyimlerinin; dikkatli her araştırmacıya Türkmenlerin düşünce dünyası, dünyayı okuma becerisi, kültürel belleği, folklorik unsurları, karakter analizleri ve ruh betimlemeleri hakkında önemli ipuçları sunacak nitelikte olduğu söylenebilir.

KAYNAKÇA

- AKSAN, Doğan. *Anlambilimi ve Türk Anlambilimi*, Ankara: 1978.
- . *Türkçe Tabirler Sözlüğü*: İstanbul: İnkılap Kitabevi, 1993.
- . *Türkçenin Gücü*, Ankara: Bilgi Yayınevi, 2009.
- AKSOY, Ömer Asım, *Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü 1. ve 2. cilt*, İst: İnkılap Yay., 1988.
- ALTAYEV, S., ve diğer. *Türkmen Diliniñ Frazeologik Sözlügi*, Aşkabat: İlim Neşr., 1976.
- AŞIROV, Annagurban. *Magtugulu Divanı*, Aşkabat: Türkmen Dövlet Neşr. Gul., 2013
- BABAYEV, Kakacan. *Türkmen Dilinde İdiomalar*, Aşkabat: 1962.
- BİLGEGİL, Kaya. *Edebiyat Bilgi ve Teorileri, Belagat*, İst: Enderun Kitabevi, 1989.
- CROFT, William; CRUSE, D. Alan. *Cognitive Linguistics*, Cambridge: Cambridge University Press, 2004.
- CUYCKENS, H. ve diğer. *Cognitive Approaches to Lexical Semantics*, Berlin: Gruyter 2003
- ÇETINKAYA, Bayram. "*Kutadgu Bilig'deki Deyimlerin Semantik ve Sentaktik İncelenmesi*", Afyon: Yüksek Lisans Tezi, 2001.
- ERDEM, Melek , *Türkmen Türkçesinde Metaforlar*, Ankara: KÖKSAV Yayınları, 2003.
- GELDİYEV, G.-ALTIYEV, A. *Türkmen Nakılları ve Atalar Sözi*, Ankara: AKMY, 2002.
- GUIRAUD, Pierre. *Dilbilim, Anlam Bilim*, (Çev.: Berke Vardar), İst.: Multilingual, 1999.
- kayıtları hakkında*, Aşkabat : Miras Neşriyat, 2000.
- HATİPOĞLU, Vecihe. *Dilbilgisi Terimleri Sözlüğü*, Ankara: DTCF Yay., 1982.
- KARA, Mehmet-KARADOĞAN, Ahmet. *Türkmen Türkçesi-Türkiye Türkçesi Deyimler Sözlüğü*, İstanbul: Etkileşim, 2014.
- KIYASOVA, G.-vd. *Türkmen Diliniñ Düşündürişli Sözlügi*, Aşkabat, İlim Neşriyat, 2016.
- KORKMAZ, Zeynep, *Gramer Terimleri Sözlüğü*, Ankara: TDK Yayınları, 1992.
- LAKOFF, George and JOHNSON, Mark. *Metaforlar: Hayat, Anlam ve Dil*, (Çev. Gökhan Yavuz Demir), İst: Paradigma Yayıncılık, 2010.
- LAKOFF, George-JOHNSON, Mark. *Metaphors We Live By*, London: Chicago Press, 1980.
- LAKOFF, George. *Women, Fire and Dangerous Things: What Categories Reveal About the Mind*, Chicago: University of Chicago Press, 1987.
- MORAN, Berna. *Edebiyat Kuramları ve Eleştiri*, İstanbul: İletişim Yayınları, 2016.
- PALMER, F.R. *Semantics*, Cambridge: Cambridge University Press, 1976.
- RİFAT, Mehmet. *Göstergebilimin ABC'si*, İstanbul: Say Yayınları, 2009.

SARI, Selcen Koca. *Kutadgu Bilig'de Metaforlar*, Ankara: Yüksek Lisans Tezi, 2012.

SARIYEV, Berdi. *Klasik Düşüncenin Türkmen Mimarları: Devletmehmet Azadi ve Oğlu Mahtumkulu*, İstanbul: Akademik Kitaplar Yayınları, 2014.

TOKLU, Osman, *Şiir Dili ve Çevirisi*, Ankara: Akçağ Yayınları, 2003.

VELASCO, Olda Isabel Diez. *Metaphor, Metonymy And Image-Schemas: An Analysis of Conceptual Interaction Patterns* Journal of English Studies, Volume-3, 2001.

YILMAZ, Emrah. *Mahtumkulu Eserlerinin Deyimler Sözlüğü*, Ankara: Gazi Kitabevi, 2016.

KISALTMALAR

TDDS: Türkmen Diliniñ Düşündirişli Sözlügi

TDFS: Türkmen Diliniñ Frazelogik Sözlügi

TNA: Türkmen Nakılları ve Atalar Sözi

MDS: Mahtumkulu Eserlerinin Deyimler Sözlüğü

B.Fiil: Birleşik fiil

ST: Sıfat Tamlaması

A₁: Yalın hâl

A₂: İlgi hâli

A₃: Yükleme hâli

A₄: Yaklaşma hâli


ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР СӘЙКЕСТІГІ МЕН АЛМАСУЫНЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ

С.Ш.Ақымбек

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

sezd.akymbek@kaznu.kz

Қазіргі қазақ тілінің жасалым фонетикасында проф. Ә.Жүнісбектің дыбыстардың жасалым теориясы негізінде біршама зерттеу әдістері өрістеп дами бастады. Төменде назарларыңызға ұсынылып отырған дауыссыздардың дауыс қатынасына байланысты топтарының моделі (1-сурет) бірнеше әдістемелік қасиетке ие [1, 99]. Аталған модель бойынша дауыс немесе үн қатынасына байланысты дауыссыз топтары мен дыбыс құрамы, жасалу орны, қандай дыбыстармен ортақ және алшақ белгілері бар екені жайлы мәліметтер ала аламыз. Мысалы, тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстар үш топта да бар: Т қатаң топта, Д ұяң топта, Н үнді топта.



1-сурет. Дауыссыздардың дауыс қатынасына байланысты топтарының моделі

Көрсетілген кескіндегі дыбыстарды дауыс немесе үннің қатысымы мен жасалымы тұрғысын жіктелуін кестелі түрде де көрсетуге болады (1-кесте).


	Ерін		Тіл ұшы		Тіл ортасы	Тілшік	
	тоғысыңқы	жуысыңқы	тоғысыңқы	жуысыңқы	тоғысыңқы	тоғысыңқы	жуысыңқы
Қатаңдар	П	-	Т	Ш-С	К	Қ	-
Ұяңдар	Б	-	Д	Ж-З	Г	-	Ғ
Үнділер	М	У (w)	Н	Р-Л	-	Ң	Й

1-кесте. Дауыссыздардың жасалым жағынан жіктелуі

Аталған кестенің дауыссыз дыбыстардың жасалым табиғатынан мәлімет беріп қана қоймайды. Дыбыстардың алмасуы мен дыбыстардың сәйкестігін зерттеуде белгілі бір дәрежеде негіз ретінде алуға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі көптік жалғаудың *-лар/лер*, *-дар/дер*, *-тар/тер* тұлғалары тіл ұшы дауыссыз дыбыстарына басталып тұр. Яғни бұл парадигмалық түрленіс аталған дыбыстардың жасалым сапасынан келіп шығады екен.

Ілік септігінің *-ның/нің*, *-дың/дың*, *-тың/тің* тұлғалары тіл ұшы тоғысыңқы

дыбыстардан тұратындығын дауыссыздардың жасалым моделі арқылы көрсету негізді болады. Бейнелі түрде оны былайша көрсетуге болады (2-сурет):



2-сурет. Н, Д, Т дыбыстарының парадигмасы

Ал дауыссыз дыбыстардың тарихи тұрғыдан сәйкестігі туралы зерттеулерде де осы кестедегі дыбыстардың ортақ немесе алшақ белгілері бойынша жұптасуын, топтасуын, ұқсастығын негізге алуға болады. Сөзіміз дәйекті болу үшін бірнеше,

Ғ~Й, Ғ~Қ сәйкестігі: Бұлар тілшік жуысыңқы-жуысыңқы және жуысыңқы-тоғысыңқы дыбыстар екені кестеден анық байқалады. Қазақ тілі фонетикасы бойынша келелі ғылыми еңбектер жазған Ж.Аралбаевтың мына пікірін мысалға келтіруімізге болады: «Ескі түркі *z*, *z* дыбыстары өзге бір топ түркі тілдерінде басқаша дамып, созылыңқы дауыстыларға ауысқан, созылыңқы дауыстының сапасын берген:

Ескі түркі тілі: *багыр* – қырғ. *боор*, алт. *паар* (қаз. *бауыр*);
богдай – қырғ. *буудай*, алт. *буудай* (қаз. *бидай*)
ағыз – қырғ. *ооз*, алт. *оос*, тув. *аас*, (қаз. *ауыз*)
ағруғ – қырғ. *оору* (қаз. *ауру*)

Көне түріктік тіл арты-орта ғ, г дыбыстары қазіргі түркі тілдерінде біркелкі дамымаған. Оны тілдің ішкі заңдылықтарымен түсіндіруге болады. Ескі түркілік сөздердің аяғында келетін ғ, г ұяндары қазақ тілінде қатаң қ, к дыбыстарына ауысқан:

Орхон-Енесей	Қазақша
<i>айлуг</i>	<i>айлық</i>

йадуқлуг

жазықтық

салуг

салық

қулуг

құлық (құлұқ)»

Бұл айтылған пікірлерден жасалым кестесі ережесі арасында сабақтастықтың бар екенін байқаймыз. Бір қызығы ғалым бір дыбыстардың сәйкестігін дыбыстың «әр түрлі аллафондық реңктері» деп бір тауып, «тіліміздің даму барысында дербес фонемаға айналған болу керек», - деп, басқаша қорытынды жасайды [2,60-83].

Белгілі ғалым Б.Сағындықұлы бұл сәйкестіктің механизмін былай түсіндіреді: «...жоғарыдағыдай варианттардағы сәйкестікті ғ=ның у=ға ауысуы сияқты көрсетіп тұрған тетік тіпті қарапайым: **қағун** (дыня) (ДТС, 406); осы сөздің ең алдымен ғ дыбысы түсіп қалады: **қаун**. Бірақ қазақ тілі жүйесінде мұндай буын (**ун**) болмағандықтан, у мен н=нің аралығына **ы** эпентезасы қыстырылады: **қауын**. Бар болғаны үнемдеу құбылысының әсері: дыбыстар орын алмастырған, басқаша айтқанда, ғ=ның орнына у жылжыған, **ы** эпентезасы пайда болған. Демек, ғ дыбысы у дыбысымен алмасқан жоқ. **Қырағу** (иней, изморозь) (ДТС, 445); көне түркілік бұл сөз тілімізде былай қалыптасқан: у өзінен кейін дыбыс болмағандықтан, эпентезаны қажет етпеген, түсіп ғ=ның орнына жылжи салған. Сонда - қырау. Көне түркі тіліндегі «бұзағу» сөзі қазақ тіліндегі «бұзаудың» қалай жасалғанын көрсетіп тұрса, «бұзағ» сөзі «бұзау» сөзімен ғ~у сәйкестігін түзіп тұр. Дыбыстардың сәйкес келетініне қарап, ғ мен у алмасады деу қате. Мұны үнемдеу заңының әрекетінен пайда болған жай кездейсоқ сәйкестік деп түсінгеніміз жөн [3,62]» – деп көрсетеді. Біздің түсінігімізше аталған сәйкестіктер сол дыбыстардың жасалымы қасиетінен алшақ кетпейді.


Б~М сәйкестігі: Сипаты бойынша бұл дыбыстар ерін тоғысыңқы дыбыстар болып шығады. Бұл дыбыстардың сәйкестігі туралы ең алғашқы пікірлерді П.М.Мелиоранскийдің еңбегінен кездестіреміз. Дауыстысы бар османдық ب (б) ... қазақ тілінде Ғ (м)-ға ауысады, мысалы, بيك [биң] (тысяча) қазақша «мың», بك [бең] (родимое петно) — мең, بن [бен] (я) – мен, بن [бин] (садись на лошадь) — мін, بونچاق [бунчак] (раковина жемчужная) – моншак.

Ескерту: «маірам» (праздник Байрама), «мурун» (нос) және т.б. бірнеше сөздердегі османдық «б» да «м»-ға өтеді, шамасы, келесі созылыңқы дауыссыз «р» және «л» әсерінен болса керек [3,21].

Осы сияқты **б, м** дыбыстары қазіргі қазақ тілінде жарысып айтыла береді: *бұның – мұның, бағана – мана, бұны – мұны*, т.б.

Бұл туралы М.Томанов: «Дауыссыз дыбыстар – б > м, бен – мен, биң - миң. Бұл ауысу, яғни соңында *н, ң* дыбыстары айтылған сөздің басында *б* дыбысының *м*-ға ауысуы кейінді назализацияның (мұрын жолды дыбыстардың кейінді ықпалы) нәтижесі де болуы мүмкін», – деп көрсетеді [4,141]. Біздің түсінігімізде дыбыстардың шығу тарихында ең алғашқы дауыссыз дыбыстар тек қатаңдар болса, аталған сәйкестік мына ретпен өрбитін болса керек: *п → б → м*. Жалпы түркологиялық зерттеулерде мұндай реттілік бар болғанымен дербес-дербес қарастырылып жүр. Қазақ тіліндегі бұл

жағдай көмектес септігінің парадигмалық түрленісінен анық байқалады. Кестелі түрде мұны былайша көрсетуге болады (3-сурет):



3-сурет. Н, Д, Т дыбыстарының парадигмасы

Д~Т сәйкестігі: Бұлар тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстарға жатады. Ғалым П.М.Мелиоранский осман тіліндегі сөз басындағы «д» қазақ тілінде барлық кезде дерлік «т»-ға өтеді. Мысалы, **دوش** [душ] қазақ тілінде «тас», **داغ** [дағ] «тау», **طور** [дур] «тур», **ديله** [диле] «tile».

Қазақ сөздерінің басында «д» өте сирек кездеседі; Міне бірнеше мысал: «де» (говори), «дала» (поле, степ) және тағы басқа шамалы сөздер бар.

П.М.Мелиоранский өзінің «араб филологында» ортағасырлық «Китаб тәрджума фарси у турки у мағоли» авторы сол заманғы түркі тілдерін «біздің жақтың түріктері» және «түркстандық» деп бөледі - дегенді келтіреді. Мұндай бөліске себеп болған жайлардың бірі, кітап авторының баяндауына қарағанда, сөз басында қатаң, ұяң дауыссыздардың қолданылуы. «Біздің жақтың түріктері» тілінде, автордың айтуынша, сөз басында *д* ұяң дыбысы қолданылған да, «түркістандықтар» тілінде осы позицияда *т* дыбысы айтылған: *diu-tiш, діл-тіл, дірік-тірік*. Ғалым «Тәрджума...» авторының осы ескертпелерін келтіре отырып, автордың айтып отырғаны шығыс тайпалары мен оңтүстік тайпалары тілінің арасындағы айырмашылық деп түйеді. Сонымен қатар, Мелиоранский «Тәрджуман» авторының «біздің жақтың түріктері» тілінде де кейде *т* мен *д* дыбысының параллель қолданылатындығы жайындағы ескертпесін сол заманғы шығыс тайпа тілдері

дыбыс жүйесі мен оңтүстік тайпа тілдері дыбыс жүйесі арасындағы өзара ықпалдың көрінісі деп түсіндіреді [5,42-45]. Осы жерде қазақ тіліне сөз басындағы «д» дыбысының сирек айтылуы көне түркілік дауыссыз дыбыстардың бастапқы құрамы тек салдырдан тұратын болған пікірге тікелей қатысты деп айтамыз.

У~Б сәйкестігі: Бұлар ерін дауыссыздары, тек біреуі – жуысыңқы, екіншісі – тоңысыңқы сипатқа ие. П.М.Мелиоранский «Осман тіліндегі сөз басындағы **و** дауысты тіркескен қазақ диалектісінде (шағатайда да) «бң-ға ауысады. Мысалы, **بار** [уар] – бар (шағатайша **بار**), **بارماق** [уармақ] – бармақ, **بیرمک** [иермек] – бермек (**بیرمک**) және т.б. болатындығын атап көрсетеді.

Профессор Б.Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбегінде бұл сәйкестікке бұлтартпастай қызықты дәлел келтіреді. Ғалымның баяндауынша у дауыстысының даму логикасы екі ұзақ кезеңді басынан өткізгенін аян етеді: бірінші кезең – қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға, сонордан жартылай қатаңға, жартылай қатаңнан қатаңға ауысу кезеңі болса, екінші кезең – қатаңнан ұяңға ауысу кезеңі, яғни: п>б>в.

Ежелгі түркі тілдерінде сөз басында, сөз соңында дауыссыздардың қатаң айтылуы сонор у-ды п түрінде айтылуы талап етті. Дауысты у-дың дауыссыздың қызметін атқаруға икемді табиғаты бүкіл эволюциялық процесті осылайша шешті. Басын біріктірсек:

- I . у>у(тау) >у(w)>п;
- II . п>б>в;
- III . у~у(тау) ~у(w)~п~б~в.

Соңғы п~б~в сәйкестігінің пайда болуы кем дегенде он мың жылды талап етсе, у дауыстысының п қатаң дауыссызына айналуы үшін бағзы заманда қанша уақыт кеткенін болжалдаудың өзі мүмкін емес... [35,40] – деп табады.

Жоғарыда баяндалған дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары жасалым сипатымен тікелей байланысты. Дыбыстар бір-біріне ықпалдасып, жымдасып бірін-бірі игереді немесе алмасады, сәйкестенеді. Сонда дыбыстар табиғаты, жасалымы бойынша ортақ белгілері ең жақын дыбыстар бірін-біріне алмасып сәйкестенуге бейім болады екен. Мұның өзі фонологиядағы зерттеу нәтижелерін, түркологиядағы шешімін күтіп тұрған мәселелерді әдістеме және технология тұрғысынан шешуге болатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: Арыс, 2009. –312 бет.
2. Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. –Алматы: Ғылым, 1988. –144б.
3. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. 1894. ч.I. СПб.
4. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. (Түркі [қазақ] тілдері бойынша). –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2002. –616б.

5. Мелиоранский П.М. Араб-филолог о турецком языке. Спб.1900, –С.100.
6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасының дамуының этимологиялық негіздері (монография). –Алматы, «Санат», 1994. –168б.

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Ж. БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТАДҒУ БИЛИК» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Ж.А. Абитжанова

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті

Халықтың тарихи қалыптасу, даму кезеңдеріндегі күллі тіршіліктің тынысын танытатын, дүниенің тілдік көрінісі саналатын мақал-мәтелдер, даналық сөздер, нақыл сөздер ұлттың материалдық және рухани өмірінің айнасы іспеттес. Өзінің біртұтас жүйесін, тұлға-тұрпаты мен мән мағынасын сақтап қалған әрбір осындай тілдік тұрақты орамның ішкі формасынан ұлттық белгі, ұлттық ерекшелік, ұлттық діл, дағдылы қалыптасқан ұлттық менталитет, ұлттық-мәдени колорит айқын аңғарылады.

Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер бүкіл бір халықтың рухани қазынасын бойына жинақтап сақтайды. «Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалды құбылыс» [1, 1 б.]. Мақал-мәтелдер, біріншіден, коммуникативті оралымдар болғандығын, коммуникация процесінде қолданылатын қатынас құралының ең құнарлы да өнімді түрі болып саналады. Екіншіден, мақал-мәтелдер тілдің ең бір көркемдегіш құралы ретінде мәтін тілін жандандыру, оқырманға белгілі бір жағдайды хабарлай отырып, әсер ету үшін де қолданылады. Мақал-мәтелдердің табиғатына тән қасиет тілдің танымдық, руханилық қызметі – кумулятивтік қызметіне де байланысты. Себебі, мақал-мәтелдер – бүкіл бір халықтың рухани қазынасын бойына жинақтап сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүние. Мақал-мәтелдер халықтың әр кезеңдегі тұрмыстық, әлеуметтік тарихи тәжірибесінің негізінде жасалады [2, 82 б.].

Академик Ә.Т. Қайдаровтың «...Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік бірліктердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан тілдегі көрінісі» деген болатын [3, 50 б.] .

Өзегінде ұлттық тарихи даму, өзіндік менталитет, ұлттық реалия, ұлттық бітім-болмыс, ұлттық стереотип, эталондар жүйесінің ізі бар мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың бүкіл өмірі, тұрмыс-тіршілігі мен өмір тәжірибесінен мол мағлұмат берер мәдени ақпарат көзі саналады. Мақал-мәтелдерден ұлттық-мәдени колорит анық байқалады. Мақал-мәтелдер арқылы тіл тарихының тұңғышына ғана емес, сонымен бірге сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени тарихына да шолу жасауға болады.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері сонау ықылым заманнан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып

қалған асыл дүние. Бұл «Құтадғу билик» тіліндегі мақал-мәтелдер, нақыл, қанатты сөздерді салыстыра зерделегенде анық байқалады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің қалыптасуының бір көзі «Құтадғу билик» дастаны.

Мақал-мәтелдер мен даналық сөздер көне дәуірдегі тілдің мәйегі болған. «Құтадғу билик» шығармасында тіл, сөз өнері туралы, тілдің қадір-қасиетін пайдасы мен зияны туралы, білім, өмір, дүние, тіршілік, адам оның қасиеттер, ұл-қыз, әйел тәрбиесі, дос, қас, заман жайлы тәрбиелік мәні бар ойларды қанатты сөздермен берген.

Ә. Құрышжанов «...осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Ежелгі түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те аталады, яғни бұл – атадан мирас болып келе жатқан қазына деген сөз» - дейді. Сондай-ақ ғалым «Құтадғу билик» тілінде таза түркілік сөздердің қолданылғанын, ана тілінің зор байлығын алтындай сапырып, маржандай тізгенін атап көрсетеді: «...діни өмір-тіршілікке байланысты көптеген араб-парсы сөздерінің орнына таза түркі сөздерін қолданып, өз ұлтының тіліне деген сүйіспеншілігін паш етеді, ана тілінің кенен зор байлығын саф алтындай сапырып, маржандай тізіп, баға жетпес ардағындай аялап, жарқырата көрсетеді [4, 404 б.].

«Құтадғу билик» тілі өте бай, ақыл-нақыл, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге толы, тақырыбы да сан-алуан. Ә. Құрышжанұлы былай дейді: «Осыған орай өзінің дидактикалық (ақыл айтып кеңес беру) мақсатын көздей отырып халық даналығын (ол тудырған көрікті, көркем, көсем сөздерді) түрік халқының ауыз әдебиетін, олардың мақал-мәтелдерін, қанатты сөздері мен құнарлы сөз тіркестерін жинап-теріп әкеліп көп қолданған [5, 27 б.].

Өнер-білімді әрдайым жоғары қою ХІ ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу билик» еңбегінен бастау алады. Мәселен, Жүсіп Хас-Жажіб білім туралы:

«Құтадғу биликтің» 2113-ші бәйітінде мына нақыл сөз бар:

Бу кең дүниә өзге күчүн қылма тар

Бұл кең дүниені тар қылма деген даналық сөзде *қылма тар/тар қылмау* деген етістікті метафора ретінде бейнелі жұмсалып тұр.

Бұл нақыл сөз бүгінде мынадай мақал түрінде өз жалғасын тауып отыр:

Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда,

Әйелің ұрысқақ болса, елдің бейбітшілігінен не пайда

Татарда: Аяк киімен тар бұлса, дөңьяның кеңлігінен ни файда.

Түркменде: Әдигиң дар болса, гиң жахандан не пайда.

Метафораға құрылған мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер бейнелі келген. Мәселен, тіл туралы нақыл сөздер мол.

Кішіг тил ағырлар булур

Кішіг тил ужузлар йарыр ер басы (ҚБ 69)

(Тіл кісіні қадірлі етеді, бақ болады немесе қор қылар, басын кесер) деп тілдің қадір-қасиетін көрсетеді. Мұндағы *кішіг тил йарыр ер басы/тил ердің басын жарар* метатафоралық оралымының да бояуы қалың

«Құтты біліктің» 162-ші бәйіті:

Мәни емгетур тил еди өг телім

Башым кәсмәсүни кәсәйин тилим.

(Мені тіл аса көп азапқа салды,
Басым кесілмес үшін тілімді кесейін).

Бұл жолдағы *кәсәйин тилим/тілімді кесейін* «сөзімді қояйын» деген метафоралық бейнелі тіркесті білдіреді.

Өмірді байлық ақшаға, жақсылыққа айналдыр бейнелі мақалы «Құтадғу биликтің» 29-шы жолында берілген: *tiriglikni mün qil asıy esgülık* сделай жизнь (свою) богатством в денгах, проценты с которого – добро (QBN 29₈).

«Құтадғу биликтің» 174-ші бәйіті:

Тил арслан туруп көр ешинди йатур,
Айы – евлуг арсың башуңны йейүр
(Тіл – арыстан, көрмейсіз бе, есігінде жатыр,
Ей, үйде отырмын деп алданушы, басыңды жейді).

деген жолдарда тілді «арыстанға» балап, терең философиялық ой толғайды.

«Тіліңді күзет (бақ) тісің сынбасын» деген жол 176-шы бәйітте кездеседі:

Сөзіңні күдәзгіл башың бармасун,
Тіліңні күдәзгіл тішің сынмасын.
(Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын).

Аталған өлең жолдарында *сөзіңні күдәзгіл/сөзіңді күзет* метафоралық оралымы бейнелі жұмсалған.

«Тілді бақсаң бастың аман қалатынын» мына жолдарда түсіндіреді:

Тіліг кәд күдәзгіл күдәзілді бас,
Сөзүңні қысурқыл узатылды эйаш (176)
(Тіліңді бақ, басың аман қалады,
Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады).

Бұл жерде *тілді бағу* метафорасының көркемдігі жоғары. *Tiliñni küyüz/milıñdi күзет* (тіліңнен сақтан, тіліңді бақ) метафоралық тіркесі жасалған: *başñni tiläsä tiliñni küyüz* если хочешь (уберечь) свою голову, береги язык (т.е. следи за ним) (QBN 80₉).

Бұл орайда, ел ішінде бағзыдан мәлім «басқа пәле тілден», Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер» деген асыл сөздің төркінін аңғарудың еш қиындығы жоқ. Осы ой 2692 бәйітте: «Қызыл тіл қара башқа йавлақ йағы» - деп тағы да кездескенде, пікірімізді растай бекіте түсті.

Қазақтың «Басқа пәле тілден» мақалының төркіні мына жолдарда көрініс тапқан сияқты:

Білер болсаң, мен айтайын ашығын,
Тіл кесілсе – кесілгені басының.
Басыңды ая. *Басқа пәле тілінен*,
Бірі – есірсе, ес кетеді бірінен (ҚБ 593 б.).

Жүсіп Баласағұн сөз қадірін де нақты көрсете білген:

Киши сөз билә қапты болды малик,

Өкүш сөз башығ йерка қылды күлүк.
(Кісінің сөзден (беделі) көтерілді, патша болды),
Көп сөзді басты жерге тығып, күл етті).

*Өкүш сөз башығ йерка қылды күлүк / Көп сөзді басты жерге тығып,
күл етті* күрделі метафоралық оралымының бояуы қалың.

«Құтты біліктің» 227-ші бәйітінде мынадай нақыл сөз бар:

Қолы болса елгиң будунка узун,
Қамуғ едгүлүг қыл қылынчын сөзүн.
(Егер қолың ұзын болса, халықтың
Бәріне ісіңмен де, сөзіңмен де қызмет қыл).

Бұл бәйітте «қол» сөзі адамдар, олардың жомарттық, сараңдық қасиетін көрсетіп, негізгі мағынаға жаңа мағына үстеп метонимия болып тұр.

Кейбір авторлардың ойлары мен сөз саптау нақышы өзара ұқсас не тіпті бірдей болып келуі де мүмкін. Мысалы:

Бір-бірлеп мың болады,
Тама-тама көл болады,-

деген нақыл сөз Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридың атымен қатар айтылады.

Ешітгіл негү тер білікліг кіші,
Біліклік сөзі шын себүг жан түші (336-бәйіт)
(Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,
Білімді сөз – шырын, жанның құнары).
Ақылды – ұлы, біл, білімді – білікті,
Екеуі ұлы етер, қонса, жігітті (152-бәйіт)
Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады (154-бәйіт).
Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, әзіз тірлік өткерер (160-бәйіт).

Мұндағы *біліклік сөзі шын себүг жан түші / білімді сөз – шырын, жанның құнары* метафора ретінде танылады. Бұл жолдарды оқығанда тіл ұшына қазіргі қазақ ұғымындағы «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» мақалы еріксіз оралады.

Uzatma sözüñ/Cөзінді ұзатпа «көп сөйлеме» метафоралық қолданысы «Құтты біліктің» 211-ші жолында орын алған: aziz Zannī bek tut *uzatma sözüñ* эту линуую душу береги, не будь многословным (QBN 211₅).

«Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» даналық сөзінің бастауы мына жолдарда жатыр:

- 2579 Сөзүн сөксә иалнұқ ашытса тілін,
Соңүккә сызық ол, көңілкә йалын.
(Сөзбен сөксе – тілі ашытып қаныңды,
Сүйек сыздап, жалын қабар жаныңды).
- 2580 Уруп бәрке башы бүтәр тәрк сөнәр,
Тілің сөксә бүтмас ашығы йылын –
(Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Сөз қалады, таяқ табы кетеді).

Мұндағы Сөзүн сөксә иалнұқ ашытса тілін / Сөзбен сөксә – тілі ашытып қаныңды жолында *сөзбен сөгу, тілі ашытып қаныңды* тіркестері метафоралық сипатқа ие. Сондай-ақ *тілі сөзі жұмсақ* метафоралық тіркесінің бейнелілігі жоғары деп айтуға болады: *könül qotqı til sözdä jumşaq* кегәқ нрав (букв. сердце) его должен быть кротким, а речи приятными (QBN 61₅).

Сөзге қатысты *köni söz acıy ol / әділетті сөз ащы ол* деген метафораға негізделген мақал «Құтадғу біліктің» 164₁₂ жолында орын алған: *köni söz acıy ol siñürgil anı / jarin asıı kelsä süçitgäj seni* справедливое слово горько, но ты перевари его, / если завтра от него явится выгода, она тебя насладит (QBN 164₁₂). Сондай-ақ тәтті сөзге қатысты мынадай даналық сөз кездеседі: *süçig sözkä jumşar uluı häm kiçig / от сладкого слова смягчаются и большой и малый / тәтті сөзге үлкен һәм кіші де жұмсар* (QBN 198₇).

Он ғасырға жуық бұрынғы ой-толғам нәрінің күні бүгінге дейін желі тартып жоғалмай жетуі халық даналығының қаншалықты кемелденгенін, сол кездің өзінде-ақ жан-жақты дамығандығын көрсетеді.

«Не ексең – соны орасың» мақалының бастауы 4733-бәйітінде жатыр:

Бул дүниа ічі бір тарғлығ тұрұр,
Неку әксә мұнда йарын ул унур.
(Бұл дүние іші бір тарыжай (егінжай) тектес,
Мұнда не ексең, ертең сол өнер).
Нені ексем - соны оармын ақыры,
Нені орсам – соны алармын, асылы (ҚБ 6555).

Бул дүниа ічі бір тарғлығ тұрұр / Бұл дүние іші бір тарыжай (егінжай) тектес жолында дүниені тарыжайға (егінжайға) ұқсатады.

Сондай-ақ мына даналық сөздердің ара салмағы ерекше:

Жылан, құрттың жемісің – көп семірме,
Қонар-кетер қонақсың – көп елірме (ҚБ 5840).
Жүрек бір ет, ет бұзылар, білгейсің,
Ей, батырым, сақтап, бағып жүргейсің! (ҚБ 5860).

Денең ел де, бек – жүрегің сыз батар,
Сөз жүректі жылытар. Бірде мұздамар (ҚБ 5860).
Өтірікші дүниені күйретер,
Шыншыл қолы ұзын, өрге сүйретер! (ҚБ 5875).
Мұнды қысқарт, қызмет ет жасқанба,
Ашуда – сақ, сабырлы бол сасқанба (ҚБ 6090).

Бұл жолдарда адамды қонаққа, жүректі етке, денені елге, бекті жүрекке ұқсатады. Сондай-ақ *жүректі жылыту, мұздату* метафоралық тіркесі де көркем жұмсалған. *Қолы ұзын* «қолы көп нәрсеге жетеді» деген метафоралық тіркестің де мәні жоғары.

Jaşıl suv qizil otqa bolmaz qonıuq голубая вода не бывает гостем красного огня (QVK 119₇) деген метафоралық оралымда *жасыл су, қызыл от, қонақ болмас* метафоралық тіркестерінің бояуы қалың және «тең—теңімен, тезек қабымен» деген мақалдың төркініне жатқызуға болады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу билиінің» өлең жолдары мақал-мәтелдерге айналып кеткен. Бұл ескерткіштегі көне түркі нақыл сөздері, мақал-мәтелдері бүгінгі күндегі мақал-мәтелдерге сөзбе-сөз ауыспаса да, мазмұны жағынан өте ұқсас келеді. Кейде мақал-мәтелдер толық сәйкес келіп жатады. Дегенмен, абсолютті сәйкестік болмайды, себебі тіл заңдылығына сәйкес фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктер мақал-мәтелдерде айқын көрінеді. Метафораға негізделген мақал-мәтелдер көп кездеседі: Қара түн йаруқ күнка йакмаз йағұқ йашыл сув қызыл отқа болмаз қонук Қара түн жарық күнге жақын келмейді Қара су қызыл отқа қонақ болмайды (ҚБ 241); Аш татығы түз Астың дәмі түзбенен (ҚБ 82); Елиг бойны қылча үкәкча башы Ел басқарушының мойны қыл сияқты болса, басы мұнара сияқты болады (ҚБ163); Кишика сынағы бир-өк көрсе тап Кісіні сынау үшін бір көру жеткілікті (ҚБ 233); Бу дүнииа ичи бир тарығлағ туруп Негү екса мунда йарын ол өнүр Бұл дүние егін егілетін жерге ұқсайды Оған не ексең сол өсіп шығады (ҚБ 341); Серингил серинмак еран қылқы ол Шыдамды бол, шыдамдылық ер кісінің әдеті (ҚБ 107); Қону сен бу дүнииа саңа бир түшүн (Бұл дүниеге қонақсың, саған ол бір түсетін орын сияқты (ҚБ 208); Түмән сөз түгүнин бу бир сөзда йаз Мың сөздің түйінін бір сөзбен шеш (ҚБ 208); Тикән ол укушлуғда дүнииа толу Ардақ урса йерке кирүр сақланғу Ойлы адамға бұл дүние тола тікен Аяғыңды жерге қойсаң болды, кіреді, сақтанғайсың (ҚБ 180); Өгүнкә болур ер өзін өлдүрүр Мақтанға ұмтылған адам өзін-өзі өлтіреді (ҚБ 173); Өлүмтин кечиш йоқ Өлімнен құтқаратын көпір жоқ (ҚБ 61); Бағырсақ керак қойқа қой кутчиси Қой күтуші шопан қойға сүйіспеншілікпен қарау керек (ҚБ 58); Болма евчи құлы Әйелдің құлы болма (ҚБ 324); Евиңка йавутма ушақши кишиг Үйіңе өсекші кісіні жуытпа (ҚБ 54); Барма отқа йавуқ Отқа жақын барма (ҚБ 33); Keräk miñ jašaYil keräk on sekiz Надо – живи тысячу (лет), надо – восемнадцать (QBN 346₁₃); jašarmis čečaklär qurī terk зазеленевшие цветы быстро высохнут (QBN 139₈); sözuq sözlädäçi azar häm jazar говорящий заблуждается и ошибается (QBN 27₁₀); toluylı jazar, ol auyılı ilär наполняющееся расходится, поднимающееся опускается (QBN 46₄); Jorı ud atanma kişilik qıl-a букв поступай человечно и не зовись «коровой» (QBN 169); пейд кыг кьвдзлдр бир иг иглмдз / qara jerqd kirdi сколько смелых, гордых [людей] которые не болели ни одной болезнью / вошло в черную землю! (QBN 340₉) [51, 330 б.]; til asyı telim bar jası-ma üküс польза от языка большая и вреда также много (QBN 17₁₈); qaruydan kirürdä оғун ашну маң когда войдеш в дверь, сперва ступи правой (ногой) (QVK 239₅); tiriglikni mün qıl asıy esgülük сделай жизнь (свою) богатством в денгах, проценты с которого – добро (QBN 29₈); küsüş tut jigitlik keçar sendä terk цени юность, она быстро пройдет мимо тебя (QBN 38₄); tiriglik küsük tut цени жизнь (QBN 162₂₀); nekim işlär ersä tükäli күдär любое дело ждет своего завершения (QBN 439); şükür qılsa nimät bajat arturur если благодаришь, господь увеличивает благодеяния (QBN 64₁₀); qarında törümiş qılınç ögratig / jayız jer qatında ketär aj tetig поступки и привычки, зародившиеся в чреве матери / исчезнут только в бурой земле (т.е. в могиле), о смышленный (QBN 74₈); ukuşluу tiläsä uquş sen tükäl / biliglig tiläsä bilig sen

kümal ели будешь искарь разумного, ты сам – законченный разум, ели будешь искарь знающего, ты сам – совершенное знание (QVK 176₄); keç jat jana ertä tur поздно ложись и рано вставай (QBN 60₂₆); qanī kim qutuldı ölümдин qaçır / qanī kim ašundī öđindin keçir кто освободился, бежав от смерти / кто избежал времени и перешел (QBN 111₄); ölümkä keçig joq tirig boldaçı / neçä-mä tirilsä ölüm keldäçi (QBN 121₄); öllümtin keçis joq смерти не избежать (QBN 61₂₈); jaqinliq ulasen lañar aj adaš ели близкие будут порывать (связи) с тобой / ты все равно иди на сближение с ними, о друг (QVK 200₄); oıul qız kemišti ata hurmäti дети перестали уважать отцов (QVK 384₉); bajudum tesä sen çıvāj bolıu bir / aıır men tesä sen uçuz qılıya jer «Я разбогател», - скажешь (о себе) и окажешься бедным однажды; / «Я в почете», - скажешь (о себе), а земля тебя унизит (QBN 382₄); qalı bolsa beglär bu küçkäj esiz / anıñ işçiläri buzar eöğü iz ели беки будут скверными насильниками, / их работники сойдут с правильного пути (QBN 170₁); jemä jaqsı ajmiš böğü bilgi jarp kisi köñli javqa küñQäzmäki sarp мудрец, обладающий прочными знаниями, хорошо сказал: / «Сердце человека слабое, его беречь трудно» (QBN 249₅); adaš tutmaq asan küdäzmäki sarp/javı bolmaq asan jarašmaqı sarp найти друга легко, сохранить его трудно/стать врагом легко, помириться трудно (QBN 122₃₅); jemä jaqşı ajmiš böğü bilgi jarp / kişi köñli juvqa küdäzmäki sarp мудрец обладающий прочными знаниями, хорошо сказал: / сердце человека слабое, его сохранить нелегко (QBN 249₅); kişig satıamayıl kişilik qılın не унижай человека, поступай человечно (QBN 296₄); biligin seçildi kişi jilgidin знанием отличается человек от животного (QBN 71₆); birin birin miñ bolur tama tama köl bolur (ели взять много раз) по одному, получается тысяча (ели взять много раз) по капле (букв. капая-капая), получается озеро (QBN 201₁₃); taşı teg içi ol içi teg taşı / bu jañlıy bolur olköni çin kisi его внутренний облик соответствует внешнему (букв. внешности), а внешний – внутреннему; / таков настоящий человек (QBN 35₁₇); bajat men tegüçi kişi telväsi тот, кто называет себя богом, - самы безумный среди людей (QBN 259₁); jüraklig jüraksizkä bolsa basi / jüraklig bolur ötrü tegmä kişi ели во главе трусливых людей станет отважный (муж), / тогда отважный будет каждый человек (QBN 156₈).

Көптеген қазақтың байырғы мақал-мәтелдерінің тарихы негізгі түркілік ортақ қордан келіп шыққан және олар бір кездері түркі халқына ортақ игілік болып есептелген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 1982, - №3.
2. Дина Б.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2002.
3. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. №10. – 506-508 б.

4. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. – 540 б.

5. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Ескі түркі халықтарының аталы сөздері мен мақал-мәтелдері және көркем әдебиет шығармаларынан алынған үзінділер. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2001. – 27-277 б.

ТҮБІ БІР ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫСТЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ф. ғ. к., доценті
Аширова Анар Тишибайқызы,
аға оқытушы Досанов Балғабай
Алматы қ., Қазақстан**

Ежелгі адамзат тарихында өзіндік орны қалған бірнеше мәдениет бар. Соның бірі де бірегейі ежелгі түркі мәдениеті. Әр мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелікті беретін ең алдымен – тіл. Біздің заманымызға жеткен бірнеше ежелгі жаза тілдер бар. Олардың ішінде қолданысқа иесі болмаса қазір қолданыстан шығып қалған тілдер де бар. Мәселен, әртүрлі ғылымдардың ежелгі терминдері латын тілінде. Алайда ол тіл қазіргі кезде қолданысқа ие емес. Сонымен қатар, қазір қолданыстағы грек тілі де бар. Бірақ осы ежелгі тілдердің арасында жұмбағы әлі толық шешілмеген, толық зерттеліп бітпеген бір ерекше тіл бар. Ол – ежелгі түркі тілі. Бұл тілдің өзге ежелгі тілдерден ерекшелігі артында қалған үлкен мұрагерлерінде. Яғни түркі тілінің тілдер тобының үлкен жиынтығы. Бұл тіл өз ішінде жеті топқа бөлінеді. Біз сол топтардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың грамматикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтары туралы сөз қозғайтын боламыз.

Әр тілдің өзіндік ерекшеліктері мен ережелері болары анық. Алайда ұқсастықтары да жетерлік. Әсіресе олар туыстас тілдер болса. Мәселен, түркі тілдері. Бұл ежелгі тілді көптеген ғалымдар өз ішінде жеті топқа бөледі. Мәселен, Э. Р. Тенишевтің бастамасымен жұмыс жасаған ресейлік ғалымдар коллегиясының үлгісіне назар салайық. Оғыз тобына түрік, гагауыз, әзірбайжан, түркімен, салан, балқан түрік, сонкор-түрік, халаджай, хорсан-түрік тілдері жатады. Бір жағынан осы ұлттардың туыстық қарым-қатынасы, географиялық орналасуына да байланысты. Бұл тілдердің негізгі грамматикалық ерекшеліктері төмендегідей. Бұл тілдердің біраз бөлігі кирилл әліпбиін қолданса, екінші бір бөлігі латын әліпбиіне әлдеқашан көшіп үлгерген. Бұл тілдерде араб, парсы және бірқатар еуропа тілдерінің әсері бар. Мәселен, осы топтағы ең ықпалды тілдердің бірі түрік тілі 1928 жылдан бастап өзгеріске ұшыраған. Осы жылы оныншы ғасырдан бері қолдану да келе жатқан араб әліпбиі латын әліпбиіне көшірілген. Сол секілді әзербайжан тілі де осы жолдардан өткен. Алайда. Бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болғандықтан

бұл тіл кирилл әліпбиін де қолданған. Бұл тілдердің ұқсас жерлері латын әліпбиіне көшкен тұста бірдей әріптердің қосылуынан-ақ байқалады. Мәселен, «ı, ö, ü» әріптері. Алайда өзара ұқсастықтарына қарамастан, түрік тілінде 29 әріп болса, әзірбайжан тілінде 32 әріп. Оның себебін әзірбайжан тіліне орыс тілінің тигізген әсері арқылы түсіндіруге болады. Латын әліпбиінің түрік тіліндегі нұсқасында «q, w және x» қаріптері қолданылмайды. Ал әзірбайжан тілінде олар бар. Сонымен қатар, «ğ» деген қаріп бар. Бұл біздің тілдегі «г» мен «ғ» әріптері секілді қосымша қаріп. Бұл топтағы тілдердің тағы бір ерекшелігі фонетикадан бөлек вокализмнің болуы. Бұл ереже өзге ұлт өкілдеріне осы топтағы тілдерді үйренуді жеңілдету үшін ойлап табылған. Мәселен, қазақ тіліндегі «ер» сөзін, түрік тілінде «иер» деп әсемдеп айту керек. Осы орайда тағы бір ескере кететін ереже дауысты дыбыстардың өзара екіге бөлінетіні: қысқа дауыстылар және тиісінше ұзақ дауысы дыбыстар. Бірақ олардың жазылу кезінде айырмашылықты байқау мүмкін емес. Себебі 7 дауысты дыбыс ұзақ та, қысқа да бола алады. Тек «е» дыбысы тұрақты қысқа, «ä» дыбысы әрдайым ұзақ дауысты дыбысқа жатады. Жалғауларында да ерекшелік бар. Мәселен, қазақ тіліндегі көптік жалғауы жалғанбайтын кей сөздерге бұл тілдерде жалғануы мүмкін: қазақша «үш ай», салар тілінде «уч айлар».

Түркі тілдерінің екінші, яғни қыпшақ тобына татар-ноғайлардың алабұғат, қараша-ноғай, ноғай, татар, барабин татар, башқұрт, қарайым, қазақ, қарақалпақ, қараша-балқар, қырғыз, алтай, құмық тілдері жатады. Бұл тілдердің көп бөлігі кирилл әліпбинен әлі көше қойған жоқ. көптеген сөздер бір-біріне қатты ұқсас. Мәселен, қазақ тіліндегі «біз» сөзін алып қарайық. Башқұрт, татар тілдерінде «без» делінсе, қырғыз ағайындар «биз» дейді. Сол сияқты қазақша «ауа» десек, башқұрттар «һауа», татарлар «һава», қырғыздар «абага» дейді. Бұл тілдердің тағы бір ұқсастығы көптік жалғауларында. Мәселен, қазақ тілінде «-лар», «-лер», «-дар», «-дер», «-тар», «-тер» болса, башқұрт тілінде «-лар», «-ләр», «-дар», «-дәр», «-зар», «-зәр», қырғыз тілінде «-лар», «-лер», «-лор», «-лөр», «-дар», «-дер», «-дор», «-дөр», «-тар», «-тер», «-тор», «-төр», татар тілінде «-нар», «-нәр», «-лар», «-ләр» делінеді. Сонымен қатар, бұл тілдердің барлығында септіктер бар. Тек татар, қырғыз, башқұрт тілдерінде олардың саны 6 болса, қазақ тілінде 7. Алдыңғы алты септік, яғни «атау», «ілік», «барыс», «табыс», «жатыс», «шығыс» септіктері төрт тілде де бар болса, «көмектес» септігі тек қазақ тілінде бар. Себебі көмектес септігінің жалғаулары қазақ тілінен өзге тілдерде кездеспейді. Мәселен, «анаммен» деген сөз жоғары да айтылған үш тілде бір емес екі сөзден тұрады: татар тілінде «әни белән», башқұрт тілінде «әсәй мәнән». Барлық тілдер жалқы және жалпы есімдіктер бар. Олардың аталуы да ұқсас.

Қыпшақ тобы тілдерінің бір-бірлеріне ұқсас қаріптері де бар. Мәселен, қазақ тіліндегі «ә», «ө», «ү», «ң», «һ» қаріптері осы топтың барлық тілдерінде бар. Сонымен қатар, әр тілдің өзіне тән дыбыстары да бар. Солардың ішіндегі аса ерекшесі башқұрт тіліндегі «з», «с» қаріптері. Бұл осы ұлттың өзіндік ерекшелігіне сай қаріптер. Сол сияқты қазақ тіліндегі «қ», «ғ», «ұ» қаріптерінде кездесе бермейтін дыбыстарға қосуға болады. Кирилл әліпбиін

қолданатын татар алфавитінде 39, қырғыз алфавитінде 36 және қазақ алфавиті мен башқұрт алфавитінде 42 әріп бар. Осы топтың барлық тілдерінде кездесетін «у» әрпі дауысты да дауыссыз да бола алады.

Келесі топ, қарлұқ-ұйғыр тобында тек екі тіл ғана бар. Олар: ұйғыр тілімен өзбек тілі. Алдымен ұйғыр тіліне тоқталып өтелік. Қытай халқымен сан ғасырлық мәдениет алмасу әсерінен бұл елдің сөйлеу мәдениеті шығыс Азия елдерінің тілдеріне ұқсап кетті деуге толық негіз бар. Оны қытай, жапон, кәріс тілдерінде көп қолданылатын «и» әрпінің әсері деп айтуға болады. Мәселен, етістікті үш жаққа жіктегенде «кел-дим», «кел-дин», «кел-ди», «кел-дик», «кел-диндәр», «кел-ди» дейміз. Яғни сөзді барынша жіңішкертіп сөйлеу қажет. Бұл тілдің грамматикасының тағы бір ерекшелігі кейбір деректерге сүйенсек, бұл тілде 10 септік, яғни «келиш» бар екен. Яғни түркі тілдерінде әдетте кездесетін 6 септіктен бөлек. «Тәңләштүрмә келиш»(теңестіру септігі) – яғни сөздерді салыстыру септігі. Мәселен, «Униң мәктәпшилик биздин мәктәптән биик» (Оның мектебі біздікінен биік). Келесі септік «Охшатма келиш», яғни «баға беретін септік» деп аударылады. Сонымен қатар, «Орун-бәлгә келиш», «орын мен белгі септігі» және «Чәк келиш», яғни «шегін көрсетуші септік» бар.

Және өзбек тілі грамматикасының ерекшеліктері түсінікті болуы үшін бір сөзді талдап көрсеткенді жөн көріп отырмыз. Мәселен, «onalarimizga» (аналарымызға). Мұнда жалғаудың үш түрі кездеседі: «-lar», «-imiz», «-ga». Алдымен «-lar» көптік жалғауы, «-imiz» жіктік жалғауы және «-ga» барыс септігінің жалғауы. Сонымен қатар, бұл тілде морфеманың, өзбекше айтқанда аффикстің 5 түрі бар: кепілді аффикс, бағыну аффиксі, уақыт аффиксі, зат пен сан көрсеткіш аффиксі және сұрақ аффиксі. Кәбіне өзбек тілінде етістіктің өткен шақтағы формасы қолданылады. Ал келер шақтағы формасы тек кейбір шығармаларда немесе кей тіркестерде ғана кездеседі. Оның орнына қазіргі-келер шақ(хозирги-келажаги замон) деп аталатын шақ қолданылады.

Төртінші, қырғыз тобына хакасс, шор, шұлым-түркі және т.б. тілдер жатады. Бұл тілдердің барлығы кирилл әліпбиін қолданады. Түркі тілдері тобының ішінде алғашқы оғыз тобына бір ұқсас жері бұл тілдерде де ұзақ және қысқа дауысты дыбыстар бар. Бірақ ол топтан ерекшелігі бұл тілдердегі барлық дауысты дыбыстар ұзақ та қысқа да бола алады. Ұзақ дауысты дыбыстар қысқа дауыстылардың өзгеруінен немесе созылуынан пайда болады. Мәселен, қазақ тіліндегі «ас» сөзі хакасс тілінде «а:з» деп жазылады. Ал оқылғанда «ауус» деп оқылады. Қазақша «бүгін» сөзі, шор тілінде «ри:n» деп жазылып, «риgun» деп оқылады. Мұның басты себебі бұл тілдерді көп бөлігі өз грамматикалық ережелерін еуропа тілдерінің, оның ішінде ағылшын, француз тілдерінің негізінде жасаған. Сондықтан сөздің оқылуы мен жазылуы да екі бөлек.

Екіншіден, егер басқа топтардағы түркі тілдері қазақ тілі секілді дауыссыз дыбыстарды үш топқа бөлсе, бұл топтағы тілдерде олардың саны тертеу. Бұл тілдерде де олар: қатаң, ұяң, үнді(нақты осылай емес, айтылуы басқаша қазақ тіліне аударғанда осылай болады) болып үшке бөлінеді. Сонымен бірге «енген немесе саңылаулы» дауыссыз дыбыстар бар. Яғни «ф»,

«ц», «в» дыбыстары тек өзге тілден енген сөздерде ғана болатындықтан оларды осылай бөліп тастаған.

Бесінші тоба(кей деректерде тобас) тобына тьва, тофа, туха, тува, дьва немесе мончак(тувиндік қазақтар тілі депте айтылады) тілдері жатады. Басты ерекшелік фарингализацияланған дауысты дыбыстардың болуы. Әдетте біздің тілдерімізде «ь», «ъ» белгілері өзге тілден енген сөздерде кездесетін болса, бұл топтағы тілдерде олар дауысты дыбыстарды қатайту немесе жіңішкерту үшін қолданылады. Көбіне бұйрық ретінде қолданылатын сөздерде де қатайту белгісі болады. Мәселен, қазақ тіліндегі «ат»(оқ ату) сөзі, това тілінде «аьт» деп жазылады. Айтылған кезде де қатаң айтылуы тиіс. Айта кетерлік бір жайт бұл белгілері кейбір диалект сөздерде кездеседі.

Тағы бір ерекшелік зат есім көптік жалғауымен үшінші жаққа келгенде, қазақ тілінде «олардың аттары» болса, туха тілінде «odynar aty» делінеді.

Алтыншы якут тобына якут немесе саха және долған тілдері жатады. Басты ерекшеліктерінің бірі септіктерінде. Бастапқы бес септік өзге тілдердегі бастапқы бес септікпен бірдей. Алайда соңғы алтыншы септік салыстырмалы септік деп аталады. Сонымен қатар жаңа сөз құраушы жалғауларында да ерекшелік бар. Мәселен, қазақ тілінде мамандық иесін көрсету үшін «-шы», «-ші» жалғауларын қолданса, яғни «жазушы», «құрылысшы», «елші» деген сөздер. Алайда ұлттардың Федерация құрамындағы республика екеніне байланысты бұл сөздер соңғы кездері тек орыс тілінде қолданыла беретін болды.

Жетінші балғар тобына чуваш тілі жатады. Бұл тілдің өзге түркі тілдерінен ерекшелігі агглюнативті тілдер қатарына жататындығында. Яғни сөздің жазылған формасынан айтылған кезде әріптердің түсіп қалуы. Мәселен, қазақ тілінде «ш» «ж» дыбыстары қатар келген жағдайда өзгеріске ұшырап, айтылуы кезінде басқа дыбыс шықса, «чулсурт»(қамал) сөзінде айтылу кезінде «р» әрпі түсіп қалады. Көптік жалғаулары да өзге тілдерден ерекше, яғни «-сан», «-сем» деген жалғаулар. Мәселен сынсем (адамдар). Сонымен қатар, септіктердің саны сегіз. Соңғы екі септік: «шешім қабылдаушы» және «мақсат айқындаушы».

Жалпы түркі тілдеріне ортақ ережелер көбірек. Мысалы, сөйлемнің басында бастауыш соңында етістік, яғни баяндауыш келеді. Кей кездері баяндауыш басқа сөз табы болуы да мүмкін. Сонымен қатар, жалғау жалғанған кезде алдымен көптік жалғауы жалғанады. Және диалект сөздер қытай немес, ағылшын тілдеріндегідей бір-біріне түсініксіз емес. Тағы бір ұқсастық сөздерді жаңа және ескі болып бөлінуі. Мәселен, тілінде «ескі осман сөздері» және «жаңа түрік сөздері» немесе чуваш тілінде «ескі балғар сөздері» және «жаңа чуваш» сөздері. Түбіміз бір болғандықтан тіліміз де ұқсауы заңдылық. Бұрынғы ғұламаларымыз секілді түркі тілдес бауырлармен емес-еркін сөйлесе да алатын секілдіміз. Тек сәл талпыныс керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. N2. 2014ж.
3. «Түркі тілдерінің хрестоматиясы». Алматы. 2004ж
4. Thomas Vaughan. A Grammar Of The Turkish Language
5. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональные реконструкции. Москва, Наука, 2002
6. Севортян Э. Ширалиев М. Грамматика азербайджанского языка 1971
7. Anna von Gabain. Alttürkische Grammatik. 1950
8. Токмашев Д.М., Токмашев М.Г. Телеутский язык, Кемерово, 2008 (учебник на основе диалекта бачатских телеутов)
9. Рассадин В.И. Фонетика и лексика тофаларского языка
10. Ф.Г. Исхаков, А.А. Пальмбах. Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология
11. Л.С. Левитская. Историческая морфология чувашского языка
12. Насилов В. М., Грамматика уйгурского языка. — М.: Московский институт востоковедения, 1940

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ПРАГМАТИКА БАҒЫТЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

**Ахметқалиева Л.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты**

Жалпы тіл білімінде жаңадан қалыптасып, дамып келе жатқан бағыттар мен салалар бар. Солардың ішінде тілші ғалымдардың арасында қызу талқы астындағы жаңа бағыттардың бірі функционалды прагматика. Функционалды прагматика жайында ой өрбітпес бұрын, прагматика мен функционалдылық терімсөздеріне (термин) назарымызды бұрсақ.

Прагматика терминінің тарихы (грек тілінен алғанда, «прагма» – іс, әрекет) Ч.Морристен бастау алады делінеді. Прагматиканы зерттеуде оның объектісі болып сөйлеу актісі, сөз, мәтін немесе мәтіндер тобы саналады. Кейіннен «прагматика» терімсөзі (термині) тіл білімінде қолдана бастағанымен, лингвист ғалымдардың ортасында бір жақты шешімін таппай жатыр. Осы терімсөз (термин) тұсында сан түрлі ойталқылар бар. Әсіресе, орыс тіл білімінде прагматика тілді қолданудың ғылымы, контекстегі тілдің ғылымы, адам өз мақсатына жету барысында тілдік бірліктерді қолданатын әдістері, тәсілдері және интерпретация теориясы деп түсініп келеді. Сонымен қатар әдеби коммуникацияның прагматикалық параметрлерін мәтінді жасаушы адамымен байланыстыра зерттейтін теория ретінде де ұғынылады. Л.А. Кисилеваның түсіндіруі бойынша прагматика сөйлеу әрекетінің теориясы болса, ал И.П.Сусов прагматиканы тілді адамның қоғамдық тәжірибесінің қаруы ретінде зерттеуде қолдануды алға тартады. Т.Ван Дейкше

прагматиканың құзыретіне тілдің формасын, мағынасын және қызметін сипаттайтын жүйелерді анықтау кіреді. Т. ван Дейктің ойынша, тілді белгілі бір мәдени-әлеуметтік жағдайда қолдана алу, сөйлеу актілерін түсіну, есте сақтау және когнитивті моделін құрастыруды прагматика теориясының эмперикалық міндеттеріне жатқызады.

Прагматикаға берген анықтамалардың түрлігіне қарамастан, оның негізі Ч. Морристің өзінше келтіріп жүрген сызба, нұсқаларынан шығатындығы байқалады. Прагмалингвистикада адами фактор алғы орынға қойылғандықтан, прагматика адам өз мақсатына жетуде белгілі бір тілдік таңбаларды қолданатын жағдайлары мен шарттарды қарастыруы заңды. В.Г. Колшанский: «Прагматика как отрасль, изучающая отношение человека к языковому знаку, вообще теряет свой смысл по той причине, что отношение к знаку не может выявляться в языке помимо пользования самим языком, что и является по определению коммуникацией», -деп адам мен тілдік таңбалар арасындағы қатынасты прагматика қарастыратындығын түсіндіреді. В.Г. Колшанский прагматика аясында ойын ары қарай былай өрбітеді: «...Если понимать под прагматикой речевого общения достижение какой-либо цели – практической, теоретической, физической, интеллектуальной и т. д., то можно в какой-то степени говорить о характеристике использования человеком языкового знака, но только, видимо, в смысле «успешно» или «неуспешно» была осуществлена коммуникативная цель. Такой успех вербальной коммуникации может быть определен как для индивидуального речевого акта, так и в целом для некоторого социального коллектива. Вопрос о целесообразности разработки критериев «прагматической успешности» речевого акта может быть решен только в чисто прикладном плане и применительно к конкретным областям языкового общения человека»[3]. Бұл пікірінен тілдік қатынастың прагматикасы деп адамның белгілі бір мақсатына жетуде тілдік таңбаларды қолданудың ұтымды я ұтымсыз сипатын айтуға болады. Жоғарыдағы пікірлерде зерттеушілер өз ойын түрлі формада келтіргендерімен, үзіп алар ой бір. Ол сөйлеушінің тыңдаушыға әсер ету мақсатында тілдік бірліктерді саналы түрде қолдануы. Прагматиканың функционалдылығын не болмаса, функционалдылықтың прагматикасына толыққанды бару үшін функционалдылық ұғымын ғалымдардың берген анықтам-пікірлеріне тоқталып, прагматика мен функционалдылықтың жанасу нүктелерін анықтасақ.

Тілді таңбалардан тұратын тұтас бір жүйе деп танитын болсақ, ол жүйе мағыналардың таңбасынан құралады. Егер тілді бір-бірімен күрделі қатынаста байланысып жатқан иерархиялық деңгейлер деп танитын болсақ, оның ұйымдастырушы орталығы да тағы да сол мағына болып табылады. Тіл біліміндегі мағына (значение), мән, мазмұн (смысл) және жұмсалым (функция) терминдері – бір-біріне өте жақын ұғымдар. Мәселен, мағына тілдегі белгілі бір бірліктің төл қасиеті болып табылса, мән, мазмұн (смысл, содержание) сол бағыттас, мағыналас әртүрлі бірліктердің бірігуімен беріледі. Яғни белгілі бір тіл құралдарының немесе олардың бірлескен кешенінің жұмсалымынан туындайды. Ал мәннің жұмсалымнан ерекшелігі мынадан көрінеді: мән нені

білдіреді деген сұраққа жауап берсе, жұмсалым (функция) неге қызмет етеді деген сұраққа жауап береді. Осы тұста «функция» терминінің Э.Дюркгейм екі мағынасын көрсете отырып, екіншісін дұрыс деп есептейді: 1) абстракциядағы өмірлік әрекеттің жүйесі; 2) организм қажеттілігіне осы әрекеттердің сай келуі [1].

Сөйлеу арқылы адам тек тіршіліктің сыртқы тұстарын бейнелеп қоймай, әлеуметтік шындықтың үлкен негізін қалыптастырып және құрай алады. Осыдан тілдің функциялануының түрлі аспектілері болады: бейнелеу, тудыру, перформаттылық және презумптивтілік. т.б. Сонымен қатар «функция» терминінің үш түрлі мағыналық топтары шығады:

1. «Референциалды» функция – сөйлем айналасындағы абстрактілі дистрибуция.

2. «Прагматикалық функция-1» – әлеуметтік нәтижеге жету барсында сигналдарды мақсатты түрде қолдану.

3. «Прагматикалық функция-2» – дискурсты байланыстыру мақсатында формаларды пайдалану.

Тілдің функционалдылығы төрт түрлі деңгейде көрсетілген:

1. Белгілеу: тіл заттардың атауы.

2. Сипаттау.

3. Пайымдау.

4. Түсіндіру.

Басқа өлшемде функцияның мынадай мағыналары айқындалады:

1. «Грамматикалық» функция тіл бірліктерінің құрылымына қатысты қолданылады – «агенс», «мақсат», «субъект», «объект», «тема», «рема» және т.б.

2. К. Бюлердің, М. Халлидейдің және прага лингвистикалық функционализміндегі тілдің жалпы функциясы.

Прага мектебі тіл қызметінің теориясының жасалуына біршама ықпал еткен ең алғаш мектептердің бірі саналатындықтан, біршама ғалымдарының «функцияға» берген анықтамаларын келтіре кетейік. Л. Ельмслева: «Біз, лингвистердің түсінігінде «функция» сөзі мағына туралы немесе мағыналық бірліктердің құрылымын айтқанда қолданылады», - десе, ал Н.Трубецкой: «Кез келген айтылымның үш аспектісі бар: айту функциясы – экспрессивті, тыңдаушыларға үндеу функциясы – аппелятивті және айтуға себеп болған зат жайында мәліметті жеткізу функциясы – репрезентативті». - деп Вене психологы К.Бюлердің орнатқан тілдің мазмұндау, апеллятивті және репрезентативті үш қызметі жайындағы көзқарасын қоштайды [1]. Өзіміз байқағандай, «функция» сөзіне ғалымдар ортақ пікір айтпайды. Бұл тұста А.А. Леонтьев пен В.А. Аврориннің тіл біліміндегі қызметті тілдің қызметі мен сөйлеу қызметі деп бөліп қарастыра зерттеулерінде үлкен негіз барын көрсетеді. Алайда екі қызметті қарама-қарсы қоюдың да мәні дұрыс емес деген ғалымдар легі де кездеседі. С.Н. Сыроваткин тілге қатысты қызметтің 25 түрін анықтаған. Қазіргі таңда да тіл қызметінің ішкі және сыртқы факторларын ескере отырып зерттеп жатқандар да көп. Мұнан біз адам болмысының ажырамас бөлшегі тіл мүмкіндіктерінің шексіз екендігін аңғарамыз. Тілді

қызметіне, жұмсалымына қарай зерттеудің қазіргі ғылымда белең алып, кез келген тілдің мүмкіндіктері мен қолдану, зерттеу аясын кеңейтуге үлкен жол ашатын бағыт қалыптастырып келе жатқандығының дәлелі. Қазіргі кезде тілді үйрету мен зерттеуде функционалды бағыт кең етегін жайып келе жатыр. Ал біздің сөз қозғайын деп отырған тіптен бір жаңашыл бағыт ол функционалды прагматика. Аталмыш бағытты құраушы екі сөздің де жалпылай болса да, көрінісі айқындалды.

Функционалды прагматика тіл біліміндегі, әсіресе, герман лингвистикасында ерекше назарға алынып зерттеліп жатқан бағыт. Бұл бағытты ең алдымен К.Элих пен Э.Рейбайн есімдерімен байланыстырады. Аталмыш бағыт 1970 жылдары қарқынды дами бастаған. Функционалды прагматика бағытының дамуына үлес қосқандардың аса маңыздылары: А.Реддер, Л.Хоффман, В.Грисхабер және К.Бюриг. Функционалды прагматиканы бағытын атақты тілші және психолог К.Бюлердің идеяларымен де байланыстырады. Оның дейксис пен референция туралы пікірін ерекше айтуға болады. Сонымен қатар, Д. Л.Остиннің анализдің маңызды категориясы сөйлеу және сөйлеу әрекеті туралы ойларының да маңыздылығы зор [2,61-63].

Функционалды прагматиканың базалық категориясы ретінде сөйлеу әрекеті алынып отыр. Яғни тіл адам әрекетінің формасы ретінде қарастырылады. Коммуникация ол әрекет етудің спецификалық формаларын, сайып келгенде сөйлеу жағдаяты (речевая ситуация), тілдік белгілер (языковые знаки), бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы я оқушы секілді бір-біріне әсер ететін төрт компоненттен құралады. Коммуникацияға түсушілер бірнеше процедурадан тұратын тілдік әрекеттерді қолданады. Ауызекі коммуникация барысында дискурс туындайды да, ал мәтін өткен жағдаяттың әрекетінен пайда болады. Мәтін де, дискурс та сөйлеу әрекеттері. Бастапқыда жағдаят (дейксис) анықталып, кейіннен таңбалық өрісте белгілі бір сөз таптары арқылы заттың, істің атауы пайда болады. Бұл процесс ментальдылықтың жемісі. Яғни сөйлеуші тыңдаушыға өзінің бар білімін көрсетуші таңбаларды (сөз, қимылы мен қызметтік жағынан дұрыс топтасқан етістіктерді) қолдана отырып әсер ете алады. Осы тұста бірнеше өрістер пайда болады. Оперативті өрісте адамның өне бойына жиылған білімінің сұрыпталуы жүреді, сөйлеуге қажетті есімдіктер, үстеулер, интонация, сөздердің орналасу тәртібі секілді біршама дүниелер сараланып, коммуникативтік қызметке жарамдылары таңдалады.

Қорыта келгенде, функционалды прагматика дискурстің анализіне ұқсасып келеді, оның себебі сөйлеу әрекетінің мотиві мен ниетін анықтауға бағытталады. Мұнан адам тілдегі бірліктерді жұмсалымына (функциясына) қарай қолданбай тұрып, өз ойында бірінші ниеті мен мотивінің туындайтынын аңғарамыз. Функционалды прагматика бағыты тіл білімі саласында адамның ойы мен сөйлеу әрекетінің жарыса жүретіндігін айқындаушы бағыт деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. [http:// ru.wikipedia.org/wiki/](http://ru.wikipedia.org/wiki/).
2. Протасова Е.Ю. Функциональная прагматика в XXI веке., Вестн.Волгогр.гос. ун-та.Сер. 2, Языкозн. 2015.№1(25)
3. http://pragmatica.ucoz.ru/publ/teoriya_pragmatiki_sredstv_massovoj_kommunikacii/
4. Теория функциональной грамматики. – Москва: УРСС, 2003.-348 с.
5. Бондарко А.В. принципы функциональной грамматики вопросы аспектологии. – Москва, 2003. – 207 с.

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНЕН БАСТАУ АЛҒАН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУ, ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА БЕТ БҮРУ

**Әбдікерімова Г.А., Сариева Т.Қ., Сайлаубеков А.Н.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

Қазіргі қоғамымыздың даму беталыстары стратегиялық маңызға ие, жасампаз халықтың жарқын болашағын айқындайтын негізгі бағдар болмақ. Рухани жаңғыруда, сананы жаңғыртуда, қоғамдық сананы сілкінтуде ұлттық құндылықтар, елдік мақсат пен мемлекеттің ұлттық құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары негіз ретінде жатады.

Рухани жаңғыру дегенде оның жолын ғана біліп қоймай, оны жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарын да айқындауымыз қажет. Жалпы қоғамның ілгерілеуі үшін қоғамдық сананың сілкінуі, жастарымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, оларды құрметтеп, сақтап, дәріптей отырып, жаһандануы қажет. Демек, көпшілік осы бағыт-бағдарларды басты мақсат етіп, оны нақты жүзеге асыруға жұдырықтай жұмылуы тиіс. Елбасы ұсынған «Туған жер» бағдарламасында туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі екендігін атап айтқан. Дамыған 30 елдің қатарына қосылуға талпынған тұста елдің рухани байлығының үлесін көбейту аса маңызды. Өйткені, бәсекеге қабілеттілік экономиканың өрлеуімен ғана бағаланбайтындығы белгілі. Қазақ халқының рухани құндылықтарын бірізді ету, түгендеу, саралау, заман талабын ескере отырып, тура жолға қою мен дамыту ұлттық мемлекеттікті нығайтып қана қоймайды, сонымен бірге оны мәңгілік ету жолы да баянды болмақ.

Елбасының жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобасы еліміз, жеріміз деген әрбір қазақстандықтың ойланатын ісі деп білемін. Жолдаудың қазақ тілінде ғана жариялануы, жерін басып, суын ішіп жүрген қазақстандыққа үлкен ой салады. «Мен өткен өмірімде Қазақстанға, туған жеріме қандай игі іс істедім», - деп өзінің істеген ісіне баға беретін кез келді.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Сонау Құтты білік тағылымдарында, Дулат

шығармаларында, одан бері Әл-Фараби, Абай, Мұхтар, Шәкәрім тағылымдарында рухани құндылыққа үлкен мән берді. Абайдың бес нәрсеге ғашық болып, бес нәрсеге асық бол деген өлеңі бәріміздің санамызда болуы керек. Сондықтан еліміз мықты, жауапкершілігі жоғары ұлт болу үшін өз көзқарасамды ортаға салуды жөн көрдім.

Біз дамыған алдыңғы қатарлы ел болу үшін тілімізді, дінімізді, рухани дәстүрімізді, мәдениетімізді дамытуымыз керек. Дамытқан кезде барлығы бір-бірімен үнемі рухани байланыста болуы шарт. Замана сынына сүрінбей, озық дәстүрлерді табысты жаңғыртуымыз қажет.

Елбасы Ұлт жоспарында бес негізгі басымдықтың бірі ретінде экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы туралы айта отырып: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

Елде 3D принт, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дартты» дейді.

Осыған орай Елбасы Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырған. Өйткені цифрлық индустрияны дамыту басқа салаларға да серпін береді. Сондықтан ІТ саласына айрықша мән беру қажет.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы негізгі 4 бағыттан тұрады.

Бірінші бағыт – «Цифрлық жібек жолын» құру. Бұл – сенімді, қолжетімді, жылдамдығы жоғары және қорғалатын цифрлық инфрақұрылым. Алғашқы бағыттағы мақсаттардың бірі – әр қазақстандыққа интернет желісін жеткізу. Егер бір аумақтың тұрғындары 250 адамнан асар болса, ол жерге оптика мен спутник арқылы интернет желісі жеткізіледі.

Бағдарламаның екінші бағыты «Экономика саласындағы цифрлық қайта өзгерту» деп аталады. Бұл экономиканың әртүрлі салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған цифрлық технологияларды жаппай енгізу. Біз қандай да бір жаңалық алып келмей, барлығын басынан бастамақ емеспіз. Бар болғаны әлемде жақсы нәтиже беріп жатқан цифрлық технологияларды таңдап алып, экономика саласына пайдаланамыз. Цифрлау салаларды өзгертіп қана қоймай, оларды жоқ қылып жіберуге немесе жаңа саланың пайда болуына әсер ете алады. Цифрлау – мақсат емес, ол мемлекетке жақсы пайда әкелетін саладағы құрал.

«Креативті қоғам» құруға арналған үшінші бағыт бойынша халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстары жүргізіледі. Аталмыш бағыттың дамуы азаматтардың біліміне, стартап жобаларды ұсына алуына, цифрлауға қаншалықта дайын екеніне, оны қалай қабылдайтынына байланысты.

Бағдарламаның төртінші бағыты «Белсенді цифрлық үкіметті» қалыптастыруға электрондық және мобильді үкімет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсыну саласын оңтайландыру жұмысы кіреді. Бағдарламаның жүзеге асуы 2017-2021 жылдарға арналған.

Елбасымыз туындатқан «Мәңгілік ел» идеясының бастау алған негіздері туралы айтар болсақ, алғаш рет «Мәңгілік ел» идеясы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге бағытталған бітіктаста жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Мәңгі ел тұтып отырар ең» деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ бетінде қайталанған. Ескерткіште «мәңгі ел», яғни, түркі мемлекетінің бас ордасымен айтылған.

Белгілі бір дәрежеде «мәңгі» сөзі мен «ел» атауының мән-мағынасында сәйкестік аңғарылады. Мысалы, қазақта бұрыннан айтылып жүрген «Ел болайын десең...» деген аталы сөз бар. Бұл сөзді терең ойланып қараса: «тұрақты» немесе «мәңгіге» ел-жұрт болайын десең... деген түсінікті аңғаруға болады. Мысалы, Күлтегінмен замандас үш қағанның ақылшысы, кей жорықтарда қолбасшы да болған Тоныкөк бітіктасында «ел де ел болды» деген тіркесінде «ел» сөзінің қайталануы елдің мәңгілік болуын көздейді. Осы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатында Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегін жариялады. Бұл мақала қазіргі қоғам өкілдері арасында қызу талқыланып жатыр. Мақаланы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдық. Сонымен бірге, бұл еңбек мейлінше терең, күрделі әрі кемелдігімен ерекшеленеді. Еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары министрден бастап, қатардағы қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізіледі. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады.

Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан–2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады.

Аталған үдерістердің қатарында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады.

Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді:

1. Бәсекелік қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

2. Прагматизм. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу,

ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

4. Білімнің салтанат құруы. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды.

6. Сананың ашықтығы.

Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршаға таныс. Біздің ойымызша, оның сабақтаса дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуда айқын көрінеді. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Дәл осының арқасында қоғамдық-экономикалық формация ретінде капитализм құрдымға кеткен социализмді біржолата жеңді.

Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екендігіне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі ата-бабаларымыздың бойына табиғатпен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенінін тұжырымдайды. Сол себепті, біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ.

Рухани жаңғыру бағдарламасы, шын мәнінде қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпіліс. Сондықтан да бүгінгі таңдағы жоғары мектептің, гуманитарлық ғылымдардың алдындағы маңызды міндет - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиясын негіздеу болып табылады. Методологияның өзін, күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы деп, кең мағынада түсінуіміз керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиялық негізінде Елбасының еңбектері тұруы тиіс. Ол үшін түрлі салалардағы ғылыми ойлардың кең ауқымдағы интеграциясы қажет. Бүгінгі әлемдік бәсекелестік заманында бізге сергектік пен серпіліс керек. Тұңғыш Президентіміздің тың идеялары жаңа нәтижелі көкжиектерге бастайтын серпіліс. Ал жоғары оқу орындары қоғамдағы қоғамдық сананы жаңғыртудың қозғаушы күші болуы тиіс. Басты мақсат - түсіндіруден әрекетке көшу болмақ.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, білім беру, прагматизм, сана, қоғамдық сана.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы «Атамұра». 1999. 58б.
2. Өмірзақ Т., Сансызбай Ә. Қазақ тілі. 3 деңгей. Астана «Келешек-Пресс», 2006 ж. 224 б.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: Русский язык, 1990.

ТОЛЫМСЫЗДЫҚТЫҢ КОММУНИКАТИВТІК АСПЕКТІСІ: ДИАХРОНИЯ ЖӘНЕ СИНХРОНИЯ

**Әлімтаева Л.Т.
ҚазҰУ-дың Қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті м.а.**

Сөйлемді толымсыз етіп құру сөзді үнемді айтудың амалы.

Сөйлемді толымсыз етіп құру сөйлемнің грамматикалық құрылымына, контекске, сөйлеу жағдайына байланысты түрліше көрінеді [1, 62].

Толымсыз сөйлемдерді жіктеуде олардың мағына мазмұн толықтығы я формалды грамматикалық құрамының толықтығы ғана емес, сонымен бірге толымсыз сөйлемнің пайда болуындағы контекст пен ситуация факторы және қатыспай тұрған сөйлем мүшесінің синтаксистік қызметі ескерілуі тиіс [2, 11].

Қазіргі қазақ тілінде синтаксистік аспектіде аталмыш тілдік құбылысқа қатысты біраз басы ашылған мәселелер бар: толымсыздықтың тек екі құрамды сөйлемдермен шектелмей, бір құрамды сөйлемдерге де қатысты екендігі; сөйлем толымсыздығының тек бастауыш мүшенің қатысу қатыспауымен байланысты еместігі; тіл деңгейлерінің барлығынан дерлік орын алатын тілдесудегі коммуникативтік актыны жеңілдетуге бағытталған негізгі коммуникативтік талаптардың бірі үнемділікке қатысты басқа тілдік құбылыстармен атап айтқанда: ассимиляция, редукция, парцелляция, эллипсис, контаминация құбылыстарымен ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалды.

Құрылымдық тұрғыдан да, коммуникативтік қызмет тұрғысынан да біраз ғалымдардың зерттеу нысаны бола алды. Толымсыздықты айқындауда семантикалық толымдылық немесе грамматикалық толымдылықтың ескерілуі әлі де болса ғалымдар тарапынан әр түрлі ұғынылады.

Мақалада XI ғасырға тиесілі түркі тіліндегі («Құтадғу білік», «Диуани лұғат ит түрк») ескерткіштер тіліндегі толымсыздықтың көрінісіне тоқталуды жөн көрдік.

Ескерткіштер тілінде бір немесе бірнеше сөйлем мүшелері түсірілген толымсыз құрылымды сөйлемдердің мол қолданылғандығына көз жеткізуге болады. Оларды жай сөйлем құрамында да және құрмалас сөйлемнің бір компоненті қызметінде де кездестіреміз.

Құрмалас сөйлем құрамындағы толымсыз сөйлемдердің түсірілген, ықшамдалған мүшесін қалған компоненттердің мазмұнына қатысты немесе жеке сөздердің семантикасына байланысты анықтауға болады. Мұндай жағдайда мағыналық жүк толымсыз компонентке түсіп, оның құрамындағы мүшелердің өзектілігі артады. Көбіне екінші компонент толымсыз сөйлемдермен беріледі. Ең жиі түсірілетін мүше – бастауыш. *Исиг изулуг ол көр, қамузға сәууг. Облик его обаятелен, всеми любим* [3, 71.20]. (Оның жүзі сұлу, бәріне сүйкімді). *На эгу нәң ол бу ууут, эрга көрк. Какая хорошая вещь стыдливость, она является украшением человека* [3, 76.7]. (Ұят деген тамаша, адамның көркі). *Улуг иш, бу ишка эр оғрум кәрак. Очень высокая должность, для нее нужен избранный человек* [3, 78.19]. (Ұлық іс, бұл іске таңдаулы керек). Сонымен қатар деректерден түсіндірмелі мазмұнды құрмалас сөйлемдерде анафористік сөздердің де қатыстырылмауын байқауға болады. *Әлиг айды: әмди тиламиш ишим. Элик сказал: теперь /это то/ чего я желал* [3, 64.8]. (Әлиг айтты: енді /бұл/ қалаған ісім). *Кәчур сән: йарақлық сәниндин мәңар. Ты меня прости, /это/ от тебя самое лучшее для меня* [3, 108.14]. (Сен, кешір, маған жақсылық сенен).

Ескерткіштер тілінде әр түрлі бастауыштардың да түсірілуі кездеседі: Ыағы қылма сөзин, қылычы қылур. Не веди войну словами - /враг/ действует мечом [3, 64.28]. (Сөзінді қару қылма - /жаудың/ қылышы бар).

Бастауыштың түсірілуі қазіргі тілдегі коммуникативтік мақсаттардан алшақ еместігіне көз жеткізуге болады. Олар: ортақ бастауышты құрылым, алдыңғы сөйлемдерден субъектісі белгілі болған жағдайда, қайталаудан аулақ болу, стильдік өң беру, үнемділік, ықшамдылық субъектіні бейақтуалдандыру.

Баяндауышсыз толымсыз мүшелер бастауыштың, толықтауыштың, пысықтауыштың қатысуымен келеді. *Биш йарағында, сарт асығында. Работа /выполняется/ в подходящих /условиях/, /но/ купец /всегда думает/ о своей выгоде* [3. 20|10]. (Жұмыс кезегімен, сарт пайдасымен). *Барчын йамағы барчынқа, қарыш йамағы қарышқа. / Шелковая заплата на шелк, шерстяная заплата на шерсть/* [3. 35|22]. (Жібекке жібек жамау, жүнге жүннен жамау). *Көру бәрса тәкма ишинда хатар. Если взглянуть /пристальнее/, то в /каждом/ деле есть опасность* [3. 86|2]. (Мүқият қараса, барлық істе қатер). *Татығқа татығсыз сучугка ачығ, Ағышқа иниш ол, әдизка батығ. За приятным следует приятное, за сладким горькое, за подъемом спуск, за высотой низина* [3. 174|30]. (Жақсылықтан кейін жамандық, тәттіден кейін ащы, көтерілуден кейін құлдырау, биіктен кейін еңіс). *Бу аки билә эран қыймати. Достоинство человека /заключается/ в этих двух вещах* [3. 97|4]. (Адам қадірі осы екеуінде).

Контекстен берілген сөйлемдердегі түсірілген баяндауыштың мағынасы белгілі. Бірақ оны қосу сөйлемнің құрылым құрылысына да, стильдік бояуына да, прагматикасына да, айтушының коммуникативтік мақсатына да сай келмеуі мүмкін. Және оған қажеттілік те жоқ. *Бірінші сөйлемдегі жұмыс кезегімен, сарт пайдасымен* сөйлеміндегі баяндауыштың жүреді етістігі екені даусыз. Қолданыстағы *өзбек - өз ағам, сарт - садағам* мақалымен мағыналас. *Жібекке жібек құрақ, жүнге жүнді құрақ*

мысалындағы баяндауыштың *жарасар*, қазір қолданыстағы *пең теңімен*, *тезек қабымен* мақалымен үндес екенін аңғару қиын емес. *Жақсылықтан кейін жамандық, тәттіден кейін ашты, көтерілуден кейін құлдырау, биіктен кейін еңіс* мысалындағы баяндауыштың *болар* немесе *келеді* мағынасында екендігі белгілі. *Бір жамандықтың артынан жақсылық болатыны анық, дүние кезек, екі тәтті бір жерден табылмайды, жақсылық пен жамандық бір жүреді* мақалдарымен мағыналас. *Адам қадірі осы екеуінде* сөйлемнің *де* *болады* немесе *жатыр* етістіктері екендігін де аңғару қиын емес. *Мұқият қараса, барлық істе қатер* мақалы да *барлық істе қатер бар, қатерсіз іс болмас* мағынасында айтылған.

Кей кездері түсірілген баяндауыш тек контекстің көмегімен ғана емес *бар, қарак, бол, турур* көмекші сөздермен де айқындалады. Анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш мүшелері түсірілген сөйлемдер жоқтың қасы.

Көріп отырғанымыздай бұл мысалдар көбінесе мақал мәтел құрылымды болып келеді. Мақал-мәтелдер ұлттың танымынан дерек беретін паремиологиялық қорды құрайтындығы белгілі. Ғалымдар арасында тілдің негізгі қызметімен қатар этностың бейнесін, болмысын, танымын өз бойында сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қызметі - кумулятивтік қызмет осы ғасырлар бойы жинақталған сөздік қордағы салт дәстүрмен, халықтың танымымен тығыз байланыстағы тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер негізінде жүзеге асатындығы аз сөз болған жоқ. Жоғарыда талданған деректерден олардың көне түркілік дәуірмен ұштасып жатқандығына тағы да көз жеткізуге болады.

Негізінен қолданылған әдіс аналогия. Аналогия түрлі объектілер арасындағы, олардың белгілерінің, қасиеттерінің, қатынастарының арасындағы ұқсастықты атаймыз. Объектілер арасындағы ұқсастың пен айырмашылық оларды салыстыру кезінде айқындалады.

Сонда тіл құрамындағы алғаш рет зат ретінде танылған деректі-дерексіз ұғымдарға адамзат санына, сапасына, басқа қасиеттеріне, ұғымына сай салыстырғанда белгілі бір затқа не заттар тобына тән қасиет пен белгіні анығырақ білдіретін болады [4, 25].

Ескерткіштердегі үнемі адам үшін өзектілігі төмендемейтін жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық, дүние туралы болжамдар, адам үшін не құнды деген мәселелер, пәлсапалық ойлар қарама-қарсы құбылыстармен салыстырыла отырып сараланған. Бұл категориялардың саралануы қазіргі уақытта да түбегейлі басқа сипаты ала қойған жоқ. Ұлтқа тән құндылықтың, пайымдау нәтижелерінің өзгермегендігін аңғарамыз.

Профессор Ж. Жақыпов баяндауыштың түсірілуін актуалдануға кері құбылыс ретінде бейактуалдану деп, басқа мүшелердің өз қызметімен қатар түсірілген мүшенің де қызметін атқарып, логикалық айрықшалануымен, яғни логикалық актуалдануымен түсіндіреді [5]. Тіл білімінде сөйлемнің баяндауышының түсіріліп, толымсыз құрылымда келуін формалды грамматиканың еншісіне теліп, мұндай құрылымдар эллипсистенген сөйлемдер деп аталады деуші ғалымдар да жоқ емес. Дегенмен бұл типті

құрылымдардың контекстік және жағдаяттық деп саралануының өзі коммуникативтік грамматиканың нысаны екендігіне дәлел.

Қазіргі қазақ тілінде актуалды мүшеленуге байланысты баяндауыштардың түсірілуі жиі кездеседі. *Көзімізді ашнастан тақтайларды қайта құрастыра салып, қайта ұйықтап кетеміз. Сәбит /Т/ менен бұрынырақ /Р/ ұйықтап кетеді.* Осы сөйлемдегі тема *Сәбиттің ұйықтауы, рема менен бұрынырақ* деген тұрлаусыз мүшелерге жинақталған. Мұндай сөйлемдердің баяндауыштарын түсіріп айтса да, түсінікті болады. Соның нәтижесінде, ой үшін маңызы жоқ баяндауыш түсіріліп қолданылады да, тілімізде мынадай сөйлемдер кездеседі: психологиялық жағынан рема болып тұрған сөзді баяндауыш ретінде ұсынады: *Қой баласы /Т/ қозыдан /Р/. Әйелді /Т/ бастан /Р/, баланы /Т/ жастан /Р/. Барлық базарлық /Т/ балаларға /Р/. Егемендік игілігі /Т/ жастарға /Р/* [6, 14]. Жоғарыда ескерткіштер тіліндегі мысалдарда да осындай коммуникативтік мақсат көзделгендігі анық.

Синтаксистегі үнемдеу заңдылықтары толық бір хабарды саны жағынан шектеулі сөздер арқылы беру қабілетімен ерекшеленеді. Осының нәтижесінде шағын ғана тілдік элементтер жұмсалып, сөз саптауға және қабылдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, қарым-қатынас құралы ретіндегі тіл үнемдеу принципінің негізінде коммуникативтік мақсатты жүзеге асыратын әмбебап құрал ретінде танылады.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» демекші қазақ әрқашан шешен, аз сөзбен көп мағына беруге ұмтылса, тілдегі бұның көрінісі үнемділік. Мұндай үрдіс өз кезегінде қатысымды ұтымды құруға, лебіздің тыңдаушы тарапынан дұрыс қабылдануына ықпал етіп, толымсыздық хабардың жинақылығы мен жылдам жеткізілуінің құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р. Әмір, Ж. Әмірова. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 2003.
2. А. Бозбаева. Толымсыз сөйлем: құрылысы, синтаксистік жүйедегі орны. Автореферат, Алматы 2005ж.
3. Г. А. Абдурахманов. Исследование по старотюркскому синтаксису (XI век). Москва, 1967.
4. Д. Әлкебаева. Функция ұғымы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 2(148), 2014.
5. Ж. Жақыпов. Толымсызбен толықтыру. Қарағанды, 2010.
6. С. Аташев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі. Алматы, 1997.

Резюме

В статье рассматриваются неполные предложения в диахронном и синхронном аспекте.

М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

Ж.Қ. Балтабаева,
Абай атындағы ҚазҰПУ. п.ғ.д., профессор
Ж.Т. Беласарова
PhD доктор Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйіндеме: Тілдің морфологиялық құрылымын анықтау, сол тілдің қазіргі синхрониялық құрылымы мен оның тарихи дамуының морфонематикалық ерекшеліктерін зерделеумен де тығыз байланысты. Морфологиялық жүйе көптеген грамматикалық категориялардың, бір-біріне оппозицияда тұратын тұлғалардың жиынтығы. Мақалада профессор М. Томановтың еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы туралы сөз етіледі.

Тірек сөздер: қазақ тілінің тарихи грамматикасы, грамматикалық категория, морфология, түбір сөз, туынды сөз, аффиксация.

Summary: Morphological structure of each language structure directly connected with the investigation of the word structure and word composition of the word individual. And the determination of the morphological structure of the language means to identify the linguistic features of the language, inner content or meaning of the language, to define the main differentiation of the language while comparing it with other language. It is also closely connected with the modern synchronic structure of the language and to remember its morphonematical features in the historical development. Morphological system is the collection of some grammatical categories, individuals who are opposite to each other. It is spoken about the historical development of morphological individuals in the works of professor M. Tomanov in the article.

Key words: historical grammar of the Kazakh language, category of grammar, morphology, root word, derivative word, affixation.

Кіріспе. Морфологиялық құрылыстың негізгі мәселелерінің бірі – аффиксация. Өйткені түркі тілдері типологиялық жүйеленуі бойынша жалғамалылық топқа жатады. Кей ғалымдар тілдерді типологиялық жағынан агглютинативті, флективті, аморфты, полисинтетикалық тілдер жүйесі деп бөлуді толық дұрыс деп есептемейді. Мәселен Б. Сағындықұлы тілдердің тарихи дамуындағы морфологиялық және фонетикалық қалыптасуында агглютинативтік, флективтік, аморфтық, полисинтетикалық белгілер бір тілдің бойында болған деген пікірді білдіреді [1, 96].

Қалай десек те, тілдердің морфологиялық құрамындағы негізгі ерекшеліктер әр алуан болатыны анық, барлық тарихи деректер осыны көрсетеді, түркі тілдері өзге тілдермен салыстырғанда жалғамалылық сипатқа ие екенін ескермеу мүмкін емес. Өзге тілдердегі морфемалық тұлғалардың, түбірлер мен негіздердің түрленуімен немесе сөз тудырушы тұлғалардың сөзжасамдық сипатымен салыстырғанда, түркі тілдерінің өзгеруіндегі аффикстердің рөлі мен маңызы мол екенін аңғару қиын емес. Түркі тілдеріндегі аффикстердің қызметі сан түрлі және мағыналары кең де көлемді

болып келеді. Олардың әрқайсысының ішкі семантикалық заңдылығы, қалыптасу жолы мен өзіндік мағынасы, тұлғасы, орны, тіпті жалғану реті бар.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының өзге семьядағы тілдерден бұдан басқа да бірнеше өзгешеліктері бар. Айталық: үндіеуропа тілдерінде зат есімдер жанды (одушевленный) және жансыз (неодушевленный) құбылыстарды білдіруіне қарай әртүрлі грамматикалық категорияларға жіктелсе, түркі тілдерінде бұдан мүлде өзгеше. Түркі халықтарының дүниетанымына орай пайда болған бұл жүйеде адам баласының орны ерекше сипатта жоғары деңгейге қойылады. Зат есімдер тобына жататын сөздер адамзаттық және ғаламзаттық деп бөлінеді. Бұлай бөлу бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, біздіңше оның маңызы терең. Бұл мәселеге тек грамматикалық жүйеден ғана қарап қоймау керек. Мұның онтологиялық, когнитивтік терең мәні бар. Түптеп келгенде, адамзат пен ғаламзат деп екіге бөліп жіктеу түркі халықтарының адам баласына деген көзқарасын да танытса керек.

Түркі тілдерінде род категориясы жоқ. Ал өзге тілдерде мужской род және женский род, средний род деп бөлінетін категория бар. Түркі тілдерінде род категориясының болмауы әйел мен еркекке бөлмейді деген сөз емес, мұндай ұғымдар негізінен ұғымдар арқылы анықталып отырады. Бірақ категория ретінде қалыптаспаған. Мұның да өзіндік танымдық терең сыры бар деп түсінеміз. Тіл халық ойының, ұғымының көрінісі десек, род категориясының болмауын да осы бағытта түсіндіруге болады. Түркі халықтарының дүниетанымында, әсіресе қазақ халқында әйел мен ер адамды бірдей санау бар.

Негізгі бөлім

Түркі тілдерінің өзге тілдерден тағы бір екершелігі - тәуелдік жалғаулары мен тәуелдіктің өзіндік ерекше конструкциясының болуы. Септеу түрінің ішінде тәуелді септеудің болуы. Мұндай ерекшеліктердің қай-қайсысы болса да халық ұғымымен байланыстыра зерттелуі тиіс.

Түркі тілдеріндегі көптік жалғауы мен жекелік тұлғалардағы сөздерге жалғаулар өзгеріссіз, бірыңғай жалғанады.

Осы айтылғандарды жүйелер болсақ, онда түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының негізгі басты ерекшеліктерін М.Томанов былайша көрсетеді:

- Морфемалардың бір-бірінен жігі айқын ашылып тұратындығы.
- Түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан біршама дербес қолданылатындығы.
- Әрбір морфема көпшілік жағдайда сөз құрамында мотивті болып келіп, белгілі бір семантиканың иесі болып отыратындығы.[2, 80].

Грамматикалық құрылымның қай саласын алсақ та, оның негізгі зерттеу нысанының төркіні – сөзге келіп тіреледі. Сөз – ең негізгі, әрі мағыналы тілдік бірлік. Сөздің бір-бірімен жалғаулар арқылы байланысып, белгілі бір ойды білдіруі арқылы сөйлем жасалады. Сөз болмаса, сөйлем құралмайды. Сөз болмаса, жалғаулар мен жұрнақтар да қалыптаса алмайды. Яғни тарихи тұрғыда қосымшалардың қалыптасу, даму жүйесі мағыналы лексикалық

бірліктердің негізінде пайда болғаны түркітануда дәлелденген деп есептеуге болады.

Семантика-функциональдық белгілері жағынан сөз таптары қазақ тілінде 9 топқа бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу, одағай, көмекші сөздер.

Кейінгі кездерде жазылған ғылыми зерттеулерде бұған қосымша модаль сөздер оныншы сөз табы ретінде аталып жүргені белгілі. Мұндай ғылыми көзқарас профессор С. Исаевтың ғылыми зерттеулерінде келтірілген еді, кейін бұл ғылыми пікір Е. Жампейісов пен А.Б. Салқынбай еңбектерінде қолдауға ие болды.

Профессор М. Томанов зерттеулерінде бұрынғы бөлініс жүйесі сақталады, автор сөз таптарының барлығын емес, тек негізгі сөз таптарының даму жолын талдап қарастырады.

Берілетін деректердің ұқсас болғанына қарамастан, олардың әртүрлі ғылыми негізде берілуінің өзіндік ішкі теориялық сипаты бар деуге болар еді. Негізгі айырмашылық көмекші сөздердің бөлінуіне қатысты болып отыр. Бұл тұрғыдағы мәселеде түркі тілдерінің көпшілігінде өзгешеліктердің бар екенін аңғаруға болар еді.

Біздің пікірімізше, қазақ тіліндегі сөз таптарының бөлінісінің теориялық тұғыры мықты. Бірін-бірі қайталамайды. Айталық, послелог, частица, шылау сөздердің түп төркіні көмекші сөздерге барып тіреледі. Ал дыбыстық-бейнелік еліктеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздер арасында да айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болар еді.

Осы қайталаудың кездесетінін кезінде В.Г.Кондратьев те мойындаған сыңайлы. Ғалым “Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв.” атты еңбегінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі сөз таптарын талдай келе оларды семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілеріне қарай былайша жүйелеп береді:

Зат есім.	Етістік
Сын есім.	Үстеу
Сан есім.	Послелог
Есімдік.	Шылау
	Частица.

Одан кейін былай деп тұжырымдайды: “Одно и то же слово может в некоторых входить разные части речи. Слово входит одновременно в разные части речи в том случае, если оно, сохраняя целостность с лексико-семантической точки зрения входит в разные функциональные ряды, характеризующие разные части речи.” [3,24]. Мұндай көзқарас түркітануда кезінде біраз сыналған да еді .

Ф.Ганиев тіл біліміндегі сөз табына жіктелу мен сөйлем мүшелеріне бөлінудің негізгі принциптеріне тоқтала келіп, сөз таптарына бөлгенде, олардың сөйлемдегі қызметіне назар аударудың қажетсіздігін ескерткен еді. Бұндай пікірлер қазақ тіл білімінде де болғаны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының бөлінісі түркітанудағы және

жалпы тіл біліміндегі қабылданған ғылыми теорияларға жауап бере алады деп айтуға толық негіз бар.

Түркі тілдеріндегі есім түбірлердің категориялық сипаты біраз зерттелген сала деуге болады. Бұл мәселе жөнінде түркітанудағы А.Н.Кононовтың, Н.К.Дмитриевтің, Э.В.Севортянның, Н.А.Баскаковтың, А.М.Щербактың, Б.О.Орузбаеваның, Ә.Т.Қайдаровтың т.б. ғалымдардың еңбектерінен өзге түрік тілінде Г.Алекберлин мен Г.Р.Мирза-задениң “Учебник турецкого языка”, Ф.П.Гайдаровтың “Учебник турецкого языка”, С.Майзельдің “Учебник турецкого языка” т.б. еңбектері, Нуретдин Кочтың “Жаңа тіл білімі” (1996) атты зерттеу еңбегі түрік тіліндегі тілдік бірліктерді грамматикалық сипатта жаңа аспектіде зерттеуге бағытталған.

Сондай-ақ, С.У. Усмановтың “Қазіргі өзбек тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы”, А. Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің құрылымы мен есім сөз таптары” атты монографиялық еңбектері, Т.М.Гариповтың “Башкирское именное словообразование”, М.А.Хабичевтің “Именное словообразование и формирование в куманских языках”, Ы.Мамановтың “Қазіргі қазақ тілі”, А. Есенғұловтың “Көне түркі ескерткіштеріндегі қосымшалар”, С.И. Исавтың “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты”, Ә. Ибатовтың “Сөздің морфологиялық құрылымы” т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстары бар.

Түркі тілдеріндегі есім сөздердің де, етістік сөздердің де құрылымдық жүйесі өзге тілдермен салыстырғанда айқын болады. Кез келген түбір сөз бен туынды сөзді салыстырғанда, оның құрамындағы түбір мен қосымша арасындағы айырма бірден көзге көрініп тұрады. Бұрыннан белгілі сөздердің морфологиялық құрамы негізінен екі тілдік бірліктен тұрады: түбір тұлғалар мен қосымшалар. Олардың тұлғалық жағы мен семантикасында жалпы алғанда аса мол айырмашылық байқалмайды.

Бір буынды түбірлердің салыстырмалы-тарихи сипаты анықталады. Мысалы: аз-аз, ай-ай, аяқ-аяқ, ак-ак, ант-ант, ас-ас, ат-ат, аттау-аттау, адым-адым, ав-ау, адж-аш, баз-баз, бағы-бағы, бал-бал, бас-бас, бас-бас, бел-бел, без-без, бер-бір, беш-бес, бил-біл, бин-мың, боз-боз, бит-бит, бой-бой, бош-брс, бол-мол, бұл-бұл, бүл-бұл, геч-кеш, гүл-гүл, гер-кер, ген-кен, гир-кір, гер-кер, гөч-көш, гөк-көк, гүн-күн, гөл-көл, гөз-көз, гүч-күш, дак-дақ, дағ-тау т.б. сияқты бірдей түбірлерді көптеп көрсетуге болар еді.

Бұдан байқалатыны, қазақ тілінің қазіргі сипаттамалы жағдайында қолданылатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы мен тарихи тұлғалардың сипатында, лексикалық мағынасы, семантикалық жүйесі, тарихи түрдегі мағыналық құрылымында даму қалпы ортақ.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдар пікіріне назар аударсақ, осындай бір буынды түбірлердің жазба ескерткіштерде де осы қалпында, осындай мағынада кездесетінін байқауға болады.

Сөз құрамындағы грамматикалық тұлғалардың қандай ретіне орналасқаны, олардың құрылымының өзіндік даму және қалыптасу жүйесі туралы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Айталық, түркі тілдеріндегі сөздердің құрылым жүйесін кеңінен зерттеген ғалым Н.А.Баскаков

агглютинативті тілдердегі, соның ішіндегі әсіресе, түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің құрамында мынадай негізгі элементтер болатынын көрсетіп берген:

- Түбір;
- Түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық аффикстерден құралған бірінші негіз;
- Түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық және сөз түрлендіруші функциональды-грамматикалық аффикстерден құралған екінші негіз;
- Сөз түрлендіруші аффикстер.[4,354]

Байқап отырғанымыздай, бұдан тек қана лексикалық бірліктердің жалпы құрылымдық жүйесін ғана емес, олардың орналасуының да жүйелі көрінісін анықтауға болады.

Бұл тұрғысында профессор М. Томановтың ғылыми пікірі терең мән беруге тұрарлық. Ғалым түбірлер мен негіздердің арасынан үлкен тарихи байланыс көреді, оны зерттейді, тілдік деректермен дәлелдейді. “Бір буынды түбірлер аффиксацияның нәтижесінде көп буындыға (екі буынды, кейде үш буынды) айналып, кейін осының өзі тұрақты құбылысқа айналған. Қазіргі тілдегі екі буынды байырғы түбірлердің көбісі-ақ жай көздің өзіне де байырғы түбір мен қосымшаға ажырайды.”[5,115]. Дей тұрғанмен, ғалым қазіргі қазақ тілі тұрғысынан түбір ретінде танылып жүрген екі буынды негіздердің қалыптасуын беріде болған құбылыс ретінде танымайды. Ескерткіштердің тілін зерттеп, салыстыра келе, VIII ғасыр жазбаларында бір буынды түбірлермен қатар екі-үш буынды түбірлердің де белсенді қолданғанын анықтайды. Түркітанушы ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, “*ад (ат), ада (ата), сав (сөз), сөзле (сөйле), тап (табын), тапын (табын), ы (ағаш), ығаш (ағаш)*” сияқты сөздердің ортақтығы мен олардың бірбірімен тұлғалық және мағыналық, мазмұндық сәйкестігін көрсетеді.

М. Томанов мынадай тұжырым жасайды: “Сонымен, екі буынды түбірлердің қалыптасуы. Сөйтіп, түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, ОрхонЕнисей жазбалары дәуіріне дейінақ әбден орныққан құбылыс” – деп жазады.[5,116]

Ғалым түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде, олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді атайды:

1. Түбір құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер;
2. Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер.

Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер тілдің ежелгі тарихи дамуында болғандықтан, синхрониялық бағыттағы зерттеуде анықтала қоймайды, мұндай негіздердің құрамы бір бүтін болып, аффикстер түбірге толықтай сіңіп кеткендігі байқалады. Мұны тек этимологиялық тарихи тұрғыдан терең тексерудің нәтижесінде ғана анықтауға болар еді.

Мәселен, *үлес, үлестір, үлестіруші* тұлғаларының ортақ түбірі болып тұрған *үлес* сөзінің құрамы *үле* түбірі арқылы жасалғанын келтіреді. Әрбір ғылыми тұжырымына нақты тілдік дерктер келтіре отырып дәлелдейтін

ғалым, өлі түбірлердің құрамына сіңіп кеткен мына тұлғаларды анықтап, олардағы этимологиялық заңдылығын ажыратып көрсетеді.

- с қосымшасы;
- қа, ға, ке, ге қосымшасы;
- р, ыр, ір форманты;
- н қосымшасы;
- т қосымшасы;
- л қосымшасы;
- ы, і аффиксі;
- ра, ре тұлғасы;
- а, е қосымшасы.

Ғалым осы тұлғалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сөздердің даму жолдарын зерделейді. “Сонымен,- деп жазады М. Томанов, – түбірлердің дамуын оның тарихи өзгерісінен бөліп қарауға болмайды. Түбір сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістерді ескермей тұрып, оның даму ерекшеліктерін білу мүмкін емес” [5,134бет].

Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімінде жазылған теориялық еңбектердегі негізгі тұжырымдамаларымен іштей үндесіп, астасып жатады.

Қазақ тіл біліміндегі морфология саласын терең зерделеген, алғаш жүйелеген ғалымның бірі А.Ысқақов десек қателеспейміз. Ғалым түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы ең негізгі айырмашылық деп мыналарды көрсетеді: “Түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық, әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық, әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы мағына тек сөздің құрамында ғана тиянақты болып анықталады” [6,28]. Бұдан әрі морфемаларды да жүйелі құбылыс ретінде тани отырып, олардың жүйелілік құбылысын түбір мен қосымшалардың ара қатынастарынан да көруге болатынын айтады.

Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы және оның тарихы жайында ғылыми жұмыс жазған Ә.Т. Қайдаров “Структура односложных корней и основ в казахском языке“ атты ғылыми монографиясында көне түркі тілдеріндегі бір буынды сөздердің құрылымын анықтай келе, олардың қалыптасу және даму бағыты туралы мынадай ойлар айтады: “Консервация некогда самостоятельных односложных корней-основ в структуре производных образований – результат весьма длительного исторического процесса развития морфологической структуры тюркских языков. Причины превращения этих элементов в неразложимое целое с точки зрения сегодняшнего нашего представления при желании могут быть найдены и объяснены различными методами структурного анализа” [7,106].

Автордың пікірінше, сөздің құрылымына талдау жасау үшін, негізгі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оған жоғары мән берілуі тиіс. Сондай-ақ, бір буынды түбірлер тұлғалық және мағыналық жағынан қандай болып дамыса да, оның әуелгі мағыналық сипаты сақталады. Ә. Қайдаровтың өз сөзін келтірер болсақ, ғалым ойын былай қорытындылайды: “Таким образом, корневая морфема,

будь она самостоятельной или мертвой, никогда не порывает семантическую связь с производными от нее основами, а последние в свою очередь сохраняют идущие от нее семантику. Именно поэтому при помощи самостоятельных корневых морфем мы можем при необходимости уточнять значения производных слов, и наоборот, с помощью последних – определять и реконструировать семантику мертвых корней” [7, 116].

Жоғарыдағы ойлар кейін қазақ ғалымдарының еңбегінде одан әрі жетілдірілді деуге болар еді. Айталық түбір сөздің мағынасының семантикалық сипатта кейін дамитынын, оның ешқашан жоғалып кетпей, жаңа туынды сөздің перифериялық өрісінде сақталып қалатынын профессор А.Б.Салқынбай еңбектерінен оқимыз. Тарихи сөзжасам мәселеріне қазақ тіл білімінде алғаш қалам тартқан ғалым сөз мағынасы туралы мынадай тұжырымды ойларын айтады: Сөздердің мағыналарының тарамдалып, тұлғалық өзгерістерге түсуіне байланысты алғашқы мағына жіктеледі, өзгеріске түседі. Генетика-семантикалық код арқылы олардың түпкі ортақ тегін айқындап, мағыналық және тұлғалық даму жүйесінің тізбегін көрсетуге болады”. [8, 54].

Автор бұдан әрі генетика-семантикалық код туралы жаңа ғылыми теория ұсынады да, бірдей тұлғадағы сөз мағыналарының бір-бірімен тектес, сабақтас, жақын болатынын тілге тиек ете отырып, осы мағыналық жүйе негізінде сөз мағынасының дамуын анықтауға болатынын жазады.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеген ғалымдардың бірі А.М. Щербак болды. Түркі тілдеріндегі есімдердің, етістіктің, үстеу мен бейнелеуіш сөздердің салыстырмалы жүйесін жазған ғалым былай деп жазады: “В любом тюркском слове наблюдается строгое бинарное распределение входящих в него структурных элементов: слева – корневая морфема..., справа – аффиксальные морфемы.” [9,21]. Сөйтіп автор түркі тілдеріндегі әуелгі түбір сөздің келетінін одан кейін зат есім мен етістік формаларының жалғануының өзіндік ішкі заңдылығы мен реті болатындығын көрсетіп береді. Шынында да, айталық зат есімнің түбірінен кейін, ең алдымен, көптік жалғау, содан кейін тәуелдік жалғау мен септік жалғаулар келетіні бұрыннан белгілі. Бұл заңдылық қазақ тіліне де, өзге түркі тілдеріне де тән құбылыс ретінде бағаланады. Осындай ерекшеліктер барлық жазба ескерткіштерге де тән. Көне түркі жазбаларының тілінде де қосымша морфемалар түбірден кейін, өз ретімен жалғана береді.

Қорытынды:

Профессор М. Томанов еңбектерінде сөз таптарының тарихы:

- есім сөз таптарының дамуы;
- етістік категорияларының дамуы

деп екіге бөлініп беріледі.

“Сөздердің грамматикалық кластарға жіктелуі сөйлем ішіндегі мәні мен қызметіне байланысты болған құбылыс” деп таныған ғалым, атаудың мән-мағынасы мен қызметіне ерекше көңіл бөледі.

Атақты Маррдың шәкірті болған И.И. Мещаниновтың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, сөздің сөйлемдегі қызметінің ерекшелігіне

катысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялайды. Ол мақалалар сол кезеңдегі түркітанудағы басты басылым болып есептелетін “Советская тюркология” журналында жарияланады. “Принципы построения исторической грамматики казахского языка” деп аталған бұл мақалада ғалым қазақ тілінің диахрониялық және синхрониялық жүйесінде қазіргі кездегі негізгі жеті заңдылықты анықтайды. Мұндағы басты принцип ретінде тілдің жүйелілігі, бір-бірімен байланысы басты назарда болады. “Понятие системности в исторической изучении языка предполагает взаимодействие различных сторон языковой структуры: фонетика связана с морфологией, а морфология с синтаксисом, лексика – с морфологией и синтаксисом” [580бет].

Ғалым еңбегінің басты құндылығының бірі – қазақ тіліндегі есім және етістік негіздердің грамматикалық дамуын жүйелі түрде зерттеуі екені анық нәрсе. Морфемалар тіліміздің құрылыс материалдары сияқты. Ондағы түбірлер мен негіздер, туынды сөздер т.б. тіл бірліктері ішкі жүйені құрайды. Демек, морфологияны зерттеу – тілдік жүйенің негізін, құрылысын зерттеу деген сөз. Осы реттен қарағанда, М. Томановтың қазақ тілінің тарихи морфологиясын зерттеуінің ғылыми теориялық мәні ерекше.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 2005.
2. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.– Алматы, Қазақ университеті, 1992.
3. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. 1981
4. Баскаков.Н.А. Морфологическая структура слова и части речи в тюркских языках. Баку, 1970. Советская тюркология.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.– Алматы, Мектеп баспасы, 1988.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, Ғылым, 1993.
7. Қайдаров Ә.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, Наука, 1986.
8. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы, Қазақ университеті, 1999.
9. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., Наука, 1977.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

А.Н. Дәулетова

Х. Досмұхамедұлы Атындағы Атырау
Мемлекеттік Университеті

Қожа Ахмет Иассауидің ислам дінінің қазақ арасында кең тарауына үлкен үлес қосқандығы баршамызға мәлім. Ақын өзі: «Менің хикметтерім оқып, ұққанға бар мағынасы құран» деп айтқандай «Даналық кітабы» бүгінгі таңда адамға рухани байлық сыйлатын алтын қазына. Ақын хикметтерін оқи отырып, адам шүкіршілікке, қанағатшылдыққа, әділдікке, адалдыққа, құмарлығын тыюға, көп нәрсеге шектеу қоюға, жалпы өзін - өзі қайта тәрбиелеуге тырысады. Бұл сөзімізге ақын хикметтері куә.

Ахмет Иассауидің «Диуани хикмет» атты екі әлемнің мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді яғни адами құндылықтарды жырлауға арналған. Хикметтерінде адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық сынды құндылықтар әңгімеленеді.

Ахмет Иассауидің «Диуани хикметін» адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін құдыретті күш, бағдарлама деуге болады. Ақын әр адамның қадыр-қасиетін, өмірдегі орнын, оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты болып келеді. Адам бойындағы имандылықтың ең басты көрінісі - мейірімді, кешірімді, өзгелерге жан ашырлықпен қарау болып табылады:

Қайда жүрсең көңілі жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді сыпайы болғыл
Махшар күні тәңірге жақын болғыл,
Менменсіген халайықтан қаштым, міне [1,19]

Бұл өлең жолдарынан ақын адамдарды мүсәпір көрген жағдайда қол ұшын беріп, көмек көрсетуге, сыпайы болуға шақырады. О дүниеде жаза күніне (Махшар) жиналған кезде Аллаға бір қадам жақын болу керектігін ескертеді. Сол себепті игі істерді көбірек жасауға насихаттайды. Сондай - ақ:

Жетімді көрсеңіз жәбірлемеңіз,
Ғаріпті көрсеңіз әмірлемеңіз! [1,94]

немесе:

Пақыр мен жетім болсын шат шадыман,
Мойныңда тұзақ, ғазиз жаның болса құрбан.
Туыс тапсаң, жан тәніңмен қылғыл мейман,
Хақтан естіп, бұл сөздерді айттым міне [1,19]

Ақын ғаріп, пақыр, жетімдердің қол созып, мұқтажсыздарды өзінен аулақ ұстайтынын ашық айтады.

Жалпы панасыз, әлсіз, жетім-жесірлерге жәрдем көрсету орнына қиянат көрсетуші топас топтарды адам жолына да, құдай жолына да қарсы харам жандар деп, оларды ол дүниеде де, бұл дүниеде де ешкім қостамайтындығын ескертеді. Қолдан келсе, халқына әділ бол, жаныңды оған құрбан қыл. Қолыңдағы барды жоқ-жітіктен аяма, жомарт бол. Нағыз түзу жол осы дейді ақын хикметтері.

Ақын хикметтерінде арамнан мал жинаған әкімдерді адамгершілікке, ізгі іске шақырады, себебі Адам неғұрлым нәпсіқұмарлыққа берілген сайын оның көңілі қарайып, адамдық келбетінен айырылады:

Дүние мендік дегендер,
Жаһан малын жиғандар.
Керкес құстай болумен
Ол қарамға батарлар [2,86]

Қазы, имам болғандар,
Нахақ дұға қылғандар,
Есек сияқты болумен
Жүк астында қаларлар [2,87]

Осы жолдарда ақын дүниеге көзі тоймағандар иманын сатқандар деп, оларды тойымсыз құзғын құсқа теңейді. Жалпы ақын хикметтерінде тек қана Аллаға адал ниетпен құлшылық еткен құлдары ғана жұмаққа бармақ делінген. Адал ниетпен құлшылық ету деген сөздің астарында әділ болу, жомарт болу, сыпайы болу, барына қанағат ету, дүниеге қызықпау, адамдарға қол ұшын беру, ешкімнің ала жібін аттамау, парақор болмау жалпы айтқанда түзу жолмен жүріп, аллаға құлшылық ету.

Ақын адам бойындағы адамгершілік қасиеттерінің азайып бара жатқандығын айтады. Адамдарды сабырлыққа, шүкіршілікке, қанағатқа шақырады. Ақынның айтқысы келгені Алланың алдында хан да бір, қара да бір екендігі бәрімізге мәлім. Сонымен қатар ақын хикметтерінде тәкаппарларға да тоқтам айтады:

Тасынғандар тартып тамұқ жазасын,
Тәкаппарлар тозақта әлі қақталар [3,110]

немесе:

Тәкаппар тонын кидірген нәпсіһауа емес пе?
Сараңдық үйіне үйілткен, жақсы-жаман сөйлеткен,
Қатыгездікке салғызған нәпсіһауа емес пе?
Менмендік атын міндірген, жаман жазық қылдырған,
Ұлы қиғуға қойдырған нәпсіһауа емес пе? [3,1]

Бұл өлең жолдарында ақын тоң киген, қорбиған адамның жан-жағына көз салмай, аяқ астын аңдымай, алшаң басқан тәкаппарлығын көзбен көргендей суреттейді. Ал сараңдық үйі дегенде, мақсаты тек дүниемен өлшеніп, дүниемен белгіленген шектеулі шекара ішіндегі сараңдық барына қанағат тұтпай, мал-мүлкін асты-үстіне түскен тойымсыздығы, байлық үстіне байлық үйе бермек күйбең тіршілігі тітіркендіреді. Тек «өзім» деген өркөкірек кеудені менсінбес, жоғарыдан төмен қараған ахуалын аңғарамыз. Бір кездері

ақын жырға қосқан тәкаппарлық, сарандық, арамдық, нәпсіқұмарлық, ашкөздік, тойымсыздық, дүниеқорлық қазіргі күні біздің қоғамымызда да баршылық. Мұның барлығына шектеу қою үшін ақын хикметтерінде жырлағандай адам өзінен, имандылықтан бастау керек. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты болып келеді. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлығына ғана тән адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш екені мәлім. Мына жалған дүниеде ақ пен қараны, оң мен солды танытатын әрбір пенденің құдай алдындағы парыздарын ұмыттырмай отыратын, адамды ізгі істерге бастайтын аса құдыретті күш - имандылық.

Ақын «Диуани хикмет» шығармасы арқылы адамзатқа ақыл, өсиет айта отырып, үлгі, өнеге көрсетуге шақырған. Бұл хикметінде ақын адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды. Ал дүние, мал, дәреже үшін, би-бек болып, дүниеқорлыққа салынса, оның махаббаты құдайға емес, мал-мүлікке ауған деген. Ондайлар надан, пасық жандар. Шын иманды адам болсаң, елге шапағат тигіз. Жетім-жесірге көңіл бөл, дүниеқор, безбүйрек ешкімге жүрегі жылымайтын адамдардан өзін алыс ұстауды ақын үнемі ескертеді. Мұндайларға ерген адам өз бойындағы бар игі қасиеттерден айырылатындығын ескертеді.

Жалпы ақын хикметтері діни сопылық қағидалармен қатар оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махаббатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттап, жаман нәрселерден бойын алыс ұстауға шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. – Алматы, Арыс, 2001.
2. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). (Дайын. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи). – Алматы, Мұраттас, 1993.
3. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. Халықаралық Абай клубы. – Жидебай, 2009.

ҰЛТ МҰРАТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫЛЫҚ

Айнұр Қанбаева
Ақтөбе ауылшаруашылық
колледжінің оқытушысы

Тарихтың ойлы-қырлы беттерінде халық жүрегінде сақталып, жадында жатталып қалатын есімдер болады. Ал менің осы жұмысты жазуыма және рухани сана-сезімімнің қалыптасуына айрықша әсер еткен тұлға - Ахмет Байтұрсынұлы. Мен осы Ахмет Байтұрсынұлын пір тұтамын. «Қайтсем халқыма пайдамды тигіземін, қалай ғана ұйқысынан оятамын, қайтсем қара халықтың көзін ашамын» – деген мақсатты ойларын үнемі жадымда

сақтаймын. Абай атамыз «Болмасаң да, ұқсап бақ»-дегендей, мен де туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен, шығармаларымен қаруланып, жігерленіп, оның ізін жалғастырып, қазақ халқының дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру үшін және руханиятын кеңейту мақсатында осы тақырыпты тандап алдым. Ол бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған, қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

Осы еңбегімде Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ елінің тарихындағы мәдениетін, өркениетін дамытуға қосқан үлесін ашып көрсетуге, қазақ халқы, ұлты үшін еткен еңбектеріне шолу жасауға тырыстым. Ахмет Байтұрсынұлы туралы өздерінің еңбектерінде К. Нұрпейісов, М. Қозыбаев, К. Көшербаев, Ө. Айтбайұлы, Т. Омарбеков. Ә. Нысанбаев т.б жазады. Осы жұмысты жазу барысында Ахмет Байтұрсынұлының өзінің еңбектерін негізге ала отырып, «Ақжол», «Тіл тағылымы» т.б. еңбектері мен шығармаларын пайдаландым.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, ақын, аудармашы, педагог-ағартушы, публицист, қоғам қайраткері, лингвист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

ХХ ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасын ұйқы басып, елдігінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады. Сол тұстағы қазақ қоғамында өткенді аңдап, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы үш мәселеден бастау алады. Жер-ата-қоныс ғасырлар бойы сыртқы даудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі, одан айырылу ел ретіндегі тарихтың сахынасынан кетумен тең еді. Оқу – ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі нәр алмау халық ретіндегі сан ғасырлық салт-сананың жиынтық болмысынан айырылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оярудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреу еді. Ал патшалық отаршылдық саясаттың қыспағынан бірліктен айырылған, өзін-өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолына ығысып, құлдықтың құрдымына қарай жол тартқан болатын. Міне, осынау жойылудың осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды [1].

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесепаттарды өңменінен түйрейді. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты.

1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» – Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы... Халық тағдырына жаны күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі.[2]

Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, кертартпалық, отаршылдық, қазақ халқының тілі, діні, ділі. Осы надан, қараңғы, ұйқыда жатқан халықты маса болып ызындап шағып оятуға бар күш-жігерін жұмсайды.

«Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қазіргі біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлтым-арым, халқым-жаным» деп өткен осындай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек. Қазақ интеллигенциясының Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов т.б. дара тұлғаларының саяси өмір сахнасына шығуы Қазақстанда қоғамдық-саяси, мәдени ойдың дамып, нығаюына елеулі үлес қосты. Олар қазақ даласында тұңғыш дербес саяси партия «Алаш» партиясын құрды. Бұл партия халықтың алдыңғы қатарлы бөлігінің көзқарасын білдірді. Негізінен ағартушылық, саяси оқиғаларды және олардың халық өміріне әсерін түсіндіру жұмыстарына баса көңіл бөлді.

“Алаш” туының астында

Куә болсын Арымыз!

Көркейтуге Алашты

Құрбандық біздің жанымыз!

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп С.Торайғыров өткен ғасырдың басында “Алаш” қозғалысы жайлы тебірене жырлап, тек жеке басының пікірін ғана емес, сол кездегі қазақ қоғамының көңіл-күйін білдірді. Тарих бетін парақтасақ, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын. А. Байтұрсынұлы осы «Алаш» партиясы басшыларының әрі көсемінің бірі болды, Қазақ АКСР-ін құруға елеулі үлес қосты. Қазақ АКСР-і құрылған соң үкімет құрамына кіріп, оқу-ағарту халық комиссары болып жұмыс істеді. А. Байтұрсынұлы тілтану мен әдебиет зерттеу жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Қазақ жазуына реформа жүргізудің қағидаларын белгілеп, бірінші қазақ әліппесінің авторы атанды. Қазақ жазуына реформа жасаудың ол ұсынған жобасы прогресшіл зиялылардың арасында қолдау тауып, 1924 жылы ресми түрде қабылданды. 1929 жылы ешбір негізсіз тұтқындалып, түрмеде отырды, соңынан Архангельскіге жер аударылды. 1934 жылы М. Горький мен оның әйелі Е. П. Пешковалардың араласуымен, Халықаралық Қызыл Крест ұйымының көмегімен босатылды. Алаш қозғалысының көсемі ретінде “халық жауы” деп атылған А.Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1937 жылы тұтқындалып, ату жазасына бұйырылды. 1988 жылы ақталды.

Қостанайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Мемлекеттік университеттің бастамасы бойынша (сол кездегі ректоры марқұм Зұлқайнар Алдамжаров)

Ахаң күндері өтті. Қостанайдың ең мәртебелі көшелерінің біріндегі «Советская» деген сөз алынып тасталып, «Ахмет Байтұрсынұлы көшесі» деген сөз салтанатты түрде шегеленді. Бұрынғы облыстық атқару комитеті ғимараты алдындағы алаңда тұрған бір ғасырдай сананы билеп, өзіне жарты әлемді бас идіріп келген Лениннің мүсіні тұғырынан алынып, орнына Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылатындығы жазылған белгі тас қойылды (кейін ескерткіші орнатылды) [3].

Осындай ел игілігі үшін күрескен ірі тұлғаны тарих та, халқы да ешқашан ұмытпайды. «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазір де өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. -Алматы: «Арда» 2007. 39 б.
2. Мағыпарұлы С., Сыдықов Т.Қазақ әдебиеті -Алматы: «Фолиант» баспасы, 2011. 95 б.
3. Тілешов Е., Әріпбекова Г. Алаштың ардағы. -Астана: Зерде, 2008. Интернет желісі.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР - ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ӨЗЕГІН САҚТАУШЫ

**Кушкимбаева А.С.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті, PhD**

Аннотация

В статье рассматривается использование и особенности устаревших слов в драматических произведениях М. Ауэзова, с антропологической позиции, отличающейся глубоким проникновением в национальный менталитет. Язык и национальная психология являются весьма важными для постижения национального бытия и мировоззрения казахского народа, которые представляют собой национальные культурные ценности.

Abstract

The article considers the use and features of ancient words in M. Auezov's dramatic works from anthropological position which differs by deep penetration into national mentality. Language and national psychology - are national and cultural

value. Also, they are very important for comprehension of national existence and worldview of Kazakh people.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді, – деп жазады Президент. – Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр» [1]. Әлемдік өркениет көшінде әрбір ұлт өзінің барлық құндылықтарын, әсіресе тіл деген ұлы байлығын шама келгенше қорғап, сақтап жолында.

Ұлттық сананың қалыптасу жолында, өткен тарих көшіндегі өнеге-ғибраттарды сақтау арқылы біз қазіргі аласапыран заманда ұлттық тілімізді қорғай аламыз.

«Сөздің ерен ұстасы» деген баға алған М. Әуезов – әр шығармасының тіліне аса жоғары талап қойып, сол биіктерден өзін жарқырата көрсеткен суреткер. Академик З. Қабдолов М. Әуезов туралы, оның шығармаларының тілі туралы: «...бүтін бір мектеп боларлық шұрайлы тіл», – деуі бекер емес. Жазушы шығармасын зерттеген көптеген ғалымдар, мейлі олар әдебиетшілер болсын, мейлі тілшілер болсын, шығармаларының тіл байлығына, ойының байлығына соқпай кеткені жоқ. М. Әуезов тіл өнерін жоғары бағалаған, сондықтан да, өзі айтқандай, «қиын жанр, ең жауапты жанр – драма жанрының» жазылуына ең жоғары талап қойып отырған. Міне, сол себепті «Пьеса ішінде сөз кеміп, іс молайсын» [2] деген ұстанымды басшылыққа алады.

М. Әуезовті тілдік тұлға ретінде танытатын қыры драмалық шығармаларында айқын көрініс тапқан. Заңғар жазушының пьесаларында поэтиканың басым болуы, іс-әрекеттердің мол болуы, сөздің аз да болса, саз болып, нақтыланып берілу шеберлігіне ерекше назар аударғанына куә боламыз.

Драматург пьесаларының он сегізі қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы жайлы жазылған. Әрине, сондықтан да оның пьесаларында халқымыздың байырғы сөздерінің қолданылуы заңды. Халық әдебиетінде, фольклорда түр жағынан драматургияға жақын нұсқалар көп. Батырлар жырында толғау көп. Салт өлеңдері, беташар, сыңсу, жар-жар, жоқтаулар түрі, мазмұны жағынан драмалық шығармалармен сарындас. XX ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды [3]. Осы байлықты игерген М. Әуезовтің халық әдебиетінен нәр алғаны белгілі. Қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындары драмаға енгізілді. Суреткердің драмаларында жанрлық орамалар түгел қамтылған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар.

М. Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қосқанда, 50-ден асады. Ал енді автордың сөз қолданысы жайына келер болсақ, барлық 50 мыңнан асқан сөз қолданыстың

жартысынан көбі, яғни 27962-сі тіліміздегі байырғы сөздерге жатады [4, 52-53 б.]. Жазушы пьесаларындағы байырғы сөздердің кеңінен жұмсалуды тіліміздің шұрайлы, құнарлы болғандығынан деп білеміз.

Байырғы сөздерге көнерген сөздер жататыныны белгілі. Көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады:

1. әбден ұмытылып, қолданыстан шығып қалған сөздер;
2. түбір қалпында жеке айтылмағанмен, туынды түбір сөздің құрамында сақталып қалған сөздер;
3. жеке сөз ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, әлі де мақал-мәтелдердің, фразеологиялық тіркестердің құрамында қолданылып жүрген көнерген сөздер [4].

М. Әуезов драмаларындағы кейіпкер тіліндегі байырғы сөздер осы үш топқа бірдей сай келеді. Тілдегі негізгі сөздік қорға жататын және оның негізін құрайтын байырғы сөздер тілдің негізгі байлығы саналады, сондықтан жазушының оны кеңінен жұмсауының себебі түсінікті. Сондай-ақ қазіргі кезде көп қолданылмайтын көне сөздерді соңғы кезде қолданылып жүрген нұсқасымен қатар беріп, тыңдарманын сөз мағынасымен хабардар етіп отыруы да баяншының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мысалы, *Нұрқан. Е, соған ұқсағандар аз деймісің? Мына көрші болыстар: Қарабұжыр, Көксуда да осындай ылаң басталыпты дейді. Береке, бірлік десе қандай табылмас еді. Әрекеге шұрқырасып, табысып жатқандарын көрмеймісің?*

Әреке мен **береке** сөзі бір-біріне антонимдік қатынастағы сөздер. Осындағы *әреке* сөзіне түсіндірме сөздікте «бүлік, лаң» деген түсінік берілген [5]. Автор мәтінде *ылаң* сөзін *әреке* сөзінен бұрын беріп, оқырманын ұғымнан алдын ала хабардар етеді.

Қазір көп қолданылмайтын сөздердің қатарында *қар* сөзін де атауға болады:

Қар. Көклан: *Тоқта былай, тұр әрі,*

Қайда, қайда барасың?

Қайырыла кет артыңа...

Не деп тұр, сірә, мына қар» (Әуезов М. Шығ. жинағы, 11 б.)

Көбікті: *Көремісің мынаны?*

Көреген көзім кім еді?

Сақ құлағым кім еді?

Көрер ме қар көздерің? (Әуезов М. Шығ. жинағы, 11 б.)

Теміршот: *Оттама, қар неме!* (Әуезов М. Шығ. жинағы, 10 б.)

Осындағы *қар* сөзінің мағынасы қазіргі қолданыста кездеспейді. *Қар* сөзі «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде»: «1. Атырау, Маңғыстау өңірлерінде, қар – шаңырақ, шеңбер. 2. Орда, Орал өңірінде, қар – қаһар (бетті қару)» түрінде сипатталған [6].

Ал жоғарыдағы мысалдардағы *қар* сөзінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былайша берілген: «Қар ир. сын 1. Жеңіл мінезді, суық жүрісті, жез өкше әйел» [7]. Яғни бұл сөз тілімізге иран (парсы) тілінен енген. М. Әуезов «Қобыланды батыр» драмасында *қар* сөзін жиі қолданған:

Алшағыр. *Сенен асар Қаңқайдың*
Қай қызының тойы
Күң қатын қып қор қылып,
Бірсімбай алсын мынаны!
Қарлығаш. *Тарт қолыңды қасиетті басымнан,*
Зарламаймын, садаға кет жасымнан.
Қара басса Қарлығаш,
Қатын болмас, қар болар...
Қай мінезім жағып ед,
Жау бәріне жар болар?! (Әуезов М. Шығ. жинағы, 12 б.).

Қар сөзі «күң», «күл», «арам» секілді кемсіту, төмендету мағыналарын бергенге ұқсайды. Қар сөзі ертеден келе жатқан халық тіркестерінде, қос сөздердің құрамында да ұшырасып отырады. Мысалы, *қу қар* тіркесі. Осы тіркестегі *қу* сөзінің мағынасы туралы «қу – ақ, боз, боп-боз болып семіп жүрген кісіні қазақ құп-қу боп жүдепті дейді» сияқты пікір бар [7, 527 б.]. Яғни *қу* сөзі «азып-тозу», «қуару» – «өлу» (қуарып қалды) мағынасын да білдіре алады. *Қу қар* тіркесі қарғыс мәнінде айтылады. *Қар* сөзінің жағымсыз эмоцияны білдіретіні белгілі болды. Бұл сөз сондай-ақ тілімізде «ұры-қары» қос сөзінде, «қасқиған қардан туады, салпиған нардан туады», «жаман адам жақсы болмас, қанша қыдыр дарыса да, жақсы адам жаман болмас, қанша тұрып қарыса да» тіркестерінде кезігеді [7, 527 б.].

Қоғамдық сана жаңғырған сайын тіліміз де түрлене түседі. Соның нәтижесінде ескі сөздер ұмытылып, өз мағыналарын жоғалтып, жаңа мағыналық сипатқа ие болып жатады. Яғни сөз мағынасының актив қатардан пассив қатарға өтуі оның мағынасының тарылуына байланысты. Бірқатар сөздер байырғы мағынасынан алшақтағанымен, қазіргі тілімізде жаңа мағыналық сипатта кең қолданыс тапқан. Жазушының өзіне ғана тән сөз тіркесіне «*Кеден кеден* болды, *кедергі* неден болды?» жатқызуға болады. Мұндағы *кеден* сөзі қазіргі тілімізде «таможня» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр. Енді осы *кеден* сөзінің мағынасына зер салсақ, түркі тіліндегі *тамға*, *таңба* деген сөзден шыққан, сонда бұл жердегі *кеден* деген сөз *кедергі* сөзінің синонимі ретінде алынған деуге болады. Себебі «таможня» сөзінің баламасы ретіндегі *кеден*нің негізгі мағынасы заттардың, адамдардың, көліктердің өтіп кетуіне *кедергі* жасау дегенді білдіреді.

Суреткер драмаларында *аламан* сөзі жиі қолданылады:

Амандыққа сәні жоқ
Қалғанға да күн қараң,
Ноғайлыны шауыпты.
Кесескені қыпшақ дейді
Жаланып кепті ит қазан,
Аттан, тұрма, тез қолдан,
Тарт ілгері, Аламан (Әуезов М. Шығ. жинағы, 181 б.).
«Аламан! Аламан!
Жеңілді жсау, Аламан» (Әуезов М. Шығ. жинағы, 195 б.).

Академик Р. Сыздық *аламан* сөзінің мағынасын «жауынгер, әскер, батыр» деп көрсетеді [8]. Осы сөздің негізгі мағынасы – «жиын, топ». Жиын, топ, көптің бірігуі бірте-бірте «үлкен» мағынасына ауысқан. О баста *аламан* сөзі әскерге қатысты, соғысқа байланысты сөз болғанында күмән жоқ. *Аламан* сөзі Доспамбет жырларындағы:

Тебінгінің астынан

Ала балта суырысып

Тепсініп келгенде..., –

деп келетін өлең жолдарындағы *ала балта* тіркесімен түбірлес. Этимологиялық сөздікте де осылай жазылады, бұл сөздің шығу төркіні жайлы С. Аманжолов *бан* немесе *ман* тұлғасын Аристовтың «жер», «ел» деген сөз деп жобалайтынын көрсете отырып, мұның түбірі «ал» етістігі болуы керек деген пікірді қуаттайды. М. Қашқари бұл сөздің «тектес, тәрізді, сияқты» (парсыша) деген мағынаны білдіретінін айтады. С. Аманжолов араб тілінен енген **-ман** аффиксі әу баста «адам» мағынасында қолданылып, кейін жұрнаққа айналған болуы керек екенін ескертеді. Бұған мысал ретінде *шабарман*, *аламан* (*аларман*) сөздерін келтіреді [9]. І. Кеңесбаев «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп»; «алты аласым, бес бересім жоқ» деген фразалардағы *аларман*, *берермен*, *аласы*, *бересі* сөздерінің түбірі ертеден келе жатқан *ал*, *бер* етістіктері екендігін айтады [10]. Чуваш тілінде *ал*, *ала қол* деген қолданыстар бар. *Қол* сөзі «әскер» ұғымын білдіретіні мәлім. Сол себепті *аламан* сөзі *ал* немесе *ала* – «қол» (әскер) мағынасындағы екі сөзден құралған күрделі сөз деп топшылауға болады [11]. Түсіндірме сөздікте *аламан* сөзі былайша сипатталған: «Аламан I зат. көне. а) Көпшілік, бұқара. *Аламанға жел бердік, аса жұртты меңгердік.* ә) Әскер, қарулы топ. *Аламан болып, мылтық асынудан өзге қолдан келері аз.* Аламан II: Аламан бәйге. Ат 100 шақырым қашықтыққа дейін шабатын бәйге. Аламан-тасыр а) алды-артына қарамайтын тасыр-тұсыр. Аламан III зат. зоол. Егіске үлкен зиян келтіретін ұсақ кеміргіштер тобына жататын тышқанның түрі. Аламан құлақ. Үлкен құлақ. Аламан IV зат. Бүркіттің ақиығы, алғыр тұқымы» [7].

Сонымен қатар *аламан асыр*, *аламандан*, *аламандық*, *аламаниша* деген сөздерге де түсінік берілген [7]. Оның бәрін тізіп жатуды жөн көрмедік. М. Әуезов қолданысындағы *аламан* сөзінің синергетикасы аса жағымды, халыққа жеңістің келгенін, яғни жаудың жеңілгенін паш ету мақсатында қолданылған. Бүгінгі күні бұл сөз *аламан бәйге* (үлкен жиын, бәйге) тіркесінің құрамында кезігеді. Ал «тарт ілгері, *Аламан*» дегендегі *аламан* сөзі адамға қатысты айтылған.

Алаш. *Матай, Тобықты болып тұрған күніңде атыстық, шабыстық. Бұл ісің алты алашқа әйгілі болды.* Бартольд *алаш* сөзі жайында былай дейді: «Ахмед в двух битвах развил калмыцкого предводителя Тайчы-Эсэня; его подвиги навели на калмыков такой страх, что они дали ему прозвание Алача или Алачи, т.е. «убийца» [7, 29 б.]. *Алаш* сөзінің төркіні туралы Абай да жазады: «Әмір Темірдің нәсілінен шыққан қазақ ханы Ахмет қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой!» – депті «жан алушы болды» дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі

Алаша хан атаныпты... Сонан соң сол хан бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы, алашы» деп «ұран, сүрен» салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда, көп жанның айғайымен «алаш, алаш» деп кетіпті [10, 30 б.]. *Алаш* сөзінің этимологиясы туралы С. Сейфуллин былай дейді: «Қалай болғанда да «алаш», «алаша» деген сөздер – бір сөз, қалмақ, моңғол тілінде «кісі өлтіргіш», «қанқұмар», «жау» деген сөз екендігі дұрыс және «алаш» деген қазақ атанған рулар қазақ болмай жүргенде қолданылған. «Алаш» деген сөзді ұран қылып алған ел өзінің атын «алаш» деп атайтын болған» [7, 30 б.]. Қырғыз тілінде *алаш* сөзі қазақтың әскери ұраны ретінде түсіндірілген. Өзбекше *алаш* – «сабау», моңғолша *алач* – «жендет, қанішер», қалмақша – «қанішер». В. Радлов: «*алаш* – бүкіл қазақ халқының ұраны, түбірі – *ал* деген етістік», – деп көрсетеді [7, 30 б.]. *Алаш* сөзі қазақ тілінде «ел, халық» деген мағынада қолданылады. Түркі-моңғол тілдерінде *ал* етістігінен өрбіген *алаш* (*алуға тиісті*), *албан* (*алым-салық*), *алға* (*алақан*) деген сөздер де бар. Адамның дене мүшесінің бірі – *қол* сөзі ауыспалы мағынада «әскер» дегенді білдіреді. Кейбір түркі тілдерінде (мысалы, чуваш) *қол* сөзі *ал* немесе *ала* тұлғасында кездеседі. Осы *ал* (*ала*) сөзінен жұрнақтардың көмегімен «әскер», «жасақ», «ел шапқыш» тәрізді мағыналарда жұмсалатын *алаш*, *аламан* сөздері жасалған болуы керек. Сонда *алаш* сөзінің түбірі – *ал* (*ала*), - **ш(ы)** аффиксі етістіктен есім тудыратын жұрнақ болса керек [11, 30 б.].

Әбден ұмытылып, қолданыстан шығып қалған сөздердің қатарында *қызылбас* сөзін атауға болады.

Жүрісімді сұрама,

Қасасқан жау қызылбас,

Қанқор Қазан қол бастан

Шауып кетті қиятты! (Әуезов М. Шығ. жинағы, 180 б.).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қызылбас* сөзі «қазақ эпостарында суреттелетін басқыншы жау елдің аты» деп сипатталған [6, 553 б.]. Он төртінші ғасырда қазақтар парсыларды «қызылбастар» деп атаған. Бұл сөзді қолданудың өзі – тарихи деректерге сүйенудің нәтижесі. Мүлде ұмыт болған атауларды қолдану М. Әуезов драмаларында өте сирек. Ең жиі ұшырасатын құбылыс – түбір күйінде айтылмаса да, туынды түбір құрамында сақтаулы сөздерді қолдану.

Жазушы көне қабатқа жататын, қазір де мағынасын жоғалтпай, кейде тіпті тілдік жаңа мәнге ие болған сөздерді, дәстүрлі көне сөздерді қолдануда кейбір мағынасы күңгірттенген сөздерге өзі түсінік беріп, оқырманын хабардар етіп отырады. Яғни бабаның көзіндей болған сөздерді жас ұрпаққа жеткізе білу – автордың негізгі мақсатының бірі болғанына шүбәміз жоқ. Көркем ойлаудың ұлттық бояуын терең сіңірген бұл сөздер – жазушының тілдік тұлғасын даралайтын тілдік таңба.

Әдебиеттер.

- 1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 26.04.2017.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. - 360 б.
- 3 Зекенова А. М.О. Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантативтік стильдік сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 147 б.
- 4 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 5 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 6 Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 800 б.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 708 б.
- 8 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. - 224 б.
- 9 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997. - 608 с.
- 10 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
- 11 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы: Наука, 1966. - 240 б.

ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕ КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ТІРКЕСТІРУ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша)

Г.Ж. Өтемісова
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, ф.ғ.к.

Түйін

Мақалада көнерген аталымдардың қатысуымен көмекші етістіктер арқылы жасалған етістікті тіркестерді **құранды етістіктер** деп қарастырдық. Құранды етістік құрылымы жағынан бір-ақ типті: «есім+көмекші етістік». Есім бөлігі, яғни бірінші сыңар әртүрлі сөз табынан болып, негізі мағынаны ұстап тұрады. Тіркестіру тәсілдері арқылы жасалған көнерген аталымдар Нұртуған мен Ерімбет шығармаларынан алынды.

Ақындар шығармаларында құранды етістіктердің негізгі сыңары есім сөздерден, ал екінші сыңары *бол, ет, қыл, бер, ал, тарт, кет* көмекші етістіктері арқылы жасалады. Аталған етістіктердің көмекшілік негізгі және ең басты қызметі – есімдерден құранды етістік тудыру.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған **тіркесті көнерген аталымдар** – ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың ішіндегі ең көбі. Олардың құрамы да, түрлері де бірнеше түрлі. Ақындар шығармаларында ерекше көзге түсетін құбылыс, **аналитикалық тәсіл** негізінде есім сөзге көмекші етістердің жалғануы арқылы жасалған **көнерген құранды**

етістіктердің молынан ұшырауы. Яғни ол дербес сөзге тіркесіп, оның лексикалық мағынасын өзгертіп, бір сөз табын екінші сөз табына ауыстырады. Көмекші етістіктер тіркескен сөзіне семантикалық және грамматикалық мағына үстейді. Кей жерлерде көмекші етістікпен тіркескен сөздер орын тәртібін сақтамай, инверсиялық жолмен байланысқан. Ондай сөз тіркестері әдетте сөз тіркесінің мағынасына баса назар аударып, оның интонациялық әсерлілігін арттыру мақсатында қалыптасқан стилистикалық тәсіл.

Құранды етістіктерге негіз болатын есім сөздер: зат есім, сын есім, еліктеуіш сөздер, сан есім, модаль сөздер т.б.

Зерттеу жұмысында күрделі етістіктің түрлерінің бірі **идиомаланған күрделі етістіктер** көнерген аталым тұрғысынан да кездеседі. **Аналитикалық тәсіл** арқылы **идиомаланған күрделі етістіктердің** жасалуы тек қимыл қозғалысында қолданылады.

Тіркестіру тәсілі де екі дербес сөзден жасалады. **Тіркесті күрделі сөздердің** сыңарлары емле бойынша бөлек жазылып қалыптасқанымен, сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіреді.

Терминологиялық лексика құрамындағы көп құрамды терминдердің едәуір бөлігі атаулық тіркестер мен күрделі сөздер болып келеді. Ақындар шығармаларында аналитикалық тәсілдің **тіркестіру** түрі өте көп. Оның ішінде көмекші етістік негізінде жасалған құранды етістіктердің көнерген түрі ерекше мәнге ие.

Бір топ ғалымдар (Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағманов) номинативті тіркестердің заттың атауы ретінде қалыптасқанын айтады: «Атаулық (номинативтік) тіркестер – бір жағынан еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен сондай-ақ күрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындап, бір заттың (ұғымның) атауы ретінде тұрақталған» [1, 6].

Көне түркі кезеңінен бері қолданылып келе жатқан күрделі етістіктің дамуы жөнінде Кенен Қоч былай дейді: «Қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын аналитикалық формалар мен күрделі етістіктің қалыптасуы негізі бір негізден басталған. Екі компонентті етістікті күрделі етістіктер мен етістіктердің аналитикалық формасының пайдалана бастауына көсемше ұйытқы болса, құранды күрделі етістіктің қалыптасуына етістіктің семантикалық шеңбері мен қолданылуының жиілігі себепші болады. Құрама күрделі етістіктердің даму жолы да, мағынасы да, екі компоненті етістіктен болған күрделі етістіктерден басқа жолмен қалыптасқан. Себебі, олардың бір компоненті есім сөздер болады да, екіншісі көмекші етістіктер» [2, 87].

Күрделі етістік жайлы қазақ ғалымдарының пікірі әртүрлі. Ғалым С. Исаев: «күрделі етістік деген ұғымға негізгі етістік пен көмекші (лексикалық мағынасынан айрылған) етістіктің тіркесі және етістіктің белгілі грамматикалық категориясының көрсеткіші бола алатын түрі ғана жатады деп білеміз. Негізгі етістік көбінесе көсемше, есімше және рай (шартты, қалау)

тұлғаларында болып, көмекші етістік етістіктің таза грамматикалық категориясының бірінде (рай, шак) тұрып қолданылады да, негізгі етістікке әртүрлі грамматикалық мағына үстейді» [3, 252], – дейді.

Ғалым Н. Оралбаеваның пікірінше, құрамында көмекші етістігі бар тіркестер **құранды етістік** болады. Бұларда күрделі етістіктердің сыңарларындағыдай толық мағына болмайды. Оған мысал ретінде *қызмет ет, құрмет ет, адам бол* дегенді келтіреді. Құранды етістіктерді күрделі етістіктің заңдылығына бағынбайтынын айтып түсіндіреді де, құранды етістікті күрделі етістіктердің қатарына жатқызады [4, 23].

Байқағанымыздай, ғалымдардың айтып жүрген негізгі және көмекші етістіктен тұратын күрделі етістікті ғалым Н. Оралбаева күрделі етістіктің бір түрі – құранды етістіктер деп санайды.

Біз де ғалым пікірін қуаттай отырып, өз зерттеуімізде көнерген аталымдардың қатысуымен көмекші етістіктер арқылы жасалған етістікті тіркестерді **құранды етістіктер** деп қарастырдық. Құранды етістік құрылымы жағынан бір-ақ типті: «есім+көмекші етістік». Есім бөлігі, яғни бірінші сыңар әр түрлі сөз табынан болып, негізі мағынаны ұстап тұрады.

Ақындар шығармаларында құранды етістіктердің негізгі сыңары есім сөздерден, ал екінші сыңары *бол, ет, қыл, бер, ал, тарт, кет* көмекші етістіктері арқылы жасалады. Аталған етістіктердің көмекшілік негізгі және ең басты қызметі – есімдерден құранды етістік тудыру.

Зерттеу жұмысында аналитикалық тәсіл арқылы жасалған **тіркесті көнерген аталымдар** – ақындар шығармаларындағы көнерген аталымдардың ішіндегі ең көбі. Олардың құрамы да, түрлері де бірнеше түрлі. Ақындар шығармаларында ерекше көзге түсетін құбылыс, **аналитикалық тәсіл** негізінде есім сөзге көмекші етістердің жалғануы арқылы жасалған **көнерген құранды етістіктердің** молынан ұшырауы. Яғни ол дербес сөзге тіркесіп, оның лексикалық мағынасын өзгертіп, бір сөз табын екінші сөз табына ауыстырады. Көмекші етістіктер тіркескен сөзіне семантикалық және грамматикалық мағына үстейді. Кей жерлерде көмекші етістікпен тіркескен сөздер орын тәртібін сақтамай, инверсиялық жолмен байланысқан. Ондай сөз тіркестері әдетте сөз тіркесінің мағынасына баса назар аударып, оның интонациялық әсерлілігін арттыру мақсатында қалыптасқан стилистикалық тәсіл. Құранды етістіктерге негіз болатын есім сөздер байырғы сөздерден де, кірме сөздерден де бола береді. Мысалы: *Айлады Халил үшін отты гүлзар, Сақтады, етпеді кәр, қалың өрті* [Е.К]. *Қалып тұрмын әдеттен, Ісім болмай қызметпен. Тақсыр-ай, өзің білесің, Мүритіңе кәр етсең* [Н.К.Іт]. *Бұл дүния алты күнде болды тамам, Жаһанға шамен камар етті раушан* [Е.К]. *Аспанға ай мен күнді раушан етіп, Жұлдыздың есебі жоқ, жүдә, тіпті* [Н.К.Іт]. *Жолында неше теңіз өткел бермей, Ұрысқан оң-солымен қылып тәстәп* [Н.К.Іт]. *Баж қылған патшалықтың расходы, Халық саған келген шайды қымбат сатса* [Е.К]. *«Қас адам әкесін өлтіріп шешесін зына қылған адаммен дос болады!» деген екен* [Н.К.ІІт]. *Сафиге Хауа-ананы етіп жұпты, Бір еркек, бір ұрғашы жаралдыңдар* [Е.К]. *Қауіп қылып қарайды одан қалмақ халқы, Ертерек ыждаһат етіп күтініпті* [Н.К.ІІт]. *Өлімді бес уақыт жад етіңіз,*

Қай жақты отыз үш мың сахабалар? [Е.К]. Жалбарындым жад етіп, Болар ма қабыл қол жайған Біздей заріп дұғасы?! [Н.К.ІІТ]. **Жам қылып** өз көңілін, кіріп келсе, Елшілер наманы алып ұмтылады [Е.К]. **Қалыс қыл** қайбіреуің, қызмет қылсаң, Көңліне мұңдылардың қылмай міндет! [Е.К] Біреуін осы ма деп **пәм қыламын**, «Мин», «бин», «әл», «сұлып», – емес пе, – «отыр», «айып» [Е.К]. **Ғинаят еттің** бөлек лебіңді, Айрықша бізді бастап, дедің: «Таға!» [Е.К]. Мен сізге күз барсам деп **еттім құзыр**, Ашып сыр басымдағы жағдаяттан [Е.К]. Күндеген Атымтайды сол патшалар, Әр кезде әр қалайша **қысас еткен**. Басына қандай қатер төнсе-дағы, Атымтай бір таймаған алған беттен [Е.К]. Әлейкум ассалаума, алдияр хан, **Тәрк етпес** өміріңді ешқандай жан [Н.К.ІІТ]. **Тәрк етіп** бес парызды мал жиган көп, Көңіліне өз ақылы болып жайлы [Е.К]. Шақырып дүлдүліне **қылды ишарат**, «Қылма, – деп қойған сыртқа, – дұшпанға мат!» [Е.К]. «Айналайын құдайым, Өзің **пәрман етпесең**» [Е.К]. Құдайға **мінажат қып** Әбу Шашма, Ішінен жалбарынды оқып дұға [Е.К]. Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт, Үйреніп теміршілік санағаттан. Үкімін күллі ғаламға **етіп рауаж**, Сүлеймен дүржақұттан тақ жасатқан [Е.К]. Сен – ұядағы балапан, **Сақилық қыл** өзіңше [Н.К.ІІТ]. Шақырып дүлдүліне қылды ишарат, «**Қылма**, – деп қойған сыртқа, – дұшпанға мат!» [Е.К]. Айрықша Ғали шерді қайғы басты, Марқұмның өлгеніне **болып пұшман!** [Е.К] Осындай жалғанишының біліп асылын, Деп кетті: «**Қыл саһауат, бер саһауат!**» Бірге мың, мыңға жүз мың пайдасымен, Береди алған қайтып тек ар-ұят [Е.К]. Асыраған Құсбегі Бауыздалды жендетке, Жұмыртқаны **қата алып** [Н.К.ІТ]. Қырым мен Еділ бойындағы ноғайлылардан «мен» деген батырлардан адам қалмай, темір қақпалы Дербентке қарай **шеру тартты** [Н.К.ІІТ]. **Шейіт кеткен** Исатай Қазақтық үшін оқ атты! Жау болуға орыспен Өлгенінше құмартты [Н.К.ІІТ]. Перінің нәсілінен болғанменен, **Опасыз жұпты болып** адамменен [Н.К.ІТ]. Қатын-балам жат болды, Досың сөйтіп **мат болды**, Тұрғанда залым күшінде [Н.К.ІТ]. Мұнан соң Нұх пайғамбар **болған бінә**, Неше ерлер дүниеге келген жәна [Е.К]. Халыққа **қалыс айттым** шайдың жырын, Білдірмей, сылап-сылап кеуіл кірін [Е.К]. Садуақас су берсе де **қалыс берді**, Көңілінде үміті жоқ «сақимын» деп! [Е.К]. **Иқрар болып** фазылына, Қосшылыққа сол кезде, Уақаттың ұлы жараған [Е.К]. Жағдайды намадағы көріп сақи, Мойынын **ғамкін болып** бір бұрады [Е.К]. Тәрк етіп Хадишаның көп дәулетін, Сақилық содан бізге **болды сүннәт** [Е.К]. Құдайдан анық **пәрман болғаннан** соң, «Дүреге, – сонда Омар, – келтір!» деген [Е.К]. Кідірсең ағаң кеулі **мәлел тартар**, Бұл керек сағат сайын тәрбияға [Н.К.ІІТ]. Үмітдар сендерден де болып тұрмын, Шын мазһаб пен пақырды **қылма мәлел** [Н.К.].

Ақындар шығармаларындағы *кәр ету* (қаһарлану), *раушан ету* (сәуле түсіру), *тәстәп* қылу (тәуекел қылу), *бәж* қылу (тоят қылу), *зына* қылу (азғындау), *жұпты ету* (некелі қылу), *ыждаһат ету* (ықыластану), *жад ету* (еске ұстау), *жам* қылу (жинақтау), *қалыс* қылу (адал істеу), *пәм* қылу (топшылау), *ғинаят ету* (мейірімге толы қылу), *құзыр ету* (кешірім сұрау), *қысас ету* (ерегісу, өштесу), *тәрк ету* (тастап кету), *ишарат қылды* (ымдады), *пәрман ету* (жәрдем ету), *мінажат* қылу (сиыну), *рауаж ету* (тарату),

сақилық қылу (мырзалық қылу), *мат қылу* (жеңілдіру, ұтылдыру), *пұшман болу* (көңілсіз болу), *саһауат қылу* (қайырымдылықты істеу), *саһауат беру* (қайыр-садақа беру), *қата алу* (қателесіп алу), *шеру тарту* (соғыс ашты), *шейіт кету* (соғыста қаза болу), *жұпты болу* (некелі болу), *медет тілеу* (пірлерден жәрдем тілеу), *мат болды* (сөзден ұтылу), *бінә болу* (пайда болу), *қалыс айту* (таза, шын айту), *қалыс берді* (шын ниетімен берді) *иқрар болу* (орнату), *ғамкін болу* (көңілсіз болу), *сүннет болу* (парыз, міндетті болу), *пәрман болған* (жәрдем болған), *қысас алу* (кек алу), *мәлел тарту* (көңілсіз болу), *мәлел қылу* (көңілсіз ету) т.б. есім сөзге етістіктің тіркесуі негізінде жасалған **көнерген құранды етістіктер**.

Құранды етістіктерге негіз болатын есім сөздер: зат есім, сын есім, еліктеуіш сөздер, сан есім, модаль сөздер т.б.

Зерттеу жұмысында күрделі етістіктің түрлерінің бірі **идиомаланған күрделі етістіктер** көнерген аталым тұрғысынан да кездеседі. Аналитикалық тәсіл арқылы идиомаланған күрделі етістіктердің жасалуы тек қимыл қозғалысында қолданылады. Мысалы, *Жорықтан келген соң, Қарағұлдың атын етінен арылтып қайтып берген* [Н.К.Іт]. *Сен туымды ер болсаң, жекеге шық далаға* [Н.К.Іт]. *Сөйтіп, үшеуі келіп қалауға түсіп: Қайсымызды аласың?» деді* [Н.К.Іт]. *Қалқам, жылдам киінші, Салауатпен киініп, Ағаңа сырттан көрінші* [Н.К.Іт]. **«Таққа отырғызамын»** деп қолтығынан сүйеп жүріп әуелі қанжарды өзің сал, сосын тоғыз үйдің ішіндегі адамның бәрі де шығып бара жатқанда бірінен кейін бірі салсын [Н.К.Іт]. *Маңдайға тәңірі әзелден жазбаған соң, Бір ішкен не болады мейірің қанып?!* [Е.К] *Аңғысын мұны айтқанда, әкемнің «алдымнан шықсын деген досы осы екен ғой» деп, кешірім сұрап, қосақтаған халықты оған сауғаға берді* [Н.К.Іт]. *Әмірші аққа сеніп ішке енеді, Көшеден түрлі жандар кездеседі* [Н.К.Іт]. *Аттанайын, жеңеше, Медет тілеп пірлерден! Сүйген жарын іздеген, Қалған мирас ерлерден* [Н.К.Іт]. *Жер іздеп, қоныс таңдап атам қазақ, Жатпапты құр сиынып, тілеп көктен* [Н.К.Іт].

Жоғарыдағы үзінділерде *етінен арылту* (жүдету), *жекеге шығу* (жекпе-жекке жығу), *қалауға түсу* (дәстүр. белгілі бір затты қалау), *салауатпен киіну* (сәнденіп киіну), *таққа отырғызу* (хан отыратын орынға отырғызу), *әзелден жазбаған* (бұрыннан бермеген), *сауғаға беру* (олжаға беру), *аққа сену* (құдайға сену), *пірлерден медет тілеу* (пірлерден қуат, көмек, жәрдем тілеу), *көктен тілеу* (Алладан тілеу) т.б **идиомаланған көнерген күрделі аталымдар**.

Сондай-ақ, идиомаланған күрделі етістіктің құрамындағы **табыс септік жалғауы ашық не жасырын** келе береді. Ондай кезде жалғаусыз келген табыс септікті сөз көмекші сөздермен тіркескенде күрделі мүше құрамына енеді. Мысалы, *Тақ мініп, байтақ құрып тұрсам-дағы Теңгердім ашықтықтан сені өзіме* [Н.К.Іт]. *От пен суға табынып, Табиғат күшін танымай, Мінәжат, тәубе сұранды* [Н.К.Іт]. *Сен түгіл патша ағзамға бәйіт айтқан, Ерекем – аты шыққан құрулы тез* [Е.К]. *Меккеде мекен-жайы өмір сүрген, Елу жыл дүниеде дәурен құрған* [Н.К.Іт]. *Аттанайын жеңеше, Медет тілеп пірлерден* [Н.К.Іт]. *Отырғандар: «Қарасайжан өз шешімің дұрыс!*

Ақылға қонымды сөз!» десіп, түгел мақұлдап, дәуір айтқызып, Сұлтанайды хан қойды [Н.К.Пт]. Болмайды ерге жолдас, өмірі, дәулет, Шырағым, бір гибрат алсаң мұнан [Е.К].

Мұндағы *байтақ құру* (хандықты құру), *тақ міну* (патша отыратын орынға отыру), *тәубе сұрану* (еткен ісін қайталамауын сұрау), *бәйіт айту* (өлеңді айту), *дәурен құру* (өмірді сүру), *медет тілеу* (пірлерден жәрдемді тілеу), *қысас алу* (кекті алу), *гибрат алу* (үлгіні алу) т.б. нөлдік морфема негізінде жасалған **идиомаланған көнерген аталымдар**.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы күрделі атаулардың тіркесуі туралы нақты тұжырымдайды: «Тіркесті күрделі атаулар – екі немесе одан да көп сөзден тұратын, әр сыңары бөлек жазылатын күрделі сөздердің түрі. Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі» [5,136] деп те атайды.

Тіркестіру тәсілі де екі дербес сөзден жасалады. **Тіркесті күрделі сөздердің** сыңарлары емле бойынша бөлек жазылып қалыптасқанымен, сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіреді. Мысалы, *Софыдай пірге қызмет қылып тұрған, Сөйлейді мүләйім сөз шырын-шырын [Е.К]. Тіріде сақилық ет, саф азамат, Пейішке сақи барып кірер дара [Е.К]. Бар еді Ақтам деген бір сақаба, Тақуа адам еді ақылға кең [Е.К]. Жолына бұл батырдың жұмла халық, Қойдан қошқар, ешкіден айтты теке [Е.К]. Періште көкте қуанды, Зікір, тәспи көп айтқан. Жұмла әулие тебіренді, Жәдігер жақсы тұяқтан [Н.К.Іт]. Қаламды «Биисмилла!» деп ұстайын да, Аси сөз күнә болар, қоспайын да [Е.К]. Одан соң күресуге жан келмеді, Келгені құшып жатты қара жерді. Алысып адамзаттың әлі келмей, Дариха түзеттірді майдан жерді [Е.К]. Ауыр қол бас қонды, таңқалғандай, Ғалиға іс көрсетті шамданғандай [Н.К.Пт]. Астына жайнамаздың кірген екен, Істерін істеп болып **атишы міскін** [Е.К]. Адам деп ат қойылды барша инсанға, Тағы бір есімі мирас туса анадан [Е.К]. Осы тұста қара атқа **Оқалы жабу** жапқан-ды [Н.К.Іт]. **Ауыр олжа** мал алып, Жазып қайттың жан ағам [Н.К.Іт]. Талабымнан оңғарса, Жаратқан жаппар құдайым [Н.К.Пт]. Асыл бұйым, қамқа тон Байдың толған сарайы [Н.К.Пт]. **Қожса несін** болғанда, Орысқа тиді көрініп [Н.К.Пт].*

Мұнда *мүләйім сөз* (жұмсақ, майда сөз), *саф азамат* (нағыз ер, нағыз азамат), *тақуа адам* (дін тәртібін мықты ұстаған адам), *жұмла халық* (барша халық), *жұмла әулие* (барлық әулие), *аси сөз* (асылық сөз, артық сөз), *майдан жер* (күрес алаңы, күрес орны), *ауыр қол* (көп, сансыз әскер), *ошал күн* (дәл осы күні күн), *атишы міскін* (бейшара, шарасыз атшы), *күллі инсан* (барлық адам), *дүрия көйлек* (жарқыраған көйлек), *оқалы жабу* (алтынмен зерленген жабу), *ауыр олжа* (мол олжа), *жаппар құдай* (күшті құдай), *қамқа тон* (зерленген тон), *қожса несін* (түс ауған кез) барлығы да **тіркесті көнерген аталымдар** қызметін атқарып тұр.

Ақын-жыраулар шығармаларындағы, сондай-ақ, тарихи шығармалардағы көнерген аталымдардың тіркестіру тәсілдері арқылы жасалуы – аталымның семантикалық өрісін дамытатын өнімді тәсілдердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы, 1997. – 6 б.
2. Кенен Коч. Күрделі етістіктердің тарихы мен қалыптасу жолдары // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2000. – № 42. – 87 б.
3. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 252 б.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – А., 1975. – 23 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, 2005. – 226 б.

Кілт сөздер: *көнерген аталым, аналитикалық тәсіл, тіркестіру тәсілі, құранды етістік, идиомаланған көнерген аталымдар.*

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ФОНЕМАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СИПАТЫ

Сайбекова Н.У.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
PhD докторант**

Фонема дегеніміз – қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Фонема теориясы қалыптаспас бұрын тілтанымының дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Әлемдік тіл білімінде дыбыс пен әріп ажыратылмағандықтан, бұл тілдің дыбысталу жағын зерттеуге кедергі болған. Алайда XIX ғасырдың ортасына таман тілтанымының дамуы нәтижесінде дыбыс пен әріп ажыратыла бастады; тіл дыбыстарын физиологиялық және акустикалық ұғым ретінде антропофоникалық тұрғыдан зерттелді. Осы ретте тіл жүйесіндегі дыбыс элементін атау үшін фонема деген ұғым енгізілді. Бұл ұғым алғаш рет француз тіл білімінен келген болатын [1,278].

Қазақ тіл біліміндегі фонема туралы алғашқы ұғымды қалыптастырған А.Байтұрсынұлы. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонологиялық тұрғыдан қарастырып жазған А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі фонеманың қарастырылуы басқа да ғалымдардың фонема туралы ой өрбітуіне негіз болды. А.Байтұрсынұлының еңбектеріне сүйенсек, қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармонизм ұғымда зерттелуінің ғылыми-практикалық негізі 1912 жылы қалыптасқан. Тіл білімі тарихында А.Байтұрсынұлов дүниеге әкелген осы бір өнегелі де үлгілі сингармоалфавит пен сингармоорфографияның 1912 жылы жасалғаны белгілі [2, 68]. А. Байтұрсынұлының еңбектерінде сингармонизм заңы бойынша қазақ тіліндегі фонемаларды топтастырған оқу құралында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді [3,147].

Жазу ауызша тілдің дыбыстық құрылымына негізделген жүйе болатын болса, онда сол жүйенің өзіне тән ішкі құрылымы болады. Ал, құрылымның өзі тұрақты элементтерден және сол элементтердің өзара қары-қатынасынан тұрады. Қазақ жазу жүйесінің ішкі құрылымы: дыбыс, фонема, графема және әріптен тұратындығын ескерсек, кез – келген таңбаның екі жағы бар. Ол мазмұндық және тұрпаттық. Оның мазмұндық жағы – фонема, ал тұрпаттық жағы – әріп. Фонема – таңбаланушы (дыбыс), ал әріп – таңбалаушы. Осы екеуінің бірлігі жазу теориясында графема деген ұғымды білдіреді.

Сөз дыбыстары – фонеманың ауызша тілдегі өкілі болса, фонеманың жазба тілдегі өкілі – графема. Ол фонема сияқты дерексіз единица, жазуда нақты әріптер арқылы көрінеді. Ал, әріп дегеніміз – жазуда фонемаларды немесе оның варианттарын белгілейтін белгілі-бір әліпбидегі графикалық таңба [4,25].

Әліпби ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады [3,147].

Дауысты харіфтер: а – ا, о – و, ұ – ؤ, ы – ي, е – ي, ۋ.

Дауыссыз харіфтер: б – ب, п – پ, т – ت, ж – ج, ш – ش, д – د, р – ر, з – ز, с – س, ғ – ع, қ – ق, к – ك, г – گ, ң – ن, л – ل, м – م, н – ن.

Мысалы: ұр – اؤر, ұн – اون, ұқ – اوق. Бұл мысалдан дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа бағынғандығын және соңғы дауыссыз дыбысты өзгерту арқылы ұ дыбысын үйрену де жеңіл болатындығын байқауға болады. «Ұ» әрпінің алдында берілген сүйеу таяқша белгісі сөздің дауысты дыбыстан басталатындығын білдіреді, дауысты дыбыстың алдына ғана қойылады. Сүйеу таяқша оқылмайды, сүйеу ретінде ғана қойылады, сондықтан да кез-келген таңбаның екі жақты қасиеті бар екендігін және олардың бірі – таңбаланушы (дыбыс), екіншісі – таңбалаушы (әріп) екендігін негізге ала отырып, А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонема мен әріптің қатынасын қазақ жазу жүйесінің ішкі жазу құрылымы тұрғысынан қарастырсақ, бірдей, теңбе – тең. Мысалы, «ұ» әрпінің алдында берілген ʼ таяқ сүйеу болу үшін қойылған. Бұл «ұ» әрпі сөз басында келсе ғана қойылатын таяқ, бұл таяқ оқылмайды, тек сүйеу үшін ғана қойылады. Жазуда сүйеу таяқша сүйеу ретінде берілгендіктен оқылмайды және фонема мен әріптің қатынасы тұрғысынан қарастырған кезде есепке алынбайды. Сондықтан да, жоғарыда берілген ұр, ұн, ұқ сөздеріндегі фонема мен әріптің қатынасы бірдей деп айтуымызға болады. Себебі, А.Байтұрсынұлы сүйеу таяқшаны қою арқылы сөздің дыбыстық және әріптік қатынасына емес, дыбыстық мағынасына көбірек назар аударған, дегенмен сүйеу таяқша таңбалауда бар болғанымен, оқылуда есепке алынбайды, сондықтан да фонема мен әріптің қатынасын негізге алған кезде сүйеу таяқшаның бар болуы ескерілмейтіндігін айтуымызға болады. Сонымен, ұр, ұн, ұқ сөздеріндегі фонема мен әріптің қатынасы 2:2.

А.Байтұрсынұлының оқу құралдарында алифтің екі түрі бар болып табылады. Бірі – мадалы алиф, екіншісі – оқылмайтын алиф. Араб – парсы тілдерінде созылыңқы және қысқа «а» дыбыстары болғандықтан, созылыңқы «а» дыбысынан басталатын сөздерде алифтің үстіне «мәд» белгісі қойылады

[5,20]. Мадалы алиф $\bar{ا}$, ал оқылмайтын алиф $ا$. Алифтің үстіндегі белгі мәд деп аталады.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысу қалпына қарай жуан және жіңішке, жақтың ашылу қалпына қарай: ашық және қысаң, еріннің қатысу қалпына қарай: еріндік және езулік болып жіктеледі. «Ұ» әрпі тілдің қатысына қарай жуан дауысты болып табылады. Қазақ тілі орфографиясының негізгі қағидасы сингармофонемалық қағидаға негізделетіндіктен, сингарможуан, сингарможіңішке дауысты фонемаларды таңбалайтын әріптердің алдында сүйеу таяқшаның берілуі ережеге сәйкес жасалған. «Ұ» әрпі сингарможуан дауысты фонема, ал алдында берілген сүйеу таяқша сингармофонемалық қағидаға негізделген. Оқу барысында есепке алынбаса да, жазуда сингарможуан дауысты фонемаға қағидаға сәйкес сингарможуан дауысты фонема берілген. Бұдан сүйеу таяқшаның сингармодауысты фонемалардың жуандығы мен жіңішкелігін ажыратып көрсетуде де маңызы зор болғандығын байқауға болады. Егер, сөз сингарможуан дауысты дыбыстан басталса, алдындағы сүйеу таяқша да сингармофонемалық қағидаға сәйкес сингарможуан дауысты дыбыс болып табылатын дыбыс арқылы берілген. А.Байтұрсынұлының оқу құралындағы дауысты дыбыстардың *а, о, ұ, ы* басым көпшілігі сингарможуан дауысты дыбыстар болып табылады. А.Байтұрсынұлы жасаған әліпби араб әліпбиіне негізделгендіктен, әріптің сыртқы бейнесінің өзгерістерге ұшырауы және әріптердің сыртқы бейнесінің түрліше болуы заңдылық. Ал, ережеге сәйкес әріптердің сыртқы бейнесінің өзгерісінің күрделі болуы немесе шамалы ғана өзгеріске ұшырауы дыбыстардың сингармофонемалық қалпын анықтауға және таңбалауға байланысты болып табылады. Сингарможуан және сингарможіңішке дауысты фонемалардың берілу айырмашылығы да осы ережеде берілген сүйеу таяқшадан көрініс табады деп айтуымызға болады.

Сонымен қатар, *ұ және ү* әріптерін таңбамен бейнелеу және оларды бір-бірінен ажыратылған түрде оқу және жазу сингармофонемалық қағидаға негізделгенімен, таңбалану үдерісі басқаша болғандығын байқауға болады. Әріптердің сыртқы бейнесі замма және дәйекші белгісін қою арқылы өзгеріске ұшырады. Замма белгісінің *уау (ә)* әрпінің үстіне қойылуы арқылы *ұ мен ү* әріптерін ажыратуға негіз туды. Замма белгісі қойылса *ұ* әрпі, ал *уау (ә)* дыбысының қасына дәйекші белгі *ә* және үстіне замма белгісі қойылса *ү* әрпі. Әріптердің таңбалануында өзгешелік бар. Оқу үдерісінде *ұ мен ү* әріптерін ажырату таңбалануына, замма белгісі мен дәйекші белгісіне байланысты жүзеге асқан.

А.Байтұрсынұлының 1914 және 1925 жылдары баспадан шыққан «Тіл – құрал» атты оқулықтарында тілдің екі күйде өмір сүретіндігін байқағандығы аңғарылады. А.Байтұрсынұлы тілдің екілік және тілдің үштік ұғымдарына терминдер арнады (тіл-сөйлеу-сөйлесу) [6,184].

Тілдік дихотомия мен тілдік трихотомия тіл білімі тарихында толық қалыптаспаған кезде, А.Байтұрсынұлы қазақ тілтанымында, жалпы түркі тілтанымында бірінші болып осы ғылыми арнада зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен, қазіргі қазақ тілтанымындағы тіл, тілдесім, тілдесімдік

қызмет ұғымдарының қалыптасуы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлы осы ұғымдарды, осы ұғымдарға жақын (тектес) ұғымдарды анықтап, тіл-сөйлеу-сөйлесу терминдерін қазақ тіл білімі саласына енгізді.

А.Байтұрсынұлы тілдесім түрлерін анықтауға байланысты да ізденістер жүргізген. Тілдесімнің екі түрін – ауызша тілдесім (сөйлесім) және жазбаша тілдесім (жазылым) анықтаған, ғылыми сипаттама берген. Тілдесімнің тағы екі түріне (тыңдалым-тыңдау арқылы тілдесу, оқылым-оқу арқылы тілдесу) тікелей анықтама бермесе де, ұғымдық деңгейде әдістемелік еңбектерінде пайдаланған, тілдесімнің сөйлесім, жазылым түрлеріне қаншалықты көп жаттығулар, тапсырмалар, сынаулар арнаса, тілдесімнің тыңдалым, оқылым түрлеріне де соншалықты көңіл бөлген. Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тілтаным, қазақ лингводидактикасы мен әдістеме тарихында және жалпы түркі тіл білімінде алғашқы болып, әлемдік тіл білімінде алғашқылардың қатарында тілдесім түрлерін анықтады, солардың екеуін (сөйлесім, жазылым) толығырақ сипаттады және ғылыми, ғылыми-әдістемелік ізденістер барысында қолданды. Орыс тіл білімінде бұл мәселеге бірінші болып көңіл бөлген ғалым – Л.В.Щерба. Л.В.Щерба тілдесімнің барлық түрін анықтап, сипаттамасын жасады. Л.В.Щербаның тілдесім саласына қатысты ғылыми ізденістері тілтаным ғылымына ғана емес, лингводидактика ғылымына да ерекше әсер етті. Л.В.Щербаның бұл ізденістері А.Байтұрсынұлының ізденістерінен 10-15 жыл кейін басталған еді [6,185].

А.Байтұрсынұлы –қазақ тілі стилистикасының негізін қалаушы. Тіл бірліктері қолданылуының әлеуметтік салаларға байланысты ерекшеліктерін анықтап, қазақ стилистикасының функционалды стильдерінің негізін қалаған [6,185]. Функция (қызмет-жұмсалым) дәстүрлі грамматикада көбінесе жеке тіл бірліктерінің сөйлемдегі атқаратын қызметі тұрғысынан түсіндіріліп, сөйлем мүшесі болумен байланысты айтылады [7,69].

Мысалы, *Айу ағаш сайалайды, Балық қармақ қабар* [8] мысалдарындағы сөйленім темпоралдық жағдаятқа құрылған. Сөйленімдегі негізгі мазмұн – *Айудың ағашты саялайтындығы, Балықтың қармақты қабатындығы*. Екі сөйлемдегі іс-әрекет те тұрақты.

Мысалдар	Категориялық жағдаят	Өріс орталығы	Өріс перифериясы	Категориялық мағына
<i>Айу ағаш сайалайды</i>	Темпоралдық жағдаят	-ды (сайалайды) – шақ көрсеткіші	ағаш	Өткен шақ
<i>Балық қармақ қабар</i>	Темпоралдық жағдаят	-ар (қабар) – шақ көрсеткіші	қармақ	Келер шақ

Уақытқа байланысты мағыналық қатынас *сайалайды және қабар* етістіктері арқылы мысалда көрініс тапқан. Ал, *ағаш және қармақ* сөздері айу мен балықтың нақты нені сайалайтындығын және нені қабатындығын

көрсететіндіктен, өріс перифериясы болып тұр және сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып тұр. *Сайалайды* етістігі өткен шақтық мағынаны білдіріп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр. Ал, *қабар* етістігі келер шақтық мағынаны білдіріп, сөйлемде баяндауыш қызметінде тұр. Мысалдарда берілген сөздердің баяндауыштық және толықтауыштық қызметі олардың тіл жүйесіндегі құрылымдық қызметі болып табылады және категориялық жағдаят бойынша темпоралдық мағынаны береді. Темпоралдық мағына олардың семантикалық функциясы болып табылады және семантикалық функция өз құрамындағы жекелеген тіл бірліктерінің құрылымдық функциясымен байланысты болып табылады. Ал, жекелеген тіл бірліктері *айу, ағаш, сайалайды, балық, қармақ, қабар* болып табылады. *Айу мен балық* зат есім, сөйлемде бастауыш мағынасын атқарып тұр. Сонымен қатар, бұл мысалдарда локальдылық категориясы да өріс алатындығын байқауға болады. Құрылымдық қызмет сөйлеумен байланысты динамикалық сипатта болатын құбылыс болып табылатындықтан, сөйлемдердегі берілген мысалдардың етістіктеріне жалғанған шақ көрсеткішіне байланысты олардың категориялық мағынасы да өзгеріп отыратындығын байқауға болады және соған сәйкес категориялық жағдаят та өзгеріске ұшырайтындығын айта кетуге болады.

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды ерекшелігі сингарможуан және сингарможінішке дауысты дыбыстардың фонема құрамында болуына байланысты болып табылады. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға бағынады. Фонемалардың функционалдылығы қазақ тілінің сингармонизм заңына негізделеді. Егер, фонема жуан болатын болса, оған жалғанатын дыбыс та жуан, егер фонема жіңішке болса, оған жалғанатын дыбыс та жіңішке.

Әдебиеттер

- 1.Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология –Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008.-326 бет.
2. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. –Алматы: Ғылым, 1998. 216 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу –ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
- 4.Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері атты диссертациялық жұмыс. А., 1993,162 бет.
- 5.Ескі қазақ жазуы. Араб әріптерінің негізіндегі түркі әліпбиінің қазақша жазу емлесі. Құрастырған Абдулла Жүнісов. Алматы, 2002.
- 6.Джусупов Маханбет, Ибраимов Қапар. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылыми таным, терминжасам, стилистика. Алматы, «Әлем» баспасы, 2015.-215б.
- 7.Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. –Алматы: Елтаным баспасы, 2012.-156бет.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл –құрал.Оренбург. 1914жыл

М.ТОМАНОВ – ТІЛ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

**Турабаева Л.К., Есболаева И.А.,
Базарбекова Н.Ш., Сайлаубеков Н.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ**

Қазақ тілі тарихы - түркітанудағы күрделі мәселелердің бірі. Әдетте тіл тарихы ұлт тарихымен сабақтас өріледі. Қазақ жұртының Еуразия кеңістігіндегі көне халықтардың бірі екені анық. «Қазақ» аталатын бір тұтас халық XV-XVI ғасырларда қалыптасса да «қазақ» этнонимі ерте замандардан мәлім болған. XI ғасырда өмір сүрген ұлы шайыр Фирдоуси шығармаларында «қазақ» сөзі этнос мағынасында қолданылған. Тарихы осылай тереңге тартқан қазақ жұртының тілінің тарихы да қатпарлы дүние. Қазақ тілі тарихына алғаш ғылыми түрде ізденіс жүргізген Қ.Жұбанов екенін айта аламыз. Ол «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты XV-XVI ғасырларды құралған деседі. Ел құранды болғандықтан, тіл де құранды болмақ: шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, найза деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғы білу – жай әшейін емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз», - деп деген еді [1]. XX ғасырдың 30 жылдары Қ.Жұбанов бастаған тіл тарихын теориялық тұрғыдан зерттеу ісі тарихи жағдайлардың себебінен біраз үзіліс тапқаны белгілі. 20 ғасырдың екінші жартысынан қазақ тілі тарихына ғалымдар көңіл аудара бастады. М.Томанов қазақ тілі тарихын түркі тілдері тарихымен бірлестіре отырып былай жіктеді: 1) Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, -бұл дәуір, шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі бірлестіктен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2) Түркі бірлестігі дәуірі, бұл да екі кезеңге ажырайды: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар), Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар). 4) Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) [2].

М.Томанов – түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып, түркітануға үлкен үлес қосты. Ежелгі деректерді кешенді, жан-жақты салыстыра зерттеу барысында түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін ашып көрсетті. Түркі тілдерінің негізгі жүйелілік ерекшеліктерін анықтап, оларға тән ортақ белгілерді көрсетіп берді. Әлеуметтік, экономикалық, тарих ерекшеліктеріне сәйкес қазіргі түркі халықтарының тарихи этногенездік тұрғыдан әр диалектіде сөйлеген тайпалардан құралғанын ескере отырып, әдеби тілді қалыптастырған негізгі арнаны тауып, тілдегі басты заңдылықтарды анықтады. Соңғы мың жарым жыл бойында түркі халықтары басқа халықтармен жиі қарым-қатынасқа түсіп, өте кең көлемді мекенді жайлап,

түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат бергенін дәлелдеді.

Қазақ тілі – түркі тілдер тобындағы өзіндік грамматикалық құрылымы, қалыптасу тарихы бар тіл екеніне қарамастан, Кеңес заманындағы түркітану ғылымының беделді ғалым С.Малов қазақ тілін ең жас тілдердің қатарына жатқызады. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінің қай-қайсысымен салыстырғанда да, бастау бұлағы – ортақ, даму жолы бір, сондықтан оның кейін шыққан жас тіл бола алмайтындығын терең ғылыми пайымдаулармен, тарихи деректермен дәлелдеген ғалым да М.Томанов еді. Қоғамдық сананың, ойлаудың логика-прагматикалық түрі күшейіп, мифологиялық, діни сана түрлерін ығыстырып шығарумен байланысты халықтық тілдің тарихын жүйелеуге де ерекше көзқарас қажет екені анықталуда. Осы ретте профессор М.Томановтың зерттеулерінің маңызы артады, тіл тарихын жүйелеуде автор ұстанған өзіндік принциптің мәні қазіргі таңда ерекше бағалауға лайық. Яғни тіл тарихы мен оны жасаушы халық тарихын бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан автор Қазақ тілінің тарихын “қазақ” этнонимі шыққан кезеңнен бастап жүйелеуді, ал оның бастапқы бастау көздерін көне заманнан бастау керектігін ұсынады.

Профессор М.Томанов көне түркі ескерткіштерін тек лингвистикалық тұрғыдан ғана зерттеп қоймай, сонымен бірге әдеби де, тарихи да, археологиялық та мұра ретінде қарастыруды жақтайды. Қазіргі зерттеу жұмыстарында бұл мәселе осындай күрделі аспектіде жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылуда. Мәселен, X-XV ғасырларда жазылған зерттеулерді жүйелеу барысында ғалым мынадай пайымдаулар айтады: “Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет – жазба әдебиет пайда бола бастады”. Яки, ғалым жазба әдебиет пен ауыз әдебиетін қатар қарастыра отырып, олардың орны мен өзіндік ерекшеліктерін үнемі айқындап отырады. Мұндай ойлар кейінгі зерттеушілердің фольклорға қатысты өздерінің қатынасын қалыптастыруға итермелейді, жетелейді. Ауызекі тілде жасалған туындылар да тіл тарихын анықтауда өзіндік мәнге ие болады. Ғалымның тіл тарихына қатысты жазғандары білім көкжиегінің кеңдігін, арналы білігін танытады. Қазақ тіліндегі, көне не орта түрік тіліндегі сөздер мен сөзтұлғаларды ғана сөйлетіп қоймай, тілдік деректерді ареальдық бағытта, алтаистикалық деңгейде салыстыра, салғастыра зерттеді. М.Томанов М.Қашқаридың “Дивани лұғат-ит түрк” атты еңбегін ауызекі сөйлеу тілінің жинағы ретінде көрсетеді.

М.Томановтың тіл тарихына арналған зерттеулерінің ішінде шоқтығы биігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің қалыптасу заңдылықтарын анықтап, оларды қазіргі қазақ тілімен салыстыруы дер едік. Ғалым қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтады. Қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін ашып көрсетті. Дауысты дыбыстар жүйесі мен дауыссыз дыбыстар жүйесін бөлек саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеді.

Тегі мен түп тамыры бір болғандықтан да, түркі тілдерінің жалпы сипаты, негізгі қалыптасу жолы ортақ. Сондықтан жалпы дыбыстық

жүйелердің ерекшелігін зерттегенде, өзге түркі тілдеріндегі деректерді келтірмеу, айқындамау мүмкін де емес. Қазіргі жеке түркілік тілдердегі тілдік ерекшеліктер мол болғанымен, тарихтың терең қойнауына қарай барған сайын, ортақ бірліктер көбейе бастайтынын айтуға болар еді. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы да бар. Түркі тілдерінің дамуының ежелгі сипатында етістік және есім негізді бір буынды түбірлер ортақ болады да, олардың кейінгі кезеңдегі тұлғалық және мағыналық дамуында дыбыстық ерекшеліктері көбейеді, дауысты дыбыстардың жіңішке нұсқалары жасалып, дауыссыз дыбыстардың бірнеше бір-бірінен жіктелетін жаңа варианттары қалыптаса бастайды.

М.Томанов өзінің “Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы” атты еңбегінде түркі тілдерінің негізгі жүйелілік ерекшеліктерін анықтай келе, олардың ішіндегі ең бастысы фонетикалық жүйе екенін алға тартқан болатын. Ол түркі тіліндегі топтардың өзіне тән, оларды өз алдына дербес семья ретінде ерекшелейтін белгілерді көрсеткенде де, оның бастысы ретінде фонетикалық жүйені атайды.

М.Томановтың пікірі бойынша, фонетикалық жүйе бойынша жеке түркі тілдерінде мынадай жағдайларда дыбыстық өзгерістер болады: а) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады [2].

М.Томановтың пікірі бойынша, “фонемалар жүйесін анықтау үшін, комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдайдағы дауыстылар қарастырылуы тиіс. Ал комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдай тек бір буынды түбір құрамында ғана болады” [2]. Демек, бір буынды түбірлердің құрамындағы дауысты дыбыстардың сапалық сипатын тұрақты деп бағалай отырып, олардың қазақ тіліндегі сапалық өзгерістері мен қалыптасу заңдылықтарын зерделеуге болар еді.

Түркологтардың дәлелдеуінше, түркі тілдерінің көпшілігінде созылық дауысты дыбыстардың сақталуының негізгі себебі бірінші буындағы болған фонетикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Яғни бір буынды лексемалардағы сөз басындағы әуелгі қатаң дыбыстар екпінмен айтылған кезде, дауыстылардың созылықлығын туғызды. Кейін түркі тілдерінің ұяңдану процесі кезінде сөз басындағы қатаң дыбыстар ұяңданды да, созылық дыбыстар қысқа дауыстыларға ұласты.

Ғалым қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми әдебиеттерінде дауыссыздардың саны әртүрлі болып белгіленіп жүргенімен, қазақ тілінің тарихи грамматикасында 8 дауысты дыбыс бар деп берілетіндігін атап көрсеткен.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың саны да, сапасы да көне ескерткіштер тілімен салыстырғанда ерекшеленетіні белгілі. Себебі өзгеріс тілдің даму, қалыптасу кезеңдеріне байланысты көрініп, дыбыстық алмасу, сөздің басы, ортасы, соңына қатысты дыбыстардың қолданылуынан да көрінеді. Сондай айырмашылықтардың бір тобы көне

түркілік *й,ш,ч* дыбыстарымен байланысты болып келеді. Бұл дыбыстардың даму, қалыптасуына қатысты көне тіл мен қазақ тілі немесе қазақ тілі мен басқа түркі тілдері арасында көзге түсер айырмашылықтар бар. Н.А.Баскаков та қыпшақ-ноғай топшасының басқа қыпшақ тілдерімен ерекшеленетін көрініс ретінде де осыны айтады. Басқа түркі тілдеріне қарағанда, қазақ тіліндегі *ж*-ның өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілінің қыпшақ-ноғай тобына жататын басқа тілдерден фонетикалық ерекшеліктерінің бірі ретінде Н.А.Баскаков: «Преимущественное употребление *ж* в начале слов из чередующихся *й/ж/ж*, например: «жол» (вместо *йол* или *жол* в каракалпакском и ногайском языках) - «дорога» и т.д.» - дейді [2].

Түркі тілдері фонетикасына тән дыбыстық ерекшеліктердің ішінде елеулі орын алып жүргені – *с,ш,ч* фонемаларына байланысты алмасулар. Бұл дыбыс сәйкестіктері қазақ тілін басқа түркі тілдерімен салыстыру барысында да байқалады. Қырғыз тіліндегі *ч,ш,с* дыбыстарының қолданылысын И.А.Батманов қазақ, карақалпақ тілдеріндегідей конвергенция құбылысы еместігін айтады. Себебі қазақ, карақалпақ тілдерінде *ч-ш*, ал *ш-с* болса, қырғыз тілінде *ч, ш, с* сақталған. Мысалы: *чач, бас* (тесни), *баш* (голова) [6].

Көне түркілік *ч* дыбысының қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі орныққандығына М.Томанов *шын* (қазақ), *чын* (татар), *сын* (хақас) сөздерін мысалға алады және түркі тілдері арасында *ч>ш>с* дыбыс сәйкестігін көрсетеді [1]. Сондай-ақ сөз басындағы *с* дыбысының көптеген сөздер құрамындағы біркелкілігімен қоса, *с-һ, с-ш, с-з* сәйкестіктерін көре аламыз.

Мысалы: *С-һ*: түрік -*сакал*, ноғай, қазақ *сақал* башқұрт: *һақал*; әзербайжан, түрік, қазақ - *сары*, башқұрт - *һары*; құмық, татар, қазақ - *сүт*, башқұрт - *һүт*; қазақ - *сіз*, татар - *сез*, өзбек - *сиз*, башқұрт - *һез*; *С-ш*: қазақ, карақалпақ - *есен*, башқұрт - *ишән*; қазақ, қырғыз, ноғай, өзбек - *кесек*, башқұрт, татар - *кишәк*; *С-з*: қырғыз, ноғай, өзбек - *кесек*, алтай, тува - *кезек*, хақас - *кизек*; қазақ, карақалпақ - *есен*, башқұрт - *ишән*, хақас - *изен*, алтай - *езен*.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың көрінісін өзара немесе көне түркі тілімен салыстырғанда, көне түркілік сипатты сақтағандары да, жаңаша түрге енгендері де орын алатындығы белгілі және бұның барлығы тілдің даму заңдылығынан келіп туындайды. Тілдің даму заңдылығын көне жәдігерлеріміздегі қолданыстар арқылы да, қазір өмір сүріп отырған тілдердегі ерекшеліктер арқылы да тани аламыз. Көне түркілік қолданысты сақтаған тілдер көне тарихымызға жақындатса, кейбір тілдердегі болып отырған ерекшеліктер тілдің дамуын, қалыптасуын, уақыт өзгерісін көрсетеді.

Ғалым артына қазіргі қазақ тілінің синтаксисі, стилистикасы, морфологиясы, қазақ әдеби тілі, диалектологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, ежелгі жазба мұрағаттар тілі, тарихи фонетика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы сияқты күрделі мәселелер жөнінде терең теориялық мәні бар ғылыми еңбектер қалдырды.

Кілт сөздер: тіл тарихы, салыстырмалы зерттеулер, салыстырмалы грамматика, түркі тілдері.

Әдебиеттер:

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. -Алматы: Мектеп, 1988. - 264 б.
2. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. -М.: Высш. шк., 1969. -383 с.
3. Талипов Т. О звуке й и связанных с ним фонетических явлениях в тюркских языках // Фонетика казахского языка. -Алма-Ата: Ғылым, 1969. - 167 с.
4. Батманов И.А. Современный киргизский язык. -Фрунзе: Изд. АН СССР, 1963. -165 с.
5. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. -Алматы: Ана тілі, 1995. -40-б.
6. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. - 190 б.
7. Салқынбай А. Тіл тарихын зерттеген кемел ғалым. egemen.kz//. 18 ақпан 2012.

ШЫЛАУЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Төленби Әзиза
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ магистранты

Түркітану саласында осыған дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер арнайы ғылыми зерттеу ретінде алынып қарастырылмаған. Дегенмен тіл ғылымындағы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап бой көрсете бастаған еңбектерде түркі танушы ғалымдардың азды-көпті пікірлерімен әртүрлі көзқарастары бар. Бірақ олар алғашқы зерттеулердің бірі болғандықтан, тіл даму эволюциясына байланысты кейбір пікір көзқарастары қазіргі түркі тілдес тілдер жүйесіне сәйкес келе бермейді. Себебі негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан болжамдар мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер қалдыру емес. Мұнда тіл білімі саласындағы қайшылықтар мен басы ашылмаған мәселелерді реттеу, қандай да бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындау, тілдік жүйесін бір ізге келтіру сияқты көпшілікке танымал грамматикалық оқулықтар жасау десек артық не кем айтқандық бола қоймас. Мәселен, И.Гиганов «Грамматика татарского языка», М.Казем –Бек «Общая грамматика турецко-татарского языка», «Алтай тілдері грамматикасы», П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка», М.Терентьев «Грамматика турецкого, персидского, киргизского и узбекского языка» деген еңбектерде әрбір жеке сөз табын көбінесе ғылыми жағынан гөрі, жалпы сипаттамалық тұрғыдан қарастырған. Жалпы жоғарыда көрсетілген грамматикалық оқулықтарда көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер жайлы жекелей тарау болмағанымен, олардың табиғатына қатысты деректер жоқ деуге де болады. Қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған тілші ғалым А. Байтұрсынов сөзімен айтқанда «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын

аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау » [1, б.127]. Ендеше, тілдің маңызды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірибесінен туындайтын жетістіктер мен тарихи атамұра жазба ескерткіштер тілін жан-жақты зерттеу қажет. Олай болса Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырып қана қоймай, оны әрі қарай дамыту – маңызды міндеттердің бірі. А. Саади қазақ тіліне қатысты ойын : «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» деп бағалайды [2,б.227]. Осындай таза да бай тіліміздің бойындағы қасиеттері қаншалықты шұрайлы екендігін көрсету үшін тілдің тарихына жүгінеміз. Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып саналады. Мәселен қазіргі қазақ тіліндегі бір шама шылау сөздердің архетиптері Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Бұндағы айғақ – қазақтың ана тілі өзімен бірге туып, бірге өсіп, дамып келеді деген сөз. Жалпы зерттеу барысында қазіргі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кейбір шылаулардың тарихи таным өрісі кеңейген сайын бағзы бір күрделі немесе көмескі мәселелердің басы ашылып, толығып, өзіндік тілдік жүйеге еніп, меңгеріліп отырылады. Ендігі кезде, әсіресе көне мұралардың тілін зерттегенде «әрі тарт, бері тартқа салмай, өзінің қалпында, мұртын бұзбай, мызғытпай зерттеу керек. Олар қазіргі заман мамандарының өзіндік ой-эксперименттері үшін жазылған емес» деген орынды ескертпеге де үн қосуысыз қажет [3,б.277]. Көне түркі жазбаларындағы шылау сөздердің жасалуына көсемше формалары негіз болған. Сонымен қатар есім сөздерден шылау жасайтын басқа формалар да жоқ емес. Көсемше формаларына келетін болсақ, жалғанған сөздер бастапқыда қимыл атаулы етістікке тән іс-әрекетті білдіреді. Кейіннен өзінің алғашқы мағынасы мен функциясынан алшақтап, шылауларға тән мағынаның белгісін, сипатын білдіре бастаған. Бұған себеп, аталмыш тұлғаның активті түрде екі жақты қызметке ие болып бейімделуінен. Көне жазба тілінде кейбір сөздер көсемше формаларында тұрып, бірде үстеуге тән, бірде шылауға тән функцияда жұмсалады. Кейіннен сол сөздер бір жақтылыққа ығысып, яғни басқа қызметінен алшақтап толығымен шылаулардың қатарына өткен. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, шылаулардың барлығы дерлік әуел баста басқа мағынадағы бүтін бөлшектер болып келеді. Оларға белгілі бір тілдің даму кезеңінде қосымшалар жалғану арқылы жаңа мағынадағы туынды тұлғалар жасалынған. Біздің зерттеп қарастыратынымыз осы туынды тұлғалардың ішіндегі шылау сөздер болмақ. Оның аса ежелгі дәуірде өмір сүрген фонетикалық семаларын мәні мен қызметі жуық, ұсақ семалармен салыстырып зерттеу мақсат етілмейді. Көне түбір мен көне қосымшаның аражігін ашып түсіндірудің өзі қиынға соғады. Сонымен қатар тіл білімінде олардың қандай түбір сөзден болғандығы жайлы көзқарас әр түрлі. Тіпті түбір түгіл қосымшалардың өзін ажыратып алуда да әр түрлі болжамдар айтылып келеді. Қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын зерттеуші Б.Сағындықұлы: «Тіл тарихы зерттелмейінше оның даму, өзгеру, қалыптасу заңдылықтары ашылмайды, жүйе құрылымы да, бай мазмұны да

сан-салалы әлеуметтік, қоғамдық қызметі де өз дәрежесінде танылмайды» дейді[4,б.172]. Ғалым тіл тарихын зерттеу арқылы бүгінгі тілдің күй – қалпынан мәлімет бере алатындығына мезгейді. Ж.Вандриес: «Ни одно слово не стоит одиноко в сознаний говорящего. Наоборот, мы всегда стремимся группировать слова, открывать новые соединяющее их связи. Слово всегда ассоциируется с каким-либо жестом слов , через свою семантему или морфему или даже через своей фонемой» деп сөздердің қандай да болсын элементі арқылы этимологиясын анықтауға болатындығын айтуға болады[10,б.585]. Жалпы көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тіліндегі қолданылған шылау сөздердің морфологиялық құрылымын зерттеуші ғалымдар екі негізіне алып қарастарыды. Оның бірі – етістіктен жасалынған шылаулар, яғни етістік негізді шылау сөздері де, екіншісі есім сөздерден пайда болған шылаулар делінеді (А.М.Щербак [5,б.104], В.М.Насилов [6,б.87], А.Д.Шукюров [7,б.249]). Бұл шылаулардың шығу тегіне, тарихи морфологиялық құрамына қатысты пікірлеріндегі бір ерекшелік болып саналады. Тіл ғылымында екінші бір көзқарас шылаулардың пайда болуын анатомиялық атаулармен де байланыстырады. Мәселен, қазақ тіл білімінде шылаулардың этимологиясына байланысты пікір білдірген ғалымдарымыздың бірі М.Балақаев «Қазақ тілі грамматикасының мәселелері» деген зерттеу еңбегінде шылаулардың шығу тегін осы қырынан алып қарастырады. Ғалым: «тегінде шылау сөздер ерте кездегі толық мағыналы сөздердің олқы мағыналы не мағынасыз сөздерге айналуын екінші басқышы екендігін айқын көрсетеді» дейді[8,б.4]. Ары қарай Н.Маррдың осы күнгі шылау сөздердің көбі ерте кезде кісінің қолы, аузы, көзі, қасы, басы, арқасы, асқазаны сияқты адам мүшелерінің аттары болған деген пікірі барын айтып, «тарихи құрылысы жағынан ондай шылау сөздердің кейбір бастапқы сөзден онша өзгере қоймаса, кейбірі көптеген өзгеріске ұшырап, бұрынғы сөзінен мүлдем қашықтап кеткен» деген тұжырым жасайды. Жалпы түркі тілдеріне ортақ шылаулардың этимологиясын зерттеу 17 ғасырдан басталса да, ғалымдардың болжамдары бірізділік таныта алмай келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол.–Алматы: Жалын,1991. -493 б.
2. Саади А.Тіл, әдебиет, язу әм олардың өсулері/А.Саади.-Қазан:1926.-127 б.
3. Жұбанов А.Қ., Куманша — қазақша жиілік сөздік / А.Қ. Жұбанов, А.Құрышжанов, А.Б. Белботаев. – Алматы: Қаз.ССР ҒА, 1978. – 277 б.
4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексика дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы:Санат,1994.- 172б.
5. Орысша – қазақша сөздік: Алматы:Инст.языкознания АН Каз.ССР, 1981. -2 том.585 б.
6. Айдаров Г. Служебные части речи в языке надписей Орхонских памятников. Исследование по тюркологии. – Алматы: Наука Каз.ССР,1969. 296 б.
7. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л: Наука,1987. –104б.

8. Шукюров А.Д. К этимологизации первообразных послелогов в тюркских языках. –Алматы: 1990.- 249 б.

2-СЕКЦИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.М.Абдрахманова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда тілдің әлеуметтік сипаты туралы айтқанда, оның әлеуметтік кеңістіктегі алатын орны туралы айтпай кету мүмкін емес. Себебі, қоғам міндетті түрде әртүрлі әлеуметтік топтардан құралады. Сондықтан кеңістіктегі тіл қашанда өзінің иелерінің әлеуметтік, мәдени, жас ерекшелігі жағдайымен тікелей байланысты болады. Сол себепті қоғамдағы әр адам жай ғана сөйлеуші емес, белгілі бір тілдің иесі. Сондықтан да бұл мәселені зерттеушілердің көбі оны «тілдік тұлға» ұғымымен байланыста қарайды. Яғни, адам әлеуметтік жағдайымен қатар тілдік ерекшелік алады, қоғамда тілдік топтар көп болған сайын «тілдік тұлғалар» да көп болады. Бұл қазіргі орыс тіл білімінде зерттеліп, айтылып жүрген *тілдік тұлға* ұғымымен тікелей байланысты. Әрі кең мағынасында жалпы тілдің тіл ретіндегі жеке тұлғалық ерекшелігін, тіл ретіндегі мүмкіндігін анықтауға, тілдің ұлт тілі ретіндегі өзіндік сипатын нақтылау, әрі жеке тілді қолданушының тілдік байлығын, тілдік қолданысындағы шеберлікті дәлелдеу үшін қажетті тілдік зерттеу бағыты болып табылады. Сонымен қатар әлеуметтік кеңістікте әртүрлі субмәдениеттердің тілдік коммуникациясы ерекше роль атқарады, бұл, әсіресе, жастар субмәдениетіне тән құбылыс болып табылады. Бүгінгі жастардың коммуникативтік ортасы, олардың қолданатын тілдік ерекшеліктері яғни, жастар субмәдениетінің тілімізге әсері зор.

Орыс тілі білімінде тілдік тұлғаға байланысты зерттеулер ХІХ ғасырдың аяғында-ақ қолға алынып, тілдің қасиетін жан-жақты ашу мақсатындағы зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Олардың пікірінше, тілдік тұлға ұғымы кез келген ұлт тілінде шығарма жазатын жазушы шығармасының көркемдік мәнімен, көркемдік ерекшелігімен байланысты. Ю.Н.Карауловтың бұл бағыттағы еңбегі орыс тілі материалдарының негізінде талданған. Зерттеушілер Караулов Ю.Н., Гаджиева Л [1; 82] көркемдік мән, тілдік тұлға ұғымын оның жүйелілігімен тығыз байланыста қарайды. Әр тілдің жүйелі болуы сол тілдің тілдік тұлға, жеке тіл ретіндегі даралық қалпын, бейнесін дәлелдей алатындығын атап көрсетеді. Яғни, жүйеліліктің тілдің тіл ретінде өмір сүруі үшін қажетті бірден-бір белгісі екендігін негізге алады. Бұл тұрғыдан, менің ойымшада, жүйелі тілдің көркемдік мәні жоғары деңгейде болатындығы даусыз. Жүйелі тіл болмаған жағдайда көркемдік туралы сөз қозғаудың өзі артық екендігімен

де келісу қажет. Өйткені, көркемдік мән болу үшін тілде өзіндік қалыптасқан сөзжасам жүйесі, тілдің грамматикалық жүйесі, стильдік қолданыс жүйесі, т.б. болуы керек екендігіне талас жоқ. Себебі, әр жазушы, әр көркемөнер иесі сол халықтық тілдің негізінде ғана өзіндік ерекшелігін айқындап, өзіндік сөз қолдану ерекшелігін жасай алады. Басқаша айтқанда, бұл арада *жүйелілік ұғымы* мен *сабақтастық ұғымын* синонимдік мәнде түсінген дұрыс. Кез келген тілдік тұлға тіліміздің білім аясында (фонговое знание) қалыптасатыны белгілі. Олай болса, кез-келген сөйлем, ондағы сөз тіркестері жүйелі тілдің, өзіндік сөздік қоры, ұлттық мәндегі ұғымдарының арқасында талданып, сөйлемдердің көркемдік деңгейі жоғары шығарма жазуға, сөз қолдану шеберлігін қалыптастыруға негіз болған, өзіндік мазмұн-мағынасы бар сөйлемдер жасауға ұйтқы болады. Демек, сөйлемдердің өн бойынан көркемдік, тілдік қолданыстағы шеберлік, өзіндік сөзжасам жүйесі арқылы жасалған сөздерді іздеудің, соларды талдаудың өзі, өіндік ерекшеліктерін ашуға ұмтылыстың өзі – тілдің жүйелілігінің дәлелі болып табылады. Сондықтан тілдің даралығы сияқты мәселеге, тілдік тұлға ұғымына қатысты тіл біліміндегі зерттеудің маңызын аңғару қиын емес.

«Тіл білімі тіл және тілдік тұлға бірлігі бойынша зерттеудің жаңа бағытына бет бұрды», - деп көрсетеді тілші Ю.Караулов [1;24]. Тілдік тұлғаның айқындалуы тілді қолданушының шешендігімен, тілдік шеберлігімен де байланысты. Осы тұрғыдан Ю.Караулов жоғарыда аталған еңбегінде тілдің шешендігі жөнінде талдай келіп, шешен немесе өткір тілді сөздің көркемдігі, оның тыңдаушы аудиторияның қабылдауына, сөздің сөйлеу жағдайына да байланысты екендігін атап көрсетеді. Яғни, орыс ғалымдары немесе басқа да тілшілер көтеріп жүрген тілдің жеке тұлға екендігі жөніндегі табиғаты жан-жақты зерттеу нәтижесінде ғана, осындай әрқилы тілдік, әлеуметтік белгілерін анықтау арқылы ғана айқындала, зерттеле түспек. Еңбекте *тілдік тұлға* ұғымына былай түсініктеме беруге ұмтылады: «...тілдік тұлға тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы танылатын тұлға, өзінің негізгі сипаттары жағынан тілдік құралдар базасында қайта толықтырылған тұлға» делінген [1; 38].

Келесі кезекте Ю.Караулов өз ойын жалғастыра отырып: «Тілдік тұлға – бұл жалпы тұлға ұғымын тереңдету, дамыту, қосымша мазмұнмен толықтыру», - деп түйіндейді [1; 39]. Яғни, жеке тұлға тілінің өзіндік қырлары арқылы жалпы ұлт тілі ғана емес, жеке тұлғаның ішкі әлемі жан-жақты ашыла түседі. Осы тұрғыдан, *тілдік тұлға* ұғымы жеке адамның ішкі әлемі, оның тіл арқылы берілген нұсқасы болып табылады. Ұлт тілінің даралығы жөніндегі тілдік түсінік ұлт ұғымымен және оның психикасымен де байланысты. Бұл жағынан алғанда ұлт мәселесі жөнінде айта келіп орыс ғалымы В.И.Козлов былай деп көрсетеді: «Бір жағынан, этнос ұғымын ашу үшін кейде этникалық топқа кіретін индивидтердің психикалық ерекшеліктерінің ортақтығы туралы көзқарасқа сүйенеді, оның үстіне

психикалық ерекшелік немесе ұлттық мінез этноспен тең жатқан топтастырушы негізгі ұғым мағынасында қаралады» [2; 56].

Орыс ғалымдары тілдің өзіндік ерекшелігін, тілдік тұлға ретіндегі тілдің маңызын ашу үшін тілдің табиғатын, оның көркемдік мәні мен көркем әдебиет тіліндегі қолданылу деңгейімен байланыста зерттеген. Демек, «тілдік тұлға» деген әлеуметтік сипатқа ие тіл ерекшелігімен көрінетін топтың өкілі деуге болады. Осы анықтаманың аясында біз «тілдік тұлға» санатында жастар субмәдениетін қарастырғымыз келеді.

Қазіргі заманғы техникалық жетістіктер жастарға барлық жағынан зор ықпал етіп отырғаны белгілі. Бұл, әрине, олардың жасына сай еліктеушілігімен, әр нәрсеге қызығушылығымен байланысты. Осы жағынан оларға тән бірнеше ерекшелікті айтуға болады:

- жастар үшін ақпараттық тұрғыдан бұрынғы шектеу жойылды, жастар мәдени ортаға ене отырып, яғни, есейе келіп алатын ақпаратын жас кезінде-ақ алуға мүмкіндікке ие болды. Бүгінде интернет, теледидар, ұялы телефон бұрын тиым салынған ақпараттарды алуға жағдай туғызды;

- соның нәтижесінде қазіргі бала ерте есейеді, қазіргі заманауи өзгерістерге тез бейімделеді. Осы жерде айта кететін бір тұжырым, бұрын жастар үлкендерден ғана үйренеді, олардың арасында үнемі сабақтастық сақталады деген түсінік басым болса, қазір үлкендерде өзінен кішілерден, соның ішінде балалардан үйренеді деген пікір талас тудырмайды;

- бұқаралық мәдениет бүкіл жаһандық деңгейде балаларды, жастарды тез баурап алуда. Соның салдарынан әлемдік деңгейде балалардың бәріне ортақ деуге болатын субмәдениет қалыптасуда. Олардың озық жағы да, бала санасына кері әсер ететін, арзанқол, сырты ғана жылтырақ, мазмұны жұтаң өнер мен төмен эстетикалық құндылықтарға құрылғандары да бар. Ал оның өзі балалардың төлтума этномәдениетінен тысқары қалуына, болмаса ұлттық мәдениетке деген нигилистік көзқарастың қалыптасуына әкелуде.

Жастардың тілін, киім киісін, музыкасын зерттеуші-ғалымдар топтай келе *субмәдениетке* жатқызады. Субмәдениет деген – жалпы мәдениеттің ішіндегі бөлшек, қоғамдағы кейбір топтарға тән мәдени ерекшелік. Мысалы, түрме субмәдениеті, жастар мәдениеті дегендей. Олар әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте өз тілдеріне, жеке сөздерге ие. Ол сөздерді «жаргон», «арго» деп те атайды. «Тілдік тұлға» жеке адам, болмаса әлеуметтік топ болады. Біз жастар әлеуметтік тобын, оның тілі жағынан қарайтын болсақ, жастардың коммуникативтік ортасы қандай болады, бұл әрине, жасына қарай, мектеп, оқу орны, жұмыс орны, достары, спорттық клубтар т.б. Жасына қарай ол орта өсе береді. Бұл қатынастар жеке, іскерлік, ұжымдық болып бөлінеді. Жеке қатынасы: жанұя, достар ортасы, ортақ мүддесі барлар, ал іскерлік қатынас: оқу, жұмыс, спорттық жарыстар т.б. әрине, жастар бірнеше осындай топтың мүшесі бола алады. Бұл жерлерде көптеген тілдік қатынас қалыптасадыт және олар параллель қызмет атқарады. Осыған байланысты орыс зерттеушісі Л.Крысин: «Студент мысалы, әртүрлі кішкентай топтың талабына байланысты

бірнеше сөздік қорды пайдалануы мүмкін дей келіп, ол мынандай тілдерді бөліп көрсетеді: әдеби тіл, сөйлеу тілі, ресми-іскерлік тіл, күнделікті-тұрмыстық тіл, жаргон, сленг, бұл нақты коммуникативтік ортадағы тілдік қатынасқа байланысты дейді [3;97]. Бұл жағдайды ол «кодовое переключение», яғни, «кодты ауыстыру» деп атайды. Код деген не? Бұл коммуникативтік сұхбаттасудағы екі жаққа түсінікті сөздің мәні, оны екі жақ түсінеді, кодты аша алады. Мысалы, ата-анасымен сөйлесуде жас қыз: «мам, Әділ Гуляға ғашық болып жүр» - деуі мүмкін, ал дос қызына: «Әдок деген, Гулькаға сынып жүр ғой» дейді. Екі жақ та оларға түсінікті кодты қолданады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, ол жанұяға түсінікті жалпы тілдік нормадағы сөздерді қолданса, досына сол топқа түсінікті сөздерді қолданады. Жастар белгілі нәрселерді де өздерінің кодтарымен атауды ұнатады. Мысалы, *ақылды, білгіш адам олар үшін «ботаник»; дене тәрбиесі - «дене»; демалыс күні - «жатыс»; ұялып қалу, бірдеңенің іске аспауы - «мұрт болып қалды»; жарасып тұрған киім, жалпы жарасымды нәрсе – «ұйқы болып тұр немесе жестко болып тұр»; тамақты жеп қою – «айырып тастау, «жұтып қойды» т.б.*

Жастар коммуникативтік ортасында бірнеше тілдік ерекшелік бар. Мысалы, жоғарыдағыдай, жаргондарды пайдалану, боқтық сөздерді көп кірістіру, бұл қазір ер балалар ғана емес, қыз балалар арасында да көп тарап отыр. Себебі, қыздар бір жағынан ер балалардың өз тілімен сөйлескісі келеді, екіншіден, жалпы мәдениет төмендігі, үшіншіден, бұл жастар арасында дәрежелілік, күш көрсетудің көбеюінен деп саналады. Жастар субмәдениетінде мақал-мәтелдерді қолданудың, әсіресе, анайы, дәрежелі түрлерін жиі көрініс береді. Кинодағы кейіпкерлер атын, атақты әнші, артист аттарын мысалға алу. Денесі үлкен бала – «банк», «шкаф», өзінше болып жүргендерді атау – «қолтығына шиқан шыққандар». Әдетте ғалымдар жастар субмәдениетінің көріністерін жастық кезге тән уақытша құбылыс деп санайды. Бұрын жастардың тілдік субмәдениеті ұлттық тілдік кеңістікпен шектелсе қазір орыс тілі мен ағылшын тілінің кеңінен тарауына байланысты халықаралық сипат алып отыр деуге болады. Оны төмендегі мысалдардан да көре аламыз.

Бүгінде жастар арасында әндердің сөзін, діни ұғымдарды қолдану жиі кездеседі. Сондай-ақ өзге тілден енген сөздерді көп қолдану да жастарға тән. Қазақша-орысша, орысша-ағылшынша қойыртпақ тіл пайдалану да жиі көрініс береді. «Актив лақтырып жіберші», «компьютер зависать етіп тұр», «девушка, проезд жалғап жіберші», «не, крутойсың ба?, дерзкийсің бе?, бара алмай қалу, бір нәрсенің іске аспауы – поражняк болу», т.б. Жастарға осындай тілдің әр түрлі деңгейін қолдану тән болып келеді. Бұл жастардың, біріншіден, жанұясымен, шыққан, қалыптасқан ортасымен, алған білімімен байланысты, екіншіден, өресі, ақылымен байланысты, үшіншіден әлеуметтік статусымен байланысты. Мысалы, студент пен жұмысшының, әр түрлі жағдаймен түрмеде болғандар немесе жай тентектер ортасында жүргендердің сөйлеу тілінде тілдік ерекшелік байқалып тұрады. Сонымен бірге қала баласы, ауыл баласы, орыс тілді

тәрбие алғандар, қазақ ортада тәрбие алғандар, Қазақстанның әр аймағында тәрбие алғандар, мысалы, оңтүстікте, батыста және т.б. сияқты тілдік бөліністі айтуымызға болады. Осымен қатар жастар арасындағы коммуникацияда орысша-қазақша сөздерді араластырып сөйлеу мен ағылшын сөздерін қосу көптігі байқалады. Соңғы кездегі үрдіс шетелдік кинофильмдер мен мультфильмдердегі адам аттарының, әртүрлі бейнелердің атаулары көбеюі болып табылады. Мысалы, «терминатор», «өрмекші адам», «ниндзя тасбақа», «тачки», «аватор», «матрица», «вампир» және тағы басқалар. Жастар мен балалар бұл атауларды жақсы біледі және бұл атаулар ұлттық кейіпкерлерді, ұлттық әдебиет пен өнерді ығыстырып шығаруда. Сондай-ақ қазіргі электрондық пошта мен ұялы телефондағы СМС хабарларының қысқа тілге сүйенгенін және латын жазуын жиі пайдалану үрдісін байқауға болады. Осылайша қазіргі жастар тілдік қатынасында сыртқы мәдениет пен тілдердің ықпалы айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, тілдік-коммуникативтік кеңістіктің үнемі өзгерісте, қозғалыста болуы – қоғамның жалпы даму динамикасымен байланысты заңды құбылыс. Оның үстіне қазіргі теле-коммуникациялық құралдардың дамуы, әлемдік ғаламтор кеңістігі міндетті түрде жастардың сана-сезіміне, субмәдениетіне зор ықпал ету үстінде екені белгілі. Бұл құбылыстың жағымды және жағымсыз екі жақты әсері бар екенін айтқан жөн. Біріншіден, әлемдік мәдени, экономикалық интеграция нәтижесінде тілдердің бір-біріне ықпалы, өзара толығуы, мәдениеттердің араласуы үрдісі барлық ұлттық тілдер мен мәдениеттер үшін ортақ мәселе болып отыр. Екіншіден, жастар мәдениетінің өзара ықпалы ұлттық тілдің шұбарлануына, жастардың грамматикалық жағынан жаппай сауатсыздығына әкелуде. Оны біз күнделікті теле экран мен интернет жазбаларынан көріп отырмыз, бұл барған сайын тілдік дертке айналуға. Сондықтан қазіргі жастарға тән тілдік ерекшелікті тілдік-коммуникативтік жағынан әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан талдау тіл білімі үшін актуальды және перспективтік бағыттың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987. -261б.
2. Маслова В.А. Лингвокультурология. М.: Академия, 2001. – 208 с.
3. Крысин Л.П. Кодовое переключение как одна из форм языкового варьирования // Языковая вариативность. Красноярск, 1998.
4. Фоминых А.Д. Культурно-языковая среда как основной фактор полноценной этнической самоидентификации // [Вестник](#). Серия «Филологические науки». № 1 (17), 2004. С. 29-32.

БАСПАСӨЗ ТІЛІ: ЗАМАНАУИ «МАҒЫНАСЫ МАЙЫСҚАН МАҚАЛДАР»

Абдрахманова Жазира Әсембекқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.
ТЭМФ мектебінің мұғалімі
Алиева Гүлмира Анварбековна
e-mail:zhaz_abd@mail.ru

Мақал-мәтелдер газет тілінде болсын, көркем әдебиет тілінде қолданылсын мәтін мазмұнына ерекше мән беріп, сөйлемнің тілдік құрылымы мен стиліне айрықша мазмұн береді. Халық даналығына толы мақал-мәтелдер - газет тіліндегі айшықты сөз орамдарының бірі. Мақал-мәтелдердің ойды бейнелі, ұтымды жеткізуде стильдік қызметі ерекше. «Мақал - сөздің мәйегі демекші, қазіргі баспасөз тілінде мақал-мәтелдің қолданылу белсенділігі басым. Соңғы кездері мақал-мәтелдер бүгінгі тұрмыс-тіршілікті сипаттауда таптырмайтын көркемдік құрал ретінде жұмсалуда. «Ас адамның арқауы» (Түрк. 14.11.16); «Ақ түйенің қарны жарылған күн» (Жас Алаш, 15.01.16); «Жығылып жатып сүрінгенге күлмейік» (Ег. Қ. 20.03.14); «Аузы күйген үріп ішер» (ҚӘ. 28.08.16); «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» (Заң, 03.08.15) т.с. тақырыптағы мақалалар кеңінен орын алған. Сонымен қатар қазіргі қолданыста мақал-мәтелдердің әлеуметтік жағдайға байланысты өзгертіліп қолданылатынын да көптеп кездестіруге болады. Мысалы:

Парақордың баласы теңгеден көзін алмайды.

Талаптыдан теңге артық.

Қазынадан ұрлаған қаржы сұрамас.

*Пара – оңай пұл болар,
Пара алмаған құл болар.*

*Бастық болсағ басынарсың,
Өсе беруге асығарсың.*

*Жемқордан – үйрен,
Жей алмайтыннан – жирен.*

Қуды қулығы құтқарар.

Бастық жоқта орынбасары басынар.

*Параның дәмін татарсың,
Қызығына батарсың.*

Опыра жеген орнын табар.

*Адал – пайдаға кенелмес,
Жемқормен терезесі теңелмес.*

Дөкейдің сөзі дуалы.

Жемқорға жала жұқпас.

*Үндемеген – жетеді,
Үн шығарған – «кетеді».*

Құлқынын тойдырмасаң – құлағы естімейді.

Болбыр бастық бордай тозар.

Екі шенеунік шекіссе – елдің соры.

Алаған қолдың амалы көп (ҚӘ.20-26.2017).

Бұл мәселе республикалық немесе тәуелсіз баспасөздің қай-қайсысы болсын, олардың тақырыптық, семантикалық ерекшеліктерінде мұндай құбылыстың жиі кездесетінін аңғаруға болады. Белгілі ғалым Н. Уәлиев: «Тілімізге ажар беріп, сөзімізге жан бітіретін мақал-мәтелдер, шешендік сөз оралымдары, айшықты сөз тіркестерінің суреткер шығармасында алатын орны ерекше. Жазушы қаламы із-өкшесі халық тілінде жатқан сөз оралымдарының көркем үлгілерін, сирек түрлерін, ұмыт қалғандарын қолданыс үйіріне қосып, сөздік қордың қорабын молайтып отырады» деп көрсетеді [1, 62].

Мақал-мәтелдердің автор тарапынан өңделіп, контексте өзгеріске ұшырап қолдануы жөнінде жан-жақты талдау жасай келіп, академик Ә. Қайдар: «Мақал-мәтелдердің осылайша әр түрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар деп айтамыз» дей келіп, оны 5 түрге бөледі (223 б):

1. Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар;
2. Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар;
3. Компоненттердің орын ауыстыруына байланысты инварианттар;
4. Екі жолды мақал-мәтелдердің бір жолын түсіріп айтуға байланысты инварианттар;
5. Қосалқы компоненттерінен кеңейтілген инварианттар [2, 224].

Публицистикалық стиль болсын, көрем әдебиет стилі болсын сөздің, сөз тіркестерінің нормаға сай қолданылуы тілдің коммуникативтік қызметіне ерекше әсер етеді. Әсіресе коннотативті мәні жоғары фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің нормаға сай берілуі баспасөз тілінің ерекшелігін айқындайды. Баспасөз тілінің мәдениеті туралы М. Балақаев: «Тіл

мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. Халықтың жазу, әдеби мұралары, тіл жұмсау, сөйлеу өнері неғұрлым жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де соғұрлым биік болмақ. Әдетте әдеби тілді бір не бірнеше адам жасамайды, ол қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғам мүшелерінің белсене қатысуымен, жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланады, қоғамдық қызметі арта түседі. Қазақ әдеби тілін осылайша шындаудың дүкені-баспасөз»-деп көрсетеді. [3, 9].

Сондықтан да авторлық инварианттардың дәстүрлі номинатив тұлғалардан мағынасы жағынан да, тұлғасы жағынан да алшақ болмауын қадағалап отырған жөн. Бұл паремологияның негізгі талаптарының бірі. Ал «паремология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты-нақыл сөзерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те, жаңа салаларының бірі» [2, 304].

Авторлық сөзжасам арқылы жасалған мақал-мәтелдер тілдік қолданыста жалпы халықтық формадағы құрылымдық, көркемдік сипатынан ажырамауы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдің коммуникативтік қызметі, әсіресе қазақтың мақал-мәтелдерін тілдік қолданысқа түсіргенде ерекше сипатқа ие болады. Себебі ата-бабамыздан келе жатқан мұндай сөз айшықтары баспасөз бетінде «табиғи қалпында» ғана емес окказионалды түрде де қолданылады. Жалпы бұл құбылыс газет тілінде өте жиі кездесетін жағдай. Осындай «құбылудың» әсерінен мақал-мәтелдердің мәні, мазмұны өзгеріп, кейбірі тілдік қолданыстан түсіп қалса, кейбірі жиі қолданудың әсерінен стандарт қалыпқа түседі.

Түптеп келгенде, мақал-мәтелдердің баспасөз тілінде қолданылуы «өлшеулі мақсатқа» негізделген. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде баспасөз тілінің ерекшеліктерін талдап көрсететін болсақ, мұндағы басты тірек – ақпараттық қызмет. Бұл қоғамдық ақпаратты жеткізетін бірден-бір құрал. Сондықтан да тілдің функционалдық стильдері ішінде публицистикалық стиль өзінің мақсаты мен қоғамдағы қызметі және содан туындайтын тілдік ерекшеліктері жағынан басқа стиль түрінен өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Негізінде функционалдық стильдің қай-қайсысы да дамуы жағынан әр деңгейде. Стильдік тармақтарының бірі актив дамыса, екінші бірінің белсенділігі төмен. Осы тұрғысынан публицистикалық стиль даму жағынан басқа стиль түрлерінен төмен. Дегенмен қазақ тілінің дамуы мен оның коммуникативтік функциясы үшін ерекше қызмет атқарады. Әсіресе ақпаратты қарапайым тілмен жеткізіп, фактіні ойнатып беруде баспасөз тілінің рөлі зор. Себебі БАҚ-тың тілі қоғамдық санамен коммуникацияға түседі. Сондықтан қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің қызметі ерекше. Әрине мақал-мәтелдердің қалыптасқан, логикалық жағынан тұжырымды формаларын қолданған өте дұрыс. Дегенмен мұндай сөз орамдарын құрылымы жағынан уәжсіз өзгертіп инварианттық нұсқада қолдану және оны талап деңгейінен түбегейлі, әрі жиі ықшамдау коннотаттық мағынадағы тілдік таңбалық экспрессивті-эмоционалды, стильдік қызметіне кері әсер етеді.

Кілт сөздер: Бұқаралық ақпарат құралдары, мақал-мәтелдер, авторлық қолданыс, баспасөз тілі, стиль.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1998. – 128 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы. 1998. – 224 б.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және баспасөз // Басп.тіл мәдениеті туралы. – Алматы. 1972. – 9 б.

ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ СӨЗДІК

Абдрахимова Г.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Терминжасам ісі – бүкіл халыққа ортақ іс. Себебі тіл халықтікі. Ана тіліміз ортақ байлығымыз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында: Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң, оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек» дей келе, терминологиялық сөздіктер жасаудың маңыздылығын атап көрсеткен болатын.

2014 жылы Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ғылым мен техниканың, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларын қамтыған 30 томдық терминологиялық сөздік жарық көрді. Аталған еңбекті Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Педагогикалық Ғылымдар Академиясы және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты бірлесе отырып шығарғанын айта кетейік. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікке 11 000 –ға жуық термин сөз енген. 532 беттік сөздік ғылым мен техника, мәдениет және экономика салаларының негізгі терминдерін қамтиды. Бұл сөздіктер сериалы жалпы білім беретін мекемелердің оқушылары мен ұстаздарына, жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушыларына, сала мамандары мен ғалымдарға, сондай-ақ барша оқырман қауымға арналған.

30 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік қазақ терминдерін біріздендіру, термин қорын реттеу, арттыру мақсатында қолға алынған құнды еңбектердің бірі. Сөздіктер топтамасы алғаш рет 1999 – 2000 жж жарық көрген. Екінші рет 2012, ал үшінші рет 2014 жылы сөздіктің өңделген, жетілдірілген, реттелген нұсқасы шыққан болатын. Жаңа басылымда сөздіктердегі терминдер саны екі есеге артқан. 300 мыңнан астам

терминді қамтыған 30 томдық сөздік 350-ге жуық ғалым мен сала мамандарының бірнеше жылдық еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта бұл сөздіктердің қазақ терминологиясының, оның ішінде әсіресе терминография саласының дамуына қосар үлесі де зор болмақ.

Терминология бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала. Қазір жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктердің өзі ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Заң, медицина, техника, экономика, әлеуметтану, саясаттану, тағы басқа салалардың өзіне тән терминдері мен атау сөздерін бір ізге түсіру де әлі басталмаған жұмыс. Ғылым, өндіріс салаларын терминмен толық қамтамасыз ету үшін кем дегенде 300 мыңдай сөз бекітілу керек екен. Бұл салада атқарылар істің әлі де көп екенін байқаймыз.

Кеңес өкіметі тұсында ұлттық терминологиямыз интернационалистік принциппен дамыды. Түбірі сақталып, жалғауы орысшаға бейімделіп өзгертілген халықаралық терминдер, атау сөздер біздің тілдік ортамызға сол күйінше еніп кетті. Бірнеше ұрпақ сол терминдердің тілімен оқып, бұл сөздер әбден құлаққа сіңісті болып қалды. Енді кеп біз оларды жаппай аударуға көштік. Жәні келсе аударған дұрыс, әрине. Бірақ, өкінішке қарай, терминді, атау сөзді аударған кезде көпшілік жағдайда оның кез келген сөз тіркесіндегі әмбебап мағыналық принципі, яғни терминнің аудармасына деген академиялық көзқарас сақталмады. Көпшілік жұрттың оны қалай қабылдайтыны, аударма терминнің тілдік ортаға сіңісу мәселесі ескерілмеді. Содан келіп бір сөзді бірнеше нұсқада аудару проблемасы пайда болды.

Үлкен қиындық туғызып жүрген проблеманың бірі – мемлекеттік тілдегі терминдік қордың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны. Еуропаны айтпағанда бұрынғы ТМД елдерімен салыстырғанда да біз бұл жөнінен көп кенжелеп қалғанбыз. Мысалы, Балтық жағалауы елдерінде мемлекеттік терминология комитеттері бекіткен терминдер саны 200 мыңға таяу болса, біздегі бекітілген терминдер одан шамамен он есеге жуық аз екен.

Қазіргі кезде өзге тілдерден енген термин сөздердің алдымен орысша аударылады, содан соң қазақша аудармасы жасалады. Міне осының кесірінен біздің аудармалардың көбі калька сөздер, яғни тікелей аудармалар. Аударма мәселесі, әсіресе қазақша сауатты аударма мәселесі бүгінгі таңда өте өзекті мәселеге айналған. Біз 30 томдық сөздіктің біреуіне шолу жасап көрген болатынбыз. Заңтану терминдеріне арналған сөздіктің 29 томын қолымызға алып, сәтсіз аударылған терминдерді анықтаған едік. Ататалған томдығында кейбір орысша сөздердің қазақша баламасы көңілге қонымсыз. Сөздікті оқып отырып калька сөздерді көп кездестіруге болады. Атап айтар болсақ, аварное нарушение – авариялық бұзушылық, автостанция – автостанса, авария – авария, акция – акция (жеңілдік), акция вариант – вариант на акция, контрольный пакет акций – акциялардың бақылау пакеті, акциз – акциз (салық), акцепт – акцепт (құптама), золотая акция – алтын акция, дедовщина – әлімжеттік, банкрот – банкрот (құлдырау, борышқор, дәрменсіз), контрольный чек – бақылау чегі, мирный договор – бейбіт шарт (бейбіт келісім), биоцид – биоцид (тіршілік жойғыш), охрипилий голос – қарлыққан үн, қарғылыққы

дауыс, отработанная, отработаться – пайдалану, пайдаланылған, облигация – облигация (бағалы қағаз), профицит – профицит (пайда), прокат – прокат (жалға), территория водоразделов – су бөлу аумағы, стоп-лист – стоп-парақ, йодная камера – йодтық камера және т.б көптеген термин сөздердің қазақша баламасы, аудармасы аса сәтті шыққан деп айтуға келіңкіремейді. Бұл біздің аталған томдықтың ішінен байқаған аз ғана сөздер. Осы секілді жүйесіз аудармалар өзге де томдықта көптеп кездеседі.

Сөз соңында, сөздіктерді қайта қарау мақсатында жақын салалар топтастырылып, бірнеше баламалары берілген терминдер, сәтсіз аудармалар және авторлық ұжымдар ұсынған терминдер қайтадан талқыланса, жан-жақты сараланса деген ұсынысымызды жеткізгіміз келеді. Терминнің негізгі қасиеттері сақталса екен дейміз. Ол үшін алдымен ұғым атауы және ғылыми анықтамасы болу керек, салаға тәндігі, мағына дәлдігі, контекстке тәуелсіздігі ескерілу қажет.

Сөздіктің сапасын арттыруға, қате аудармаларды, сәтсіз сөз қолданыстарын жүйелеуге, бірізділікке келтіруге Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мүшелері бұл істі аяқсыз қалдырмай, жан-жақты саралап, талқылайды деген үміттеміз. Алдағы уақытта қазақ тілі терминологиясының ғылыми негізде дамып, кемелдене түсе беретініне сеніміміз мол.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛІН ДАМУ

**Арынбаева Р.А., Танабаева Г.Ө., Жамашева Ж.Р.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік
университеті**

Бүкіл адамзат қоғамының ХХІ ғасырдың алғы шебінде, яғни ғылыми – техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуірінде жаңа қоғамға лайықты адамдардың бір –бірімен мәдениетті қарым – қатынас жасай білуі өте қажет.

Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауында үшінші жаңғыру кезеңін басынан өткеріп жатқан егеменді еліміз үшін әлемдік өзгерістер мен бетбұрыстарға бейімделудің маңыздылығын атап өтті.

Қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеге көтерілуі Қазақстандағы іс – қағаздарын қазақ тілінде жүргізу мәселесіне айрықша көңіл бөлуді талап етеді.

Өзге тіл өкілдеріне қазақ тілін оқыту жайы оңайға түспейді. Қандай болмасын ол ана тілі грамматикасынан өзгеше болып келеді. Себебі олардың көздейтін мақсаттары әр түрлі: ана тілінің грамматикасы игерілген, дайын тілдің құрылымын түсіндіру үшін керек болса, шетел тілінің немесе талаптанушының өз тілі емес болғандықтан, ол тілді жаңадан игеріп, сөйлем құрап үйрену үшін қажет.

Өзге тіл өкілдеріне қазақ тілін оқытудың түрлі тәсілдерін айтып келеміз. Дегенмен әлі де біз сабақта ақпарат құралдарын қолдануды ескере бермейміз. Ақпарат құралдарына теледидар материалдары, газет – журналдар, радио хабарлары, компьютерге енгізілген дискеттер т.б. жататыны белгілі.

Сондықтан бұл мақаланың мақсаты - қазақ тілін үйретуде, өзге ұлт өкілдерінің тілін дамытуда ақпарат құралдарын пайдалану тәсілдеріне тоқталу. Тілді толық меңгеру үшін сол тілде сөйлесетін орта қажет. Тек қана ауыз – екі сөйлесу емес, теледидарды сол тілде көріп, газет – журналды сол үйренетін тілінде оқыса, адам тілдің әдеби, мәдени, тіл нормасына сай сөздерін оңай үйренеді. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде осы жағдайды ескере отырып, күнделікті сабақты ақпарат құралдарында беріліп отырған жаңалықтармен байланыстыру қажет. Теледидарда болып жатқан жаңалықтар туралы студентке қазақ тілінде сұрақтар қою арқылы оның сол тілде жауап беруін талап етуге болады. Кемшіліктер болса түзетіп отыру қажет. Мысалы: Биыл М.Әуезовтің неше жылдығын тойладық? – Сол туралы теледидардан қандай хабар көрдіңіздер? деген сұрақтар қою арқылы студенттің тілді қаншалықты меңгергендігін байқауға болады. Бүгінгі жастар теледидарға көбірек назарын аударады, уақытының көпшілігі соған кетеді. Қазір ақпарат құралдарынан жаңалықтар да, хабарлар да көптеп берілуде. Сондықтан теледидардан қазақ тілін үйрететін хабарларды үзбей көруін ескерте отырып, олардың көрген – білгенін, ойын қазақ тілінде жеткізе білуіне оқытушы көмек жасауы қажет. Бұл студентпен жеке жұмысты қажет етеді. Оқытушы түрлі ережелерді айтып қазақ тілін оқытуды қиындатпай- ақ, сөздің контекстке түскенде түрленуін, оның дұрыс айтылуын аңғартудың өзі жеткілікті. Студент өз мамандығына байланысты термин сөздердің мән – мағынасын толық түсініп, контексте қолдана білсе болғаны. Мысалы: филология факультетінің студенттері дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, екпін, сөздің грамматикалық, лексикалық мағынасы, сөз тіркесі, сөйлем аудару, аударма теориясы сияқты термин сөздерді дұрыс қолдана білуі керек. Олардың мағынасын толық түсінуі қажет, сондықтан мұндай терминдерге анықтама беріп отырамыз.

Сабақта газет-журналдарды қолдану студенттің қазақ тіліндегі материалдарды оқуына жетелейді. Егер студент қазақ тіліндегі газет-журналды оқып, оны аудару арқалы сөйлем мағынасын түсінсе, онда үлкен жетістікке жеткені деп түсіну қажет. Демек, оқытушы тілді меңгерудің бірден-бір көзі болып табылатын кілтін тауып ұстата білуі деген сөз. Ал студент оны мәдени дамытатын және тілді меңгеретін кілт осы екенін түсінсе, ол құнығады, Құныққан адам оның түбіне жетпей қоймайды. Шешінген судан тайынбас дегендей, сәулесі бар адам оны күнделікті әдетке айналдырады. Студентке ойдан сөйлем құратсақ, ол тіптен жұпыны, жай сөйлем болуы мүмкін. Ал газет-журналдың тілі әдеби тіл нормаларына сай жазылмай ма. Демек, газет-журналдан бір сөйлем алып жаздырсаңыз да, одан студент бір сөз болса да үйренуі мүмкін. Өзге тілді үйрену өте қиын. Сөйлем

құрауға студентті үйрету үшін алдымен олар сөз мағынасын түсінуі қажет. Сөз мағынасын түсіну дегеніміз- студенттің санасында соған сәйкес мән-мағыналарды тудыру. Сөздің лексикалық мағыналарын түсінген соң, олардың байланысу тәсілдері, жалғау, жұрнақтарды қабылдауы үйретіледі. Міне, мұнда да газет-журналдардан сөйлемдерді тауып, әрбір қосымшалардың астын сыздыра отырып, оның қызметін түсінуге болады. Мысалы: Елбасы батыр да бекзат, ақын да ақылман Махамбеттің 200 жылдық мерейтойын өткізуге әзірленіп жатқан Атырауға келді («Егемен Қазақстан» газеті, N 73-74, 5 сәуір, 2002 ж.) Осы сөйлемдегі Атырауға деген сөздегі барыс септігінің бағыттық мағынада қолданылуын сұрағы арқылы (қайда?) түсіндіруге болады. Мұндай жұмысты септік жалғауларын өткенде қолданамыз. Сонымен бірге осы сөйлемнің мазмұнын студент түсіну үшін оған аударма жасатқан жөн. Сонда студент аударма жасай отырып, бүгінгі жаңалықтармен танысады. Оқытушы сөйлемді өзі іріктейтін болса, бүгінгі жаңалықтармен байланысты, қызықты сөйлемді ұсынғаны ұтымды болады. Себебі: студенттер жаңалықтарға құлақ түріп, қызығушылықпен тыңдайды. Сондықтан газет-журналдардан сөйлем алғанда таңдап-талғап, мәнді, мағыналы ойлы сөйлемдерді алғаны жөн.

Бұл тәсілді сабақта қодану үшін бір ғана жалғауды себеп етіп, газет-журналдарды оқыта беру керек. Студент газет-журналдарды оқуды жақсы меңгерген соң, жұмысты мұнан да әрі күрделендіруге болады. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне, сөз таптарына қарай талдауға дейін күрделендіруге болады. Демек, жұмысты оңайдан бастау қажет. Студенттің білетінінен білмейтініне қарай, оңайдан күрделіге қарай түрлі жұмыстарды ұйымдастыруға болады.

Қорыта келгенде 1) көркем әдебиет қазыналарын, газет-журналдарды тіл пәнін оқытуда жүйелі және орынды пайдалану белгілі ақын-жазушылардың тіл шеберлігін, олардың қазақ тіліне қосқан үлесін әңгімелеп, үзінділер келтіріп отыруы, көркем шығармаларын студенттердің өздеріне оқыту- оларды өмірге жақындатады, еңбекке қызықтырады, әдеби сөйлеуге үйретеді, тілін байытады. 2) теледидардан көрген жаңалықтар туралы сұрап, оған жауапты қазақ тілінде айтуын қадағалау олардың тілін жаттықтырып, тілін байытады. 3) қазақ тілін үйренуге байланысты компьютер дискеталарын орынды пайдалану да студенттің білімін, тілін дамытады.

Кілт сөздер: ұлт, қазақ, жаңғыру, тіл, даму.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Д.Әлімжанов, Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы-2002 жыл, «Мектеп» баспасы.
2. Егемен Қазақстан газеті, 2002 жыл №76
3. М.Г.Арынов. Неміс тілі грамматикасы (морфология), Алматы, «Мектеп», 1986 ж.
4. Терминологиялық сөздік Шымкент, 2008ж.

АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ОЙЛАУ ТАБИҒАТЫ

Н.А. Атаханова

Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау
мемлекеттік университеті

Белгілі ақын Қайрат Жұмағалиев адамзаттық, азаматтық мәселелерді көркем поэзия тілімен бейнелеп, ұлттық поэзиямызды жыр жауһарымен байытқан, соңына үлкен шығармашылық мұра қалдырған талант иесі. Ол 1937 жылы 16 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысының Орда (қазіргі Бөкей ордасы) ауданында Жиекқұм ауылдық кеңесінің (қазіргі Бейсен ауылы) Бесқұдық деген жерінде туған.

Қайрат Жұмағалиев бүкіл саналы өмірін ұлтының тарихын, тыныс-тіршілігін жырлауға арнады. 77 жас ғұмыр кешкен ақынның артында өзінің төл тома 20 жыр кітабы қалды. Сондай-ақ оның 4 кітабы орыс тіліне аударылып, "Степная дорога", "Целомудрие" атты жинақтары Мәскеудің "Советский писатель" баспасынан жарық көрді. Жекелеген шығармалары ағылшын, француз, араб, неміс, қытай, хинди, испан, поляк, болгар тілдеріне аударылған. Бұған қоса шебер аудармашы болған ол Гомердің "Илиадасын", Еврипидтің "Медея", "Троя арулары", "Елена" трагедияларын, әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын ана тілімізге аударған. А.Дюманың "Граф Монте-Кристо" романың моңғол жазушысы Л.Тудэвтің "Тау тасқыны" романын, француз ақыны Беранженің шығармаларын, қырғыз эпосы "Манастың" тарауларын қазақ тіліне тәржімалаған [1, 45 б.]. Егемен Қазақстан. 19 желтоқсан 2013 ж.

XX ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиетімізге келіп, кеңестік қоғамның мектептерінен тәлім алған ақын өз ғасырының да, тәуелсіз қазақ елінің де жыршысы бола білді. Оның шығармаларынан екі дәуірдің де күллі шындығын тануға болады.

Көркемдік ойлау – кемел ойлы халық дүниетанымының күрделі, кешенді жаңа әлемінің көрсеткіші. Әлем халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларының барлығында да жалпы адамзатқа ортақ көркемдік таным әлемі болмысының сараланғаны байқалатыны мәлім. Ал, қазақтың дәстүрлі ақындық поэзиясынан бастау алған жазба ақындар поэзиясының көркемдік ойлау жүйесі арқылы халық дүниетанымына тән даналық-ойшылдық, этнопедогогикалық-этнопсихологиялық көзқарастар тереңдіктері айқындалады. Бұл орайда, ғалым-әдебиетші С.Негимовтың «Көркемдік ойлау» атты ғылыми мақаласындағы тұжырымдардың методологиялық жолдарына айрықша назар аударамыз:

«Көркемдік ойлау – өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше бір түрі. Мұның ғылыми-теориялық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні – дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады.

Образдық-сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суреті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады.

...Болжаушылық, тұспалдау, ықтималды ойлау қабілеті – көркемдік ойлаудың ерекше белгі сипаттары. Дүниені, болмысты, жапанды тұтас тану, сондай-ақ жан-жақты жарқырата көрсету, оның үн-дыбысқа, бояуға, мағына-сырға толы келбетін ойша қамту, әдепкі таным-білігіміздің көкжиегін кеңейту көркемдік ойлаудың жасампаздық сипатын көрсетеді [2,118 б.]. Саналы ғұмырын сыршыл да нәзік, күрделі де терең жанр - поэзияға арнаған ақын Қайрат Жұмағалиевтің де өзіне тән көркемдік ойлау әлемі бар. XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы поэзиямызға тән негізгі бағыт - адам атты күрделі болмыстың жан әлемі, қоғамдағы адамның орны, заман сыры мен сипаты, уақыттың өткіншілігі, сырға тұнған табиғат әлемі, достық пен махаббат сияқты қастерлі сезімдер иірімі болса, осы тақырыптар Қ. Жұмағалиевтай сезімтал да әсерленгіш ақынның назарынан да, қаламынан да тыс қалмағандығын байқаймыз. Қазақтың белгілі ақыны әрі ғалым Т.Әбдірахманова Қайрат Жұмағалиев поэзиясы туралы тұщымды пікір айта отырып, екі шумақтан тұратын "Өкпелейсің бекерге" өлеңіне талдау жасайды да, өлеңнің жетістігін былайша көрсетеді: "Алғашқы екі жол" толассыз өмір толқынында жылдар, айлар, апталар түгіл, күрессіз, әрекетсіз, ойсыз бір сәт өмірің, бір минут уақытыңның тегін өтпейтінін ескертіп, көңілімізді қобалжуға түсірсе, соңғы үш жол жақсысы мен жаманы, бары мен жоғы, ізгілігі мен зұлымдығы егіз, қарама-қайшылықты өмір заңына бағдарлап, еріксіз соған тоқтағандай, соны мойындағандай етеді [3, 7 б.].

Бұл пікір ақынның бір өлеңі ғана емес, күллі поэзиясына айтылған деумізге болады. Өйткені ақынның мұндай ойлы да сыршыл өлеңдері поэзиясының денін құрайды.

Жасыл жыр - жебеушім деп айтар едім,
Құмарым арта түсті қайта менің!
Шарасы шайқалғанда көңілімнің
Поэзия -
Бел тұтар бәйтерегім! -

деп, өлеңді ғұмырлық тілегіне айналдырып, рухани панасы тұтқан ақынның жыр сүйер қауымның жадында жатталған "Құлагер" атты әдемі өлеңі бар. Құлагер десе есімізге бірден ақын, әнші-композитор Ақан сері түсері хақ. Бәйгеден оза шауып келе жатқанда қапылыста қара ниеттілер қолынан мерт болған серінің даңықты жүйрігі көркем әдебиетте бірсыпыра поэтикалық туындыларға тақырып болып, хас жүйріктіктің символына айналды. Тағдыры трагедиямен біткен тұлпар туралы ақынның бұл жыры көркемдік ойлау тұрғысынан шынайы да әсерлі шыққан.

Жалбыр бұлт көрсетпеді-ау таңды мына,
Естілді бір азалы үн жаңғырыға...
Жаным-ау, сіркіреген мөлдір тамшы
Әлде Ақан көзінің жаңбыры ма?

Басқанда дүлей дауыл көктігіне,
Жадау күз әзер төзді тепкініне,
Қарпыған қырдың түгін ызғырық жел
Жануар Құлагердің екпіні ме?

Өлеңнің осы алғашқы шумақтарын оқығаннан кейін көңілімізге мұң, көзімізге жас келіп әсерленеміз. Ақанның шерін заманның алыс бір түкпірінен тыңдап, Құлагердің екпінін уақыттың сонау бір қиырынан естіп, өлең деген сырлы әлемнің қуаты мен тылсым сырына қана түскендей боламыз ... Өткен күнге бар болмысымен еніп кеткен ақын бір сәт өзіне оралып, былайша төгілтеді:

Дабысы Құлагердің дүрілдепті,
Қызыққан, қызғанған жұрт күлімдепті.
Топ жарған талай топта қайран Құла
Өзгеден оза шауып сүрінбепті.
Ағындап, қуантқанда дүйім көпті.
Алдында ажал бары білінбепті.
Хас жүйрік екен өзі! О, дүние-ай!
Өзгеден... өлімге де бұрын жетті...

Талайды таң қалдырған Құлагердің мінсіз шабысындай бұл жолдар поэзиямыздың көркемдік мүмкіндігінің мысалы бола алса керек. Ел аузындағы қасіретті де қастерлі аңызға ақындық толғаныспен құлақ түрген ақынның жүйріктікке, жүйрік тағдырына деген ерекше ақындық сүйіспеншілігі өлеңнің өн бойынан анық көрінеді. Таңды көрсетпеген жалбыр бұлт, сіркіреген мөлдір тамшы Ақандай азалы серінің жасына жадау күзді тітіреткен долы дауылдың, қырдың түгін қарпыған ызғырық желдің Құлагер шабысының екпініне ұқсастырылуы, яғни Ақан - Құлагер - аза ассоциациясы өлеңнің көркемдік мазмұнын барынша тереңдетіп, поэтикалық айшығын ажарландыра түскен.

Жүйрік пен өнер дүлдүлінің трагедиялы тағдырын поэтикалық әлемде өзгеше өрнекпен бейнелей отырып, ақын:

Амал не, сұрқай заман түрін көрсе,
Түңілген ел жүрегі тілімделсе...
...Шын жүйрік сыбағасы - ажал бопты
Өнердің бәйгесінен бұрын келсе, -

деген өкінішпен аяқтайды өлеңін. Орамды да ойлы, әсерлі де бейнелі сөздермен төгіліп, оқырманына тамаша эстетикалық ләззәт сыйлаған осындай өлеңдер құнарлы да бай поэтикалық тілімізді терең меңгере алған ақынның шеберлігінің дәлелі. Ақын Қайрат Жұмағалиев қаламынан төгілген мұндай өлеңдер көптеп саналады.

Көркемдік ойлау құр қиял емес, шығармашылық адамының дүниені танып білудегі, өмірлік тәжірибесімен қорытылған өзіндік пайымы, түйсігі. Сондай-ақ авторлық көркемдік ойлаудың табиғатынан оқырманның таным көкжиегін кеңейтетін рухани күш жатқандығында көруімізге болады. Мұны ақынның "Таңырқаман" өлеңін оқу барысында көз жеткізудімізге болады.

«Ал өз басым

Көп таңырқай қоймаймын,
Көне тарих шежіресіне бойлаймын:

«Жаббар ием

Әр халыққа

Жерді де

Пейіліне сай бөлген бе?!» - деп ойлаймын» [4, 19 б.].

Ақынның таңырқамауы самарқаулықтан емес, өз тарихын жетік білгендіктен. Жұртының иелігіндегі жер кеңдігін пейіл кеңдігімен астастыруда ақынның құр болжамнан гөрі көне тарих шежіресіне бойлауға көңіл аудартуы құптарлық. Әрі осы өлең түйінінде жаратушы пендесіне пейіліне қарай ризық етеді деген ұлттық түсінік жатыр.

Өмірді өлеңге айналдыруда тәсілдің оңтайын таңдаған дұрыс. Ақын Қайрат Жұмағалиев мұны "Ертегі" өлеңінде тапқан сияқты.

«Үміт жібі үзілуге қалғанда,

Жүрек лүпіп,

Ішімізде от жанғанда,

Асыл жандар жетуші еді арманға

Темір етік теңгедейін болғанда» [4, 32 б.].

Ақын бәрімізге бала жастан оқыған ертегіміздің рухани нәрімен санамызға сіңісті болған "Темір етік теңгедейін болғанда» сөз саптауын әдейі алып, көркемдік ойлаудағы ишара, яғни, тұспал, нышанмен ойын жеткізу тәсілі арқылы оқырманына ой тастаудың әдемі үлгісін көрсетіп тұр.

Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты әр қилы. Бұл әрине заңды құбылыс. Қоршаған орта, адамдар қарым-қатынасы шығармашылық адамының көркемдік ойлау қиялына өз әсерін тигізетіні анық. Міне осыдан келіп жазған дүниелерінің жанрлық ерекшеліктері шығады. Бұған әсер ететін факторлар күйбен тірліктегі күрсінделер мен шаттанулар. Ақынның "Әже әзілі" өлеңі осының анық бір айғағы.

«Сәлемдессең

Ақ әже өңін беріп,

Хал-жағдайын сұрасаң,

Көңілденіп:

-Сыйып жүрміз әйтеуір әуіріммен, -

деп күледі:

-Келінге келін болып!» [4,42 б.].

Дәстүрлі ақындық поэзияда келіннің жақсы, жаман қасиеттері қатар салыстырыла айтылатын танымдық тұрғыдағы дидактикалық өлеңдер болса, ақын Қайрат Жұмағалиев өлеңінде бұл тақырып кейіпкер сезімі арқылы лирикалық өлең болып тұр. Біріншісінде философиялық ойды төтесінен төгіп айтар образдылық басым болса, екіншісінде ақын өмірден қорытқан өзіндік өмір тәжірибесін төтесінен емес, жанамалай, бүкпелеу амалы арқылы, көркем жүйеге тән тың тапқырлықпен бейнелеп көрсетіп отыр.

Академик З.Ахметов сөз өнері мұраларындағы осындай дәстүрлі қолданыстардың фольклор мен әдебиет мұраларында үздіксіз қолданылып

келе жатқанына баға бере келіп, мұндай қолданыстың психологиялық-сыншылдық, көркемдік ойлауға қатысты ерекшеліктерін тұжырымдаған:

«Әзіл – күлдіргі сөз, кекесін, сықақтың қалжыңмен келетін жеңіл түрі. Әзілдеу – адамның бойындағы, іс-әрекеттеріндегі, сөйлеу мәнеріндегі кемшілікті сыпайылап айту, әзіл-ойдың өткірлігі, кемшілікті көре білетін, қиыстырып айтатын тапқырлықтан туады..." дейді. [5, 55 б.].

Демек, ақын Қайрат Жұмағалиевтің "Әже әзілі" өлеңінің табиғатында қазақ халқының сөйлеу мәдениетіндегі дәстүрлі ментальдік пен қиыннан қиыстырып айту тапқырлығы жатыр.

"...Әдепкі таным-білігіміздің көкжиегін кеңейту көркемдік ойлаудың жасампаздық сипатын көрсетеді" деген пайым ақиқаттығын Қайрат ақынның "Жер кіндігі" өлеңін оқығанда тағы бір рет қайыра көз жеткізгендей боласын.

Он сегіз шумақтан тұратын өлеңді толықтай мысал ретінде алу мүмкін болмағандықтан сюжетті өлеңнің мазмұнын қысқартып баяндар болсақ, тақырыпқа сұранып, келемеждің сын садағына үнемі ілініп тұратын өзіміз көз көрген ауыл Қожанасырының қушақтарды тауып айтқан уәжімен жібсіз байлауы нанымды суреттеледі. Құлық сауып, құтырыңған топтың "Жер кіндігі қайда?!" деген желікпе сұрағына Қожанасыр қайырыла мойның бұрғызбастай, қайтара сұрақ қойғызбастай жауабын береді.

«Өздеріңді келер дәйім қоштағым,
Жауабыма бір жалған сөз қоспадым.
Шынын айтар болсам –
Жердің кіндігі –
Осы біздің үй тұрған жер достарым!
Дей алмаспын: жұрт тек мені қолдасын.
Сөз қисынын сезінбесе – ол да сын.
Айтқаным күмәнділер табылса –
Дәлелдесін.
Қарсы емеспін өз басым».

Жоғарыда атап өткен әдепкі таным-білігімізде шыр етіп дүние есігін ашқан, кіндік кескен құтты мекен туған жер аталатынын білсек те, өзің тұрған үйді логикалық тұрғыдан алғанда "жер кіндігі" деп атауға болатындығы қисынды екендігін білмеппіз. Бұл сөз жоқ таным көкжиегін кеңейтетін көркемдік ойлаудың жасампаздық сипаты. Мұнан кейінгі өлеңді түйіндеуші шумақ дүниетанымызға тағы бір кірпіш болып қалана түскендей.

"...Аталы сөз асқарынан аспаған,
Сөзге тоқтап,
Жеңілсе де саспаған
Қазақпыз біз.
Жер кіндігі, шынында,
Өз Отаның,
Өз Елің,
Өз баспанаң" [6, 30 б.].

Өлеңдегі кейіпкер Қожанасырдың аузымен айтылған мына сөздер даурықпа топтың мысын басты деумен тоқталсақ, өлеңдегі авторлық

көркемдік ойлаудың тұңғиығына сүңги алмағанымыз. Аталы сөзге тоқтау ұлтымызға атаның құты, ананың сүтімен берілетін қасиет. Өз баспанаң, Өз Елің, Өз Отаның шынында Жер кіндігі. Бұл түйіндеулер пайым түсінігімізді кеңейтітіп тұрған шын мәнінде сәтімен туған авторлық көркемдік ойлау жемісі екендігіне ешкімнің дауы жоқ.

Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі идеялық-таным мен көркемдік-эстетикалық ізденістер өз заманынан бастау алып бүгінгі еркін рухты жырмен жалғасады. Ақынның өмірді тануынан оның жан сарайын, азаматтық келбетін, ұлттық болмысын көргендейміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Қайрат Жұмағалиевтің өмірі мен шығармашылығы. // Егемен Қазақстан. - желтоқсан 2013 ж.

2 С.Негимов. Ақын-жыраулар тілінің бейнелігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.

3 Т.Әбдірахманова. Ой түрткі өлең. // Қазақ әдебиеті. 11 қараша 2008.

4 Қ. Жұмағалиев. Күншуақ өлеңдер мен поэмалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – 240 б.

5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. / Құрастырғандар: З. Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

6 Қ. Жұмағалиев. Нұрлы дүние өлеңдер жинағы. - Астана, 2012. – 30-349 б.б.

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТАМЫР» КОНЦЕПТІ

Ж. Бурабаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің магистранты

Қазақтың ақиық ақыны М. Мақатаев «Жұмекеннің тамыры халықта» деген. Тамыр тіршілікті жалғаушы ағзаның бір бөлігі ретінде танылатыны секілді Жұмекен тілінің тереңі халықтың таным - түсінігінде жатыр. Ақын шығармаларын танып, талдау үшін де адресатқа адресант деңгейінде білім керек. Егер Жұмекен жұмбағын тарататын болсақ, қазақ сөз құдіретінің біз білмейтін қазынасына молынан кенелетін боламыз.

Жұмекенге дейінгі қазақ поэзиясында өзін-өзі тамырға балаған («Мен – тамырмын») ақын болған емес. Дәлірегі Жұмекен – тамыр сөз-лұғатына халықтық ұғым берген бірден-бір ақын.

Мен – тамырмын, тараймын топыраққа,
Тамыр өссе – тек қана тереңдейді.

Тамыр – ақынның өзі. Топырақ – халық. Қаламгердің «тамырды» ұрлана қолдануы қоғамдық саясатпен астасып жатыр. Жүмекеннің рухы мықты. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейдіні» біледі ол. Сол үшін де тамыр арқылы топырақты қозғайды. Тереңдігі үшін ол өз тағдырын мысалға келтіреді: «бұтақтарым – биікте, тамырларым – тереңде». Бұтағының биікте болатыны – даңқы зор, тамырлары тереңде болатыны – өлеңі салмақты, мағыналы.

Ей, тамырлар, тамырлар,
топырағыңды бүріңкіреп ұсташы!
Мені-дағы жеңді талай жел меңдеп,
тепті талай қара тас та өңменге.

Бұл жолдар ақынның халқына қаратылып айтылған үндеуі. Жел – кеңестік қоғам, цензура. Қара тас – заман «мықтылары», өңменге тебуі – ақынның «теңіз сөздің ішінен жүзіп жүріп, таңдап тапқан мөлдірі тамшы-жырын» шала түсініп, шалағай ой айтып, солақай пікір таратуын астарлайды.

Жүмекен «Республикасы – он бес одақтас мемлекетті» ешқашан мойындамаған. Ол «Атыраудан аңқылдап шығып, Алатауға тіреліп тоқталады». Дәлірек айтқанда, осы екі ортаның «келісім мен жарасымын» сөз қылады – «жоқтайды». Бұл – Жүмекеннің бүкіл өлеңінің күретамыры. «Ұмытқандар топырағы мен тамырын, бітіре ме көктеп түк?!». Жүмекенді осы ойландырады. Адам – белгілі бір ортаның (халықтың) перзенті, ол сонда өсіп-өнеді: «Көктер кезде – тамыр керек». Кіндігі кесіліп, қаны тамған осы жерді қалай ұмытуға болады. Ұлтыңды ұмыту Жүмекен көзінде «тамырынан жұлыну, халқынан айырылу». Ж. Нәжімеденов поэзиясындағы «тамыр» ұғымының бір ұшы туған топыраққа, туған топырақ арқылы ұлт тағдырына келіп тіреледі. Сондықтан тамыр – халықты ұмыту қазақ көрген тәрбиеге жат дүние.

Автор түсінігінде «ми асырап», «бас бағып» қажеті не, «ойың – тамыр болмаса егер тас жарып, тереңірек тарайтын». Осы жолдардан «адам болып туған соң, адам боп өмір сүру» қағидасының халық мүддесінен туып, соған қызмет етуді көздейтінін көруге болады. Қара бастың қам, күйі үшін күн өткізгеннің жайы Алланың рақымы түспей, қабықсыз қалған, яғни, қорғансыз жалаңаш тамырмен барабар. Тамыр ой тереңдігін (концепт - 1), ұлттың өлмесін, ұлылар тудырған ұлы туындылардың өшпесін (концепт-2) символдайды.

Иен елге
бір пайдамды тигізейін дегендер
сүйенеді бір мықтыға – Еменге,
тамыр тартып үлгіргенше тереңге...

Тамыр болғанда да, ақын еменнің тамырын үлгі етеді. Емен – қазақ танымында мықты ағаш. Ақын өлеңі халық мүддесіне қызмет етсе, ол еменнің, «көпжылдық ірі ағаштың» тамырындай ғұмырлы болмақ.

«Мән – адам түсінігінің ішкі әлеміне де, сыртқы әлемдегі заттарға да қатысты емес деп танып, объективті мән өзінше «үшінші әлемді» құрайды».

Міне, Жұмекен сондай, өзгелерден бөлек өз әлемін қалыптастырып кеткен ұлы тұлға. Мұқият барлап қарасақ, Жұмекен адамның өмірге келу - кету аралығындағы дүиенің мәнін бір тамыр сөзімен таңбалап кеткен: «көктер кезде – тамыр керек», «тамыр өссе – тек қана тереңдейді», «тамырлар – өміршең ғой масқара», «күлді дүние – жалғыз-ақ түп алма-ағаш», «дүниедегі ірі мақсат, ірі ойдың тамырларға айналуын тілеймін», т.б.

Жұмекен поэзиясындағы «тамыр» сөзінің мәнін біз таным - түсінігіміз жеткенше ашып көрсеттік. Тамыр концептісі басқа концептілерге қарағанда күрделі. Өйткені ол тіке «қазақты», «ұлтты» сілтейді. Тамыр таратқан ұғымдарға ортақ уәжділік: тереңдік, мықтылық, өміршеңдік. Ақын қазақтың жаны – «тамырдан нәр ұрлап», бүгінгі көзбен бағаласақ, ұлттық идеяны көтерген. Ол тамыр арқылы халықтың «ерлік өмірбаянын» жазып шықты.

ТҰЛҒА ӘЛЕУМЕТТІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС РӨЛІ

А.С. Даулетова
Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме: В данной статье дается общая характеристика форм личностного развития в педагогических взаимоотношениях.

Summary: In this article given the general description of the forms of personal development in the pedagogical relationship.

Бұл мақалада тұлға дамуындағы қарым-қатынас және педагогикалық қарым-қатынас сипатталады. Сонымен қатар қарым-қатынастың негізгі мәселесі қарастырылып, тұлға әлеуметіндегі қарым-қатынас рөлі және коммуникациялық ерекшеліктері талданады.

Қарым – қатынас адамның тіршілік бейнесі және әлеуметтік құбылыс. Бұл байланыс тұлға әлеуметтенуінің қайнар көзінің бірі ретінде анықталады. Тұлғаның әлеуметтену принципі екі жағдайда сипатталуы қажет: біріншіден, қарым - қатынас факторы, адамның әлеуметтік өмірімен өзара байланысы жүзеге асырылатын әлеуметтік қайнар көзі ретінде есептелінуі керек; екіншіден, әлеуметтену екі аспектіде қарастырылады, ол меңгеру әлеуметтік бағдарлама құру және оны таратуы. Қарым - қатынас адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайды және тұлға өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Әлеуметтенудің негізінде адам өмір сүруге, басқа адамдармен өзара әрекеттестікте болуға ыңғайланады. Осындай әрекеттестік қарым-қатынаста жүзеге асады Қарым-қатынас адамның тіршілік әрекеті мен әлеуметтік топтардың әр қырында көрініс беретіндігімен, бұл мәселе әлеуметтік психологияның жетекші міндеттерінің бірі болып табылады. Қарым-қатынассыз адам, басқа адамдардың арасында тіршілік ету, даму, жаңа нәрсені ойлап табу дағдыларынан айрылып қалады. Әлеуметтік топтардың өмір сүруі мен дамуы да қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Кең мағынада, қарым-қатынас ұғымы адамдар арасындағы түрлі

байланыстардың жиынтығын құрайды. Мұның барлығы қарым-қатынас процесінің жан-жақты қарастырылуын талап етеді. Адамзаттың барлық өмірі үнемі басқа адаммен қарым - қатынас негізінде өтеді. Қарым - қатынас процесінің барлық жақтары (коммуникативті, интерактивті, перцептивті) басқа құрылымдық тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Олар кез келген іс - әрекетте бір - бірін қабылдау, түсіну, бірлескен әрекет ұйымдастыру мақсатындағы іс - әрекеттің мазмұнына байланысты орындалатын процестің негізінде туындайтын қарым - қатынастың түрлері мен арақашықтықтары. Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым - қатынас жасайды. Осындай әрекеттеріне сәйкес жеке адамның тұлғалық сипаттары, қадір қасиеттері, іс - әрекет жасау қабілеттері қалыптасады. Тұлғаның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс - әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді.

Кілтті сөздер: қарым-қатынас, педагогикалық қарым-қатынас, қарым-қатынастың құрылымы, атқаратын функциясы, қарым-қатынаста ақпарат алмасу: ақпараттық немесе коммуникативтік.

Қарым - қатынас - әлеуметтік құбылыс. Бұл байланыс тұлға әлеуметтенуінің қайнар көзінің бірі ретінде анықталады. Тұлғаның әлеуметтену принципі екі жағдайда сипатталуы қажет: біріншіден, қарым - қатынас факторы, адамның әлеуметтік өмірімен өзара байланысы жүзеге асырылатын әлеуметтік қайнар көзі ретінде есептелінуі керек; екіншіден, әлеуметтену екі аспектіде қарастырылады, ол меңгеру әлеуметтік бағдарлама құру және оны таратуы.

Қарым - қатынас - біріншіден, біріккен іс - әрекетте пайда болатын адамдар арасында байланыс орнату және оны дамыту процесі болса, екіншіден, тұлғалардың бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктен пайда болған өзара белгі құралдарымен жүзеге асатын күйі, мінез құлқы.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген: «қарым - қатынас - адам іс - әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды». Сондықтан қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады.

Қарым-қатынас, немесе коммуникация деп аталатын процесс – аса кең және сиымды түсінік. Бұл саналы және саналанбаған вербалды байланыс, ақпарат алу мен беру, оның өзі барлық жерде және үнемі байқалып отырады. Қарым-қатынас саналуан сипатта; оның көптеген формалары, түрлері бар.

1970-ші жылдардың аяғынан бастап қарым-қатынасты жан-жақты қарастыратын зерттеулер пайда бола бастады. Қарым-қатынас мәселесін отандық ғалымдардан Шерьязданова, А.Р. Ерментаева, С. Елеусізова т.б. ғалымдар қарастырған.

Қарым - қатынас сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты

біздің іс - әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі. Соған сәйкес қарым-қатынас стильдері де өзгермелі болады. Қарым - қатынас стилі адамның басқа адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез-құлқын көрсететеді. Сонымен адамның қарым - қатынас стилі, оның анықталған нақты бір қарым - қатынасқа орнықталынуы, бағытталуы соған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Қарым - қатынас адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайды және тұлға өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Кейде «қарым - қатынас», «әлеуметтік қарым - қатынас», «тұлғаралық қарым - қатынас» түсініктерін теңдестіру тенденциялары көрініс береді. Дегенмен бұл түсініктер өзара байланысты болғанымен, бір - біріне тепе - тең болмайды. себебі олардың өз өзгешеліктері болады. Қарым - қатынас, біріншіден. топтар арасындағы, топтар мен ұйымдардағы әріптестер, әрекет субъектілері арасындағы аппарат алмасу: екіншіден, қарым - қатынас субъектілерінің бірлескен әрекет стратегияларының өнімін; үшіншіден, қарым - қатынас - бірлескен міндеттерді шешу процесіндегі адамдардың бірін - бірі қабылдауы мен түсінуі.

Адамзаттың барлық өмірі үнемі басқа адаммен қарым - қатынас негізінде өтеді. Қарым - қатынас процесінің барлық жақтары (коммуникативті, интерактивті, перцептивті) басқа құрылымдық тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Олар кез келген іс - әрекетте бір - бірін қабылдау, түсіну, бірлескен әрекет ұйымдастыру мақсатында іс - әрекеттің мазмұнына байланысты орындалатын процестің негізінде туындайтын қарым - қатынастың түрлері мен арақашықтықтары.

Тұлға және қарым-қатынас - психологиялық білімнің осы маңызды саласының негізгі түсініктері. Әлеуметтік психология қарым - қатынас процесінде тұлғаның дамуын, қарым - қатынасын және іс - әрекетін зерттейді. Басқа адамдармен қарым - қатынас процесінде адам адами мәдениетті, тарихи даму және жалпылама түсініктерде, еңбек дағдыларында, мінез - қылық ережелерінде т.с.с жинақталған тәжірибені игереді.

Басқа адамдармен тікелей қарым - қатынасты /тұлға аралық/ қажет ету - адамның негізгі әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі. Басқа адамдармен қарым-қатынас орната отырып, адам танымдық - жаңа әсерлер, жаңа ақпараттар қажеттілігін қанағаттандырады. Осы екі өзара үздіксіз байланысқан қажеттіліктер адамның алғашқы күндерінен оның психикалық дамуын анықтап, бірлескен іс -әрекетте қарым - қатынас қажеттілігіне қызмет етеді.

Педагогикалық қарым-қатынас - белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, жәйлі психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін, педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы. Қарым-қатынас сан алуан сипатта; оның көптеген формалары, түрлері бар. Педагогикалық қарым-қатынас адамдар қарым-қатынасының жекеше түрі. Оған осы өзара әрекет формаларының жалпы қасиеттері де, білім беру процесіне тән қасиеттері де лайық.

Қарым-қатынас біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Бұл қарым-қатынас адамның сөйлеуді меңгеруінің арқасында іске асады. Ол өзінің ойын, білімін, өзінің сезімін басқа адамдарға хабарлай алады және өзі басқа адамдардың ойын түсіне алады, олардың сезімдері мен ұмтылыстары туралы білуге мүмкіндік алады. Тілдің көмегімен сөйлеу қарым-қатынасында әрбір адам білімнің көп бөлігін басқа адамдардан алады. Жинақталған тәжірибені және білімді меңгеруге оқыту үрдісі жатады. Сөйлеу - тілдің көмегімен адамдардың өзара қарым қатынас үрдісі.

Педагогикалық қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөлге оқытушы ие болады. Мұғалімнің рөліне С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинский және т.б. кеңес педагогикасының классиктері үлкен көңіл бөлді.

Оқытушы мамандығын әр түрлі мінезді, әр түрлі темпераментті адамдар меңгеретіндіктен, қарым-қатынас стилі де әр түрлі болып келеді. Қарым-қатынас стилі ұғымына В.А. Кан-Калик: “Қарым-қатынас стилі деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз: а) мұғалімнің қатысымдық мүмкіндіктері; ә) педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының қалыптасуы; б) педагогтің шығармашылық тұлғасы; в) оқушы ұжымының ерекшеліктері” деген анықтама береді.

Н.Ф. Маслов, Е.М. Крутов сияқты психологтар еңбектерінде қарым-қатынастың – “демократиялық” және “авторитарлық” екі түрлі стилі көрсетіледі. Қарым-қатынастың кәсіби түрінде стилдің үшінші – “либералдық” түрі анықталады. Оның негізін салған А.А. Бодалев. Авторитариялық стиль көбінесе өзін білмейтін және қабылдамайтын адамдарға сай, сынға жабықтығымен, ренжігіштігімен, эмоционалды регидтілігімен мінезделеді. Және, керісінше, демократиялық стильді ұстанатын педагогтарда әдетте позитивті Мен-концепциясы болады, ашық және мейрімді, сынға төзе алады, өзіндік ирониясы болады және өзіндік өзгеруге дайын. Авторитариялық стильді қолдануында құрылған оқу орнында “мектеп-фабриканың” белгілері болады, ал демократиялық бағытталған оқу орнында “мектеп-отбасының” белгілері болады, бірақ қазіргі кезге дейін педагогикалық жүйелердің артықшылықтары анықталған жоқ: “мектеп-фабрикаларда” әдетте үлгерім жоғары, ал “мектеп-отбасында” қатысушылардың мазасыздығы төмен, микроклиматы жақсырақ болады. Оқытушы өзінің студенттермен жұмыс стилін талдай отырып, ең ұтымдысын таңдайды. Ол үйренушілердің жеке ерекшеліктерін, нақты бір жағдайларды, оқу тобы ұжымының деңгейін ескереді.

Л.В. Путьева қарым-қатынастың әр қилы стиліне байланысты оқушылардың реакциясын анықтады. Мәселен, сенім, еркіндік, топтағы өзара түсіністік, көңілді ахуал – оқытушының тілдесімде дұрыс стиль таңдауын көрсетеді. Кезінде А.С. Макаренко “педагогикалық шеберлік тәрбиешінің дауысынан да, беті-әлпетін меңгеруінен де көрінеді” деп жазған болатын.

Сондай-ақ педагогтармен кездесуінде “мен шеберлікке “бері кел” деген сөзді 15-20 ретпен айтып үйренген кезде жеттім деп ойлаймын” деп оқытушының педагогикалық шеберлік, педагогикалық қарым-қатынас техникасын меңгеру қажеттігін атап көрсетеді. Коммуникация - қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-даралық қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік бірлікке жетуді көздейді. Сөздің лингвистикалық коммуникативітік сапаларын зерттейтін саласы сөйлеу мәдениеті туралы ілім деп аталады.

Коммуникативтік процесс кезінде оған қатысушылар бір-біріне вербалды, акустикалық, кинестикалық, кеңістік, мінез-құлық, жүріс-тұрыс түріндегі ықпалдармен өзара әсер етеді. Қатысымдық әрекет негізінде оқытудың мазмұны жалпы оқытудағы қарым-қатынас үдерісінің моделі ретінде болады. Сондықтан баланың сөйлеу тілін дамытуда қатысымдық әрекет танымдық оқыту үдерісінің әдістемелік танымы ретінде қарастырылады.

Коммуникативтік біліктілік кәсіби мәдениеттің құрамдас бөлігі. Бұл жөнінде ғылыми пікір білдіруші ғалымдар: Н.В. Кузьмина, Л.Л. Майер, А.К. Маркова, А.И. Мищенко, И.И. Рытанова, Г.Н. Сериковтар коммуникативтік біліктіліктің педагог тұлғасының бойына қатысты жалпы біліктіліктер қатарына ерекше орын алатынын атап өткен болатын.

А.Б. Ынтықбаева болашақ педагогтың коммуникативтік іскерліктерін, дағдыларын қажетті сезімі мен көңілін білдіре алу, оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас орната білу, проблемалық іспен айналасу, оқушылармен ортақ тіл таба алу қасиеттері арқылы көрсетеді, дейді. Ал А.А. Леонтьев мұғалімнің коммуникативтік біліктіліктерін ерік жігерлілік қасиеті ретінде қарастырып, оған өзінің мінез-құлығы мен жүріс-тұрысын қадағалау іскерлігін, өзінің ықылас көрсетуін, қадағалай білуін, адамдардың жүзіне қарап, көңілін таба білуін, оқушымен дұрыс, әрі тартымды байланыс жасай білу іскерліктерін жатқызады. Ж.Р. Бәшірова коммуникативтік біліктілікті жалпы педагогикалық біліктіліктің құрамына жатқызады. Коммуникативті біліктілік тұлғааралық қарым-қатынас нормаларын меңгеруді, ықпалдасуға әзірлікті, өзін-өзі мен өзіндік рефлексия тетіктерін меңгеруді, өзін-өзі танып білуді, өзін-өзі объективті бағалау сияқты тұлғалық сапаларды біріктіреді. Коммуникация – қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-даралық қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік бірлікке жетуді көздейді.

Педагогикалық кәсіби әрекеттің тиімділігі көбінесе қарым-қатынастың қалыптасқан стиліне байланысты жүзеге асады. Біздің ойымызша коммуникация ақпарат алмасу, өз ойын білдіру, идеясын, білімін танытумен қатар жана түсініктер, білім, таным мен адамдардың қалыптасуының негізгі себебі. Педагогтың коммуникативтік біліктілігі педагогтың өз қоғамдық статусы мен қабілеттіліктердің шеңберінде кәсіби қызметті іске асыруда аса қажет. Е. Нусубалиева шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйене отырып мәдени коммуникативтік қарым-қатынас шеберлігінің мынадай факторларын анықтаған болатын, олардың бір қатарын атап өтер болсақ: түрлі мәдениет үлгілеріне бейімделу, қарым-қатынасты жеңілдету қабілетінің болуы, мәдени эмпатия, мәдени өзара қарым-қатынас, тұлғаның өзін және мәдениетті сезінуі,

этноцентризмнің болмауы. Оқушыларды мәдени коммуникативтік қарым-қатынас тәжірибесіне оқыта отырып біз олардың адами қасиеттерін, ізгілікке деген азаматтық ұмтылыс, әдіскерлігін; өзгенің сезімін бағалап, жағдайын түсіне білуге, яғни жалпы айтқанда мәдениеттілікке тәрбиелей аламыз.

Педагогтың коммуникативтік қарым-қатынас кәсіби тұлғаның айнасы десек артық айтқандық болмас. Біздің пайымдауымызша, коммуникативтік біліктіліктің даму шарттары негізгі атқаратын қызметіне сай келуі керек, және де нәтижесінде біліктіліктің мынадай сипаты көрініс беруі шарт:

- педагогтың қарым-қатынас жасаушы адаммен тілдік және тілдік емес өзге де тәсілдер арқылы ақпарат алмаса отырып, оның өзіне тән ерекше қасиеттеріне болжам жасап, ескере алу қасиеті;

- белгілі бір қоғамдық құнды мақсаттарға қол жеткізуге ұмтыла отырып, бағдарлама, әдіс-тәсіл, техниканы, қарым-қатынасты құру арқылы ортақ әрекетті ұйымдастыру;

- қарым-қатынас жасаушы жеке тұлғамен немесе топпен тіл табыса алуы және қалай қабылданатындығын түсіне алу қасиеті.

Педагогикалық қарым-қатынас вербалды, бейнелі, символдық және кинетикалық құралдардың бүкіл жиынтығын пайдалана отырып, бір мезгілде коммуникативтік, перцептивтік және интерактивті функцияларды жүзеге асырады.

Функционалды түрде – бұл білім беру процесінің барлық субъекттерінің қатынастарын орнатушы контакттік, ақпараттық, түрткі болушылық үйлестіруші өзара әрекеттесу. Ол көп объектті бағыттылықпен, көп ақпараттылықпен, көрнектіліктің жоғары дәрежесімен сипатталады.

Педагогикалық қарым-қатынастың өзгешелігі ең алдымен, оның көп объектті бағыттылығынан көрінеді. Ол тек үйренушілердің өзара әрекеттесуінің өзіне олардың тұлғалық дамуы мақсатына бағытталмаған, сондай-ақ, педагогикалық жүйенің өзіне негіз болып табылатын, оқу білімдерін игеруді ұйымдастыруға және осы негізде шығармашылық іскерліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынас оның субъекттеріне үш жақтық бағдарлануымен де анықталады: тұлғалық, әлеуметтік және пәндік. Оқытушы қандай да бір оқу материалын игеруде бір ғана үйренушімен жұмыс істей отырып, үнемі оның нәтижесін сыныпта отырғандарға бағдарлайды, және керісінше, сыныппен, яғни фронталды жұмыс істей отырып, әр үйренушіге әсер етеді. Сондықтан, педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі аталған сипаттамалардың бүкіл жиынтығымен айқындала отырып, тұлғалық бағдарланған, әлеуметтік бағдарланған және пәндік бағдарланған қарым-қатынас элементтерінің органикалық үйлесімінен көрінеді.

Педагогикалық қарым-қатынастың екінші сапасы оның оқытушы функциясымен шартталады, ол өзіне тәрбиелеуші функцияны қамтиды, өйткені білім беру процесі, бұрын көрсеткендей, тәрбиелеуші және дамытушы сипатқа ие. Қарым-қатынастың оқытушы функциясы жалпы тұрғыда тасымалдаушымен теңестірілуі мүмкін. Педагогикалық қарым-қатынастың оқытушы функциясы жетекші болғанмен де, ол өктемдік жүргізуші емес, бұл

- мұғалім мен оқушылардың, оқушылардың өзара бір-бірімен жан-жақты әрекеттесуінің органикалық бөлігі.

Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынас Е.А. Климов бойынша, «Адам-Адам» схемасымен суреттелген адамдардың өзара әрекеттесу сипатының өзгешелігін де бейнелейді. Еске салайық, бұл схема мұғалім мен оқушылардың, тұрмыстық қызмет көрсету жұмысшылары мен клиенттердің, дәрігер мен пациенттердің, психотерапевт пен клиенттердің және т.б. кез-келген кәсіби өзара әрекеттесін анықтайды.

Қорыта келе, қарым - қатынас - ол тұлғаның өміріндегі негізгі рухани, адамгершілік, білім қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Осындай қажеттіліктерді өтеуге қарым-қатынастың мәнерлі белгілері мен құралдарын меңгеру негізгі міндеттерді атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық – Алматы. 2012. - 491 б.
2. Шерьязданова Х. Т., Ерментаева А. Р., Аубакирова Ж. К. Қарым-қатынас - тұлғалық дамудың негізі // Вестник КАСУ №5 - 2010
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М., 1989.

БІЛІМ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Б. Жусанбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.

Білім беру технологиясының басты ерекшелік белгісі – ғылыми заңдылықтарға негізделген жобалау үдерісі. Технология – ол жобалаудың өнімі. Әдіс (методика) тәжірибеден қалыптасады да, әдіскерлер оны талдап, қорытындылайды және таратады.

Білім технологиясы – оқыту әдісімен салыстырғанда кәсіби мамандардың жобалау іс-әрекетінің нәтижесі. Кәсібилер өздерінің жобалау іс-әрекетінде қабылдаудың, үйретудің, естің ғылымға белгілі барлық заңдылықтарын білу мен қолдануға негіздейді. Білім технологиясына қай тұрғыдан келсе де, "жобалау" сөзі оның негізгі белгісі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде оқытушы жобалаудың барлық жоғарыда аталған заңдылықтары мен механизмдерін білген жағдайда білім технологиясын жасауына мүмкіндігі болады. Бірақ қарапайым оқытушыдан білім технологиясын талап етуге болмайды.

Оқытудың проблемалық әдісі кез келген технологияда әр түрлі дәрежеде жүзеге асуы мүмкін. Проблемалық оқытуды әдіс ретінде қолданғанда екі ерекшелікті білу керек, себебі проблемалық тапсырмалар көбіне кешенді

болып келеді, екіншісі – проблемалық тапсырманы шешу үшін көп уақыт керек. Проблемалық әдісті қолдануда осы ерекшеліктер ескеріледі.

Дәстүрлі әдістерді қолдануда оқу үдерісінің негізгі бірлігі болып сабақ есептелінгендіктен, оқу материалы кішкене тақырыптарға бөлініп, оны оқып үйрену уақыт жағынан созылады. Осы себепті проблемалық оқытуды дәстүрлі әдістерді қолдану сабақтарында қолдану мүмкін емес. Әңгіме сабақты ұйымдастыруда сұрақтарды проблемалық тұрғыдан қоюға әрі жекелеген проблемалы тапсырмалардың енуі жүйені құрамайды.

Соңғы кездердегі білім технологиясы – дидактикалық бірліктерді ірілетуге және іс-әрекет тұрғысынан келуге негізделгендіктен, проблемалық оқытудың екі шарты да орындалады. Технологияның үшінші ұрпағында проблемалық әдісті студенттер оқыту нәтижесін жоспарлаудың жоғары кезеңінде міндетті түрде қолданады.

Білім технологиясының қажеттілігін қазіргі заманның тез дамуы тудырып отыр. Әдістемелік жұмыста алдыңғы қатарлы, озық тәжірибені дәстүрлі түрде қорытындылап тарату жұмысы бұрынғыдай нәтиже бермеді. Жаңашыл-педогогтің семинарларына барып, тәжірибе алмасудан, ол тәжірибені баспасөзде таратудан әдістеме жұмысы алға жылжымады. Себебі педагогтардың озат тәжірибесін олардың жеке тұлғасынан бөліп қарауға болмайтын еді.

Білім беру ісі бұқаралық өндіріс секілді, ал жаңашыл педагогтар санаулы ғана болғандықтан да, педагогикалық үдерісті технологиялау, яғни бұқаралық іс-әрекет ретінде көрсету қажеттіліктен туындады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, білім берудегі жаңа құралдар (интернет), бұл үдерісті дәл осы кезеңде барлығын қамтитын жалпы сипатқа айналдырды.

Қоғамда технология - адам өмірін жеңілдететін құбылыс. Бірақ технология оны жасағандардың өмірін жеңілдете ме, әлде оны тұтынушылардың өмірін жеңілдете ме? Осы тұрғыдан келгенде технология оны тұтынушылардың өмірін жеңілдетеді. Бірақ осы технологияны жасап шығарушының өмірін жеңілдетпейді. Керісінше қиындатады.

Білім технологиясын тұтынушы ретінде, ол оқушының өмірін жеңілдетуге тиіс. Ал білім технологиясын өндірісте жүзеге асырушы ретінде мұғалім өмірін қиындатады. Әдіс те солай. Оқыту әдісі студент үшін жеңіл болған сайын, оқытушы үшін қиын.

Қазіргі білім технологияларын мынадай топтарға жіктеуге болады: 1) дәстүрлі әдістер; 2) модульдік-блогтік технология; 3) тұтас-блоктік технология; 4) интегральдік технология; 5) жаһандануда ақпараттық қауымдастықтың білім технологиясы.

Оқытушы нақты жағдайға лайығын білім технологиялары арасынан таңдап алған соң, оны сауатты түрде қолдануы қажет. Ал технолог білім технологиясын жасауы керек. Сөйтіп әркім өз ісімен шұғылдануға тиіс. Оқытушы өзінің әдістемесін жасап, өзінің тәжірибесін қалыптастыруы мүмкін. Тәжірибеде қолданып жүрген кейбір технологияларды және өзінің жеке педагогикалық техникасын қолданып, олар өз ретінде оқытушының оқушымен өзара әрекетінің тиімді жақтарын қамтамасыз етеді. Технологияны

әдістемелік жүйенің инварианты ретінде мыңдаған басқа оқытушылардың қолдануы мүмкін. Жеке педагогикалық техника, әдетте, тасымалданбайды және әр оқытушының өзінің жеке техникасына болады. Оқытушы өзінің жеке тәжірибесін сипаттағанда: қандай технологияны қолдану арқылы белгілі бір көрсеткіштерге қол жеткенін айта келе, мұндай жоғары көрсеткіштерге жетуіне, өзінің мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануыма байланысты дер еді.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ТІЛДІК БІЛІМ

М.А. Жунисова

Абай ат. ҚазҰПУ ф.ғ.к., доцент

Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің шығу тарихы мен тілдік қатынаста қолданысын этимологиялық тұрғыдан талдау жасағанда Қашқари бабамыздың сөздері мен лингвистикалық тұжырымдарын өзек еткен сара жолдың бастаушылары бар. Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) сөздігінің қазақ тіл біліміндегі алатын орны жайында көптеген зерттеу еңбектер кездеседі. Бұл мақала Қазақстандағы рухани жаңғыруға байланысты Қашқари сөздігіндегі грамматикалық білімді негіз ете отырып, қазақ тілінің тарихи грамматикасы теориясын қалыптастырған ғалым **Мархабат Томановтың теориялық тұжырымдарын** талдауымен өзекті. Соның ішінде қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы *тарихи элемент, тарихи грамматикалық формалар мен олардың беретін грамматикалық мағыналарын* қазақы таныммен түсіндіруші, арнайы оқулықтар мен бағдарлама авторы Мархабат Томановтың Махмуд Қашқари сөздігіне байланысты ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі теориялық тұжырымдары талданған.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей, «Еліміздің әрбір адамы болашақтағы үлкен рухани қоғамды құрайды, сол қоғам тарихының тамыры тереңінен бастау алатын *рухани коды* бар». Елбасымыз рухани жаңғыруды «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп айтқан [1]. Ұлт жадында сақталып, қатталып қағазға түсіп, бүгінгі күндері әлемдік тіл білімінде талай зерттеу еңбектердің тікелей зерттеу нысанына айналған ұлы лингвист бабамыз – Махмұт Қашқаридың энциклопедиялық еңбегінің тілін қарауда қазақ халқының ғана емес, бүкіл **түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білім**нің, яғни тіл грамматикасының сипатын аңғару қиын емес. Әрине, XI ғасырға дейінгі ұлы тұлғаларымыздың қалдырған ескерткіштері, қолжазба материалдары қазақ тіл білімінің тарихын жазуда, зерделеуде, зерттеу еңбектерде әр заманның сұранысы бойынша өзінше қарастырылып, өзінше жаңа қырларынан танылып келетіндігі тарихтан белгілі.

Қазақ тіл білімінің тарихи грамматика саласындағы алғашқы еңбектердің бірі болған сөздікті кеңестік тарихи грамматика өкілдері де, шетелдік

грамматистер де, тіпті қазақ елінің арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізумен шұғылданған ғалымдары да болғаны заңды деп білеміз. Себебі ескерткіштің бойында жазылған грамматикалық пайымдаулар мен тұжырымдар – түркі жұртын он-он бес жылдар бойы жаяу аралап жазылған *құнды еңбектер, халқымыздың ауыз әдебиеті, сөйлеу өнері, сөз түбірін түсінуі, сөз саптауы, сөз жүйесі* секілді Ұлы Дала халқының сарқылмас білімінің нағыз көрінісін береді. Сөз атасын таныған Махмуд бабамыздың осы сөздігін профессор Мархабат Томанов өзінің «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (фонетика, морфология) деп аталатын оқулығында *сөз таптары, түбір, қосымшалардың атқаратын қызметтері, грамматикалық категорияларды* талқыға түсіруі жайдан-жай емес. Кеңес өкіметінің уақытында да зерттеушінің түркінің сөзін қарастыруы – тануы, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысындағы тарихи элементтерді белгілеуде сақталған дайын өнім ретінде де, сөз төркінін тануда теориялық тұжырымдар мен жаңалықтарға өзек болған еді [2].

Профессор М.Томановтың Қазақстанда Қашқаританудың жолын, жөнін көрсеткені ешбір дау туғызбайды. Ғалымның ерен еңбегі ғылыми грамматикамыздағы құрылымдық қана емес, тірі қолданыстағы функционалдық грамматиканың да, когнитивтік грамматиканың да алғашқы бейне-сұлбасын жасауда ерекше рөл атқарып келеді.

Елбасының: «Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды екенін ерекше атаған жөн» деп атағанындай [1], Мархабат Томановтың тарихи грамматика бойынша, соның ішінде Махмұт Қашқаридың ғылыми теориясын қарастыруда тіл тарихын зерттеуші жастарға жарық жұлдыздай жол көрсетері хақ.

Ғалым Ш.Сарыбаевтың талай зерттеулерге жол ашатын тамаша библиографиялық көрсеткішінде қазақ тіл білімінде М.Қашқари сөздігі жайындағы ғылыми зерттеулердің жалпы саны - 58 еңбекті көрсетеді [3]. Зерттеу барысында осы жарияланымдардың жалпы атаулары тізіліп, тіл білімінің қай саласы бойынша қандай жұмыстар бар екені анықталған еді [4].

Нәтижесінде М.Қашқаридың өмірі туралы мәліметтерді *М.Томановтың екі еңбегі*: 1. Томанов М. Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.) (Алматы, 1964, б. 153-166) [5]; 2.Томанов М. Махмуд Кашғари. (– В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)»). Алма-Ата, 1965, с. 104-1187) деген еңбектерінен белгілі еді [6]. Соның бірі, М.Томановың «Махмуд Қашғари» атты мақаласында: «Түркі халықтарының өкілі – XI ғасырда аса жоғары ғылыми дәрежеде жазған атақты еңбегі бүкіл дүниежүзі ғылымында күтпеген үлкен жаңалық болатын. Себебі, бұған дейінгі белгілі мұралардың бәрі де арнайы филологиялық немесе тарихи-этнографиялық зерттеулер болмайтын, екіншіден, түркі халықтарының өкілі сол дәуірде осыншалық білімдар болады дегенге ресми батыс ғылымы сенбейтін, өйткені олардың ойынша: түркі халықтары тек көшпенділер, сондықтан олардың арасында ғылымға бейімділік болуы мүмкін емес. Оларды өркениетпен таныстырып, сауаттылық ізін салған тек қана батыс деп есептелетін. Мысыр елінің көрнекті тарихшысы Б.Айни Еуропа, Сирия, Үндістан тарихына арналған бір еңбегінде қашқарлық ғалым ибн Махмудтың

еңбегінен үзінділер беріп, оғуз руларының таңбалары, түркі тілдері мен ұйғыр жазуы жанында, түркімен тілінің кейбір сөздері туралы мәліметтер берген. Сол сияқты М.Қашқари мен оның еңбегі туралы Еуропаға алғаш хабар берген Венгер Ғылым академиясы 1904 ж. жариялаған *Лингвистикалық энциклопедия* деп қарау мақұл сияқты. Энциклопедияда араб-түрік тілінде жазылған мұралардың ең ертедегісі «Дивани лұғатит түрк» делінеді» [5, 153-154]. Осы мақаланы әрі қарай терең, әрі жан-жақты зерелеу болашақтың еншісінде деп ойлаймыз [7].

Фонетика саласы бойынша М.Томановтың: Томанов М. «Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы» деген еңбегінде қазақ тілінің тарихи фонетикасында ерекше орын алады [8].

«Тіл тарихын зерттеу ең алдымен салыстыру негізінде құрылады. Салыстыру туыс тілдердің арасындағы айырмашылықты анықтаудың ғана емес, сондай-ақ көне мұралар тілі мен қазіргі тіл арасындағы, бір ғана тілдің құрамындағы «айырмашылықтардың» сырын айқындау» деген нақты ғылыми кадаммен тарихи грамматикамызды жазып шыққан [2, 52].

Ғалым «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаласында: «Махмуд Қашқари оғыз тіліне тән деп көрсететін кейбір сөздердің (әсіресе оларды дыбыстық құрам тұрғысынан қарастырсақ) сол қалпында қазақ тілінде орнығып қалғанын байқауға болар еді» деген тұжырым жасаған [2].

Бұдан аңғаратынымыз, ұлттық сананың барлық бөлігінде өз қасиетімен бірге жымдасып жүретін грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категориялар бар. Сол сөз құрылысындағы тарихи элементтердің жиынтығын қарастыру бойынша М.Томанов біздің тіліміздің басқа түркі тілдерімен салыстырыла зерттелуіне жол ашып, «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегін жариялады [9].

Морфология саласы бойынша М.Томановтың: Томанов М. Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде) деген мақаласында осы күнге дейін тарихи грамматикамызда Қашқари сөздігіндегі талдаулармен үйлестіре отырып, теориялық тұжырымдар жасаған [10]. Бірнеше тарихи түбірдердің табиғатын ашқандығына көз жеткіздік, олар: *түйуқ, өгре, шиеле*, йувға.

«Қашқарида: *түйуқ – түйуқ қапығ*». Сөйтіп, Қашқари заманында-ақ қимыл есім жасайтын –*ғ й*-ге ауысқан. Қазақ тіліндегі байырғы түбір *ту* дербес күйінде сақталмаған да, оның қимыл есім тұлғасы дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Оның өзі де, тіл фактілері көрсеткендей, сол күйінде орныққан. Бірақ бастапқы байырғы түбірдің мәні өзгеріссіз сақталған: *Тұйық су, тұйық кісі, тұйық мінез* – барлығында да жабық, басқа нәрсемен байланыссыз дейтін мән сақталады» [2, 79]. Алматы облысының Кеген ауданында, яғни Қашқаридың туылған қаласы Барсығанның қасында қазір Тұйық деген ауыл да бар. Ол ауылдың атауы ономастикалық жағынан тауға барып тірелетін дегенді білдірген, яғни тұйықталған.

«өгре (немесе: үйре) негізі дербес қолданылмаған, онда да: (*өгрен – учиться, приобретать*) какие-либо навыки... *өгрет – учить, обучать*» [2, 80].

Үйір, үйрен, үйрет сөздерінің тарихи болмысында *үйірілу, үйір болу* жатырғанын дәл мысалдармен өрнектеп түсіндірген.

«Қазақ тіліндегі *шиеле* (шеше алмайтындай етіп байлау) етістігі есім негізді екендігі *-ла* аффиксінен көрінеді. Қашқари: *ол түркек чызды* – ол түйін түйді, *йүкүн барча өзі чызды* – барлық жүгін өзі буды. Сондай-ақ «*чиген* – ұзда, недоуздок». Бұл фактілерге қарағанда, қазақ тіліндегі етістіктің бастапқы түбірі *шій –ыз//-із> ій/*, соңғы *-е* қосымша *шійе* негізі мағыналық жағынан «көнерген» де оның үстіне барып *-ла* жалғанған» [2, 80]. *Шиеле, шиеленісті, шиелен байлау, шиеленіп қалу* сөздерінің астарын анық аңғартып, дәл әрі нақты фактілермен дәлелдеулер береді.

«Махмуд Қашқаридың «Диванында» *йувға* – бой ұсынған, бағынған» - деп түсіндіріледі. Сонымен бұл фактілер *жуас* сөзінің *жұмсақ* сын есімімен түбірлестігін көрсетумен бірге, оның тарихи құрамы *жу+(а)с* екенін де дәлелдейді» [2, 84].

М.Қашқаридың жоғарыда аталған сөздігі *мақала авторының* 1998 ж. аталған кандидаттық диссертациясының тікелей нысаны болды. Қазіргі таңда осы ескерткіш негізінде «*Тіл тарихы: етіс категориясы*» атты монографиясы төртінші рет толықтырылып жарияланған (2006, 2008, 2014, 2016). Монографияның соңғы нұсқасы ғылыми картотекасымен ерекшеленеді. Онда ескерткіштерде берілген етіс категориясының түрлеріне қатысты мысалдар әліппелік тізіммен берілген [11].

Монографияда «М.Томанов «*Етіс формаларының дамуы*» деген тақырып бойынша М.Қашқаридың айтқан кейбір пікірлерін келтіре отырып, оның жазған мысалдарына шолу жасайды. Қайсыбір етіс түрлерінің «Диуанда» қолданылу тәсілі қазіргі қазақ тілінің говорларында да ұшыраса беретін орындарын көрсетеді: шығындық (шықты), болынды (болды). Ол: «қазақ тілінде майланды, тазаланды, әдеміленді, сыланды, безенді, т.б. етістіктер өздік етіс мәнін де, ырықсыз етіс мәнін де береді» - пікір білдірген болатынбыз [11, 15]. Осы тарихи элементтердің тіліміздің говорларында әлі де қолданыста екені анық. –н жұрнағының атқаратын қызметін түсіндіруде дәл алынған мысалдары қолмен қойғандай етіп түсініктеме беруі грамматикалық құрылысымызда күрделі құранды аталған жұрнақтарды ажырата алуға нақты жол ашып келеді.

«М.Томанов былай деп жазады: л, р дыбыстары тарихи тұрақсыз дыбыстар деп аталатын сөздер қазақ тілінде аса көп емес: беркіт//бекіт [11, 62-63]. Бірақ тарихи тұрғыдан алып қарағанда, р түсірілу арқылы қалыптасқан фактілер едәуір ұшырасады» [11, 81]. Тілімізде редукцияға ұшыраушы осындай дыбыстардың тілдің үнемдеу заңына байланысты түсіп қалатындығы жөніндегі тарихи грамматикамызда бірнеше ірі-ірі ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болғаны айтпаса да түсінікті.

Ғылыми жоба жаздыру тәжірибесі жөнінде жазылған мақаламызда: «мақсатқа өзекті проблеманың жаңа концепциясын табу деп анықтама» бергенбіз [12, 204].

Қорыта келгенде, ғалым М.Томановтың өткен дәуірлер материалдары бойынша жасаған ғылыми-теориялық концепциялары келешекте де етістіктің,

яғни қимыл, іс-әрекеттердің тарихын зерделеуде де шоқтығы биік екеніне кәміл сенеміз. М.Қашқари сөздігінің қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы орнын белгілеуде де М.Томановтың жоғарыда талданған еңбектерінің мәні мен маңызы келешекте қашқаритану ғылымы бойынша ірі ғылыми жобалардың антропоэлекті тіл білімі тұрғысынан қарастырылуына жол сілтейді деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz>
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (фонетика, морфология). Алматы: Мектеп. 1981, – 206 бет.
3. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I-V том. – Алматы. 1965.
4. Жүнісова М.Ә. Қазақ тіл білімінде «Түркі тілдері сөздігі» - нің зерттелуі.
// II Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумы жинағы. – Алматы: Қыздар университеті, II том. 2015. – 405 бет.
5. Томанов М. Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.) Алматы, 1964, – 153-166 беттер.
6. Томанов М. Махмуд Кашғари. – В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)». Алма-Ата, 1965, с. 104-187.
7. Жүнісова М.Ә. Қазақстандағы Қашқаритану (қазақ тіл білімі бойынша) // «Мемлекеттік тілді оқытудың ұлттық моделі: әлемдік тәжірибе және замануи әдістер» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Алматы, 27 қаңтар 2017 ж. – 72-76 беттер.
8. Томанов М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы. // Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 1 шығуы. Алматы, 1971 (мұқабада – 1972), – 141-147 беттер.
9. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. –Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 бет.
10. Томанов М. Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде). – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 2 шығуы. Алматы, 1973, – 79-88 беттер.
11. Жүнісова М.Ә. Тіл тарихы: етіс категориясы //Монография. – Қарағанды: «Medet Group», 2016. – 234 бет.
12. Жүнісова М.Ә. Оқушыға қазақ тілінен ғылыми жоба жаздыру жолдары. //Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, 2015 № 2 (52). 204-208 беттер.

Аннотация

Актуальность работы обусловлено в зависимости от духовного возрождения в Казахстане, анализируется теоритические концепции Мархабат

Томанова по словарю Махмуда Кашкари «Диуани лугат-ит турк» (Словарь тюркских языков, XI век).

Рассмотрены существующие проблемы в сфере казахского языкознания исследования именно по казахской исторической грамматике. В статье а также проанализировано теоритические выводы ученого, автора программы и учебника «Историческая грамматика казахского языка». В зависимости от духовного возрождения статей в словаре Кашкари, грамматическое знание на основе казахского языка исторической грамматике ученого М.Томанова формируется теоретическими концепциями соответствующего анализа. В том числе казахского языка исторической грамматике, исторического элемента, а это означает, что историческое и грамматические формы их грамматическая интерпретации казахскими философиями специальных учебников и автор программы М.Томанова словарь Махмуда Кашкари исследование было проанализированы результаты теоретических трудов. Происхождение слов казахского языка и использование языка в связи с этимологической точки предка Кашкари в ходе анализа слов и понятий.

Ключевые слова: историческая грамматика, история казахского языка, грамматический концепт, ичторический элемент, этимология некоторых слов, диахронический анализ с языками письменных памятников.

ҒАБДОЛ СЛАНОВТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫ

Жұмабаева Гүлнар Сапиқызы
Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің
филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ әдебиетінің тарихында көркем прозада өнімді еңбек еткен қаламгерлердің бірі Ғ.Сланов.

Ғ.Слановтың прозасы ең алдымен, өз дәуірінің айнасы болуымен қатар, классикалық орыс әдебиетінің жаңа жағдайға бейімделген отаншылдық, күрескерлік, жасампаздық, оптимистік тәрізді көптеген қырларын бойына жинақтаған социалистік реализм талаптарына толық сай, сәйкес жазылған дүниелер. Дей тұрғанмен, көркемдік, эстетикалық талап тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың әрқайсысының сол тұстағы әдеби процестердің даму үрдісін танытатын белгілері және ұлттық прозамызға олжа түрінде қосқан жетістіктері де аз емес. Айталық, «Арман ағысы» повесі композициялық бітімі жағынан 1938 жыл үшін әжептәуір жаңалығы бар шығарма болатын. Қысқа ғана уақыттың (үш күннің) оқиғасын алға жаю арқылы 20-30 жылды қамтитын тұтас кезеңнің өрі мен ылдиын, жеңісі мен жеңілісін адамдар тағдырымен желілеп суреттеу – бүгінгі озық проза 60-жылдардан бастап игере бастаған үрдістің бірі (мысалы, Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы).

«Арман ағысы» повесінің негіінде шындық, болған оқиға жатыр. «Белгілі бір дәуірлік шындықтан көркем шығарма туғызу үшін, бәрінен бұрын материал керек. Ал материал табудың суреткерлік тәсілі – сол дәуірдегі адам

тағдырын қазу, қопару, «тірі документтерді зерттеу», - деген болатын академик З.Қабдолов. (1)

Повестің прологі «Бейуақта» деп аталады. Шығарманы нәрлеген, ұтымды кілт болған осы бес-алты бетте өткендегі өмірдің бір үлкен аянышты елесі жатыр. «... Бала арқалаған жас әйел шаршап-шалдығып келе жатты да, дәрмені құрып, жол аузына отыра кетті. Аз тыныстап алып, баласына сүзбе езіп берді. Көкірегін қарс айырған қасірет жалынын терең, бірақ жай күрсініп қана сыртына шығарғандай. Ұзамай-ақ ымырт үйіріліп, қараңғылық көрпесі тас боп қатты да қалды». Қараңғыны қармалаған панасыз сорлы жас ана үш жасар ұлын арқалап Жетішатыр қаласындағы түрмеге жабылған күйеуін іздеп келе жатқан беті еді. Қиырсыз жаһан түзде жаяу сапар шеккен жас келіншектің талықсып келе жатқаны, айуанның бөрісі болмағанымен, адам бөрісінін соқыр сезімді қара шоқпарларының аттарына өңгеріп әкетуі, сәбидің шырылдап далада қалуы зорлық-зомбылығы таусылмайтын қиянатшыл заман болмысымен үлкен астарлы сыр танытады. Оқушы ықыласы мен сезімін еріксіз өзіне тартып, баурап алады. «Тұла бойынды шымырлатқандай, жүрегінді елжіреткендей, бүкіл сезімді билегендей нәзік, толқынды зар күйі есіп-есіп соққандай еді». (2)

Повесте 30-шы жылдардағы жастардың ұнамды бейнелері көрінген. Олар – көрші колхоздың агроном қызы, ерен еңбеккер, ақылды асыл жанды Қалует, жаңадан ашылған өндіріс орнындағы елгезек, тынымсыз жас жұмысшы ақ жарқын Жақия, балалар бақшасының тәрбиешісі Бәтіш. Осы аталған кейіпкерлердің ішінен Жақсылық бейнесі бірсыпыра биік көрінеді. Повестеі басты кейіпкеріміз, негізгі тұлғамыз осы – Жақсылық.

Әкесі Алақай құлдық азапқа шыдамай, байларға қарсы келгені үшін Сібірге айдалып, кейіннен Колчакқа қарсы күресте қаза табады да, шешесі Бағила жол торушылардың қолына түсіп, Қытай еліндегі бай-мырзалардың мазағында кетеді. Тұлдыр жетімді далада қалған жерінен жолаушылар тауып алып, балалар үйіне өткізеді. Бұдан кейінгі «Көмбе», «Жылан құйрығы» аталатын негізгі екі бөлімде кешегі әкесіз-шешесіз жетім қалған баланың есейіп, білімді инженер болған тағдыры шертіледі.

Повесте адам характерін ашуға көмектесетін тартысты оқиға желі тартып тұрады. Қарт жұмыскер Қалберген тәрбиесіне, Қалует, Бәтіш, Михаил, Жақия сияқты адал көңілді инабатты жастардың жәрдеміне сүйенген Жақсылық бір кезде халық дұшпандары көміп кеткен кен қоймасын табады. Жұрынтайдың ескі шахтасын ашуға мүмкіндік табады. Жылан құйрығындай боп жасырынған баяғы үстем тап өкілдері, әкелі-балалы Қалбағай мен Бөрібайлардың жаулық сырларын әшкерелейді. Осы оқиға шиеленісі үстінде елін сүйген жандардың белгісі көркемдік сипатта көрінеді.

Көркем шығармадағы мезгіл мен мекен (хронотип) мәселесін сюжеттік-композициялық тұрғыдан Ғ.Сланов қиналыссыз шешкенін айрықша атап өту ләзім. Тақырыптық тұрғыдан колхоз мәдениетін көтеруді тілге тиек қылған «Домбыра күйі - Ақиық» повесінің композициясы үш бөлім (үш дәптер) арқылы қиюласып отырады. Көңіл күнделігіндей осы үш дәптер бас кейіпкер атынан, бірінші жақтан баяндауды қажет еткенде, қазақ прозасындағы ол кез

әлі орныға қоймаған бұл баяндау әдісін де автор сәтімен меңгеріп кетеді. Повесть 1960 жылы Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасынан жарық көрді.

Повестің мұраты – айрықша маңызды, жастардың ғылым-білімін, бар қайратын халық қажетіне жұмсап, жастық жігерді еңбекке қайрап, таудай талаппен жалын ату, ата-баба қонысын түлету. Қазақтың талай ғасырларда серігі болған, жылағанды күлдіріп, өшкендерін жандырып, зарлағанды жұбатқан қымбат мұра – домбыраны қайта тірілту. Осындай үлкен істерді жазушы өз кейіпкерлеріне міндеттейді. «Тұңғыық» көлінің басына жаңа мекен орнайды. Мәдениет үйі салынып, халық театры, ұлт-аспаптар оркестрі де құрылады. «Ақиық» атты тамаша күй дүниеге келеді. Игі істердің басы қасында болып, қамқорлық жасаған ел басшысы, «Тұңғыық» совхозының директоры Ерқожа, «жалғанды жалпағынан басып, кейде Сырдың суы сирағынан келмеген, кейде михнат, бейнет дарияларын белден кешкен» Тауман қарт, «күлкісінің өзі өлген адамды тірілткендей», жаратылысы өзгеше, қызық мінезді Шапағат бейнелері сәтті шыққан образдар.

Повесті бастан-аяқ оқи отырып, біз басты кейіпкер Дайрабай образынан жазушының өз бейнесін де көре аламыз. Жастайынан жетім қалған жазушының әкеге деген сағынышты осы повесте айқын көрінеді. Дегенмен, бұл повесть автобиографиялық шығарма емес. Повесть оқиғасы шегініс арқылы дамиды. Онда Дайрабайдың жастық шағы, өскен ортасы, өмірден ерте кеткен әкесінен оқушыға мәлімет беріледі. Дәл осы жеріне жазушы өзінің өмірбаян материалдарын пайдаланған.

Повестегі «ат жақты біткен, мұрынды келбеті қазаққа ұқсанқырамайтын» Шүкірбек, «қағаздай жұқа ақ өнді, қағылез Құлайым», «бет-жүзінде әжім жоқ, қызыл шырайлы, ерен толық қарт әйел» Қалампыр шешенің бейнелері жақсы шыққан.

Ғ.Слановтың табиғат тамашаларын нәзік сезіммен, әдемі өрнектеп бере алатын шебер екенін әр шығармасын талдай отырып, көріп отырмыз. «Домбыра күйі – Ақиықта» да Алатау маңының әсерлі суреттері, - «Тұңғыық» көлінің ғажайып көріністері көз алдымыздан өтеді. Адам әлі біліп болмаған талай жұмбақ сыры да, жыры да бар табиғат ананы жазушы өз өрнегімен біздің санамызға жеткізбекші болады.

Осы повестің бір ерекшелігі М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Құнанбай бейнесі өз кезі үшін батыл тұрғыдан пайымдалған. Бүгін іркіліссіз айтып жатқанымызды Ғ.Сланов осыдан қырық жыл бұрын айтып кеткен. Мына сөздерді оқылық: «Заманында қатарына танылған бір мықты қазақ өтіпті. Асылы, қазекемнен мықты аз өтпеген ғой! Басқасы емес, біреуін ғана... Құнанбайды айтам. Белгілі де, қадірлі құрбымыз Мұхан өзі біле ме екен, жоқ па, - Қанша құстаналап оны кертартпалау етіп сипаттамақ басқа да, Қүнекен бір төбе боп шығыпты кітабында. Қүнекеннің Абайға айтатын – бір сөзі бар елі ғой: «Адамның қай қасиеті басым болса бойындағы міні де сол болар» демеп пе еді, Үлкен сөз-ау байқайсың ба, аз ғана тобықтыны жұдырықтай түйіп ұстап, өз елінің өрісі мен қонысын қалай кеңейткен, ә, ірілігі ғой сонысы Құнанбай қатал болмаса, ауыл басы, бір құдайы бар, ала ауыз елін билер алар

ма еді, іргесін жая алар ма еді. Бар міні қаталдық десек, қасиеті де содан тарап жатыр ау, білесің бе?». Бұл жазушының көрегендігін, эстетикалық дүниетанымының терең екенін көрсетеді. (3)

Ғ.Сланов повестерінің мазмұн-мағынасын, сыр-сипатын, көркемдік қуатын, өзіндік ерекшелігін, диссертациялық жұмысымыздың осы тарауында толық беруге шамамыз келгенше тырыстық. Жазушы повестерінде өз заманы, замандастар туралы терең толғана, олардың жан-дүниесіне үңіле отырып, өмір көрінісін шынайы суреттеген.

Қаламгердің қаламынан «Дөн асқан» (1941), «Жанартау» (1945), «Шалқар» (1954), «Асау арна» (1963), «Айқайтас» (1969) сияқты романдар туды.

Жазушы Ғ.Слановтың қазақ әдебиетінде шебер прозаик екендігін оқушы қауымға әйгілеген ірі туындысы – тұңғыш романы «Дөн асқан» - 1941 жылы латын әліппесінде баспадан шықты.

«Дөн асқан» автордың роман жанрына жасаған тұңғыш қадамы бола тұрса да, көп жағынан оқушы эстетикалық талғамына жауап бере алды. Жазушының жеке архивінен табылған оқырман хаттары, баспасөз бетінде жарық көрген мақалалар осыған дәлел болса керек.

Ғ.Сланов творчествосына тән қасиет: өмір шындығын егжей-тегжейлі зерттелмейінше, жазар шығармасына «барлау» жасамайынша қолына қалам алмайтын. Оның әрбір әңгіме, очерктері белгілі мақсатпен, үлкен шығарма жазу алдындағы іздену, объектісін зерттеу барысында дүниеге келіп, кейіннен романға барар жол салатын. Осы әдіс «Дөн асқан», «Жанартау», «Шалқар», «Асау арна» сияқты үлкен туындыларын жазуда көп көмек тигізген.

Романға барар жолда талай әңгіме, повесть жазылады. Романдай өрелі шығарманың тартыс желісін жүйелеп, бір жөнге салу оңайға түспейді. Әр кезде жеке-жеке оқиғаларын бөлек-бөлек әңгіме етіп жазып тастай береді. Тек 1940 жылы ғана «Арман ағысынан» кейін «Дөн асқанды» көп қосымша қосып, баспаға береді. Іс үстінде оқу, жазу тәсілдерін үйрену, классикалық үлгілерден тәлім алу сияқты жазушыға ең қажетті жайлар және де ұмытылмайды. Ол тұста, әсіресе, Н.Гоголь, М.Горький, Л.Толстой, О.Бальзак, В.Гюго, В.Шекспир, Ф.Шиллер, А.Пушкин, Ю.Лермонтовтар шығармаларын көп оқиды. Тұңғыш романын жазуда қазақ жазуларынан Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов шығармаларын сүйіп оқи жүріп, «қазақ топырағына тән өз бетімен жазуды басынан-ақ ойланса керек».

Романның тақырыбы – Қазақстанның Батыс аймағындағы Атырау елінің Қазан төңкерісінен бұрынғы тіршілігі, қалың елдің бостандық аңсаған азаттық жолындағы күресі суреттеледі. Көркем әдебиетімізде осы тақырыпқа жазылған бірнеше шығармалар бар. С.Мұқановтың «Ботагөз» романы, М.Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасы, Ә.Әбішевтің «Армансыздар» повесі, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романдары. Ғ.Слановтың «Дөн асқан» романы мен С.Мұқановтың «Ботагөз», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы уақиғалардың көптеген тұтастықтары болғанмен тақырыпты бейнелеп көрсетуде әр түрлі жолдарды пайдаланған. Бұл романдардың бәрінен де қозғаушы күші – халық.

Халық бейнесі «Ботагөз» романында Асқар, Амантай, Ботагөз арқылы, «Дөн асқан» романында Таңат, Ниетқабыл, Сақи арқылы, «Қан мен терде» Рай, Мюлгаузен образдары арқылы беріледі. Осы образдардан еңбекші халықтың қанаушыларға қарсы сана-сезімінің өскендігі көрінеді.

Романның басында Бекпембет сияқты болыстардың кедейлердің атын тартып алып, адамын өлтіруіне байланысты кедейлер тобы кектене түссе, оған жазушы 1916 жылғы июнь жарлығын байланыстырып, оқиғаны шиеленістіре түседі. Соңғы бөлімінде Таңат, Ниетқабылдардың бастауымен Тайбөрі жігіттері қолдарына қару алып көтеріліске шығады. Роман бойынша уақиғалардың шарықтау шегі осы бөлімінде. Шығарманың басындағы тыныш ел тірлігі мен соңындағы суық сүрең, өмір тайталасына дейінгі аралықта оқушы көңіліне ыстық сезім ұялататын сан түрлі оқиғалар Тайсойған жерінің, Атырау теңізінің қайталанбас суреттері, ел дәстүріндегі, халық мінезіндегі ерекшеліктері құштарлықпен баяндалған. Романдағы әр бөлім бір-бірімен тығыз байланысты. Уақиға шебер беріліп отырады. Сюжет құрылысы тартымды. Сан-алуан уақиғалар дамып өсіп, шиеленісіп, сюжет желісіне жиналып, топталып барып шешіледі. Роман оқушыны жалықтырмайды.

Сюжеттік-композициялық жағынан «Дөн асқан» - белгілі шешімге жетіп тоқтаған шығарма. Бірақ түрмеден қашып кетті делінетін Таңат, Ниетқабылдың бұдан кейінгі тағдыры беймәлім. Автор романның жалғасын жазуды да ойлаған болу керек. Алайда ол ниет жүзеге аспай қалған. Сондықтан «Дөң асқанда» сюжет тартыс таралып біткенімен, кейбір қаһармандар хикаясы логикалық деңгейіне шықпағаны да көрінеді.

«Жазушы Таңат пен Сақи, Керей образдары арқылы бүкіл езілген еңбекші таптық тағдырын, оның қорлық пен зорлыққа шыдамай, әуелінде стихаялы түрде бас көтергенін кейін ұйымдасқан күреске шығу керектігін көрсетпек болған. Романда қазақ ауылын ұлт-азаттық күресіне алып келген әлеуметтік жағдай табиғи көрсетілген. Мұнда октябрь революциясы алдындағы іштей әлі пісіп жетілмеген, күйдегі халық күресінің дүмпуі сезілгенмен, саналы күреске шыққан қаһармандар жоқ. Автордың мақсаты – қазақ революция алдындағы тағдырын бейнелеу ғана. Біз сол арқылы еңбекші таптық бұйығы, бытыраңқы халде қала бермей, күндердің күні болғанда ашына бас көтеретінін айқын сезінгендей боламыз. Таңат, Сақи, Ниетқабыл – осы халықтың өкілдері» - дейді ғалым М.Бекбергенов. (4)

«Дөң асқан» - бір кезеңді сипаттайтын, жеңіл оқылатын, тілі көркем, лирикалық пафосты тенеулерге толы, ара-тұра оқырманның кеудесін күдікке қалдырып, сәл-пәл шегіністі оқиғаларға тұмсық тіреп отыратын, көтеріңкі сюжетті шын мәніндегі роман. Бұл шығарманың құндылығы – Батыс Қазақстан халқының революцияға дейінгі өмір жолын, тарихын көркем шежіре етіп қалдыруы.

Ғ.Слановтың «Жанар тау» романы 1945 жылы Қазақтың Біріккен Мемлекет баспасынан жарық көреді. Романға байланысты Ж.Нұртазиннің «Әдебиет және искусство» журналында (1946, №9-10 84-93 б.) сыни мақаласы жарияланады. Роман қатты сынға ұшыраған соң, жазушы шығарманың ескі нұсқасын жыртып, түгелдей қайта жазып шығады. Көлемін екі есе

нұсқасынжыртып, түгелдей қайта жазып шығады. Көлемін екі есе қысқартып, 1968 жылы аяқтайды. Ғ.Сланов көзінің тірісінде романды оқырмандарына өзі ұсына алмаған. «Жанар таудың» жаңа нұсқасы қаламгер архивінен алынып, 1977-1981 жылдар аралығында «Жазушы» баспасынан шыққан 6 томдық шығармалар жинағының 5 томына кіреді.

Ұлы Отан соғысы бүкіл халқымыздың, оның жауынгерлік және рухани күштеріне, саяси-моральдық тұтастығына зор сын болды. Қазақ халқы да, оның әдебиеті де бұл сыннан мүдірмей өтті.

Ғ.Слановтың «Жанар тау» романына Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ембі мұнайшыларының қажырлы еңбегі арқау болады. Майдан мен тыл еңбекшілерінің өмірін суреттеуде, әсіресе, майданға керекті жанар май өндіру жолындағы ізденістерді нақты дәлелмен көрсете біледі. Ғабдол аға туған өлкесінің өзіне жете таныс мұнайшы өмірінен қызықты сюжет беруде төселген сөз зергеріндей әсер қалдырады.

Бұл роман мұнайшылар өмірін алғаш күрделі жанр бітіміне түсірген шығарма болуымен бағалы. Әлбетте, заман ділгірлігімен туған дүниеде өз уақытының табы белең алмай қалмайды. Осы тұрғыдан келгенде, «Жанартау» өз дәуірінің сипатын ашқан, сол дәуір адамының жігерін жаныған кезеңдік шығарма сияқты да көрінеді. Жалпы алғанда, социалистік реалистік жасампаздық, оптимистік сипатта қала отырып, автор мұнда адал да жанкешті еңбекті көркем шығармада экстремальды жағдайда (соғыс) категория дәрежесіне көтерудің өзіндік, соны үлгісін жасаған. Мұның өзі нақты адамдар тағдырының (Айкүміс-Қанат, Қанат-Рәуіш) қалтарыс-иірімдерін шебер көрсетумен астасып жатады. Романдағы перзент зарлығын шеккен Айкүмістің ері Қанатпен арадағы күрделі психологиялық қарым-қатынасы Мағжанның «Шолпанның күнәсіндегі» белгілі желні еске түсіреді. Бұл ретте Ғ.Сланов психолог жазушы ретінде шеберлік үлгісін көрсеткен. Ал осы желінің арқауын дәл Мағжандай ширықтыра ширатуға мұндай текті көркемдік ізденістерді социалистік реализм жат деп қарайтын идеологиялық ұстаным ерік бермеген деу керек. Дегенмен, «Жанар тау» - қазақ прозасында жанрдың ішкі даму заңдылықтары туғызған психоанализ әдісінің жақсы, сәтті бастамаларының қатарына жатады.

Ғ.Слановтың «Жанар тау» романы – жазушының ауыр еңбегінің жемісі. Қаламгер шығармасында мұнайшы жұмысшы әулетің әр қырынан алып, өмір қиыншылықтары мен ізденіс үстіндегі табыстарын бірден төге салмай, бірте-бірте қызықтыра отырып, еңбек нәтижесін адам өмірімен тікелей байланысты бере білген.

Өкініштісі, елуінші жылдар басында Ғ.Сланов осынау соны ізденістермен шегінген. Осы кезеңдегі идеологиялық тымырсық ахуал жазушының қиялына тұсау салып, тынысын тарылтқан. Тек 1954 жылы жарық көрген «Шалқар» романында Ғ.Мұстафиннің «Шығанағы» салған дәстүрді жалғастырып, колхозды ауыл өмірін бейнелейді. Дей тұрғанмен, осынау тақырыптық тар аяның өзінде де жазушы адамдар санасындағы өзгерістерді жіті қадағалап, шебер бейнелеуге кейіпкерлердің ұлттық табиғатын қанық етіп көрсетуге ұмтылған.

«Алғашқы нұсқасынан көп өзгеріп, бүтіндей қайта жарияланған «Шалқар» романы жазушының өмір шындығына кіріп, бұрыннан белдесіп жатқан қиын тақырыпқа – заманның жан күйіндегі өзгерістерді ашуға арналған осы роман арқылы Қабдол өмірінің соңғы жиырма жылына бір сәтте ізденген Жетісу елінің өткені мен бүгінгі ержүрек аталарымыз бен бүгінгі замандастардың өмір-тірлігін бейнелейтін роман, повестерінің сериясын бастады» - дейді С.Оразалинов. (5)

Романның басты кейіпкері Баршагүл бейнесі – қырғыз бен қазақ халықтарының туысқандығынан алынады да, әдебиетіміздегі озық әйел образы болып қалады. Бүгінгі замандастарымыздың бейнесін толыққанды бере білген бұл туынды туысқан халықтар тілінде тарап, Шыңжан жұртының да сүйікті шығармасы болғаны белгілі.

«Шалқар» романының негізгі тақырыбы – колхозды ауыл өмірі. Бірақ, оқиға желісі бір колхоз көлемінде шектеліп қалмай, жазушы шаруашылығы қатар өркендеп келе жатқан көршілес екі колхоздың күнделікті тіршілігін, болашақ үлкен жоспарларын жүзеге асыру жолындағы ерен еңбегін, тіпті бір аудан көлемінің тыныс-тіршілігін роман желісіне арқау етеді.

Ғ.Слановтың «Шалқар» романының мазмұны – колхозды ауылдың соғыстан кейінгі жылдардағы өмірі, алдыңғы қатарлы адамдардың мал шаруашылығындағы жаңа жол құрылысындағы бейбіт еңбегі негізгі нысана етіп алынады. Жазушы романында көркем жинақталған әдеби қаһармандардың тағдырымен, іс-әрекетімен, ой-сезім дүниесімен таныстырады. Зоотехник Баршагүл, колхоз председателі Мұхит, агроном, әрі парторг Қалует, жол құрылысының инженері Айдынгали, аудандық атқару комитетінің председателі Жақсылық, аупартком секретары Михаил Буров, ағы басқалары – бәрі де ортақ ой, тілек үстінде табысқан адамдар. Бұлардың өзара айырмашылықтары да жоқ емес. Бірақ оларды ұлы мақсат біріктіріп, ылғи алғаумтылдырады. Мұның бір нышанын Тасеген жол құрылысынан көруге болады. Колхозды ауылдың өнегелі адамдарымен қатар, әлі де ескілік шығармауында жүрген кейбір жандарды да көрсетеді. Олар: арызқой, жалқау, рушыл Сатқын, «Сатқын ине болса, инеге ілескен жіп секілді» Жабағы, «Сатқыннан жұғын жалаған, сирек болса да әлі бар қырсық» Сәтбала.

Ғ.Слановтың идеялық-көркемдік биік қасиеттерімен көрінген «Дөң асқан», «Жанар тау», «Асау арна», «Шалқар», «Арман ағысы», «Домбыра күйі – Ақиық» т.б. роман-повестері қалың оқырман қауымға танылып, жазушыны эпикалық жанрда жазатын қазақ прозашыларының алдыңғы легіне шығарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Алматы «Жазушы» Том 2, 1983. – 456 б.
2. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. Том 3. Алматы «Жазушы», 1979. - 355 б.
3. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. Том 3. Алматы «Жазушы», 1979. – 170 б.

4. Бекбергенов М. Дүбірлі дәуір шежіресі. Алматы «Жалын», 1987. – 171-175 бб.
5. Оразалинов С. Шыңдық және көркемдік шешім. Алматы «Жазушы», 1977. – 185 б.

**ТІЛДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР:
СТИЛИТИКАЛЫҚ, СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚ, АУДАРМА
ҚАТЕЛІГІ**

Жүсіпов А.Е.
**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті, ф.ғ.к.**

Қазіргі кездегі баспасөз материалы, жарнама, кәсіпорын, мекеме атаулары, маңдайша және т.б. құжатта екі түрлі мән туындататын (оқырман, тыңдарманды екі ойда қалдыратын) мысалдар көптеп кездеседі. Ғылыми әдебиетте ғалымдар бұл туралы біраз қалам тартқан. Біз сол ғалымдардың пікіріне сүйеніп, қайшылық, екі ұштылық, қос мәнділік туындатпайтын жол іздейміз.

Мәселен, термин қатаң түрде бір мағыналы болуы тиіс. Ресми ісқағаз ғылыми-техникалық әдебиет, заң мәтінінде екіұштылық не көп мағыналылық барынша болмауы қажет. Дегенмен, мұндай мәтінде де қайшылық кездесіп қалады.

«Маскүнемдіктен әйелдер де зардап шегуде».

- (1). Әйелдер өз маскүнемдігінен зардап шегуде;
- (2). Әйелдер күйеуі не жақын-жуықтарының маскүнемдігінен азап көріп жүр;

«Балалар футболшымен ойнады»

- (1). Балалар футболшыға қосылып, бірігіп ойнады;
- (2). Балалар футболшыға қарсы ойнады.

«Бөлмеге үлкен шкаф пен үстел қойылған»

- (1). Шкаф қана үлкен;
- (2). Шкаф та, үстел де үлкен.

Әрине, олардың бір бөлігін контекст арқылы не сөйлемнің құрылымын өзгерту жолымен жоюға болады [1].

Газетте: *«Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* деп берген.

Сөйлемнің дұрыс аудармасы – *«Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заң актісіне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»* болу керек еді. Мұнда сөз тіркесінің сөйлемдегі өзіне тиесілі орнында қолданылмауынан *«заң актісіне салық салу керек»* деген мазмұн туындап отыр [Мысал Интернеттен алынды].

Сонымен қатар, осы сөйлемде қазақ тілінің 2 заңы бұзылған. Біріншіден, көптік мағынадағы *«кейбір»* сөзінен соң *«актілер»* сөзі көптік мағынада

жұмсалған. Екіншіден, біріыңғай мүшенің соғысына ғана жалғау жалғанады деген ереже «өзгерістер мен толықтырулар» емес «өзгеріс пен толықтырулар» бұзылған.

Қалалық, ауылдық жердегі хабарландыру, мекеме, дүкен атаулары және т.б. нысанда кездесетін қателерге тоқталайық.

Бұл жұмысты да **қазақ тілі мәдениеті, сөз мәдениеті, сөз әдебі, сөз бедері, сөз дұрыстығын қадағалау**, қателіктерге жол бермеудің бірден-бір жолы деп танымыз.

Мысалы: күнделікті қолданыста назар аударар бермейтін – үнемі тұтынатын сүт қалбыры (қағаз ба, қаңылтыр ма – бәрібір) сыртында «цельное молоко» дегенді жер-жерде – «мақсатты сүт» деп аударып жүр. Ол қазақтың «айырылмаған сүті».

Сол секілді «Все виды нотариальных услуг» – «Нотариалды қызметтің барлық түрлері» деп аударылып жүр.

Негізінде бұл «нотариалды қызметтің барлық түрі» болуы керек. Бұл жерде тілдік екі заңдылық бұзылған - -ды жұрнағы деректі зат есімге жалғанып зат, не деректің бар-жоғынан хабар береді, яғни *нотариус бар, нотариус жоқ* деген сөз емес. Екінші – көптік мағыналы «барлық» сөзінен соң «түрлері» деп көпше қолдану қателік.

«Срочный ремонт обуви» - «Жедел аяқ-киім жөндеу» деп бүкіл Қазақстанда жазылып келеді. Ол тек аяқ-киімге ғана емес, «сағат, кілт және т.т. қатысты жазылады.

Дұрысында «Аяқ-киімді жедел жөндеу» болуы керек. Себебі қазақ тілінің заңдылығы бойынша талдасақ – *жөндеу – баяндауыш, жөндеу нені? – аяқ-киімді – тура толықтауыш; аяқ-киімді – қандай? жедел*. Сонда «жедел» сөзі анықтауыш қызметінде жұмсалып «ремонт срочной обуви» болып аударылады.

«С наступающим новым годом» дегенді – «Шабуылға шыққан жаңа жылмен» деп аудару еш ақылға сымайтын қолданыс.

Мақалада кеткен қателікті талдап көрелік.

От кешкен күндер

Ардагерді алдағы Жеңіс меркесімен құттықтап, амандық-саулығын тілегеннен кейін біз одан қысқаша өмір жолы туралы сұрадық.

Жас та болса, өзінің өткір мінезімен, ержүректігімен көзге түскен Константин Тимофеевич бөлім командирі болған.

- *Бау-бақшаның, малдың қасында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емеспін бе?*

Гүлгүл Қуатқызы, «Солтүстік Қазақстан».

Ауыз екі сөйлеу стиліндегі "амандық-саулығын тілеу" тіркесі ардагерді сөзімен қабыспай тұр. Бұл не қабысу емес, не матасу емес. Дұрысында *кімнің амандық-саулығын тілеу* немесе *кімге амандық-саулық тілеу* болуы керек.

Қысқаша өмір жолы деген екіұшты тіркес қалыптасқан. *Өмір жолы туралы қысқаша баяндап (не айтып) беруін өтіндік/сұрадық* деп қолдануға болар еді.

Жас та болса, өзінің өткір мінезімен, ержүректігімен көзге түскен Константин Тимофеевич бөлім командирі болған. Бұл сөйлемде екі қате кеткен:

(1) сөйлемдегі сөздердің орны ауысуы: **Өткір мінезімен, ержүректігімен көзге түскен Константин Тимофеевич жас та болса** бөлім командирі болған.

(2) бірыңғай мүшелердің жазылу емлесінің бұзылуы: **Өткір мінезі, ержүректігімен көзге түскен Константин Тимофеевич жас та болса** бөлім командирі болған.

Бау-бақшаның, малдың қасында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емесін бе? Бұл сөйлемде де екі қате жіберілген, екеуі де бірыңғай мүшеге қатысты:

(1) - **Бау-бақша, мал+дың қасында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емесін бе?** Ілік септік жағлауы соңғысына ғана қосылып жазылуы тиіс.

(2) - **Бау-бақшаның, малдың қасында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емесін бе?** Екі түрлі сөзді автор бірыңғай мүше ретінде қате жұмсаған. Бау-бақша, үйдің қасында десе бір жөн. Дұрысында: (мәселен) **Бау-бақша қасында, малдың соңында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емесін бе?** болуы керек еді.

Солтүстік Қазақстан облысының Көкшетау-Петропавл трассасында «Рощинск» елді мекенінде көлік жүргізуші, жолаушылар аздап дем алып, жүрек жалғауға мүмкіндік беретін жол бойындағы кафе бар.

Төмендегі фотода сол кафеде жазылған маңдайшаны ұсынып отырмыз. Бұл қай тілден аударылғаны түсініксіз. Интернеттегі «**Орысша-қазақша сөздікке**» салғанның өзінде бұндай өрескел аударманы кездестіре алмадық.



«Объект находится под видеонаблюдением»

«Нысан қадағалаумен бейненің астына деген болады»????

Түрлі сөздіктің атаулары да қате аударылып жүр, мысалы,

Русско-казахский словарь иностранных слов - Орысша-қазақша шетел сөздердің сөздігі;

Русско-казахский словарь медицинских терминов - Орысша-қазақша медицина терминдерінің сөздігі;

Русско-казахский словарь юридических терминов - Орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігі және т.т..

Бұған да көзіміз үйреніп кеткен, назар аударып бермейміз, ал дұрысында олар:

Шетел сөздерінің орысша-қазақша сөздігі;

Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі;

Заң терминдерінің орысша-қазақша сөздігі болып (аударылуы емес) жазылуы керек.

Бұл орыс тілінен тура аударып салудың салдарынан туындаған қателіктер.

Орыс тілінен аударылған мына сөйлемге назар аударайық.

«Полиязычное образование» – «көптілді білім беру» деп аударып жүрміз, дұрысында «көп тілде білім беру» болуы керек. Көп тілді білім болмайды. Біз білімді көп тілде бере аламыз.

«Накопительный пенсионный фонд» - «жинақтаушы зейнетақы қоры» деп аударып жүрміз. Дұрысында «зейнетақы жинақтаушы қор» болуы керек [2 мысал Интернеттен алынды].

Саны көп банктерде үнемі жазылатын, айтылатын, жауыр болған «Быстро и удобно» деген жарнаманы - «Тез және жылдам» деп аударып жүрміз. Негізінде бұл - қателік. Себебі «және» шылауы кемі екі нысанға қатысты дәнекер ретінде жұмсалады. Бұл жерде бір нысанға (ақшаны аудару – перевод денег) қатысты 2 әрекет болғандықтан дәл осы жерге: «Тез әрі жылдам» деп қолдану керек.

Құрметті мектеп оқушылары! Құрметті қала тұрғындары мен меймандары! деген секілді тіркестерді де қате қолданып жүрміз.

Дұрысында *Мектептің құрметті оқушылары! Қаламыздың құрметті тұрғындары мен меймандары!* болуы керек. «Құрметті мектеп», «құрметті қала» деген мағынаны беріп тұрғанын тіптен назардан шығарып алдық.

Орыс тіліндегі *заведующий кафедр+ой, заведующий склад+ом, заведующий отдел+ом* деген секілді тіркесті - *кафеда+ның меңгеру+ші+сі, қойма+ның меңгеру+ші+сі, бөлім+нің меңгеру+ші+сі* деп қате аударып жүрміз.

Дұрыс нұсқасы:

Кафедра+ны меңгеруші/кафедра меңгеруші;

Қазақ тілі кафедрасы+н меңгеруші - Қазақ тілі кафедрасы+ның меңгеру+ші+сі емес;

Қойма+ны меңгеру+ші/қойма меңгеруші;

Бөлім+ді меңгеру+ші/бөлім меңгеруші; Баспа бөлімін меңгеру+ші - Баспа бөлімі+нің меңгеру+ші+сі емес.

Орыс тілінің өзінде *заведующий (чем) кафедр+ой* орнына *заведующий (чего) кафедр+ы* деп қате жұмсалатын кездері де жеткілікті.

Орыс тілінен дұрыс аударылмаудан кеткен қателіктер шаш етекпен.

«Егіз тамшыдай» – «как две капли воды» - оның орнына қазақи – «егіздің сыңарындай» деген қолданыс сәтті болар еді.

«Қасқырдан қорыққан орман араламас» – «волков боятся в лес не ходит» деген мақалдың аудармасының орнына қазақи – «Шегірткеден қорыққан егін екпес»;

«*Көрмес пілді де көрмес*» – «*a слона то не заметил*», «*не приметит слона*» дегеннің орнына қазақи: «*Көрмес түйені де көрмес*»;

«*Тасбақа аяң*» - «*черепаший шаг*» дегеннің орнына қазақи – «*өгіз аяңды*» колданған дұрыс болар еді.

Аудармадан тыс, қазақтың бай тіліндегі түрлі тіркестің мағынасын терең түсіне қоймай, «*тисе терекке, тимесе бұтаққа*» деп жұмсап жүрген мысалдар тіл, сөз мәдениетіне нұсқан келтіреді.

Шүлен тарқату – дұрысы - *шүлен тарту*;

Құмар көру – дұрысы - *құмар болу, қызық көру*;

Жан исіндіру – дұрысы - *жан сүйсіндіру, (исінетін сауын мал)*;

Демін басу – дұрысы - *демін алу, ентігін басу*;

Қыбын тауып – дұрысы - *ебін тауып, қыбы қану* болуы тиіс. Осы секілді тіркестерді бүгінгі жастар оңды-солды бұрыс қолданулары қатты ойландырады, қынжылтады.

Осы секілді қателік, екі ұшты ой, екі мәнді қолданыстар қазақ тілінің сауаттылығына нұсқан келтіріп, тілді дамытуға кедергі болып отыр.

Қате санадан тыс жіберіледі, ал адам саналы түрде шындықты бұрмалап, ақиқатты жасырып жатса, ондай қате – мақсаты (кейде мақсатсыз) өтірік айту. Адам сөйлеу барысында қайта-қайта жаңылыса беруі оның өтірік айтып тұрғанының айғағы болатын тұстары жиі кездеседі. Мұны оның қимылы, дауысы, бет-әлпетінен айқын байқауға болады. Өйткені адам эмоциясы өтірік сөйлегенде күшейе түседі. Оны жасыру қиындау болады. Сөйлеуде өтірік айтудың негізгі белгісі - жаңылыс сөйлеу, ойдың шашыраңқы, жүйесіз болуы, көпсөзділік және үнсіздіктің жиілігі. Сондай-ақ, сөйлеушінің жиі қателесуі тыңдаушысының оған деген көзқарасын өзгертіп, оның тұлға ретінде мәртебесіне нұсқан келтіруі мүмкін. Шынында, адам білмегендіктен емес, білгенсігеннен көп қателеседі. Кейде орынсыз қолданылған тіркес оның жеке қасиетінен де көрініс беріп жатады. Көп жағдайда көпшілік алдында сөз сөйлеп, ысылып қалған кісілер өзінің қатесін мойындағысы келмейді. Және оны түзетуге де талпынбайды. Қатесіз сөйлеу – бұл дұрыс сөйлей білу. Тіл дұрыстығы, яғни сөйлеу, сөз жасау, грамматика, орфография және пунктуация нормасын меңгеру. Дұрыстық кез келген жағдайда белгілі бір заңдылық деп қабылдануы тиіс. Мысалы, емтихан тапсырушы оқушы шығарма не жазба жұмысында қате жіберетін болса белгіленген мөлшерден асса; ол жоғарғы оқу орнына түсе алмайды не диплом, куәлік ала алмайды. Сондай-ақ, сауатсыздықты қоғам да қатаң сынға алып отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Кәукербаева Б., Сөз қолданыстағы семантикалық екіұштылық, Алматы: 2006
2. Абитиярова А., Сөз саптау үрдісіндегі қателер. Алматы:2010.
3. Шалабаев Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. Алматы: «Рауан», 1997, Б-81.

4. Жалмаханов Ш., Көп мағыналы зат есімдердің семантикалық құрылымы. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2002. №1. -32-38б.

5. Жалмаханов Ш., Лексикалық көп мағыналықты зерттеудің әдіс-тәсілдері мен негізгі принциптері//ҚР БҒМ, ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2002. №2. 11-20б

6. Болғанбаев Ә., Көп мағыналы сөздер және олардың жасалу жолдары. Алматы: «Мектеп», 1963

7. Жүсіпов А.Е., Қайшылықтың семантикасы мен прагматикасы (лингво-мәдениеттанымдық қыры) Астана, 2013. - 467бет.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иманалиева Ғ.Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к

Амирова М.Ж.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

Ормаханова Л.

№15 орта мектебінің мұғалімі

Тірек сөздер: Көркем әдебиет тілі, эмоционалдылық, экспрессивті сөздер, коммуникативтік қызмет, адамның эмоциясы.

Ключевые слова: Язык художественной литературы, эмоциональность, экспрессивные слова, коммуникативный деятельность, человеческая эмоция.

Keywords: Language of fiction, emotionality, expressive words, communicative activity, human emotion.

Көркем әдебиет тілі өзінің айтарлықтай икемділігімен, айқындылығымен және динамикалығымен ерекшеленеді. Ол тілдік құралдарды жаңа мағынада қолдануға мүмкіндік береді, адамзаттың өзара қарым-қатынасының сан алуан қажеттілігін өтеуге тез бейімделеді, сондықтан да адамзаттың негізгі әрі жалпы алғанда баға жетпес құралы болып қала береді. Н.Д. Арутюнова «Функции языка» атты еңбегінде: «Адамзаттың аса маңызды қатынас құралы бола отырып, тіл адамдарды біріктіреді, олардың тұлғааралық және әлеуметтік өзара қарым-қатынастарын реттейді, олардың практикалық қызметін үйлестіреді, әлемнің дүниетанымдық жүйесі мен ұлттық әлем бейнесін қалыптастыруға қатысады, ақпараттың, оның ішінде тарих пен халықтың тарихи тәжірибесіне және индивидтің жеке тәжірибесіне қатысты ақпараттың жиналуы мен сақталуын қамтамасыз етеді, санада ұғымдарды ажыратады, жіктейді және орнықтырады, адамның санасы мен өзін-өзі жетілдіруін қалыптастырады, көркем шығармашылық әрекеттің материалы және формасы қызметін атқарады», – деп жазады [1,598]. Тілдің негізгі қызметтері: коммуникативтік қызмет (сөйлесу қызметі); ой қалыптастыру (ойды тиянақтау

және жеткізу қызметі); экспрессивтік (сөйлеушінің ішкі жай-күйін білдіру қызметі); эстетикалық (тіл құралдары арқылы әсемдікті сезіну қызметі).

Коммуникативтік қызмет тілдің адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау құралы қызметін атқару мүмкіндігі болып табылады. Тіл хабарламаларды түзуге қажетті бірліктерден, олардың жұмсалуды ұйымдастыратын ережелерден тұрады және әңгімеге қатысушылардың санасында ұқсас үлгілердің пайда болуын қамтамасыз етеді. Тілде, сондай-ақ коммуникацияға қатысушылардың арасында байланыс орнатып, әңгімені жандандыруға қажетті арнайы құралдар болады. Сөйлеу мәдениеті тұрғысынан коммуникативтік қызмет сөйлеу коммуникациясына қатысушылардың қарым-қатынастың жемісті болуын, сондай-ақ сөйлеуді дұрыс түсінудің жалпы мақсатын көздейді. Әдеби тілдің нормаларын сақтамайынша, қарым-қатынастың функциональдық тиімділігіне жету мүмкін емес. Ой қалыптастыру қызметі тілдің ойды тиянақтау мен жеткізу құралы қызметін атқаратындығынан көрінеді. Тілдің құрылымы ойлау категориясымен органикалық тұрғыдан байланысты болады. «Ой әлемінде ұғымды дара бірлік ретінде көрсете алатын сөз оған (ой әлеміне) өздігінен мол нәрсе қоса алады», – деп жазады жалпы тіл білімінің негізін салушы В. фон Гумбольдт [2, 318].

Бұл сөз ұғымды айқындап, қалыптастырады, ойлау бірліктері мен тілдің таңбалық бірліктері арасында қатынас орнатады дегенді білдіреді. Сондықтан да В. Гумбольдт «тіл ойды жетілдіруге негіз болуы тиіс. Ой, тілден алшақ кетпей, оның бір элементінен кейін екіншісін қамтып, ойдағы барлық ұғымға тілде атау табуы тиіс», – деген болатын [2, 345]. В. Гумбольдтың пікірінше, «ойға сәйкес болуы үшін тіл, мүмкіндігінше, өзінің құрылымы арқылы ойлаудың ішкі ұйымдастырылуына сәйкес болуы тиіс» [2, 318].

Экспрессивті қызмет тілге сөйлеушіге қандай да бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оның сөйлеушінің хабардың мазмұнына, әңгімелесушіге, қарым-қатынас жағдайына көзқарасын, яғни ішкі жай-күйін білдіруінің құралы қызметін атқаруға мүмкіндік береді. С. Мұратбековтың «Үскірік» атты әңгімесінде табиғат кейіпкердің сол уақыттағы жан-дүниесімен үндестіре суреттеледі. Қазіргі ғылым рухани әлем үш негізгі құбылыстан: мінез-құлық актісінен; сезінген субъективті құбылыстан; санасыз психикалық құбылыстан тұрады деп дәлелдейді. Әңгімедегі психологиялық үрдістер Дәнештің сол сәттегі күн сәулесіне қатысты ойымен астасып жатады. Жағымды реңкте, жарқын бейнеде көрінетін күн сәулесі де Дәнеш үшін сол сәтте жексұрын болып көрінді. Дәнеш үшін күн сәулесі де Қайроштың жексұрын күлкісіндей болып көрінеді:

Күн ұясына қонып барады. Ортан белінен батыпты. Сөніп бара жатқан шоқ сияқты. Күрең қошқыл. Сөніп бара жатса да шоқта жылу болушы еді, ал мынада жылу да жоқ, тек жексұрын сәулесі бар, иә, жексұрын сәуле! Бірінші рет Дәнешке күннің сәулесі жексұрын көрінді. Жексұрын емей не, ең болмаса шоқ құрлы жылуы жоқ дәт қылар. Қайроштың зымиян күлкісіндей ғана алдамшы (С. Мұратбеков).

О. Бальзак: «Адам туралы айту үшін оның барша құпиясын: ойын, қайғысын, толқынысын танып-білген жөн», – деп жазған болатын [3, 12]. С.

Мұратбековтың әңгімесіндегі сыртқы дүние жеке-дара сипат иеленбеген, ол ішкі болмыспен үндесіп, жаңа бір мағынаға ие болған. Мұнда жазушы сезім күйлерін жалаң бермей, ойдың бейнелілігімен астастыра берген. Жазушы қолданған көркемдік тәсіл оқырманның кейіпкердің эмоциялық жағдайына терең бойлауына күшті ықпал етіп тұр.

Тіл адамның ойын ғана емес, эмоциясын да білдіреді. Экспрессивтік қызмет қоғамда қабылданған этикет аясында сөйлеудің эмоционалдылығының айқындығын қамтамасыз етеді. Эстетикалық қызмет адресаттың эстетикалық сезімін қанағаттандыруына бағытталады. Эстетикалық қызмет ең алдымен поэтикалық стильге (фольклор, көркем әдебиет) тән, алайда мұнымен шектелмейді. Эстетикалық қызмет тіл байлығын, сөйлеудің оралымдылығын, адамның эстетикалық талғамына сәйкес келуін көздейді. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында сөздің эмоционалды бояуы, экспрессивті-стилистикалық бояуы, тілдік мағынаның экспрессивті-бағалауыштық компоненті мәселелері негізінен көркем мәтінге қатысты қарастырылып жүр. Ш. Айтматов әдебиет әлеміне адам жанын толқытып баурайтын, ой құдіреті мен құпияларын ашудың шебері ретінде танылған жазушы. Ішкі эмоцияны сөзбен берудің жазушы үшін табиғи қасиет екендігін Ш. Айтматовтың көркем шығармаларынан ғана емес тіпті өмірбаянынан да аңғаруға болады. Ол өзінің өмірбаянында: *«...Соғыс жүріп жатты. Елдің жаны жаралы, көңілі қаралы. Осы кезде өмір мен үшін өзінің беймәлім беттерін аша берді, халық тұрмысының сан тарауларын өз көзімізбен оқуға мәжбүр болдық. Кейіннен мұның біразын шамам келгенше «Бетпе-бет», «Ана – жер ана», «Жәмилә», «Шынарым менің, шырайлым менің» сияқты повестерімде көрсетуге тырысқан едім»,* – дейді.

Ш. Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесі кейіпкердің ішкі әлемін, бар болмысын қоршаған ортамен астастыра суреттеген шығармалардың бірі. Шығарманың идеялық көркемдік мазмұнын аша түсетін негізгі көркемдік құрал – символикалық бейнелер шығармада шешуші, маңызды мәнге ие болған. Шығармадағы символикалық бейнелер мазмұнмен біртұтас бірлікте беріледі. Шығармадан үзінді: *«...Суға төніп кеп, паң жарқабақтың үстіне тоқтадық. Қайран, қырғыз жерінің мәңгі-бақи жыры боп өткен Ыстықкөл. Осынау теңіз гашықтардың ән-жыры мен аңызына толы дегенге кім сенбес?! Мөлдіреп, құлпырып, шалқып жатты көк теңіз.*

– Қарашы, Әсел, аққуларды қара! – деп айғайлап жібердім. Аққулар Ыстықкөлде күзде ғана болады, қыстап шығады. Ал көктемде өте сирек ұшырасады. ...Кешкі көлдің үстінде бір топ аққу қалықтап жүр...» (Ш. Айтматов). Автор айдын көлдің аруы аққуды таза, пәк көңіл, қасиетті сезіммен шебер сабақтастырған.

Ойлау нәтижесі тіл арқылы бейнеленеді. Сондықтан ауызша, не жазбаша түрде айтылатын ойдың түсінікті, нақтылы болуына айрықша көңіл бөліп, оның мазмұнын дәл бере алатын тілдік құралдарды сұрыптап қолдана білудің маңызы зор. Көркем шығармада тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің

талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен ара қатынаста болып, көркем шығарманың қайталанбайтын, айрықша ерекшелігін жасайды. Көркем әдебиет – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Аталған шығармада жазушы қуаныштан жүректері алып ұшқан қос ғашық сезімінің асып-тасып шалқығанын ерекше шабытпен суреттеген. Төмендегі екі мәтінге назар аударайық:

1. Әсел екеуіміз кабинада отырмыз. Әсел күлді, жылады, сосын қайта күлді. Мен есейіп, күшті болған сияқтымын.

2. «Кабина ішінде көлге үңіліп үнсіз отырмыз. ...Әсел жалт қарады да, кеудеме басын салды. Аймалап құшақтайды. Күледі де жылайды, тағы күледі. ...Бұрынғыдан күшейіп, есейіп кеткен тәріздімін. Өзімде осынша жылылық, мейір барын, жақын адамың боп, оны қызғыштай қорып, құрақ ұшу дегеннің бір керемет екенін білген де емес ем» (Ш.Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»).

Екі мәтін де бір ойды жеткізіп тұрғанымен екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Егер біз бірінші мәтіннен белгілі бір жағдай туралы ақпарат, мәлімет алсақ, екінші мәтіннен сөзбен салынған суретті көреміз.

Тілде адам эмоциясы түрлі тілдік құралдар, түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Шығармадан үзінді:

«– Ә-эй, асқар таулар! Ұлым бар менің, ұлым бар!. Тау сілкініп кеткендей боп көрінді. О да маған үн қосады, шатқалдарды шарлап көпке дейін басылмады жаңғырық» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»). «Ұлым бар менің, ұлым бар!» деген бірнеше сөз арқылы автор қуаныштың керемет бейнесін жасап тұр. Әке болу бақытына ие болған жас жігіттің алып ұшқан көңілін асқақ үн, тебіреніс арқылы көркем суреттеген.

Көркем шығармаларда адамның эмоциясын білдірудің негізгі тәсілі – эмоционалды-экспрессивті лексиканы қолдану. Алайда эмоцияны беру, суреттеу, кейіпкердің эмоциялық жағдайын оқырманға да сезіндіру, дәл сол сәтті, сол жағдайды суреттеген мәтіннің қуаттылығы жазушының ой зерделілігі мен тіл байлығына, шеберлігіне байланысты. Талғамсыз қолданылған сөздерден оқырман жанының терең тебіреніс алуы, лайықты әсер алуы мүмкін емес. Кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі толғанысын беруде, шебер салынған суреттегі бояулардың тілі мен әсері сияқты, көркем шығармадағы сөздер де қажетті мағыналық бояуды бере алатындай болуы тиіс. Ш. Айтматовтың эмоциялық суретті беруі:

«...Бірақ өмір өз дегенін істеді. Бұлай болар деп ойлаптын ба?.. Есік ашық, қаңырап тұр. Иесіз үй азынап, жағылмаған қара пештен бір ызғар келеді. Саматтың кереуетіне жетіп барсам, о да бос.

– Әсел! – деп үрейлене сыбырлаймын. Қаңырап тұрған үй де «Әсел» деп күбірлегендей болады. Жан ұшырып сыртқа шықтым. – Әсел! – деп, бүкіл ауланы басыма көтере айқайлаймын. Ешкім үн қатпады» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»).

Мәтінде эмоция көп – жан айқайы, өкініш, айрылу, қорқу. Осы эмоцияның бәрі мәтінде: **ашық есік, иесіз үй, жағылмаған қара пеш, Саматтың бос**

кереуеті, үнсіздік сияқты жекелеген детальдар арқылы беріліп тұр. Ш. Айтматов әр детальды көркем бейнелей отырып, нағыз шебер суретші ретінде бәрін біртұтас бірлікке айналдыра алған. Жігіттің жан айқайы, оның бүкіл эмоциясы мәтін соңындағы: *«Әсел! – деп айқайлауы арқылы сыртқа шығады, оқырманға жетеді. Тілдік құралдарды шебер ойната отырып, жазушы жігіттің орны толмас өкінішке ұрынғанын деп басып, анық көрсетеді.*

Баяндалуы мен эмоциялық бояуына, жігіт эмоциясының деңгейіне қарай мәтінді үшке бөліп қарастыруға болады: басы, орталық нүктесі, соңы.

Мәтіндегі эмоцияның алғашқы көрінісін жазушы оқырманға: *«Бұлай болар деп ойлаппын ба?..»* деген сұраулы сөйлем арқылы жеткізеді. Бұл – мәтінде берілген, суреттелген эмоциялық күйдің басы. Ары қарай суреттелетін эмоциялық күй мәтіндегі: *«ашық есік, иесіз үй, жағылмаған қара пеш»* детальдары арқылы беріліп, кейіпкердің ішкі жағдайымен үндесе түседі.

Мәтіндегі эмоцияның орталық нүктесі вербалды және бейвербалды құралдардың тоғысуы арқылы беріледі. Бұл бөлік мәтіндегі *«Саматтың кереуетіне жетіп барсам», «– Әсел! – деп үрейлене сыбыраймын»* тілдік бірліктері арқылы беріледі. Саматтың кереуетіне барғанша кейіпкердің кеудесінде болған үміт, бос кереуетті көрген кезде үзіледі. Эмоция шарықтау шегіне жетеді.

Мәтіннің соңғы бөлігі тағы да вербалды және бейвербалды құралдардың тоғысуы арқылы беріледі. Автор кейіпкердің қимыл-қозғалысын суреттей отырып, оның ішкі жан-дүниесіндегі шиыршық атқан эмоцияны білдіреді. Ол шығармада: *«Жан ұшырып сыртқа шықтым»* тілдік бірліктері арқылы көрініс табады. Мәтін соңы кейіпкер эмоциясының сыртқа шығуымен ерекшеленеді: *« – Әсел! – деп, бүкіл ауланы басыма көтере айқайлаймын. Ешкім үн қатпады».* Бұл – жігіттің «су түбіне кетіп бара жатқан адамдай» болған жан айқайы. Мәтінді үш бөлікке бөлу арқылы эмоцияның динамикасын, оның вербалды, бейвербалды құралдар арқылы берілуіне талдау жасауға болады.

Оқиға барысында оқырман өмірден түңілген жігітпен бірге азапқа түсе отырып, қатты қиналады, бірге езіледі, жан жарасын емдер күшті бірге іздейді. Шығармада: *«...Кейде түн баласына көз ілмей шығам. Саматтың нәзік аяқтары бұралып, жымылып тұрған кейпі көз алдымнан кетпей-ақ қойды. Оның жұп-жұмсақ, сәби иісін өмір бойы ұмытар емеспін»* (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»), – деп берілетін жігіт сөзі оқырман жанын қинай түседі.

Шығарманың көркемдік жүйесінің бөлінбес бір бөлшегі пейзаждық көріністер. Шығарманың басында суреттелген көл мен аққу екінші рет тағы да суреттеледі: *«Көлге қарай айқайлап шыға беріп, ойда-жоқта селк ете түстім – аққуларды қара!»*

Көктемгі Ыстықкөлдегі аққуларды өмірімде осымен екінші рет көріп тұрмын. Аппақ құстар, көп-көгілдір Ыстықкөлім, таусылмайтын жырым менің» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»). Махаббаттың символы аққуды жазушы екінші рет суреттегенде кейіпкердің өз

аққуын үркітіп алғанын, аққуының жанын жаралап алғанын жеткізеді. Кейіпкермен бірге оқырманның да жүрегін өкініш билейді.

Ш. Айтматовтың 1980 жылы жарыққа шыққан «Ғасырдан да ұзақ күн» романы өмір мен өлімді, қасиет пен қасиетсіздікті, жер-анаға адамдардың қарым-қатынасын, қазіргі әскери полигондағы Найман-Ана бейітінің тарихын айтатын – психологиялық роман. Ш. Айтматов шығармашылығының ерекшелігі кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, психологиялық күйін беруде стилистикалық құралдарды қолдану шеберлігі. Жазушы сөзінің күші оның өн бойындағы мән мен мағына реңкіне де байланысты. Ш. Айтматов шеберлігі сөзді құбылысты атаумен бірге ерекше бір әсер барын аңғарта, адамның көңіл-күйіне өзгеріс әкелетіндей етіп қолдана білуі. Шығармадан үзінді: *«...Іздегенім ақыры табылды-ау деп, Найман-Ана ә дегенде қуанғаннан Ақ інгенді сауырлап, өріске қарай салып ұрып келе жатты да, кенет қазір мәңгүрт ұлымен көрісетіні есіне түсіп, есі шығып, тұла бойы қалшылдап, үрей-үркек болды да қалды. Тағы бірде қуаныш бойын қайта билеп, не болғанын білмей, жүрегі түскір алып ұшты»* (Ш. Айтматов).

Көркем мәтінде кейіпкер сөзі жалаң түрде емес, қарым-қатынастың өту жағдайы, орны, кейіпкердің дене қалыптары мен қимыл-қозғалыстары т.б. да компоненттердің қоса суреттелуі арқылы беріледі. Кейіпкер эмоциясы берілген кезде көркем шығармада аталған элементтер де маңызды рөл ойнайды. Оларды бейнелеу, кейіпкер эмоциясымен үндестіру арқылы біртұтас сурет жасалады. Шығармадан үзінді: *«Таяп келіп, Найман-Ана өз ұлын танығанда, түйе үстінен қалай аунап түскенін өзі де білмей қалды. Ақ інгеннен құлап түскендей болып еді, оны елер шама жоқ!*

– О, ұлым, менің құлыным! Мен сені іздеп шарқ ұрдым! – Ол киіздей тұтасқан баялышты кеше-меше ұмтылды. – Мен сенің анаңмын!

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Аяғымен жер тепкілеп, аузы-басы кемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана. Буын-буыны дірілдеп, құлап түспеске, томардай қақайып, тебіренбей тұрған ұлының иығынан қос қолдап құшақтап алған. Төбесінен ұдайы төніп тұрған қара қайғы зілмәуір салмақпен енді келіп үстіне құлағанда, амалсыздан аңырап, азалы бір, үрейлі бір үнге басқан. Жылап тұрып, жас жуған ақ шашының арасынан, бетіндегі шаң-тозаңды көзден аққан жас лайланып, соны сұртпек болып, діріл қаққан саусақтарының арасынан әлі де үміткер көңіл өз ұлының таныс дидарына қадалды. Мені таныр ма екен деген ынтызар үмітпен ұлының жанарына жалбарына көз тігеді. Өз анасын тану деген сонша қиын емес қой, Құдай-ау!» (Ш. Айтматов).

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды – бұл эмоцияның тікелей адам ағзасына әсерін көрсетеді. Автор кейіпкердің ішкі жан-дүниесіндегі өзгерісін аталған фразеологизм арқылы ұтымды жеткізіп тұр. Бұл автордың кейіпкер эмоциясын жеткізуінің бір ғана тәсілі, бір ғана көрінісі. Найман-Ана эмоциясы ары қарай: *«Аяғымен жер тепкілеп, аузы-басы кемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана»,* – деп суреттеледі.

Қорыта айтқанда эмоцияны білдіру, бейнелеу, сипаттау мақсатында тілдік құралдарды ұтымды пайдаланып, кейіпкер бейнесін аша түсуде, оның ішкі

жан-дүниесін оқырманға сол күйінше жеткізуде эмоцияны сипаттайтын жекелеген тілдік бірліктерден бастап, мәтінге дейінгі аралықтың ерекше әсерлі болуы жазушы қолданған тілдік құралдарда қарқындылық, бағалауыштық, бейнелілік, экспрессивтілік сияқты қасиеттердің қатар жүруімен байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Функции языка // Русский язык. Энциклопедия. – М., 1997. – 609 с.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 2000. – 400 с.
3. Бальзак О. Шагреновая кожа, – М., 1958. – 439 с. – М., 1985. – 228 с.

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ МҰМКІНДІГІ

Қондыбай К.Ә.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы
kondybay@mail.ru**

Әңгімелесу – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Екі сабақты өткізу барысында студенттер өте ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Бір-біріне сұрақ қоя білді, сол сұрақтарға жауап беру барысында өз ойларымен бөлісе білді.

«Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәнінен «Қосымшалардың жіктелуі» тақырыбы сабағында мынадай нақты сұрақ түрлері берілді:

1. Қазақ тілінде қосымша мен қосымша морфема ұғымының мәні неде, сипаты қандай?
2. Қазақ тілінің ғылыми грамматикаларында қосымшалардың ерекшеліктері қалай айқындалады және олар қалай бөлінеді?
3. Қосымшалар морфеманың бір түрі ретінде қандай сипаттары арқылы ерекшеленеді және түбір морфемадан қандай қасиеттері мен белгілері арқылы ажыратылады?
4. Сөз тудырушы қосымшалар сөзге жалғанғанда, грамматикалық мағына үстей ме?

Берілген сұрақтар төңірегінде студенттер осы сұрақтарға жауап беру барысында бір –бірімен диалогке түсті. Алдын ала дәріс мәтіні берілген болатын. Сол мәтін негізінде және өз білетіндерін келтіре отырып, студенттер өз пікірлерін білдірді, ойларымен бөлісті. Өз ойларын постерлерге түсірді. Алған теориялық білімдерін бір-біріне түсіндіріп, кейбір авторлардың пікірлерін талқылады. Студенттер бір-біріне түрткі сұрақтарда қоя білді. Мысалы, түркологияды қосымшаларды қандай терминдермен беріледі?

Бірінші сабағымда сұрақтарға жауап беруде студенттер өте белсенділік танытқаны мен үшін өте маңызды болды деп санаймын.

«Когнитивті лингвистика» пәнінде «Тіл мен таным» атты тақырыбындағы дәрістер барысында студенттерге алдын ала мәтін берілді. Диалогты оқытуда шеңбер тәсілі арқылы бір-бірімен диалогтік тәсіл арқылы жұмыс барысында бір-біріне сұрақтар беріп, оған жауап беру кезінде студенттер бір –бірін тыңдады, өз пікірлерін айта білуді, сұрақ қоюды үйренді. Мен үшін бұл өте табысты болды. Табыс критерийін өздерін қатыстыра отырып жасаттырдым. Сол бойынша студенттер стикерлерге өз пікірлерін жазды, жалпы нені алғандарын, нені түсінгендерін де пысықтай білді. Жұптасып жұмыс істеу екі студенттің бір-бірін тыңдауға, бір-бірінің пікірлерін талқылауға, білмеген тұстарын басқаның айтуынан үйренуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар постерге өздерінің алған білімдерін тірек сызбаға түсіруге тапсырма берілді. Студенттер өздері оқып алған және достарының түсіндіргендерінің негізінде тірек сызбалар жасады. Бірін –бірі бағалады. Өзім де жұмысқа жалпы баға бердім. Кері байланыс орнады.

Демек, диалогтік оқыту арқылы, соның ішінде сұрақ қою арқылы оқытушы:

- студенттерді тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- студенттердің шынайы қызығушылықтары мен сезімдері көздерінен, іс-әрекеттерінен айқын байқалып тұрды;
- білімге деген құштарлықтарын дамытты, зерттеуге ынталандырады;
- студенттердің сын тұрғысынан ойлауына көмектеседі деп ойлауға болады;
- ойларын жинақтауға көмектесті.

Диалогтік оқытудағы кездескен кемшіліктер:

1. Кейбір студенттер өзара бағалауда артық сын айтты.
2. Кейбір студенттердің сұрақтары дұрыс қойылмады.

Менің осы тәжірибеден үйренген құнды дүнием студенттердің бір-бірімен ынтымақтаса жұптасып жұмыс істей алуына мүмкіндік алуы. Бұл маған студенттерге басқаша қарауға, олармен дос, әріптес ретінде жұмыс жасауға көмектесті.

Александр (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екі жақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды(1.36). Ғалым пікірімен толықтай келісуге болады.

Қорыта айтарымыз, студенттердің білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдылар мен түсіністікпен қарау талап етіледі. Қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу оқытушы үшін де, студент үшін де қомақты білім алуға үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәнінде тиімді түрі болып табылады.

Диалогтік оқытуды сабақ үдерісінде пайдалана отырып, «Қос жазба күнделігі» әдісі. Мен дәрістен кейін студенттерге қағазды екіге бөліп кесте жасап, сол жағына «Үзінділер» деп атап, оған дәрісте өзінің назарын аударған,

қызықтырған, ерекше толғандырған үзінділерді жазуды тапсырдым. Ал қағаздың оң жағына «Түсіндірме» деп атап, оған сол жақта жазған үзінділердің түсіндірмесін жазу керек. Осы арқылы студент дәріс жайлы жалпы түсінігі мен өз ойларын, пайымдауларын жазып оны басқа студенттермен жұптасып, топтасып талқылап бүкіл топ алдында жария етеді. Диалогтік оқытуда жоғарыда келтірілген әдісті қолдандым. Себебі бұл стратегияны пайдалану студенттердің дәрістен алған мәліметтерін бір-бірімен бөлісуіне, басқа біреуге айта білу дағдысын қалыптастырады. Жұп болып та, топ болып та жұмыс істеуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Жоғарыда атап кеткен «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Когнитивті лингвистика» пәндерінде студенттерді алдымен топқа бөліп, дәріс мәтінімен таныстырғандығымды айтқан болатынмын. Содан соң, студенттер жұптасып, бір-біріне сұрақтар қойып, сол сұрақтарға жауап беріп, бір-біріне түсінгендерін айтып, ғалымдар пікірлерін келтіріп, талдау жасай білді.



1-суретте студенттер топпен жұмысты талқылау үстінде.

Алдымен студенттер өздері дәріс мәтінін толықтай өздеріне берілген мәтін бөліктерін оқыды, содан соң ғана жұптасып, диалогке түсті. Диалог барысында әр студент өздерінің сұрақтарын дайындады. Сонымен қатар осы сұрақтардың жауаптарын да дайындады. Бұл жерде мен өзім диалогтік оқытудың тиімділігіне көз жеткіздім. Оны кері байланыс кезіндегі студенттің жазбасымен нақты дәлелдей аламын. Бұл жұмыс кезінде студенттер өте белсенділік танытты және өздеріне ерекше сенімді болды, оны іс-әрекеттерімен және сабақты бір-біріне түсіндіруімен дәлелдеді. Мысалы, 4 курс студентінің сабақ туралы пікірі: *«Бүгінгі «Когнитивті лингвистика» сабағының лекциясы жоспар бойынша ойдағыдай өтті. Оқытушы өзінің оқып келген әдістерінен бізге көп нәрсені үйретті. Сабақ маған ұнады»,* - десе, екіншісі: *«...Бұл пән маған ұнайды. Себебі, барлығы еркін отырып, ойларын еркін жеткізе алатын сияқты».* Сонымен қатар студенттер кері байланыс кезінде өз пікірлерін ашық білдіре алды.



2- сурет. Сергіту сәтінен көрініс.

Бұдан шығатын қорытынды: диалогтік оқыту заман талабынан туып отырған оқыту тәсілдерінің бірі деп санаймын, оқу үдерісінде пайдалану өте тиімді. Келешекте де осы диалогтік оқытуды одан ары қарай жетілдіргім келеді. Және әріптестерімнен көптеген стратегия түрлерін үйрендім. Себебі олардың әрқайсысы бір-бір зерттеуші. Солардың ішінен тиімділерін сабақта пайдаланамын деп ойлаймын. Стратегияны жаңартып отыру – бұл сабақты түрлендіру, сабақтың тиімділігін артыру. Сондықтан сабақтың тиімділігін арттыру үшін, оқытушы шығармашылықпен жұмыс істеп, көп іздену керек.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында студенттердің сұрақ қоюына көбірек көңіл бөлгенді өз басым дұрыс деп есептеймін. Себебі мәтінді оқып, тақырып туралы мағлұматы бар студент қана сұрақ қоя біледі. Сұрақ қоя білуге үйрету арқылы да студенттердің ой –өрісін, ойлану дағдысын арттыруға болады деп санаймын.

Стратегияны жаңаша түсіну дегеніміз- оқу үдерісін оңтайландыру, жандандыру. Сондықтан стратегияларды орнымен пайдалану –ізденістің көрінісі. Александер (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бірлесіп ойлау оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгіменің үш түрі бар (2,35). Диалогтік оқыту барысында стратегияны, яғни, әдіс-тәсілдерді жаңартып отыру заман талабы деп білемін. Демек, диалог – адам өмірінің мәні мен мақсты деген пікірмен толықтай келісуге болады.

Тірек сөздер: әңгімелесу, диалогтік оқыту, мәтінмен жұмыс, бірлескен әрекет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған – нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. www.cp.kz
2. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. www.cp.kz

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮШЕЙТПЕЛІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ФУНКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОДАН ТУЫНДАЙТЫН ПРОБЛЕМАЛАР

М.Мамаева
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің доценті

Тірек сөздер: үстеу, күшейтпелі үстеу, пысықтауыштық қатынастағы үстеу, анықтауыштық қатынастағы үстеу.

“Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал тәсілін, мекенін, себебін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер”[1,545] деп анықтама берілген Қазақ грамматикасында қазақ тіліндегі үстеулердің етістікпен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалатынын, үстеудің құрамдық түрлерін, семантикалық топтарын саралап, талдап көрсетеді.

Біздің айтпағымыз үстеудің семантикалық сипаты, соған сәйкес сөйлемдегі қызметі жайында, дәлірек айтсақ, үстеудің семантикалық топтарына жататын күшейтпелі үстеулердің функциясы және одан туындайтын мәселелер.

Осы академиялық грамматикада үстеуді семантикалық жағынан 8 топқа бөледі: мезгіл, мекен, мөлшер, сын-қимыл, күшейтпелі, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері.

Күшейтпелі үстеуден басқа үстеудің түрлері қимылды сипаттайды, өйткені олар етістікпен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, негізінен пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Ал күшейтпелі үстеулер жайлы сол грамматикада былай дейді. “Қазіргі қазақ тіліндегі күшейткіш үстеулер заттың сындық қасиетін және қимыл іс-әрекеттің белгі, сапасын, мөлшер, көлемін күшейтіп не солғындатып көрсету үшін қолданылады”[1,548]. Одан әрі қарай күшейткіш үстеулерге жататын сөздерді көрсетеді: *ең, тым, өте, аса, нағыз, әбден, мүлде, кілең, өңкей, дәл, керемет, орасан, ерен т.б.*

“Күшейткіш үстеулер негізінен сапалақ сын есіммен тіркесіп қолданылып, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасайды”[1,549] десе де, “күшейткіш үстеулердің көбі етістік алдында келіп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп, қимылдың сапасын күшейтеді не солғындатып көрсетеді”[1,549] деп, мұндай қызметтегі бір ғана үстеуге мысал береді: *Шешесі әбден таниды екен..(м.ә)*

Жоғарыда күшейтпелі аталған 13 үстеудің екеуі ғана (*әбден, мүлде*) етістікпен тіркеседі, тағы екеуі (*дәл, керемет*) есім сөзбен де етістікпен де тіркесіп, тіркескен сөзін сипаттап жеке сұраққа жауап береді, сөйлемнің мүшесі қызметін жеке тұрып атқара алады. Мысалы: *әбден шаршады, мүлде естімеді, дәл тапты, керемет сөйледі* тіркестерінде күшейтпелі үстеулер қимыл-әрекеттің мөлшерін білдіріп, *қаншалықты?* деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. *Дәл осы ақпарат, керемет жаңалық*

деген есімді тіркесте “дәл” сөзі: жеке мүшелік қызмет атқармайды. *Нағыз, кілең, өңкей, ерен* сөздері зат есіммен тіркес құрайды: *нағыз жігіт, кілең жастар, өңкей бала, ерен ерлік*. Бұл тіркестегі күшейтпелі үстеу саналатын сөздер өз бойында сапалық мәні бар зат есімнің сол сапалық мәнін күшейтіп тұр, сөйлемде жеке сұраққа жауап бере алмайды, жеке бір қызметте жұмсалмайды. Ал *ең, өте, тым, аса, орасан* сөздері сын есімдермен тіркесіп, күшейтпелі шырай жасайды.

Бұдан күшейтпелі үстеу сналып жүрген сөздердің қандай функция атқаратынын байқаймыз. Мұндай сөздердің 3-4-і ғана етістікпен тіркесіп, сөйлем мүшесі қызметін атқарса, басқалары өзі тіркескен сөзге грамматикалық мағына үстейді екен. Етістікпен тіркесіп, мөлшерді білдіретін (*әбден, мүлде, дәл, керемет*) үстеуді неге мөлшер үстеудің қатрына жатқызбаймыз? Қалған грамматикалық мағына үстейтіндерін көмекші сөздер қатарында қарастырсақ болмай ма? Әлде күшейтпелі үстеулер қатарында тағы не қарастырылады? Осындай сұрақтар күшейтпелі үстеу саналып жүрген сөздерге қатысты шешілмеген мәселе бар екендігінің дәлелі.

“Үстеуді жеке сөз табы деп танытатын оның басты белгісі - семантикалық сипаты болып табылады. Ол қимылдың, іс-әрекеттің (яғни етістіктің) әр алуан мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, сындық-амалдық белгілерін, болу себебі мен мақсатын, т.б. білдіреді”[2,318] деп көрсеткен С. Исаев үстеудің 8 мағыналық тобының әрқайсысының қай сөз табымен тіркесетініне, сөйлемдегі қызметіне тоқталады.

Мезгіл үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді де, *қашан? қашаннан?* деген сұрақтарға жауап береді.

Мекен үстеуі іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіріп, *қайда? қайдан?* деген сұрақтарға жауап береді.

Мөлшер үстеуі қимылдың мөлшерін, көлемдік дәрежесін, шама-шарқын білдіреді де, *қанша? қаншама? қаншалық?* деген сұрақтарға жауап береді.

Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді де, *не себепті? неге? қалай?* деген сұрақтарға жауап береді.

Сын-қимыл (бейне) үстеуі қимылдың, әс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, *қалай? қайтіп? қалайша?* деген сұрақтарға жауап береді.

Күшейткіш үстеу сынның немесе қимылдың белгісін, сапасын күшейтіп, я солғындатып көрсетеді. [2,320] деп түсіндіреді, бірақ күшейткіш үстеулердің етістікпен тіркескенде ғана *қалай?* деген сұраққа жауап беретінін мына мысалдармен көрсетеді: *мүлдем білмейді, әбден шаршаған, сәл жүріңкіре, керемет сөйледі*.

Автор етістік пен тіркесетін үстеу қатарына “сәл” сөзін ғана қосқан. Негізінен, мұндай үстеулер сапалық сын есімдермен тіркесіп, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасайтындығын айтады. Осы еңбекте мөлшер үстеулері етістікпен тіркесумен қатар, енді бірде сын есімдермен тіркесіп, сынның да мөлшерін білдіреді дей келе төмендегі мысалдарды салыстырып көрсетеді: *онша жараспайды, онша биік емес; анағұрлым көбейді, анағұрлым үлкен; едәуір өсіпті, едәуір ұзын*. Бұл үстеулер етістікпен тіркесіп те, сын

есіммен тіркесіп те *қалай? қанша?* деген сұрақтарға жауап береді [1,320] дейді. Сонда кейбір мөлшер үстеулері мен күшейткіш үстеулер ғана есіммен тіркеседі, ал басқа үстеулер етістіктен болған сөздерді сипаттайды екен.

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың “Тіл құралында” үстеуді тек етістікпен тіркесетін сөз табы деп емес, кеңірек түсіндіреді: “Үстеу дейміз - сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді. Мәселен, “тым жақсы”, “он есе”, “тап өзі”, “әрең келдім”.

“Қалай?” - “тым жақсы”, “қанша?” - “он есе”, “қайсысы?” - “тап өзі”, “қайттің?” - “әрең келдім”. [1,144] үстеуді осылай түсіндіре келе, бес түрін көрсетеді:

1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік.

Нықтаулық үстеу дейміз – басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздерді. Мәселен, *ең жақсы, бек нашар, әбден қанды, тым шабан, өте тығыз, тіпті қысқа, тап өзі, нақ сол, нағыз арзан, дәл тиді, дәл келді, дәлме-дәл он кісі, қас жаман, жүдә шаршады, қасақана айтты, әдейі келмеді, тікелей қоя берді, әсіресе мақтағаны, көбінесе қарап отырғаны*. Осындағы үстеулер нықтаулық үстеу болады. [3,144-145]

Ал үстеудің басқа түрлерін (сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік) үстеу мағынасындағы басқа сөз таптарынан (есімдерден, есімдіктен, етістіктен) шыққан сөздерден жасалады деп, оларды сұрау қою арқылы айырамыз дейді.

А.Байтұрсынов заманынан бүгінге дейін қазақ тілінің грамматикасы жан-жақты зерттеліп, сөз таптарын тану принциптері нақтыланды, атауыш сөз бен көмекші сөздің ара жігі ажыратылды. Қимылдың әр түрлі сипатын білдіретін есім сөздер мен етістіктің көсемше тұлғалары үстеу орнына қолданылғанымен үстеу емес екендігі дәлелденді.

“Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер етістікпен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады” [1,545] деп нақтыланды десек те, *күшейтпелі үстеу* аталып жүргендер үстеудің бұл ерекшелігіне сай емес. Себебі олар біріншіден, сын есіммен тіркеседі; екіншіден жеке сұраққа жауап бере алмайды, тіркескен сөзімен бірге анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Демек, мұндай сөздер көмекшілік функция атқарады.

Үстеу- атауыш сөз, яғни лексикалық мағынасы бар сөз. Ал, күшейткіш үстеу саналып жүргендер өзі тіркескен сөздерге қосымша грамматикалық мән үстейтін тұлғалар.

А.Байтұрсынов көрсеткен нықтаулық үстеу мен қазіргі күшейтпелі үстеу саналатын сөздердің дені сын есіммен тіркесіп, оның мағынасын нақтылайды, яғни сол сын есімге грамматикалық мағына үстейді. Онда үстеу саналып жүрген бұл тұлғаларды сын есімге көмекші сөздер деген орынды болады. Ал осы қатардағы етістікпен тіркесіп, қимылды сипаттайтын сөздер негізінен іс-әрекеттің мөлшерін, шамасын көрсететін болғандықтан мөлшер үстеу қатарында қарастырылғаны дұрыс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
2. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2013

КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХОВ КОЧЕВОГО ПЕРИОДА

З.Х. Муханжанова

Мақалада көшпелі кезеңдегі қазақтардың дәстүрлі құндылықтарының қалыптастыру үрдістері қарастырылады. Автор қазақ көшпенділердің дәстүрлі құндылықтары қалай қалыптасқанын және жаһандану үдерістерінің контексінде, сақталуында қандай проблемалар бар екенін талдайды.

В статье рассматриваются процессы формирования традиционных ценностей казахов кочевого периода. Автор анализирует, как происходило формирование традиционных ценностей кочевого народа Казахстана и какие проблемы существуют в их сохранении в условиях процессов глобализации.

The article deals with the formation of traditional Kazakh values of nomadic period. The author analyzes the process of traditional values establishment among peoples of Kazakhstan and underlines what problems we see in value preservations in globalization conditions.

Ключевые слова

Казахстан / традиционные ценности / ценности / культура / кочевник / традиции / обычаи

Kazakhstan / traditional values / values / culture / nomad / traditions / customs

Қазақстан / дәстүрлі құндылықтар / құндылықтар / мәдениет / көшпенділер / салт-дәстүрлер

Образ жизни казахов кочевого периода сформировал богатое духовное наследие и развитие казахской культуры, который отразился на мировоззрении, обычаи, традиции и духовного мира казахов. Казахи кочевого периода передавали информацию через мифы, легенды, эпосы, сказания, шежиры, оберегали свои культурные традиции, и практически не допустили влияние культур других этносов, тем самым сохранили духовную основу, которой можем наблюдать и в настоящее время.

Целостность традиционной культуры определяется прежде всего особым типом хозяйствования. Казах кочевого периода относился к природе как активный субъект деятельности, но в то же время не считал себя ее хозяином. Из-за сурового, резко континентального климата Великой Степи Центральной Азии, кочевники создали продуманную и эффективную систему, искусные способы кочевого скотоводства, определив, когда, где и как пасти скот, чтобы не истощилась почва. Зимой скот пасли в низовьях рек, где под снегом сохранялась сочная зеленая трава, летом – в горах и предгорьях, заливаемых солнцем и обдуваемых ветром. Кочевник словно разговаривал с природой,

прислушиваясь к ней в своей деятельности. Она была для него одушевленной. И земля, и вода, и лес, и горы имели своих духов. Человеку было позволено хозяйствовать, и за это он благодарил небо и землю, воспринимая их как великое чудо, неразгаданную тайну. **«Природа и человек, жизнь и смерть были предметами высочайшего удивления и были всегда преисполнены неиссякаемой тайны».** Своеобразие восточной философии заключается и в том, что она выражается», главным образом, не в строгих философских системах, а в поэтическом творчестве, фольклоре, народных сказаниях [1, 679].

Скот у казахов является ценностью, что подтверждают такие народные пословицы как «Мал ашуы — жан ашуы» — «Боль за скот — боль души» или «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, үшінші байлық — бес саулық» — «Первое богатство — здоровье, второе богатство — семья, третье богатство — наличие скота». Казахская семья имела многоуровневую структуру, где совместно проживали люди нескольких поколений — дедушки и бабушки, отцы и матери, незамужние дяди и тети, дети. Влияние стариков на воспитание подрастающего поколения в казахском обществе велико. Традиции, выработанные столетиями, передавались из поколения к поколению. Запрет на брак по седьмое колено, остается священным, несмотря на распространение шариата, который позволяет близкородственные связи. Казахи с детства знали хорошо свою родословную до 7 колена, за этим следили старшие родственники — аксакалы.

Родительская юрта считалась для детей священным местом: огонь из родительского очага передавался сыну, когда он обзаводился семьей. **Традиционным мировоззрением кочевых казахов является понятие «күт», которое означает как «жизненная сила», «оплодотворяющее начало», «потенция жизни», а также «счастье, связанное с богатством», «изобилие», «благодать», «доля», «участь», «судьба».** Ключевым местом в юрте был очаг в центре. Погибель семьи отождествлялась с угасанием очага. Поэтому запрещалось мешать золу, проливать в очаг воду, зажигать от него и выносить огонь, иначе семье грозили несчастья. **Место хозяина в юрте именовалось «тигр», олицетворение власти, место хозяйки — «заяц», выражение покорности. Молодежь располагалась в месте, называемом «птица».**

Отношение к ребенку в казахской семье весьма трепетное, а первенцу доставалось особенное положение. Множество обрядов, основанных на многовековом опыте и древних верованиях, связано с рождением и воспитанием детей. Известный историк Ж. Артыкбаев в своем труде «Казахское общество: традиции и инновации» отмечает, что событие, связанное с рождением сына, носило торжественный характер, и часто выходило за рамки чисто семейной радости. В день рождения ребенка аульная молодежь собиралась и веселилась до утра, считалось, что шумное веселье отпугивает злые силы. Дочь, выйдя замуж и родив первенца, обязана была приехать в отчий дом с первенцем. Снохи и невестки заходя в юрту родителей мужа, обязательно делали поклон, в знак уважения к предкам. Дети

кочевников становились взрослыми очень рано. В 13–15 лет дети считались совершеннолетними, допускались к общественным собраниям, активно участвовали в хозяйственной и производственной деятельности. В исследовании «Труд как фактор народного воспитания» авторы К. К. Шалгынбаева и Б. Ж. Жиентаева о воспитании мальчиков в кочевом обществе пишут: «... мальчикам отводилась особая роль, как к наследникам рода. Ведь кочевой образ жизни требовал от мужчин быть, прежде всего, добытчиком, воином, защитником племени. Им прививались такие качества как смелость, выносливость, трудолюбие. С 5–6 летнего возраста казахских мальчиков обучали присматривать за ягнятами, готовить дрова, делать орудия труда из продукции скота (плетение узды, плети, шидер, выделывание кожи, изготовление оружия и т. д.), строить кошару, а также мастерству верховой езды».

Социальная связь в традиционном обществе была, прежде всего, кровнородственной, природной, жизненной. Род выступал многоплановой организацией, имеющей богатое вещное и знаковое оформление. Сложная система реальных и символических родственных связей определяла механизм адаптации человека к социальной среде, где традиции воспринимались как непосредственная коммуникация, присутствие предков среди живых. Род, являясь целостностью в сочинениях и единством в частях, образует некое сообщество, обладающее особой и мифоритуальной биографией». **Самосознание рода формируется такими понятиями, как «аруах», «ырым». Аруахи — это духи предков.** По представлениям кочевников, каждый человек оставляет в наследство своим детям не только свою юрту, связи, высокое имя, но и своего аруаха, через которого он продолжает пребывать среди живых, оказывая влияние на их судьбу. Если это был достойный человек, его дух будет благоприятно воздействовать на судьбу детей и внуков, поддерживать их и помогать им в трудные минуты. Если человек, напротив, вел недостойную жизнь, его аруах не способен на такую помощь и, более того, может принести новые беды и страдания. Как указывает в статье «Культурно-ценностные трансформации в современной казахстанской семье» З. Арыстанкулов, «веками патриархальная казахская семья формировала общественные устои и традиционные ценности, которые заключались в нравственном отношении к природе, к окружающему миру, в уважении к женщине-матери, как хранительницы домашнего очага, и в культе почитания отца, как главы семейства и продолжателя рода, в почитании духа предков — Аруах и в почтительном отношении к памяти предыдущих поколений».

Ч. Валиханов в своем труде «Следы шаманства у киргизов» обсуждает еще одно понятие традиционного мировоззрения: **ырым, выполнение определенных действий в целях предотвращения несчастья. Так, «отдавая кому-нибудь платье, оставляют у себя одну пуговицу или завязку... никогда не продают главное в стаде животное — «күт», чтобы добро, в данном случае скот, не убывало в этой семье» [2, 50-51].**

Основоположением для душевно-духовного равновесия человека является в казахской традиционной культуре мироотношение — глубоко проникновенное и благоговейное приятие мира во всей полноте его и совершенстве, выраженное в тайной и явной формах взаимосвязи.

Жизнь казахов кочевого периода была такова, что человек подолгу находился наедине с самим собой и с природой. Уход за многочисленными табунами лошадей, отарами овец был сколь труден, столь и уединен. Все жизненное самочувствие кочевников глубоко связано с осознанием гармонической взаимосвязи мира человека и природы. И самое главное — это осознание не эпизодического, вдруг или одномоментно, но особенно остро ощущаемое (что само по себе не мало), но оно, это ощущение целостной взаимосвязи, охватывало всю жизнь человека, начиная с момента его рождения, пронизывало все уровни обыденного и духовно-практической жизни. Драгоценность этого опыта общения заключается в том, что в течение всей своей жизни человек, опираясь на всю полноту этого душевно-духовного опыта «практического» общения со Вселенной, а именно на жизненно-практический, духовно-интеллектуальный, эмоционально-ценностный смысл его.

Невозможно переоценить одухотворенно-проникновенное душевное состояние человека, вызванное его отношением — общением с Дүние-Вселенной. Оно задает главный, глубинно-потенциальный тонус душе человека, внутренне освещает — одухотворяет жизнь человека и жизнь человеку, воспринимается в свете этого душевного света — мира.

Отсюда и великая терпимость народа, ставшая одной из его главных характеристик и вылившаяся в художественно-образную оформленность: «казак, қой аузынан шөп алмайды» — «казак не вынет и травинки изо рта овцы» (подстрочный перевод).

Огромное общественное значение в жизни казахов имели праздники и игры, которые выполняли воспитательные, военно-спортивные, ритуальные, эстетические и коммуникативные функции. Конные состязания и игры развивали в молодых людях силу, ловкость мужество. Большой популярностью в кочевом народе пользовалась борьба (қазақ күресі), молодежные игры қыз қуу, алтыбақан, ақсүйек, а также бәйге были очень интересными и проходили обычно во время крупных праздников, торжеств. **Казахский кюй—это огромная ценность духовной жизни казахского народа.** Кюй приподнимает завесу над самым заветным и сокровенным в человеческом сердце. В нем раскрываются неизмеримые глубины и высоты человеческого духа. Духовная среда, породившая и взрастившая кюй, уходит своими корнями в древнюю мифопоэтическую эпоху. Она связана нитями преемственности с архаическим сознанием. От него и были унаследованы важнейшие константы, определившие традиционную пространственно-ориентированную картину мира: всеобъемлющая целостность макро- и микрокосмоса, представления о становящемся и незавершенном бытии, бесконечность которого определялась всепроникающим значением сакрального начала. Когда казахи слушают свои кюи, они в бесконечном

пространстве кюя воспринимают, чувствуют, видят духовным взором свою землю, где бы сами, в каком краю своей земли ни находились. Эта способность чувствовать, воспринимать все пространство земли как целое была выработана духовно практическим опытом кочевой жизни, способом общинного землепользования, где каждую пядь земли приходилось привечать — обходить не один раз. Главным в кюях было то, что неизменным оставалось начало: обращение к земле — благовение перед ней — благодарение земле. Именно это начало кюя сразу связывало всех воедино, в одно целое с ней. По этой причине происходит событие, в связи с которым звучит кюй, обретает особую глубинность и смысл жизни. Эта качественная содержательность кюя создавала возможность выходить за пределы обыденной жизни, «бывание на этой душевно-духовной высоте раздвигало горизонты обыденной действительности, глубинный смысл этого «соединения-слияния» с родной землей в том, что человек творит себя, поднимаясь над ситуацией, за ее пределы, в безграничные масштабы, охватывая себя, пространство земли и «жарық дүние» (Вселенную) как целое. **Близость с землей сформировала особенное чувство, особое мироощущение, особенные черты характера. Это глубинное постижение взаиморасположенности в такие качества характера народа, как «көңтерілілік» (терпимость), «төзімділік» (выносливость), «мейрімділік» (благорасположенность).**

Не зная прошлого своего народа, невозможно глубоко понять настоящее, а тем более будущее, стать духовно богатой личностью. «Какими бы ни были экономические и технологические достижения, они не мешают сохранять традиции, как мобильный телефон не запрещает говорить на родном языке. В Казахстане приверженность традиционализму понимается как отказ от международного опыта, считается, что если мы присоединимся к процессу глобализации, мы потеряем коренные традиции. На самом же деле уже давно в мировой истории в этом процессе гармонично сочетаются старые и новые ценности. Перенимается лучшее, что придумано в других культурах, но при этом сохраняется собственный позитивный опыт, национальные особенности, без которых мы превратились бы в безликое целое», -говорит в интервью Мухтар Тайжан [3].

Сегодня казахи - это уже не кочевники-скотоводы, а активно развивающаяся нация, которая сохраняет свои традиционные ценности. В этом ключе можно привести в пример такие страны, как Япония, Южная Корея, которые вобрали в себя все лучшие экономические и технологические достижения Запада, не потеряв при этом своих традиционных ценностей. Это яркий пример того, как народы с сильным традиционным компонентом вполне готовы и способны к взаимопроникновению.

Список литературы

1. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая Степь. — М.: Мысль, 1989. — С. 679.

2. Валиханов Ч. Этнографическое наследие казахов / Ч.Валиханов. — Павлодар: ЭКО, 2005 — 290с.
3. Традиции и ритуалы : интервью Мухтара Тайжана // Эксперт Казахстан. - 2010. - № 44 (275) [Электронный ресурс]. - Режим доступа : expertonline.kz/mag/2010/44
4. Есенулы А. Кюй — послание Всевышнего. — Алматы: Кокіл, 1997. — 15-21 с.
5. Акатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. — Алматы: КазНИИКИ, 2001. — 300 с.

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

А.С.Нұржанова
С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті, ф.ғ.к., доцент

Қазақстанда үштілділік жайлы алғашқы рет Н.Назарбаев 2004 жылы сөз еткен болатын. 2006 жылы қазан айында өткен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының XII сессиясында да Елбасы Н. Назарбаев: кемінде, үш тіл білу - біздің балаларымыздың болашағы үшін маңызды – деп атап көрсетті. Ал 2007 жылы Елбасы Қазақстан халықтарына кезекті «Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Үштұғырлы тіл» жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынды. Мұнда «Үштұғырлы тіл» жобасы бойынша үш тілді: қазақ тілін- мемлекеттік тіл, орыс тілін- ұлтаралық қарым –қатынас тілі және ағылшын тілін- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде дамыту қажет [1] екендігін айтады. Демек, дәл осы уақыттан бастап Қазақстанның тіл саясатының жаңа кезеңі басталды деуге болады. Көптілді білім беру төмендегідей заңнамалық актілерде көрініс тапты. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім туралы» Заңдары мен ҚР шет тілдерді оқытуды дамыту Тұжырымдамасында көптілді білім берудің орны мен рөлі айқындалып, аталмыш жүйенің тиімділігінің қағидаларын қалыптастыру қарастырылды. [2-12] Бұл Тұжырымдама өзара байланысқа құрылған заманауи әлемде өмір сүріп жатқан жас ұрпаққа қазақ тілін терең меңгертуге, сонымен қатар орыс және ағылшын тілін өзара үйлесімді сабақтастықта оқытуға бағдарланды. Әсіресе, кәсіби бағдарлы білім беруде үш тілді еркін меңгерген мамандар даярлауға аса көңіл бөлінді. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына[3] сәйкес келеді, әрі болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді. Демек, қазіргі жаһандану талабына сай келу мәселесін шешудің жолдары жүзеге асырылуда деуге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Тіл туралы» Заңының қабылданғанына біраз уақыт өткенмен, тіл мәселесі біздің мемлекетіміздің күн тәртібінде тұрған өзектілігінен әлі түскен жоқ. Ағымдық жағдайлар елімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі, орыс тілінің ұлтаралық тіл және

ағылшын тілінің халықаралық тіл ретінде заманауи қоғам дамуындағы орнын айқындап беруде. Расында, тілдер қоғамның белгілі бір кезеңіндегі ерекшелігін көрсететін үнемі өзгеріс үстіндегі категория болып табылады. Үш тілдің осындай қоғамдық орнын сөз еткенде, біз қазақ тілінің рөліне айрықша мән бергеніміз жөн.

Қазақ тілі- біздің бабаларымыздың тілі, қазақ тілі- сан ғасырлық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тілі, тарихымыздың тілі, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен тәлім –тәрбиеміздің тілі. Қысқасы, «Қазақ» деп аталатын халықтың қалыптасу тілі. Қазақ халқының бүтін болмысын, рухани жандүниесін, психологиясы мен өмірлік философиясын дәл осы күнге жеткізіп отырған оның бай әрі көркем тілі десек қателеспейміз. Сондықтан үш тілді жүйені жүзеге асыру барысында қазақ тілінің өзге тілдің көлеңкесінде қалдырмау үшін барынша ат салысуымыз қажет. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің мемлекеттік мінберлерде қолданылатын басқару тілі, күнделікті толассыз ағылып жатқан ақпараттар тілі, білім беру саласында кәсіби біліктілік тілі, жаһандану үдерісінде ғылым мен техниканың тілі, ұлттық тағлымға негізделген тәрбиенің тілі ретіндегі қолданыс шеңберінің шегеленуін қамтамасыз ететін кез келді. Бүгінгі қазақ тілі- ауызша және жазбаша қарым -қатынас тілі, жеке тұлғаны рухани қалыптастырудың қайнар көзі болуымен маңызды. Қазіргі ұрпақтың қазақ тілін білуі- еліміздің ертеңгі өсіп-өркендеуінің кепілі. Осы орайда айта кетер болсақ, 2011 жылдың 29 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің №110 Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасының тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатты индекаторына сәйкес мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан азаматтарының үлесін 2017 жылы- 80%, 2020 жылы - 95% жеткізу[4] көзделген. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қазақ тілді білім мекемелерімен қоса, орыс тілді және көптілді дәрісханаларда қазақ тілінде жүргізілетін пәндердің сапалы, нәтижелі болуы шарт. Сондықтан да жоғарыда аталған индекатор мақсатының орындалу барысында көптілді білім беру жүйесінде төмендегідей шараларды іске асыру қазақ тілін табысты игертуге оң ықпал етеді:

- Көптілді топтарда қазақ тілінде жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларында сағат саны орыс, ағылшын тілінде өтетін пән сағаттарынан кем болмауы;

- Көптілді топтарда қазақ тілінде жүргізілетін пәндердің әдістемелік базасын жетілдіру;

- Электронды оқулықтар мен оқу құралдарын оқу үдерісіне көбірек енгізу;

- Оқу үдерісінде заманауи инновациялық әдістерді кеңінен қолдану;

- Студенттердің қазақша өтетін пән бойынша үлгерімдерінің төмен болу себебін анықтау мақсатында мониторинг жасау.

Сонымен қатар, мақсатқа түбегейлі жету үшін көптілді оқу топтарының оқу үдерісінде қазақша оқылатын, мәселен, Қазақ тілі және Қазақстан тарихы пәндерінің оқу материалдарын мемлекеттік тілде жеткізумен шектеліп қоймау

керек. Үш тілде еркін сөйлей алатын жеке тұлғаның рухани дүниесі қазақ тіліне негізделуі тиіс. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай қазақ тілі - үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы болуы үшін тәрбиелік бағыттағы іс шаралар қазақ тілінде жүйелі өткізіліп тұру қажет.

Осы бағытта:

- әлеуметтік - мәдени орта қалыптастыруды жүзеге асыру;
- студенттердің отансүйгіштік сезімін арттыруға арналған іс- шаралар өткізу;
- түрлі танымдық бағытта пікірталас, диспут, дебаттар, саяхат ойындарын ұйымдастыру;
- ұлттық салт- дәстүрлер, ұлттық ойындар, киім үлгілері, ұлттық тағамдар жайлы кураторлық сағаттар, тренингтер өткізудің көптілді топта оқитын білім алушының қазақ тілін негізгі тіл ретінде меңгеруіне оң септігін тигізері анық.

Бұл тұста тағы да айтарымыз, көп тіл меңгерген білікті маман, ең алдымен, өз ана тілінің байлығымен терең сусындап, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып бәсекеге қабілетті болып қалыптасса, нарықтың сұранысына сай және сан түрлі мәдениетті саралап өзіне керегін ғана алатын саналы әрі сауатты тұлға болып қалыптасады.

Үштұғырлы тіл жүйесінде ресми тіл, ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі орыс тілінің рөліне тоқталар болсақ, қазақ халқы мен орыс халқының ажырамас өзара мәдени, рухани және аймақтық байланыстары тарихтың тереңінен бастау алады. Қазіргі кезде орыс тілі бұрынғы ТМД елдерін біріктірудің және Еуразиялық экономикалық одақ пен біртұтас Кедендік кеңістік құрудың құралы ретінде қолданыс үстінде. Бұл жөнінде Н.Назарбаевтың «Орыс тілін білу біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерде де өз дүниетанымы мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз» деген сөзін пайымдай келе, орыс тілі біздің таным деңгейіміз бен білім кеңістігімізді кеңейту құралы болып отырғанын түсіне білгеніміз жөн.

Ал енді үш тілдің бірі ағылшын тілі – жаһандану тілі. Ағылшын тілі қазір әлем бойынша халықаралық қатынас тілі ретінде бірінші орында тұр. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін Қазақстан Республикасының қоғамдық және экономикалық даму сатысы жоғарылады, Қазақстан халықаралық қатынастар кеңістігіне еніп, еліміздің азаматтары түрлі сала бойынша шетелдерге шығу мүмкіндіктеріне ие болды. Осы жағдайларға байланысты ағылшын тілін білу қажеттігі заңды түрде туындады. Әсіресе, халықаралық білім кеңістігіне кеңінен қанат сермеп, шетелде білім алушы жастардың саны артты. «Болашақ», «Erasmus Mundus» білім бағдарламалары, «Work and Travel» т.б. бағдарламалар бойынша шетелде білім алуға, тіл үйренуге, жұмыс жасауға ниет білдіруші жастар қарасы көбейе түсті. Жастардың бұл ұмтылысы құптарлық жайт, көп тіл білген адам көп елдің мәдениетімен, өмір салтымен, білім-ғылымымен танысады. Өзінің білім көкжиегін кеңейтеді. Қазақ поэзиясының атасы Абай орыс, парсы, араб тілдерін білген болса, Шоқан

Уалиханов орыс, шағатай, түркі тілдерін еркін меңгергендігін білеміз. Сол себепті көп тіл оқып үйренген жастарымыздың ұмтылысын «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген халық даналығының іске асқандығының айғағы деп түсінеміз. Ал қазіргі уақытта елімізде халықаралық тіл ретінде ағылшын тілінің енгізілуі заманның талабы. Осы тұста Елбасы Н.Назарбаевтың «ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек, әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» [5] деп айтқан пікірі құптарлық.

Халқы бірнеше тіл меңгерген елдердің жоғары жетістіктерге жетіп отырғанын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Үш тіл білу- табысқа қол жеткізудің кепілі, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының бірден бір тетігі болып табылады. Алайда біз үш тілді жүйені жетілдіре отырып, Қазақстан халықтарын топтастырудың негізі болатын мемлекеттік тілдің маңыздылығын ешқашан естен шығармауымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Егемен Қазақстан - 2007. - 28 ақпан
2. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006г. - [ЭР].
3. Қазақстан Республикасының "Тіл туралы" Заңы 11шілде 1997 жыл
4. Қазақстан Республикасының тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылға арналған халыққа Жолдауы. – Алматы, 2012ж.

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы подготовки конкурентноспособной поликультурной личности и основы развития полиязычного образования в Казахстане, в том числе приоритет государственного языка.

Abstract

This article focuses the problem of training a competitive multi-cultural identity and the basis of the development of multilingual education in Kazakhstan, including the priority of the state language

Кілт сөздер:

Көптілділік, тілдік құзыреттілік, «үштұғырлы тіл», үш тілді білім беру жүйесі, жаһандану.

Ключевые слова

Полиязычие, "Триединство языков", языковая компетентность, трехязычное система образования, глобализация.

Keywords

Multilanguage, «Trinity of languages", language competence, a three-lingual system of education, globalization.

ОНОМАСТИКАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Наурызбай Сая
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің магистранты

Тіл тарихын зерттеуде де есімдер тендесі жоқ дереккөз болып табылады. Есімдерді есімді иеленуші немесе қоюшы жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың тарихының, ұлттық болмысының, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының, тұрмыс-тіршілігінің көрсеткіші есебінде қарастыруға болады. Есімдерді зерттеп-зерделеу тек тіл білімі үшін ғана емес, тарих, этнография, мәдениеттану сияқты ғылымдар үшін де маңызды. Халықтың ұлттық, тілдік ерекшелігі есімдерде анық көрінгендіктен, тілдік әлеуметтік-қоғамдық қызметін атқару барысында жалқы есімдердің ролі айтарлықтай. Бұл онимдердің халықтар тарихының құрамдас бөлігі бола алатынын пайымдатады.

Қазақстанда ономастика, соның аясында антропонимика ғылымы айтарлықтай дамығанын жоққа шығармаймыз. Осы орайда, қазақ ономастикасы мен антропонимикасы туралы арнайы зерттеулер жүргізіп, қалам тартқан И.А. Износков, Н.Ф. Катанов, И.А. Самойлович, Н. Бравин, И. Беляев, Н.А. Аристов, М.Тынышбаев, С. Аманжолов, Г. Қоңқашпаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В.Н. Потапова, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев, В.У. Махпиров, Г. Жәркешева, Д. Жүнісов, Е. Керімбаев, С. Қондыбай сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектері аталған тақырыпты әр қырынан қаузап, саралай зерттеуімен назар аудартады. Атап айтқанда, қазақ ономастикасының лексикалық-семантикалық жүйесі, тіл мен этнос тарихына қатысы, апеллятивті лексика мен тарихи диалектологияның ономастикамен байланысы, сөзтуындатушы және морфологиялық типтердің заңдылықтарын саралау, қазақ тілінің сөздік қорындағы ономастикондарды анықтау, ономастиканың тарихи-мәдени өмірмен, этнографиямен және географиямен байланысы сияқты біраз тақырыптарға қатысты зерттеу жұмыстары атқарылды [1, 24 б.]. Мұндай ізденістер барысында қазақ ономастикасының аясындағы антропонимдерге (кісі есімдері), топонимдерге (жер-су атаулары), теонимдерге (Тәңірлік немесе киелі атаулар), зоонимдерге (жан-жануарлар атауы), астронимдерге (аспан денелерінің атауы), космонимдерге (космос кеңістігіне қатысты атаулар), фитонимдерге (өсімдік атаулары), хрононимдерге (тарихи оқиғаларға қатысты уақыт межелері), идеонимдерге (рухани мәдениет объектілерінің атауы), хрематонимдерге (материалдық мәдениет объектілерінің атаулары), дербес таным салалары ретінде көңіл

коюға жол ашылды. Дегенмен, тарихи жалқы есімдер толық зерттеліп, нақты тұжырымдар жасалып бітті деу қиын. «Жалқы есім қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден көрініс береді, тарихи реалийлерді өзіне жинақтап сақтайды. Олар, негізінен, тілдің көне қалпынан бастап көрініс береді. Жалпы есімдерде жасырын сақталған көптеген фактілер жалқы есімді талдау барысында ашылуы мүмкін, себебі соңғысы өте көне болып есептеледі» [2, 9 б.].

Жалпы ономастиканың бірінші заңдылығы – оның тарихилығы екенін зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, тарихтан тыс ешқандай құбылыстың болуы мүмкін емес. Себебі бүгінгі жаңалық – ертеңгі тарих. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына себепші факторлардың негізгісі - тіл десек, тілдің ауқымды бөлігін құрап отырған есімдер ұлттық ерекшеліктің негізін құраушы фактордың бірі. Халықтың тарихымен біте қайнасып жатқан есімдер тарихы әр түрлі шаруашылық-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени-тұрмыстық жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшыраса да, өзінің табиғатын бар болмысымен сақтап отырады. «Әр тарихи кезеңдегі қоғамдық формацияның сол кездегі тілдік, мәдени ортаның өзіне тән ономастикалық бірліктер репертуары болғандығы белгілі. Кез-келген онимдік атаудың артында үлкен фондық білім жасырын тұр, алуан түрлі энциклопедиялық ақпараттар желісімен байланысты болып келеді. Мәселен, көне түркі жұртына ортақ Білге бабаның, Күлтегіннің, берідегі Абай, Сүйінбай, Махамбет, т.б. есімдері немесе Ордабасы, Аңырақай сияқты топонимдер төңірегінде қаншама аялық білім бар десеңізші!» - деп атап көрсетеді ономаст-ғалымдар [3, 4 б.]. Осы жерде көне түркілік жәдігерлеріміз Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінде кездесетін жалқы есімдерді талдау, жинастыру, олардың білдіретін мағынасын, лингвомәдени мазмұнын зерттеу секілді мәселелер шығады. Олардың құрамында қазіргі әдеби тілімізде кездеспейтін, мән-мағынасы ұмыт болған, мүлдем құпия сырға айналған атаулар мен тұлғалардың ізі сақталған. Көне онимдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бұл күні жалпы қауымға белгісіз, тіптен түсініксіз келеді. Сондықтан да олардың шығу төркінін, берер мағынасын, мәдени мазмұнын анықтап, ғылыми тұрғыдан зерделей ашудың орны ерекше.

Қазақ ономастикасының ұлттық төлтумалықты танытуға қатысты мән-маңызының айрықша екендігі соншалық, бұл мәселеге тек тарихи айғақтардың бірі деп қана қарау жеткіліксіз, сонымен бірге елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес дербес даму жолын бастаған қазақ ұлтының төлтума болмасын қалпына келтіруге және орнықтыруға мұрындық болатын аса мәнді тарихи-рухани тетік ретінде де көңіл бөлу қажет.

Төл тілімізді, тамыры терең тарихымызды жаңғыртамыз десек қазақтың шежіресінен сыр шертетін онимдер тың ізденістер мен соны зерттеу жұмыстарына өріс ашатынына күмәніміз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек А. Антропонимика және шежіре // // Ономастикалық хабаршы. – 2014. № 3 (6). - 21-27 бб.
2. Суперанская А.В. Эволюция теории имени собственного в Европе // Вопросы филологии. – 2002. № 3. – С. 9
3. Жанұзақов Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. – 2005. № 2 (4). - 3-13 бб.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ

Н.Н. Нұрланова
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті

Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық әлемі өз алдына бөлек әңгіме. Әбіш Кекілбаевты қазақ әдебиетіндегі бітім – болмысы тосын, топырағы бөлек жазушы етіп танытқан да, оны Одақ оқырмандарының алдына шығарып, шетел оқырмандарымен жүздестірген де, кезінде «Дала балладалары» деген орынды атауға ие болған, аңыз – әңгімелер негізінен туындаған циклды шығармалары дер едік. Аңыз – ертегі сияқты таза қиялдың ғана жемісі емес. Қандай бір аңыздың болмасын (егер ол шын мәніндегі аңыз болатын болса) өзегінде ащы да әділ шындық жататыны сөзсіз. Бір кездегі белгілі бір шындық оқиғаның ауыздан – ауызға, елден – елге көшіп, ғасырдан – ғасырды қуалап, жол – жөнекей қырық құбылып тұрған талай - талай қиял әлемінің алқасын тағынып, жасауына малынып тұрған шындықты шешіндіріп, оның басына реализмнің түйе жүн шекпенін жабады. Яғни, аңыз – өзегіндегі тіндей созылған сол шындықты қиялдың қанатты атынан түсіріп, өзінің тор төбеліне қайта отырғызды. Енді оның Әбіш қаламының құдіретімен қалыпты, қарапайым, бірақ көркем өмірі басталады.

Қазақтың мерзімді баспасөзінің сонау 1870 жылы Ташкент шаһарында алғаш жарық көрген «Түркістан уалаяты газеті» мен 1888 жылы Омбы қаласында дүниеге келген «Дала уалаяты газетінен» басталып, бүгінгі күнгі «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» сияқты жүздеген мерзімді басылымдардың үлкен тарихы бар. Революциядан бұрынғы қазақ баспасөзі тілінің даму тарихы, олардың тілдік ерекшеліктері әр қырынан зерттеу объектісі болып келді.

Мерзімді баспасөз тілінің әдеби тілмен байланысын сөз еткенде, алғашқысының дайын құрылыс материалдарын ғана пайдаланып отыратын енжар құбылыс емес екендігін, сонымен қатар берері де бар, әдеби тілге түрліше әсер етіп отыратын құбылыс екенін ескерусіз қалдыруға болмайды. Тілдегі өзгерістер сөздік құрамға жаңа сөздердің енуі күнделікті сөз қолданудан туып отырады. Бірақ ол жаңалықтар жеке бір адамның қолдануынан бірден әдеби тілге сіңісіп кете бермейді. Ол сөз әдеби тілге сіңіп кету үшін белгілі бір уақыт тілдік қолданыста болып, одан

тұрақты орын алуы керек. Осындай сыннан өткеннен кейін ғана ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста күнделікті пайдаланыла жүріп, біртіндеп жаңалық болудан қалады. Бұл процесс қоғам дамуының барлық сатыларында жүріп жатады. Өйткені қоғам дамуымен бірге тіл де дамып отырады. Кейінгі кезеңдерде әдеби тілімізден берік орын алып, белгілі қажеттілікті өтеп жүрген тілдік құбылыстардың көбі әуел баста мерзімді баспасөзде қолданыс тауып, қалыптасып, нормаланып барып, әдеби тілге еніп отыр. Ондай тілдік элементтер де, тіпті, үлгілер де қазіргі әдеби тілімізде аз емес.

Әр газеттің өз стилі, тілі болады. Стиль – автордың өзі. Стильдарындылыққа, табиғи талантқа байланысты. Зерттеушілердің көбі стильді екі түрлі ұғымда қарастырады: тілдік стиль, сөйлеу стилі. Осымен байланысты тілдің қоғамдық өмірде қолданылу шеңберінің түріне қарап, зерттеушілердің көбі жазба тіл – жазба стиль және сөйлеу тіл – сөйлеу стилі немесе кітаби жазба стиль және ауызекі сөйлеу стилі деп те бөлінеді.

Қай халықты алсақ та, күнделікті сөйлеу тілінде сөздік қорын әр кез толық пайдалана бермейді. Сол сияқты шеттен енген жекелеген сөздер мен грамматикалық формалар да жалпы халықтық сипат ала алмай, белгілі мақсатқа көбіне жазба әдебиет тілінде ғана қолданылады. Кейде тілде олардың басқа варианттары да қалыптасады.

Осындай сөздік құрамның ауызекі тілде бірсыпырасының қолданылмай, тек әртүрлі жанрдағы жазба тілде кездесуі сол тілде сөйлейтін халықтың сол сөздерге, грамматикалық тұлғаларға түсінбеуінде ғана емес, сөйлеу тілінде ондай тілдік бөлшектерінің оншалықты қажет болмай, соңғылардың жұмсалыу қабілеті, қолданылу бағыты басқаша екендігінде. Міне, осындай сөздер мен грамматикалық бөлшектер «кітаби тіл» [1,35] деп аталады.

Жалпы баспасөз тілінің мәдениетін арттыру мәселесіне айрықша талап қойылып, жазба жұмыстарының лексикалық және грамматикалық жағынан дұрыс болуымен қатар, тілдік, стильдік жағынан да сауатты болуы қажет. Бүгінгі баспасөз жаһандануға бейімделе бастады, яғни бұрынғыдай ұран салып, жақсылықты ғана айтудан гөрі шындықты боямасыз жеткізуге, оқырманның пікірімен санасуға бет бұрды. Осылайша сөз бостандығы өмірге еркін енді.

Аз ғана өмір сүруіне қарамастан, баспасөз саласы, әсіресе, «Айқап» журналы қазақтың жазба әдеби тілін, оның жақсы дәстүрлерін әрі қарай дамытуда, жалпы халықтық тілдің кейбір стильдік тармақтарын қалыптастыруда, оның терминологиялық лексикасын жасауда орасан зор қызмет атқарды. Орыс пен қазақ халықтарының арасындағы байланыс, қарым-қатынас, сондай-ақ, сөз ауысу процесі сонау ерте замандардан бастау алғаны анық. Орыс тілінен көптеген сөздер бір жағынан тікелей қарым-қатынас нәтижесінде ауызекі сөйлеу арқылы үнемі еніп жатса, екінші жағынан жазба тілі де көптеп қолданылып отырды. Бұған мысал ретінде Әбіш Кекілбаевтің «Тырау-тырау тырналар» атты Жапон сапарынан көргендері мен көңілге түйгендерін жол сапар очеркі стилінде

жазылған шығармасын қарастырып көрелік. Автор мұндай орыс тілінен енген бір қатар сөздерді шығармада қолданған болатын. Қанша жерден қазақ болсақ та жетпіс жыл орыс империясының боданында болған ақын жазушыларымыздың еш күнәсі жоқ деп есептеймін. Қаласақ та, қаламасақ да сол орыс тілі мен мәдениетін оқып үйренуге мәжбүр болды емес пе? Ендігі мысалға назар аударсақ: *иллюминатор, телевизия, стол, картон, совет, самалет, руль, костюм, машина, цифр, номер, кухня, парламент, демонстрант, император, префектура, фигура, универмаг, кинотеатр, салон, артист, педаль, автомат, транспорт, коттедж, конференц-зал, магазин, ресторан, бар, гардероб, каблук т.б.* сол секілді сөздер шығармада белең алып отыр.

Публицистиканың функционалдық, қоғамдық міндеті публицистикалық стильдің лексика-фразеологиялық құрамын, оның мағынасы мен экспрессивті-эмоционалдық сипатын анықтайды. Бұл стилдің лексикасында қоғамдық саяси мәнді сөздер мен терминдер ерекше орын алады: демократия, партия, мемлекет, билік, билік тармақтары, жариялылық, сөз бостандығы, оппийация т.б.

Еліміздің тәуелсіздік алуы, оның саяси, мәдени, экономикалық идеологиялық жүйесінің түпкілікті өзгеруі саяси идеологиялық ұғымдардың мағыналарының олардың бағалаушылық коннотацияларының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Мысалы, лениншіл, комсомол, атеист, коммунизм, пионер, социалистік қоғам, бесжылдық сияқты көптеген сөздер қолдану белсенділігін жоғалтса, керісінше мәжіліс, мәслихат, парламент, фермер, миллионер, нарық, нарықтық қатынас, көппартиялылық, демократия, жеке сауда, жекеменшік, нарықтық экономика, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие. Тәуелсіздік, интернет желісі, электронды үкімет сияқты бірқатар сөздер актив қолданысқа ие болады.

Публицистикада қоғамдық-әлуметтік өзекті мәселелер кең талқыланатындықтан, публицистикалық мәтіндерде лексиканың сан-алуан тақырыптық топтары кездеседі. Мәтіннің тілдік құрылымында олар публицистикалық лексикамен де, ондағы эмоционалды бояулы және бағалаушылық сөздермен де тығыз байланыста жұмсалады.

Сондай-ақ олар 1990 жылдардағы орыс әдеби тілінің публицистикалық стилінде (негізінен газеттерде) төмендегі терминдермен лексиканың белсенді қолданылатынын көрсетеді.

-нарықтық қатынастықа бағытталған экономикалық саласындағы;
-қаржылық-коммерциялық, кәсіпкерлік қызметтердегі;
-ғылыми-техникалық және өндірістік-техникалық салалардағы (әсіресе электронды технологиялар терминдерінің белсенділігі байқалады);

-шоу-бизнестің сөйлеу тілінде, спорт пен физикалық жаттығулардың жаңа түрлерінің аталымдары. Бұл үрдістің қазақ әдеби тілінің публицистикалық стиліне де тән құбылыс екенін айтуға болады. Сонымен қатар, бұл кезде бұқаралық ақпарат құралдарының (газет, радио, теледидар, интернет) шетел тілдерінен енген көптеген терминдердің

белсенділігі байқалады: приватизация, ваучер, девальвация, валюта, интервенция, биржа, брокер, бюджет, бизнес, компьютер, принтер, инернет, дисплей, модем, файл, картридж, дикета, диджей, компакт-диск, хит, шлагер, плеер, фитнес, т.б.

Публицистикалық стильде сөздердің метафоралық қолданылуын әртүрлі тәсілдері де кездеседі. Ол сөдер, әдетте, сөз тіркестерінің құрамында қолданылып, жалпылық мағына мен эмоционалды бояуға ие болады. Мәселен, кеңестік кеңестік кезеңде бауырлас қалалар, қырғи-қабақ соғыс, халықтар, достығы, интерационалдық тәрбие, еңбек армиясы, бейбітшілік туы астында, еңбекке ынталандыру сияқты тұрақты тіркестер жиі қолданылса, қазіргі баспасөз беттерінің ғасыр індеті, жұмыссыздар армиясы, тоталитарлық сана, ұлттық элита сияқты жоғары тонды, экспрессивті тіркестерді жиі байқаймыз.

XX ғасырдың бас кезі қазақ елі үшін рухани оянуға жетелеген сәт еді. Осы кезеңде болған алуан түрлі әлеуметтік-саяси өзгерістер қоғамдық өмірде көптеген жаңалықтар алып келді. Халықтың сана-сезімі оянып арта түсуімен байланысты баспа ісі де ілгері дамыды. Ол процесс қазақтың баспасөз тарихынан анық аңғарылады. «Тіл – қоғам өмірінде адамдармен өзара пікірлесу, түсінісу қызметін атқарады. Сондықтан тілді оймен байланысты өткір құрал ретінде жұмсай білу үшін оның даму заңдылығына, қазіргі жағдайына, байлығына, негізгі қағидаларына қанық болу керек» [2,45],-дейді ғалымдар. Сол себепті баспасөз тілінің қалыптасу, даму процесін толық әрі жан-жақты талдау барысында сол тілдің лексикалық құрамы мен сөз тудыру процесіндегі грамматикалық құрылысының дамуы сияқты баспасөз тілінен белгілі орын алып келген немесе онымен тікелей қатысы болып отыратын басты-басты мәселелерді сырт қалдыруға болмайды. Еліміз егемендік алып, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» жаңа заң қабылданғаннан кейін, қазақ басылымдары қайта түлеп, тың тақырып игеріп, соны соқпақтарға түсті. Газет тілі мен стиліне жете мән берілді. Аудитория сұранысын қанағаттандыруға көп көңіл бөлінді. Қазақ тілінің дыбыстары мен грамматикалық құрылысы нақтыланды, сөз байлығы зерттеліп, ол әдеби тіл ретінде толысты. Дегенмен оны рухани мәдениеттің мағыналық белгісі ретінде ажыратып тану әлі де көп зерттеуді керек етеді.

Кез келген жазушы, ақын, журналистің өзіндік қалыптасқан тілі мен стилі болады. Әр қайсысының өзіндік сөздік қоры, игеретін стилі бар. Қай халықта болмасын тіл біреу. Ол – жалпыхалықтық тілі. Сол жалпыхалықтық тілді дұрыс та мәдени тұрғыдан пайдаланудың нақты жолын жазушының тілі дейміз. Сондықтан, қайсы бір жазушы, я журналист болмасын тілді өз сөйлеуі, өз жазу шеберлігі арқылы әр сөзді тиісті орнына қоя білуі керек.

Шығармаларының идеялық мазмұнын шағын көріністер арқылы түйіндеу, кейіпкер психологиясын терең білгірлікпен сипаттай отырып, образдың жан сырын ашу жазушының қаламына тән қасиет. Әр жазушының стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем

компоненттерін тану арқылы айқындаймыз. Әр жазушының өзіне ғана тән сөз саптауы, сөз мәнері бар. Сондай қасиеттерді Әбіш Кекілбайұлының барлық шығармаларынан байқап отырамыз. Яғни, ұлы ойшыл Платонның: «Адамның мінезі қандай болса, стилі де сондай болмақ» деген сөзі ойымызға еріксіз түседі. Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан да соны аңғару қиын емес. Қаталдылық та бар, адамдардың жанын түсініп, оларды күлдірте де, жылата да біледі, байсалдылық пен байыптылықты да байқаймыз. Автордың жаратылысын осылай елестете аламыз. Әбіш Кекілбаевтің публицистік қызметінің өзіндік сипат, ерекшеліктері бар. Публицист атаулының бәрі бірдей жазушы емес әрине. Ал Ә.Кекілбаев – жазушы, публицист, прозашы, драматург, қоғам қайраткері, саясаткер. Орыс және шетел классиктерін еркін түсініп, шебер аударма білетін аудармашы. Көркем-публицистикалық жанрларда қаламгер көп жазды. Оқиға барысынан, жол үстінен күнделігіне көрген түйгенін тізбектеп, сөзбен сурет салып, елес беруге де шебер екенін байқадық. Соның бірі «Азат елге ағайын көп...» деп аталатын бір сапардан түйген ой толғауында тәуелсіздік алған жылдардағы Еуропаға алғаш ресми сапармен шығып отырған ел басшысының мемелекет аралық келісім шарт жасасуға барғандағы сапары сөз болады. Автор алдымен сол елдің әуежайдан бастау алған құрмет турасында әңгімесін өрбітеді. Мұндағы мақсат ел билеушісі Н.Ә.Назарбаевтың күллі елдің алдында тәуелсіздігімізді ту қылып, емен-еркін ортадаға еш қаймықпай сөз сөйлегенін аса ерекше сезіммен оқырман қауымға жеткізу. Автор Еуропа еліне барғандығын өте қарапайым әдіспен жеткізе білді. Жазушы бүге шегесіне дейін сапар барысын баяндап отырмайды. Әр басқан қадамын қысқаша өз ойымен жеткізіп отырды. Публицистің тілі мен стилінің осы арада жоғарыда айтып өткеніміздей мінезін тану қиынға соқпайды. Өзі атап кеткендей «Өзгелермен ықпалдас болу үшін де тәуелсіздік қажет. Өзгелер де тек тәуелсіз елдердің ғана ыңғайына қарайды. Азат елге ағайын көп. Менің бұл ұзын жол, ұзақ сапардан жасаған басты қортындым осы болды», [3] - деп оқырманына ескертіп алып, өзінің жазған құнды дүниесіне елітіп әкетеді.

Мәтінде авторлық «меннің» ашық, тура көрінуі публицистикалық стильдің басты ерекшеліктерінің бірі. Көптеген публицистикалық мәтіндерде хабарлау көбіне 1 жақтан оқиғаға өзі куә болған нақты тұлғаның атынан баянадалады. Тіпті мәтін үш жақтан баяндалғанның өзінде де, публицистикада автордың оны оқиғалар мен фактілерге бағасы көрініп тұрады. Оның үстіне публицистикалық мәтіннің авторы-жиынтық тұлға, ол-белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі, сол топтың ұстанымын білдіреді. Сондықтан публицистикадағы бағалау жеке, дербес көзқарастан ауытқып, көпшілік сипат алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Редакция алқасы. Әуезов туралы сөз // Қазақ әдебиеті. — 1997. — 30 қырк.
2. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты // Қазақ әдебиеті. — 1997.

3. Рахымжанов Т. Қазіргі қазақ романдарының поэтикасы. Алматы, 1993.

«ЖЕТІ ҚАҒАН» – ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ ШЕЖІРЕСІ

**Рамазанова Ш.Ә., Иманқұлова С.М.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті м.а.**

Қазақ ауыз әдебиетіне бай халық. Біздегідей ауыз әдебиетінің озық үлгілері ешқандай елде жоқ. Еліміздегі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Бабалар сөзі» атты жүз томдық еңбектің «Фолиант» баспасынан басылып шыққаны белгілі. Аталмыш көп томдықтың тең жартысы ауыз әдебиетінің аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналған. Әрине, бұл ауыз толтырып айтуға тұрарлық үлкен еңбек, халқымызға қажетті басылым. Десе де, мұнда ауыз әдебиетінің үлгілері толық қамтылды деп айта алмаймыз. Жүз томдыққа енбей қалған, жиналмай жатқан эпостық шығармалар әлі де баршылық. Соның бірі қытай еліндегі көнеден жеткен қазақтың асыл қазынасы – «Жеті қаған» жыры. Әлі де толық жиналмай, зерттеліп-зерделенбей, ғылыми айналымға түспей, сол құпия-сырын ішіне бүккен күйі тасада қалып барады. Әрине, біз шама-шарқымызша бұл бағытта біраз еңбектендік, ғылыми зерттеуімізге тамызық еттік. Бірақ бұның бәрі «Жеті қаған» сынды эпикалық жырдың жалпақ жұртқа танылуына, құпия-сырын айқара ашуына, толықтай зерттеліп-зерделенуіне аздық етері сөзсіз. Осы бағытта үлкен жұмыстар, іргелі ізденістердің күтіп тұрғанын әсте айтпай кетуге болмас. Себебі тарихымызды толықтай тануымызға, тарихи тұлғаларымыздың ерлік істерін, халыққа сіңірген еңбектерін саралауға тарихи жырлардың қосар үлесі ұшан-теңіз.

Қазақ ауыз әдебиетінің тағлымды тарихы ғана емес, тарихи тағдыры бар. Ондағы оқиғалардың өзінен кезең көріністері, мезгіл мезіреттері менмұндалап тұрады. Шамамен қай ғасырда, қай жерде өткен оқиға екенін адам аттары мен жер-су атаулары айқындап, табиғат суреттері мен құбылыстары қанықтыра түседі. Шетелдердегі қазақтардың фольклорында табиғилық, балаңдық байқалады. Себебі елден жырақтап кетсе де, көкірегінде сақталған өлең-жырларды жастана жаттап өсетіндіктен онда көп өзгеріс байқала қоймайды. Өйткені бар-жоғы бір-екі ғана жыршы жырласа, жырдың жаны мен жүйкесіне соншалық зақым келе қоймайды, ал жырлаушысы көп болған сайын әр жыршының өз мақамы, өз қолтаңбасы қосылып, жыр жылғалана түседі, табиғи түрінен айрылып, нақтылы нұсқасына да нұқсан келуі бек мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда «Жеті қаған» жыры онша өзгеріске түсе қоймаған тәрізді, себебі жыршылары саусақпен санарлық та, тыңдаушылар тарапынан да толықтырулар, түзетулер ене қоймағандай сезіледі. Жырдың аты «Жеті қаған» деп аталғанымен, оқиға желісі Түктабан төңірегінде өрбіп, өріс алады. Қазақ ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінің бәрінде дерлік ізгілік пен жауыздықтың

күресі сипатталады, ал «Жеті қағанда» бұл бояу басқалардан гөрі қалыңдау, жауыздық жасаушының айла-тәсілдері тоқсан түрлі, Жезмандай деп атының өзі айтып тұрғандай, маңайының бәрін сор мандайға айналдырып, тек өзі ғана, бір өзі ғана «жезмандай» болып қалуды көксейді. Қалған ірілі-ұсақты кейіпкерлер Жезмандай мен Тұқтабанның тартысын тосыннан қызықтаушылар емес, қосыла әрекет етушілер мен жақтаушылар немесе үзілді-кесілді қарсы болушылар. Жауыздық жалғыз болса да, жалқы болса да, көпті көндіріп, жоққа сендіріп күн көреді, ақыр аяғында ауыздықталады.

Жеті қағанның тақырыбы – ел мен ер бірлігі. Ал Тұқтабанның төңірегіне топтасқан ел болса, Жезмандайдың жанында алуан түрлі айла, қарақұрым қызғаныш, аздаған әміршіл ағайындары бар. Жырдың идеясы әрине тақырыптан туындайды, айқын, анық, ақиқаттың айтқанына көніп, сойылын соғу, ел мен жердің, ел мен ердің туа біткен болмысын сақтап қалу, адамшылықты арқау етіп, шындықтың туын тік ұстау. Әлбетте «Жеті қағанда» жергілікті жағдайға байланысты адам, жер, су аттарында, оқиғаның өрбуінде өзіндік, өзгеше, соны сипаттар бары байқалады. Ғалым-фольклорист Рахманқұл Бердібайдың: «Қазақ ауыз әдебиеті әлемдегі ең бай әдебиет екені белгілі. Бірақ неге екені осы байлықты игере алмай жатырмыз. Сонымен бірге қазақ ауыз әдебиеті Қазақстаннан тыс жерлерде де өсу, даму үстінде. Мәселен, Шыңжаңда тұратын қырғыз манасшысы Жүсіп Мамайдың репертуарындағы "Қазақтың жеті қағаны" деп аталатын жеті жырды жазып алу қажеттігін баспасөз бетінде айтқанымызға жеті-сегіз жыл өтсе де, оған селт етіп, мән берген жанды көрмей келеміз. Қытайдағы қазақтың отаншыл азаматтары осы "Жеті қағанның" бірінші дастанын араб әрпімен жеке кітап етіп шығарғанына да назар аударушылар болмады. Бірінші дастанның көлемі он төрт мың жолдай. Сонда жеті дастанның аумағы қанша болатынын есептеу қиын емес қой. Егер осы жеті дастан түгел жазылып қолымызға тисе, бұл кезге дейінгі қазақ жырларының бәрінен де ауқымды болатын түрі бар..."[1, 4 б.] – деп атап көрсеткен болатын.

"Жеті қаған" дастанында Самарқан жерінде қазақтың үйсін, қыпшақ тайпалары билік жүргізіп, олардың басшысы Қартаң хан болғаны туралы баяндалады. Жалпы ертедегі батырлар жырында көбінесе бір-біріне ұқсастық көп байқалады. Жыршы-ақындар дастанда батырдың образын сомдауда баланың дүниеге келмей тұрған кезінен ата-анасының бір перзентке зар болуынан бастайды. Оның себебін хандардан көрген зорлық-зомбылықтарына, билеушілердің елге жасаған зұлымдығына, халыққа тізесін батырумен байланыстырады. Ата-анасының бір перзентке зар болуы, сырт жаудың шабуылынан елін қорғайтын және бейбітшілік кезде шаруашылықты басқаратын батыр ұл болуын арман еткен халық қиялы көрініс тапқан. Бірақ жырдың негізгі идеясы – халыққа қамқор болатын батыр ұл (азамат) іздеуден туған. Қалың бұқара жауға, яғни халыққа жасалған зұлымдықтарға қарсы күресетін, елге қорған болатын батыр ұлды арман етті делік. Сондықтан халық ұғымы бойынша мұндай адамның жаратылысы да, дүниеге келуі де басқалардан ерекше болады. Батырлар жырының көпшілігінде жігіттің ерен ер екендігі өзіне сенімді серік, сүйікті жар тауып алуына байланыстырылады. Бұл

жолда батыр қым-қуыт қиыншылықтарды басынан кешіреді, көптеген жауларын жеңіп, бірқанша сыннан өтеді. Содан кейін ғана өзінің мақсатына жетеді. Ал «Жеті қаған» жырының өзіндік ерекшелігі бар. Онда оқиға былай суреттеледі Қартаң ханның сұлу тоқалы Жезмандай жеңіл жүріске салынып, Қожендтегі Миян ханмен көңілдес болады. Соның кесірінен Қоженд пен Самарқан арасында егес туып, арты қанды қақтығысқа ұласады. Бұл егестің соңы Самарқанға тиімсіз болып, Қартаң ханның батырлары жеңіліске ұшырайды. Сол кезде Қартаң хан Миян ханды жеңген адамға тағым мен тәжімді беремін деп жар салады. Қартаң хан елінен Түқтабан бала шайқасқа шығып, Қоженд батырларын қанға бөктіреді. Бұл жеңістен кейін еңсесі қайта көтерілген Қартаң хан оған "Арыстан батыр" деген ат беріп, бұрынғы уәдесі бойынша оны өз тағына отырғызбақ болады. Бірақ Арыстан батыр тақ пен тәжге қызықпайды, өзінің туған жеріне қайтып кетеді. Жеңіл желік жетегіндегі Жезмандай ендігі жерде жас батыр Арыстанға құмартып, қайткен күнде де оны қолына түсірудің қамын жасайды. Оқиға одан әрі шиелінісе түсіп Арыстан батыр зынданға тасталады. Бірақ істің анық-қанығы белгілі болғанда Жезмандай нөкерлерін ертіп, Балық шаһарындағы әкесі Мамыр халфаға қашып кетеді. Мамыр халфа көп әскерімен келіп, Арыстан батырдың қолынан жеңіліп қайтады. Бұрыннан тату-тәтті екі ел бұл қақтығыстың себепкері Жезмандай екенін алғашында білмейді. Сонымен Балық, Бадақшан, Бұхар хандары бірлесіп Самарқанға жаза жорығын жасамақ болады. Қайсар да, адуынды Арыстан батыр олардың бетке ұстар батырларымен жекпе-жекке шығып, түгел жер жастандырады. Алайда өзінен жеңілген батырлардың көбін өлтірмей қоя береді. Ел басшылары мен батыр-бағландары Арыстанның өздерімен ата жау емес екенін түсінеді. Ақыры бірнеше ұлысты әуреге салған сайқал әйел – Жезмандайдың құйтұрқы қылықтары әшкере болады.

Оқиға соңында жоғарыда аталған ұлыстар түгелімен Арыстан батыр жағына шығады. Қартаң хан Миян ханға еріп Қожендке қашып бара жатқан Жезмандайды ұстап алып, өз қолымен өлтіреді. Сөйтіп ел басына мамыражай заман орнайды. Жырдағы Түқтабанның жорыққа аттануы, жекпе-жекте кезекті алдымен жау батырына беруі, сөзбен найзаласуы секілді мотивтерді де әр елдің жырынан кездестіреміз. Түқтабанға қарағанда жау батырлары тау секілді алып болып, ал ол жаяу-жалпы, қорғансыз кейіпте көрінеді. Жекпе-жекте алғашқы кезекті жау батырлары алғанымен, Түқтабаннан жеңіліп отырады. Әдетте жырлардың басым көпшілігінде тақырып, тағылым, оқиғалардың өрбуі, өрнектелуі жағынан бір-бірімен ұқсас болғанымен, толғау, жырлау мәнерлері мүлде бөлек, соны сипатқа ие болып, тың тыныспен жырланады. М.Әуезов: "Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай, және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалар негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауын еш уақытта аударма деп танымау керек. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді"[2, 182 б.] - дейді.

«Жеті қаған» жырының тақырыбы – елдік пен ерліктің қиянатқа қарсы күресі екені белгілі. Әділетсіздікке, қиянатқа қарсы күрес – ауыз әдебиетінің асыл арқауы ғана емес, адамзат баласының асыл мұраты. Жырдағы Жезмандай мен Тұқтабан арасындағы әртүрлі әрекеттер жауыздықты жанықтырып, тың тәсіл, алуан айла, оқыс оқиғалармен отандас қылады, адалдықтың да алды ашық, қым-қиғаш қиянаттардан құтылып қана қоймай, қалың елді құтқарып отырады. Тақырыптан идея туатыны өзінен-өзі белгілі ғой, тақырыпсыз идея жоқ.

«Жеті қағанның» тақырыбы – тұрлаулы, идеясы – игілікті. Дәуірдің демімен тыныстап, заманның шындығынан шыққан, шыныққан, шындалған. Шым-шытырық оқиға ортасынан шындықтың да, сұмдықтың да төбесі көрініп, бет-бейнесі беп-белгілі болады. К. Паустовский «кез келген тақырыпты бүгінгі күндікі етуге болады» дейді. «Жеті қағанның» Жезмандайы мен Тұқтабаны күні бүгінгі тұрлаулы тұлғалар болып қала бермек, адам бар жерде алаң бар, адам бар жерде заман бар «адамды заман билемек» деп Абай айтпақшы, қай заманда да Жезмандайлар қулығын оздырып, Тұқтабандар табанын тоздырып жүретіні хақ. Жеті қағанның тақырыбы – ел, жер болса, идеясы – елдікті сақтау, бірлікке бастау, ал ерліктің елшісі, бірліктің бастаушысы –Тұқтабан батыр болса, жауыздықтың жалшысы, зұлымдықтың мұрындығы – Жезмандай жезөкше, қалған қым-қуыт оқиғалар қиянат пен ақиқаттың арбасуына негізделген. «Жеті қаған» жырының тақырыбы мен идеясында алып бара жатқан жаңалық болмағанымен, жырлау мәнерінде, оқиғалардың өрбуінде, сарбаздардың сөз саптауында, батырлардың болмысында едәуір ерекшеліктер бар, ол оқиға өткен ортаға, ондағы адамдардың ұстанымына, салт-дәстүріне, қилы көзқарастарына байланысты. Шырғалаңға түскен шындық, идеяны да шынықтыра ширата түседі. «Жеті қағанда» шиырланған шындық қана емес, иланымды идея бар, ең бастысы оқиғаға оқырман иланады.

«Жеті қаған» жырын толық жазып алып, елімізде кітап етіп басып шығару басты мақсат болуға тиіс. Әрине, біз жырдың екі томын баспаға дайындап, алғысөзі мен түсініктерін жазып, кітап етіп шығардық. Бұл жырдың кішкене ғана бөлігі. Ал жырдың қалған бес томды құрайтын бөлімі жабулы қазан жабулы күйінде әлі жатыр. Жырды толық жазып алып, кітап етіп басып шығару істі түпкілікті шешпесе де, негізгі шаруаның басы қайырылатыны айдан анық. Ал одан кейінгі мәселе оны ғылыми айналымға енгізіп, тыңғылықты зерттеп-зерделеу болса керек. Бұл бағытта да атқарар шаруалар шашетектен.

Кеңес өкіметі кезінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, тыңғылықты зерттеп, кітап етіп басып шығару ісі ерекше қарқынмен жүргізілгені аян. Қазір сол жақсы бастама, игілікті іс үзіліп қалды. Бұл үрдісті қайыра жаңғыртып, мықтап қолға алмаса, көп нәрседен ұтыларымыз сөзсіз. «Жеті қаған» сынды баспа бетін көрмей, танылмай, зерттелмей жатқан ауыз әдебиеті үлгілерін халық аузынан жазып алып, жалғанның жарығына алып шығар мезгіл жетті. Ертең бәрі де кеш болып, бұндай мәдени қазыналарымыздан мүлде айырылып қалуымыз бек мүмкін. Өйткені қазір бұрынғыдай кеудесі сыр-сандық шежіре

қарттар азайып бара жатыр. Сондықтан енді қарманып қалмасaq, өкiнiштiң ащы зардабын тартарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Бердiбай. «Ұлт» деген сөз ұлықталмай тереземiз теңеспейдi. Қазақ әдебиетi, № 50, 2003 ж.
2. М.О.Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, Ғылым, 1967.
3. Қазақ қолжазбалары. Жетi қаған. Алматы, «Ел-шежiре» ҚҚ. 2011. Т.4.
4. Қазақ қолжазбалары. Жетi қаған. Алматы, «Ел-шежiре» ҚҚ. 2013. Т.8.

ТІЛ - РУХАНИ ҚАЗЫНА

А.Ш. Тлеулесова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетi п.ғ. к., қауымдастырылған профессор

Қазақстан Республикасының бiлiм берудi дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасында: «Бiлiм беру жүйесiнiң басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негiзiнде жеке тұлғаның қалыптасуына қажеттi жағдай жасау» деп көрсетiлген. Қазақстан Республикасында бiлiм берудi дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттiк бағдарламасы бiлiм беру жүйесiн сапалы дамыту туралы «Халықтың барлық жiктерiнiң сапалы бiлiмге қол жеткiзуiн қамтамасыз ету; мемлекеттiк тiлдi басым дамыту; бiлiм беру процесiн оқу-әдiстемелiк және ғылыми қамтамасыз етудi жетiлдiру» көзделген [1].

Тiл - ұрпақ тәрбиесiнiң тәрбиелi құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдiреттi қуаты, баға жетпес қайнар көзi. Ана тiлi -халықтың өткен ұрпағы, қазiргi және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бiрден-бiр сенiмдi құралы. Халық мәдениетiн өнерiн меңгертуде тiл дамыту сабақтары ерекше орын алады.

Тiлдiң қоғамда алатын орны туралы Жүсiпбек Аймауытов: «Ана тiлi халық болып жасалғаннан берi жан дүниесiнiң айнасы, өсiп-өнiп түрлене беретiн мәңгi құламайтын бәйтерегi десе, Ахмет Байтұрсынов: «Өзiмiздiң елiмiздi сақтау үшiн бiзге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Өз алдына ел болмаққа, өзiнiң тiлi, әдебиетi бар ел ғана жарай алатындығын бiз ұмытпауға тиiстiмiз», - дейдi [2].

Тәрбие құралы- ауыз әдебиетi нұсқалары, халық қазынасы -ертегi, жұмбақ, мақал-мәтелдер, өлең-тақпақтар ауызша жатталып, балаға жетiп, оның ой-өpiciн кеңейтiп, тiлiн ұзарту, айналадағы қоғамдық өмiр шындығын таныту iсiне үлес қосып та келедi.

Бұл жөнiнде заманымыздың кемеңгер ойшылы, жазушы академик Мұхтар Әуезов Абайдың тiл байлығы жөнiнде: «Ең алғашқы өлең» жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Бұқар жырауды ауызға алса,

солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине осындай, ақындық мұраларымен қатар, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ -жазушылардан көп естіді.

Осындай мұраларды сүю Абайды катал, суық билер ортасында қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүрді. Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес, сол байлық Абайда бала, жігіт күнінен құралып өсіп келген байлық», - деген болатын [3].

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тіл мен мәдениетіне мойын бұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру - бүгінгі күннің басты ісі, ХІ ғасырдағы түркі ғалымы М.Қашқаридың «Тәрбие басы – тіл» деп айтуынан-ақ біз тілдің қай кезде де тәрбие құралы саналғанын байқаймыз. Ел-жұртымызды, туған жерімізді, ана тіліміз арқылы танып білеміз, халықтың рухани байлығының сарқылмас бастауы да сонда.

Тіл-ұлттық рух. Тіл-ұлттық сана, ұлттық психологиямен тамырлас. Дүние есігін ашқаннан кейін-ақ бір ұлттың өкілі болып, тіл шығып, сөйлей бастағаннан «ана тілің» деген ұғым қаныңмен сіңіп бойыңа тарайды.

Жазушы Ж.Аймауытовтың: «Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі десе, коммуникативтік парадигманы оқып-үйрену үшін тілмен және мәтінмен жеткізілетін іс- тәжірибелік және қоғамдық қызметті талап етеді» [2].

Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі - диалог арқылы дамыту диалог құру үшін белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек.

Тілдің негізгі элементі-сөздік қор. Ал сөздік қор дегеніміз-тілдің құрамының ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы.

Тілдің негізгі сөздік қоры-тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі.Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады.

М.Жұмабаев тіл дамыту жұмыстарын алдыңғы орынға қояды. Автордың ойынша, тілдің көмегімен адам жүрегінің құпиясын білдіріп, жанын түсінуге болады. Автор тіл дамыту жұмыстарын тәрбиені ұлттық болмысызға негіз деп берген. Оқытудың әр кезеңін ұлттық тұрғыда бейнелеген. Білімнің бастау қайнар тіл дамыту жұмыстарында. Тыңдаушының ой-өрісінің, сана-сезімінің, білімге деген құштарлығының дамуы бала бақшадан басталады. Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда болсын өздігіне жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Жастайынан ұлы сөзден ұлағат алып, халықтық тәлім-тәрбиеден үлгі алған бала тәрбиелі болып өседі [4].

Бүгінгі ұрпақтың санасын қалыптастыру мен ұштау өзінің өскен ортасының, елінің тарихын, сол тарих қойнауындағы әрбір құбылыстың, өзгерістердің қыры мен сырын терең білу міндетін жүктейді. Оқушының сөздік қоры сабақта тіл ұстарту тапсырмаларын орындағанда дамиды. Ана тілі сабағында оқушының сөздік қорын дамытудың әдіс-тәсілдері әр түрлі. Атап айтқанда:

- мәтінде кездесетін жаңа сөздерді үйрету;
- мағынасын ұқтыру;
- мағынаны жасайтын формаларды меңгерту;
- ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе білуге дағдыландыру;
- сөзбен сөзді байланыстыру;
- сөйлем құрауға үйрету.

Жеке тұлғаның сөздік қорын арттыру, әр сөзді талдау, тұжырымдау, ойын жүйелі түрде жеткізу. Тіл дамыту жұмысы-ойлаудың, ойлатудың пәні.

Ана тілін үйренудің заңдылығы танымдық қабілеттердің даму үрдісінде ішкі сезім арқылы жүзеге асырылады. Әрбір сөйлеу дағдысы белгілі бір танымдық қасиеттерді (сезіну, есте сақтау, қиялдау) қалыптастырады.

Тіл үйрену үрдісі – сөйлеу органның: мидың, артикуляциялық және тыныс алу аппараттарының жұмысы. Үйренушінің жеке басының күш-жігерінсіз және әлдекімнің үйретуінсіз тіл үйрену мүмкін емес. Үйретушінің оқыту іс-әрекеті үйренуші баланың сөйлеу қимылын жандандыруға, оны өзін-өзі үйретуге мәжбүр етуге, яғни күш салып және интеллектауалды жұмыс істеуге бағытталады.

С. Радловтың пікірінше: «Ресей ғалымдарының «қазақтың жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады», десе М. Малов («Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, бейнелі тіл-қазақ тілі»)- деп тамсана таңырқағанын, бұл тілдің айтқыш та айшықтылығын, сұлу да сұңғылалығын есімізден шығармауға тиіспіз.

Бүкіл оқыту барысында тыңдаушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру-ең маңызды жұмыстардың бірі.Сөйлеу техникасын дамытуда сөздік жұмысын, сөйлем, әңгіме құрастыру жүргізіледі. Тілге қойылатын негізгі талаптардың бірі-оның мазмұндылығында. Тілдің қатынастық сапасын анықтағанда оқушының алған білімдерінің жүйесі мен мәтін материалдарын тәрбиелік мазмұнына назар аударылады.

Тіл дамытуды ой дамытумен біртұтас нәрсе деп қарау дұрыс болмайды. Ойлау сөйлеуден әлдеқайда кең, өйткені ол иек тілге ғана сүйенбейді. Ойлау жұмысы сөйлеуді көтермейді. Екінші жағынан, тілдің дамуының өзі ойдың дамуына қолайлы жағдай жасайды. Тіл-рухани қазына дегеніміз осы.

Сөйлеу процесін дұрыс жолға қою ана тілінің әдістемесін жүзеге асырудың алғышарты. Қорыта келгенде, сөз-мағына, мәнімен, нәрлі сабақ-сапасымен құнды.

Кілтті сөздер: тіл, қазына, мұра, әдебиет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2004.
2. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалары. Алматы, ҚМБ, 2006 ж.
3. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. Алматы, ҚМБ, 1998 ж.
4. Жумабаев М. Педагогика.- Алматы, 1998 ж.
5. Байтұрсынов Ә. Тіл құрал. I- тіл танытқыш. Алматы., 2002 ж.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Р.Қ. Түсіпқалиева
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір жас өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл жастарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын білім беру ұйымдарымыз Елбасы нұсқаған бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білеміз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Білімнің салтанат құруы» атты тармағында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп қазақ жұртының әлемдік кеңістікте кеңінен құлаш сермеп, төрткүл дүниені мойындату үшін бәсекеге қабілетті, білімді болуының маңыздылығын баса көрсетеді. Білім – бүгінгі күннің басты қажеттілігі. Дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген сөз. Мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мағына, парасатты пікір жатыр. Президент ой-толғауында білімге айтарлықтай басымдық берді. Ал жақсы маман, жақсы адам тәрбиелеу – елдігіміздің ертеңінің кепілі.

Әрбір адам: «Мен өзімді қалай жетілдіре аламын, қалайша жаңа білімге қол жеткіземін», – деп өзіне сұрақ қоюы керек деп санаймыз. Ендігі жерде кім жан-тәнімен жұмыс істеп, кім өз мамандығын жетік меңгеріп, жаңалыққа қалай тез қол жеткізсе – өмірде соның жолы болмақ. Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады дедік. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік

қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатыны белгілі. Өйткені, әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз.

Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жол-жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен берілері анық. Жоғары оқу орындарында ол одан әрі тереңдетілуі тиіс. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғаны абзал. Қазіргі жастар үлгі тұтар тұлғалардан өнеге ала білуі керек.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында концептуалды мәселелер қозғалған. Атап айтқанда, ұлттық сананы жаңғырту ерекше орында тұр. Рухани жаңғыру үшін ұлттық менталитет пен ұлттық кодтың сақталуына айрықша мән беруіміз қажет. Егер ұлттық менталитет әрбір ұлттың өзіндік бітім-болмысы болса, ал ұлттық код – рухани сананың алтын өзегі болуға тиісті. Сондықтан да Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» деп орынды атап көрсетті. Кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз.

Елбасы, сонымен бірге, Қазақстанның рухани жаңғыруы қазіргі замандағы адамгершілік пен жалпы адамдық құндылықтардың жетіспеулігінен туындаған қажеттілік екенін қадап айтты. Азаматтарымыздың, әсіресе, жастардың санасын жаһандандудың жағымсыз әсерінен сақтап қалып, халықтың зиялылық-рухани әлеуетіне, отансүйгіштікке, жоғары азаматтық жауапкершілікке, берекелілік пен ел бірлігіне тәрбиелеу өте маңызды.

Ұлттың рухани жаңғыруына бастайтын нақты қадамдардың алдыңғы қатарына қазақ тілі жазуын латын жазуына көшіру мәселесінің қойылып, нақты міндеттер белгіленуі де ұлттық сананы сілкінту, жаңғырту міндетінен туындап отырғандығы анық. Маңыздылығы, қажеттілігі жағынан, мүмкін тілдің ғана емес, тұтас қазақ ұлтының бүгінгі мен болашағы үшін де бірегей, басты мәселе - ұлттық әліпби туралы мақалада айтылған тиянақты ой - қоғамда үлкен қызығушылық тудырды. Басты мәселе анық, ол - қазіргі қазақ жазуына, оның емлесіне өзгерістердің сөзсіз қажеттігі. Жаңа әліпби, ең алдымен, қазақ тілінің болашағы үшін, **«қазақ тілін жаңғырту үшін»** керек екендігін қоғам бүгінде анық түсінді.

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» стратегиясында «2025 жылдан басталатын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керек» деген мәлімдемесіне сәйкес 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар, бәрі де

латын әліпбиімен басылады деген сөз. Бұл қоғамдық ғылымдар үшін міндеттелетін үлкен шара екені анық. Қазақтың латын әрпіне көшуі – кем дегенде бүкіл ұлтты бір күнде партаға отырғыза алатын жағдай. Яғни, бәріміз қайта жаза бастаймыз, қайта үйренеміз. Сол арқылы тілді білмеген азаматтардың өзі де қатарға қосылып, бізбен бірге үлкен жетістікке жетулеріне болады. Өзге ұлттардың да қазақ тілін оқуға, зерттеуге деген сұранысын туғызуы әбден мүмкін.

Елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, түрлі мамандық иелері латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп жатыр. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Сондай-ақ графизация (әріп таңбалау) заңдылықтары әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазу талаптарына сай келуін қажет етеді. Бүгінгі таңда жер бетінде латын графикасы барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер — барлығы да осы латын әліпбиімен байланысты. Латын графикасын қолданатын елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның артықшылығы болып табылады. Ендеше, қазақ тілін жаңғыртудың, сол арқылы рухани өмірімізде сапалы сілкіністер жасаудың осы бір ұрымтал тұсында қазақ қоғамының барлық мүшелері қарап қалмауы тиіс, ал жастар осынау ұлы көштің бел ортасынан табылуы қажет. Өйткені, мемлекеттік тілдің жаңа даму сатысына жетелейтін латын графикасына көшу мәселесі – уақыт талабы тудырған тарихи, рухани қажеттілік.

Тірек сөздер: рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, латын әліпбиі, ұлттық болмыс

Әдебиет:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 ж.

2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» туралы Қазақстан халқына Жолдауы

ТӨЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

**Турабаева Л.Қ., Мадалиева А.Б.,
Байжанова Н.А., Кизбаева Ж.Қ.,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ**

Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген.

Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Тіл мәдениетіне тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпиялық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормалар қамтылып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық норма жүзеге асады. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады. Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді.

Сөйлеу мәдениеті – кез келген мамандық иелерінің, әсіресе кәсіпкерлердің, заңгерлердің, дикторлардың, журналистердің, саясатшылардың кәсіби деңгейінің ең маңызды көрсеткіші. Сөз мәдениеті, сөйлеу шеберлігі тілдік, сөйлеу қатынастары процесінде зор маңызға ие. Сондықтан да ол өз мамандықтарына сай адамдармен жұмыс жасап, олардың қызметтерін ұйымдастыратын және басқаратын, іскерлік келіссөздер жүргізетін, тәрбиелеу, оқыту, емдеу, т.б. түрлі тұрмыстық қызмет көрсететін адамдарға өте қажет. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады.

Сөйлеу мәдениеті – ауызша және жазба әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану, грамматика, стилистика ережелерін) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әр түрлі жағдайларында олардың мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес қолдану біліктілігі. Сөз мәдениетінің осы белгілерін толық, әрі жан-жақты қарастырайық. 1. Дұрыстығы – бұл тіл қалыптарын сақтау. Дұрыс деп біз сөздің айтылуын, грамматикалық жазылуын, стилистикалық жағынан алғанда тіл қалыптарына сәйкес келуін айтамыз. 2. Қатынаста қолданылу лайықтылығы – тиісті қатынастың жағдаяттарда сөздер мен тіркестерді дұрыс пайдалана алу қажеттілігі. 3. Пікірдің дәлдігі – бұл өз ойын анық, қысқа және дәл мағынада айтып, жеткізу біліктілігі. Бұл талаптарды сақтамаған жағдайларда бір-біріне айтылу, естілу жағынан жақын, бірақ мағыналары әр түрлі, паронимдар деп аталатын сөздерді ауыстырып алу қаупі туады.

4. Баяндаудың ойға қонымдылығы, қисындылығы – заттар мен құбылыстардың сипаттарын, олардың байланыстары мен арақатынастарын бейнелеудің дұрыстығы, шындыққа сай келуі.

5. Айтылған ойдың, пікірдің анықтығы мен түсініктілігі сөздің естушіге (адресатқа) түсінікті болуын талап етеді. Ол сөздердің, терминдердің, сөз тіркестерінің, грамматикалық құрамдардың, шетел сөздерінің, диалектілердің, жаргондардың, кәсіпке байланысты, тарихи, ескі (архаизм) және жаңа сөздердің (неологизмдердің) дәл, әрі бір мағынада қолданылуымен іске асырылады.

6. Сөздің тазалығы – оның ішінде артық, нашар сөздердің, өнегесіз сөздердің жоқтығы. Ондай сөздерге сөз арасындағы ойлану, кідірістерде жиі қолданылатын (сонымен, сосын, былайша айтқанда), жалпыға түсініксіз аймақтық сөздер (сым-шалбар дегеннің орнына), қазақ тілінде баламалары бар, шетел және басқа тілден енген сөздер жатады.

7. Сөздің мәнерлілігі – бұл оның тыңдаушылар мен оқушылардың назарын аударып, қызығушылығына тигізетін қасиеттері.

8. Пікірді тұжырымдау әдістерінің әр түрлілігіне, ауызша не жазбаша сөзде кең көлемдегі сөздік қор мен синонимдерді қолдану арқылы жетуге болады.

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс.

Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы болса, мұғалімнің сөйлеу тілінде сөз бен сөз тіркесін, сөйлемді дұрыс қалыптастыра білу үшін ой тиянақтылығы, әсерлілігі, сөз дәлдігі, сөйлемдердің өзіне тән әуені, ырғағы, үні, интонациясы, т.б. сөйлеу тілінің сапасын арттыруы қажет.

Сөздерді айтудағы дыбыс өзгерістері орфоэпиялық нормаларға сай болғанымен, жазуда олар ерекше жағдайда ғана болмаса, орфографиялық ережелер бойынша жазылады. Орфографиялық нормалардың ғылыми негізі – сөз құрамының дәстүрлі қалпын бұзбай, дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы, тоғыспалы заңдылықтарын біліп, орфоэпиялық нормаларды сақтап сөйлеу мұғалімнің сөйлеу сапасын арттырады. Мәселен: Сарыарқа, Ағжар, Ағбота, ортау, өзөн, тұрұс, жұмұшшұ, Жетіғара т.б.

Біздің адами іскерлік қарым-қатынасымыз сәтімен жүзеге асуы үшін тек қана тілді, оның грамматикасымен сөздік қорын терең біліп қою жеткіліксіз. Дидарласушыңды еліктіре отырып, оған әсер ету үшін, өз бағытыңызға зейінін аудару үшін, өзіңізге ұнамды адамдармен, тіпті өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу үшін, дос-жаран арасындағы әңгімеге қатыса білу үшін, өз сөзіңізді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет. Егер де мәтінді өзге біреу әзірлесе, ол тек сөздің жансыз сұлбасы ғана. Ендеше, бұнымен сөз сөйлеуші шешеннің көл-көсір әсер туғызуы мүмкін емес. Тыңдаушылар мінбедегі сөйлеушінің дисгормониясын бірден аңғарады. Іскер маманның сөйлеу мәдениетінің заңдылығы, табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл шешендік өнерге қатысты ұлы данышпандардың түйіндерінде көрініс тапқан.

«Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді ғалым Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде. Сонымен бірге сөз сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді.

Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу

мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше мән берген. Ғылым-білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін – өнердің өнері деп жоғары бағалаған. Асылы, жақсы сөзді жанына азық ете білген, атқан оққа тоқталмаса да жүйелі сөзге бас иген, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен теңестірген бір халық болса, ол қазақ халқы болар. Тіл ұстартқан халқымыз тіл өнерін мәпелеп отырып, сол қадірлісінің қадірін түсіретін, оған жауапсыз қарайтын, сөз мәнісін білмейтін көз жұмбайлыққа да жирене қарап, солардың атына да ащы, өткір сын айтқан. Мәселен: Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық; аузына келгенді сөйлеу – ақымақтың ісі, алдына келгенін жеу – айуанның ісі, өсекшінің тілі қышып тұрады; іріген ауыздан – шіріген сөз шығады; Жақсы сөйлесе – аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі – деген мақалдар осындайларға айтылса керек.

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің, әдеби тілдің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады.

Тілдік норма – тілдің әдебиеттілігінің бір белгісі. Біз халықты әдеби тілге баулитындықтан, халықтың, баспасөздің тіл мәдениетіне көз жібергенде, олардың әдеби тіл нормаларын қаншалықты сақтау – сақтамауы еленеді. Ол тіл мәдениетінің бір жағы. Оған одан басқа сыпайы сөйлеу, ойды дәл, айқын айту, сөзді орынды қолдану, ой мақсатына лайық сөйлемді дұрыс құру сияқтылар да енеді.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар.

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер, күнделікті адамдар арасындағы қарым-қатынастың бәрі де әсер етіп, тілдің қоғамдық қызметінің өзгеруіне, жаңа сапаға ие болуына әкеледі. Сонымен бірге қазір рухани жаңғыруға байланысты өтіп жатқан әр түрлі тақырыптардағы іс-шаралар, кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, радио, теледидар бағдарламаларына да әсері бар. Өйткені бұл сияқты мәдени құбылыстар тіл мәдениеті мен тілдік норманы пайдаланып қоюға ғана емес, сонымен бірге оның дами түсуіне, стильдік тармақтарының саралана түсуіне, коммуникативтік қызметінің өркендеп, кең қанат жаюына әсер етеді. Мұның өзі тіл мәдениетінің жетістіктері, жарқын көріністері болып табылады. Рухани жаңғыруға байланысты зерттеліп жатқан еңбектер мен мәдени мұраларымызға қатысты жобалардың да саны арта түсуде. Оның үстіне қазіргі компьютерлік технологияның дамыған заманында, ақпарат таратуда әлеуметтік желілер арқылы тілімізге жаңадан сөздер қолданысқа еніп жатыр. Бірақ қолданысқа енді екен деп, ол сөздерді жөнсіз қолдану емес, қайта тілдік нормаға сай келетіндерін сұрыптап алғанымыз жөн. Қай кезде болмасын қоғамда болып

жатқан өзгерістерге сай жаңа сөздер, терминдер қоғамдық өмірдің әр алуан саласында өз орындарын тауып, қолданысқа енеді. Ғылым мен техника саласында, білім, заң, медицина т.б. қазірдің өзінде аз сөз енген жоқ. Бүгінде тілімізде енген сол сөздер басқа сөздермен тіркесіп, қолдану аясы кеңейіп отыр.

Тіл нормасы – тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады.

Кілт сөздер: тіл мәдениеті, тілдік норма, дұрыс сөйлеу, қарым-қатынас

Әдебиеттер:

1. Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.- Алматы, Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004. 47 б.
2. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. -Алматы. 2005.-34б.
3. Қараев Ж.А. Оқытудың компьютерлік технологиясының компьютерлік негіздері // Информатика. Физика. 1992. -217б.
4. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. - Алматы: Мектеп, 1985. -39-б.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті А.1997.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ КІТАПХАНАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Турсын Шарайна Кубейқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы**

Интернеттің дамуы кітап оқу мәселесіне де жаңаша көзқарас әкелді. Контенті бай, әдеби, мәдени, ғылыми мұраны насихаттайтын жаңа платформалар дүниеге келді. Қазақстанның ашық кітапханасы – www.kitap.kz сайты да қоғамға ой салған, кітапқа деген бұқара көзқарасын қайта жаңғыртқан әлеуметтік жобаның бірі болды деп бүгінгі күні сеніммен айтуға болады.

«Қазақстанның ашық кітапханасы» – қазақ әдебиеті мен ғылымының, өнері мен мәдениетінің көрнекті өкілдерінің жәдігерлерін заңды негізде бір жерге жинақтап, насихаттауды мақсат ететін онлайн жоба. Яғни, виртуалды кітапхана. Мақсатымыз – халқымыздың асыл қазынасын - рухани мұрамызды көпшілікке таныту, келешек ұрпаққа жеткізіп, бойына дарыту. Жас ұрпақтың өз халқының рухани әлемімен етене жақындасуына дәнекер болу. Қазақ кітаптарын оқуға құмартқан кез келген адамды кез келген жерде қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, көпшіліктің сұранысын өз дәрежесінде

қанағаттандыру, кітаптарды қолжетімді еткізу. Жобаның көздеген мақсаты бүгінде белгілі бір деңгейде орындалды. Бүгінде кітапхана қорында:

- Электронды кітаптар саны – 4100
- аудиошығармалардың саны – 1500
- авторлар саны – 750
- TED лекциялары – 110
- фильмдер – 11
- мультфильмдер – 123

Аудиоертегілер - 400

- Алтын қордағы телебағдарламалар саны – 23
- музыка – 116 диск
- Спектакльдер - 30
- Грампластинкалар – 300 бар.

Қазақстанның ашық кітапханасының контентін айына 60 мыңнан астам қолданушы тұтынады. Айта кетерлігі, заманауи техникалық шешімдерді қолдану, уақыттың өзі алға тартып отырған технологиялық жаңашылдықтарды ұстану – қолданушылардың онлайн кітапхана жұмысына сеніммен қарауына себеп болды. Жарық көргеніне бір жарым жыл болған IOS және Android жүйесіндегі Audiokitap қосымшасы 30 мың рет, ал Kitap қосымшасы 58 мың рет жүктелген.

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтауға ұмтылу, интернет желісіндегі қазақтілді мазмұнды арттыру, тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге күш салу – Қазақстанның ашық кітапханасының негізгі идеяларының бірі болды, ал бүгінгі күні жоба идеялық, мазмұндық тұрғыда жаңа кезеңге өтудің алдында тұр. Ендігі мақсаты – Қазақстанның ашық кітапханасын білім беру үдерісіне қолдану жолдарын барынша дамыту. Бұл – қазіргі сандық, цифрлық заман алға тартып отырған қажеттіліктің бірі.

Ал мұндай қажеттілікті белгілі бір деңгейде өтеуге дайын бірден бір жоба – “Қазақстанның ашық кітапханасы”. Сайт қорына Мектеп бағдарламасының “Қазақ әдебиеті” пәні бойынша 5-11 сынып аралығында оқытылатын авторлар мен шығармалардың барлығы дерлік қамтылған. Автордың тек мектеп бағдарламасына ғана енген шығармаларынан бөлек, оның толық шығармашылығын қамту жағы жүйелі түрде жүргізілген. Осы бағыттағы ауқымды жұмыстың жалғасы – “Қазақ әдебиетінің аудиохрестоматиясы” әзірленуде. Яғни, 5-11 сынып бойынша оқу бағдарламасына енген барлық шығармалардың аудионұсқасы жасалған. Айта кетерлігі, ел тарихында тұңғыш рет әдеби шығармалардың толық нұсқасының сапалы аудиоқоры жасалған.

“Қазақстанның ашық кітапханасын” арнаулы орта және ЖОО-да гуманитарлық, соның ішінде “Филология”, “Тарих” тағы да басқа мамандықтар бойынша білім алушылар мен оқытушылар үшін қолжетімді кітапханалардың бірі ретінде де атап көрсетуге болады. Кітапхана қорындағы “Құнды кітап”, “Ұлылардың үні”, “Қазақтың ақындары”, “Театр”, “Сырлы пластинка” сынды жобалар студенттер мен ізденушілерге нақты кәсіби білім алу үдерісінде дидактикалық материал бола алады. Белгілі бір тақырыпты тек

әңгімелеу түрінде ғана емес, автордың еңбектерін оқыту, өз дауыстарын тыңдату арқылы ұрпақ бойына терең сіңіруге болатыны анық. Осы тұрғыда жүз шақты түрлі сала қайраткерлерінің дауысын жинаған “Ұлылардың үні” жобасы мен жиырмамыншы ғасырдың ең таңдаулы грампластинкаларының сандық үлгісін ұсынған “Сырлы пластинка” жобасы ізденуші мен оқытушы үшін маңызды дерек көзі болмақ. Ал өнертанушы мамандарға соңғы 30 жылда Әуезов театры сахнасында қойылған 30-дан астам спектакльдің видеонұсқасын зерделеуге мүмкіндік бар.

Бірнеше жылдан бері тарихи құндылығы жоғары “Құнды кітап” жобасы қазақ авторларының араб, латын графикасымен жарық көрген еңбектерін көпшілік ізденушілерге ұсынады. Бұл жобаның бірінші кезеңі Республикалық кітап мұражайының қолдауымен, ал екінші кезеңі ҚР Ұлттық кітапханасының қолдауымен жүзеге асырылған. Жобаның басым бөлігін қазақ зиялылары мен еліміздің тарихы, мәдениетіне қатысты орыс зерттеушілерінің еңбектері құрайды. Кітаптардың хронологиясы 18 ғасырдан бастап 20 ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықты қамтиды. “Құнды кітап” жобасының ерекшелігі – кітаптардың түпнұсқа күйінде берілуі. Көпшіліктің қолы жете бермейтін бұл құнды кітаптар ізденушілерге үлкен мүмкіндік береді. Мысалы, “Құнды кітап” жобасы аясында қазақ тарихына қатысты көне кітаптың бірі 1832 жылы С. Петербургте басылып шыққан А.Левшиннің “Описание киргизь-кайсацкихъ ордъ и степей” атты кітабы жарияланған. Қазан қаласындағы “Типо-Литография Императорскаго Университета” және ағайынды Кәрімовтер баспаханасы, Семейдегі “Жәрдем”, Ташкентте орналасқан “Туркестанское Государственное Издательство”, Алматыдағы “Qazaǵystan kerkem edebijet baspasъ”, “Qazaq Memleket Baspasъ” және Орынбордағы баспаханалардан шыққан Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Темірбек Жүргенов, Санжар Асфендияров, Әлімхан Ермекұлы, Сәкен Сейфуллин сынды қайраткерлеріміздің алғашқы кітаптары мен ғылыми еңбектері, қолжазбалары осы жоба аясында көпшілікке ұсынылған. Баршамызға белгілі мұндай еңбектер қалың оқырманға тікелей қолжетімді емес, кейіннен қайта басылған нұсқаларымен ғана таныса алады. Ғылыми, тарихи құнды әдебиеттерді қорларға сақтамай, сандық үлгіде оқырманға қолжетімді ету - бүгінгі заман алға тартып отырған маңызды қадамның бірі болып табылады.

Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн екенін және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытудан бастау керектігін Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында атап өткен болатын. Қазіргі таңда Қазақстанның әр аймақтарында, ауыл шеткейлерінде балабақшалар мен қатар шағын орталықтар күннен - күнге артып келеді. «Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінді қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның айғағы. Бала

бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор. Осындай мақсатта Қазақстанның ашық кітапханасы қорындағы 400-ге жуық ертегінің аудионұсқасынан тұратын “Ертегі тыңдайық” жобасын балабақшаларға білім беру құралы ретінде ұсынуға болады. Бала санасының жетіліп, қиялын дамытуда халық ертегілерінің, фольклорлық мұралардың маңызды рөл атқарып келгені ақиқат. Ұлттық құндылықтарымызды бала күнінен бойға сіңіріп өскен бүлдіршіндердің ұлтжанды азамат болып өсері сөзсіз. Халқымыздың бай музыкалық мұраларын барынша қамтыған “Музыка” жобасындағы дәстүрлі ән-күйлерімізді де осы мақсатта білім беру ошақтары кеңінен қолдана алады.

Жаңа ғасырда гуманитарлық ғылымдар зерттеу бағытын жаңа арнаға бұрды. Әсіресе әлем лингвистері тілді зерттеудің атропоэзектік, яғни адам санасы тұрғысынан зерттеуді қолға алды. Тілдік сана, тілдік тұлға теорияларына ерекше назар аударылып отыр. Ал тілдік тұлға дегеніміз белгілі бір тілде толыққанды сөйлей алатын, әдеби нормалары мен ішкі заңдылықтарын, тілдік қорын жетік меңгерген, қарым-қатынас құралы ретінде еркін қолдана алатын жеке тұлға. Тілші ғалымдар тілдік тұлғаның деңгейлік түрлері мен тілдік тұлға қалыптастыру жолдарын анықтады. Тілдік тұлға қалыптастырудың алғышарты ретінде тілдік орта мен әдебиеттің, сөздік қордың болуын атап өтуде. Қарапайым тілмен айтқанда сөйлесуші топ, әдеби шығармалар және әдеби норма негізінде құрастырылған түсіндірме сөздік керек. Қазақстанның ашық кітапханасы А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтымен бірге “Әмбебап сөздік” жобасы аясында Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің электронды үлгісін іске асырды. Аталмыш сөздікте 150 мыңнан астам сөз қолданыс қамтылған. Бұл сөздік – тіл үйренушілер үшін, тілдік деңгейін дамытқысы келетіндер үшін таптырмас құрал.

Елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға білім беру, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша мемлекеттік бағдарламалар қабылданған. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту соның басым бағыттарының бірі болып отыр. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуы заңнамалармен қорғалған. Десе де, олардың лайықты білім алуын ұйымдастыру – қоғам болып жүзеге асыратын күрделі мәселе. Осы ретте Қазақстанның ашық кітапханасы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың рухани қажеттілігін өтеу, әдебиеттің мол қорын шектеусіз қолдануына жол ашу, білім алу барысында қосымша құрал ретінде пайдалануына мүмкіндік бере алмақ. Мәселен, kitap.kz сайтының аудиокорын зағип және көру қабілеті төмен азаматтар еркін тұтына алады. Сонымен қатар, есту қабілеті нашар жандардың аудиокітаптарды арнайы дыбыс ұлғайтқыш құрылғылар арқылы тыңдауына мүмкіндік бар. Ақпаратты қабылдау деңгейі төмен балалар үшін де аудиокітаптардың пайдасы зор болмақ.

Білім-ғылымға, жаңашылдыққа ұмтылу, зияткерлік қабілет қанымызда бар халықпыз. Осы күнге дейін қордаланған білімді игермей болашаққа жол бастау бұлыңғыр. Сондықтан сапалы білім беру үдерісіне заман талабына сай,

бар технологиялық мүмкіндіктерді пайдаланған «Қазақстанның ашық кітапханасының» қосар үлесі зор деп білеміз.

М. МАҚАТАЕВТЫҢ ТАРИХИ, ТРАГЕДИЯЛЫҚ ДАСТАНДАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Усербаева М.К.

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты

Қазақ әдебиетінде халықтың рухани азығы болған үлкен жанр- ертедегі жырлар мен XIX ғасырдың II жартысынан бастап жаңара түскен дастан жанры. Бұл жанр үнемі даму, жетілу үстінде. Жанрдың жаңа түрі Абайдан басталады. Содан бері дастан үнемі ілгерілеп, әр ақынның бұл жанрда қалам тартуларында құбыла түсуде.

Синтетикалық жанрдың жақсы сипат алып, адам өмірінің әралуан мәселелелерін қозғаудағы ғажайып үлгісі, орыс әдебиеті екені сөзсіз. Орыс әдебиетінің XIX ғасырдағы классик ақындары А.Пушкин, М.Лермонтов,

А. Некрасовтардың дастандары, шығыс әдебиетінің классиктері Фердоуси, Низамилерді оқып үйренумен бірге, қазақтың эпостық жанрының шеберліктері бас қосқан ортадан ұлы ағартушы Абай өзінің халқымызға эстетикалық нәрі болатын биік дәрежедегі дастандарын тудырған еді. Ақынның шығыс сюжеттеріне құрылған дастандарының үлгісінде Мағауия мен Ақылбай, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, М.Сералиндер жалғастырып әкетті. Кеңес дәуіріндегі қаламы жүйрік ақындар М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин; одан кейінгі жылдар белесінде еңбек еткен Т.Жароков, Д.Әбілов, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, А.Токмағамбетов, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев, Т.Бердияров т.б. түрлендірді.

«Реалистік поэма тудыру жолындағы жан – жақты ізденістердің нәтижесінде қазақ поэмасы құрылымдық композициялық, сюжеттік жағынан жаңа белеске көтеріліп, өзінің барлық кезеңінде екі үлкен арнада- тарихи және қазіргі заман тақырыбын игере дамыды» [1,4].

Дастан жанрында көптеген шығармаларымен қалам тербеген, дастаншылдықты лирикалық шығармаларымен қатар жүргізген шығармашылықтары елуінші, алпысыншы, жетпісінші жылдарда өрлеу алған талантты ақындар Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев болатын. Бұлар дастанның екі: лирикалық және сюжеттік түрлерінде қалам тербеді. Осы үш ақын алдағы аталған аға ақындардан үлгі ала отырып, өмір шындығын өздерінше ерекше нұсқалылықпен жырлады.

Тақырыпқа сай әңгіме ақын Мұқағали Мақатаевтың дастаншылдығы хақында болмақ.

Ақынның дүниеге әкелген дастандары мыналар: «Мавр», «Ильич», «Ақ қайың әні», «Бала шақтан - болашаққа», «Аққулар ұйықтағанда», «Шекарада», «Большевиктер», «Чили – шуағым менің», «Арман», «Шолпан»,

«Досыма хат», «Алтай - Атырау», «Космонавт ойлары», «Мұзбалақ», «Қырандар қош болындар», «Ару ана», «Моцарт. Жан азасы», «Райымбек, Райымбек!» Осынша, барлық саны – он сегіз дастанның ішіндегі «Бала шақтан болашаққа» атты ақын өзі «өмірдастан» деп айдар таққан мемуарлық дастаны өзінің кезеңдеріне байланысты бірнеше лирикалық тараулардың басын біріктіреді. Сондықтан да кейбір зерттеушілер олардың әрбіреуін бір – бір шағын лирикалық дастан деп қарастырып жүр. Себебі олардың әрқайсысының табиғаты солай атауға бағыттайды. Әрқайсысында суреттелген мәселелердің бір – бір түйінді идеялары бар.

Сондай шығармалардың бірі - «Райымбек, Райымбек» жетпісінші жылдардың үздік туындысы. Оған дәлел тұтас дастан болмысы. Оның тебіреністі бітімі. Ақынның психикалық аса жігерлі күшпен жүректі жарып шыққан жаратылысы. Әрбір сөз бен сөйлемнің бояу – бедері шынайы көркемдікпен көрініс тапқан. Жырдың жүзі алмастай өткір. Поэманың психологизмі оқыған әрбір адамның шыдамынан айыардай.

Мұқағали Мақатаев үйреншікті жайларды баяндамайды. Жүздің бірі ғана жырлай алар жайтты өлеңіне өзек еткен. Ақын нысанасы- тарих. Қазақ халқының жер басып, түтін түтеткелі бергі ғұмырындағы ең берекесі қашқан тұсы- бүкіл тағдыры, болашағы, жарық дүниеде тірі жүрер – жүрмесі шабуыл таразының өмір және өлім атты қос басында қалтылдап түскен кезі. Бұл 1723 жылғы жоңғарлар шабуылынан кейін қазақ халқының «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыраған сәті. Қазақ халқы бастан өткерген ең сұмдық трагедия.

«Қаратаудың басынан көш келеді,»
Қара жорға шайқалып бос келеді.
Қара күнді жамылып қара қазақ,
Қара түнді басынан кешкен еді.

Дастан жан сезіміңе әсер етіп осылай басталады. Таудан құлаған тасқынды өзендей ағызып, аясына тастай ала жөнеледі. Бірден жаныңды ауыртып, қабырғанды қайыстыра салады. Әйгілі зарлы ән «Елім- айдың» бір жолы –бүкіл шығарманың алтын кілті. «Елім – ай» әні сияқты дастанның да қазақ тауларының ақсақалы, атасы Қаратаудан басталуының өзі тегін емес. «Қаратаудың басынан көш келеді» жаудан қашқан, туған жерден босқан, қарындастан айырылып, қара көзден жас мөлтілдеп, «Қара жорға шайқалып бос келе жатқан көш». Сондықтан да жаралы, қаралы көш. Қара көш. Көш қана қара емес, көштегі көңіл, көштегі өмір де қара. Күллі ғұмыр, тіршілік, тауқымет тағдыр қара. Көшпелі елде «Ер қанаты - ат» болған елде сарбаз мінер қара жорғаның шайқалып бос келе жатқанынан өтер қасірет жоқ. Қайғы бар, сұмдық бар. Қара жорға- ат жолындағы, түйенің қомындағы тіршіліктің тұтқасы.

Ақынның өз нысанасы- он сегізінші ғасырдың басындағы қысталаң, сұрапыл өмірге бетпе- бет келіп, өте терең үңіле ән жолын жетілдіре түскен, күшейтіп дамытқан.

Қара шындықтарды, қайғылы ақиқатты өзі түстес қара бояу ғана жеткізе алса керек. М.Мақатаев сол себепті «қара» сөзін қадала, қатты,

қарқынды қолданған. Дастан қарадастандай, қарақандай, қаратау, қара жорға, қара күн, қара түн, қара қайғы, қара жау, қара шаңырақ, қара жұрт, қара жауын, қара қазан, қара орман, қара Орда, қара қазақ... дегендей ақын өмірдің қара бояусыз болмыстарынан, қара сөзінің де күн мен көлеңкедей екі астары, екі бедері барын біледі.

Қаратау – құдіретті тау, қара жорға- қалаулы жылқы. Табиғаттың тамылжыған тұнық қара түніне не жетсін. Ал қастерлі қара жұрттағы құтты қара шаңырақ нағыз ырыс ұясы, бақыт мекені. Қара орман аман болса, қара қазаққа одан артық не керек. Бірақ Қаратаудың басынан қара көш құлап, қара жорға шайқалып бос келе жатыр. Ай, күн қара түнге айналып, қаһарлы қара жау келіп, қара қазақ тайғанақ тағдырдың түнінің аясында, қара қайғының панасында қаңырап қалған. Аналар аңырап, баладан ес кетіп, бабалардан ақыл қашқан. Қыз – келіншек қанжығаға байланып, боздақтардың желкесі қыршыннан қиылған. Жай қайғының өзі емес, төбеден де, табаннан да қара қайғы төнген. Қара жұртта бықсып шала қалды. Батырдың да, пақырдың да қара қанын қара дала сылқитып жұтып жатыр. Осыншама адам сезіміне әсер ететін, жан – дүниенді қинайтын, психикаға әсер ететін суреттеу осы дастанның болмысы ма деп қаласың.

Бірақ сонда да ақынның арманы асқақ. Қара қазақ келешектен күдер үзбейді, бәрібір. Бұл ақынның суреттеулерінен оқырман психикалық әсер алады.

Қара болса да қазақ жері. Қазақ жері – Атамекен. Қабай жырау шырылдап жүр. Өліктерден тіршілік дүниесін таппаған соң, боздақтарын құзғындарға қалдырып барады. Басы ауған жаққа беттеді.

Қазақтың осылайша құрығаны ма? Өшкені ме? Жоқ, өмір жалғасады. Қабай жыраудың соңынан бір шырылдаған дауыс жеткен. Баба жырау тағат таппай, аттың басын бұрса, жұдырықтай бала. Сондағы кәрі ата қуанышынан үмітке жетелеген сөздері сезімге қатты әсер етеді.

Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың,
Мен де көпке бармаспын, сен қаласың.
Ойран болған ордаңның орнына кеп,
Отау тігіп, оттарын сен жағасың.

Тарихта Қабай есімді жырау болды ма, болмады ма, біз оны білмейміз. Бірақ осындай жауынгер жыраулардың болғаны анық. Дастанда ол- жинақты образ. Өзі үшін емес, елі үшін шырылдаған жырау. Ақын бұл тұлғаға көп міндет жүктеген. Ол- қазақтың ақыл- ойы, сана – зердесі боп көрінген.

Батырлықтың туар себебі- жағдай. Адам батыр болайын деп батыр болмайды. Оны жағдай жасайды. Елі үшін батырлықты, жігерлілікті көрсететін себеп бар. Ол елдің «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» тап болуы. Мұндай қиын сәтте ерлік жасамаған, жасай алмаған халық өмір сүруге, тіршілікті одан әрі жалғастыруға қабілетсіз. Қабай жырау осыны айтып шырылдайды.

Елінің есін кіргізер,
Айтса тілін алдырған,
Алмастан оғын жондырған,

Атақазак баласын
Алақанға қондырған
Бар қазақтан – бір қазақ,
Табар ма екен, әулие?!

Міне, қазақтың бір бақыты- бар қазақтан бір қазақ туатыны. Ол – он үш жастан енді асып бара жатқан жас өрен Райымбек.

Ақын дастаны- кешегі батырлық жырларының жалғасындай. Дастанның бітімі- кесек. Қарт Қабай жыраудың сөзі қаһарлы, естіген елге ес берердей, қайрат дарытардай, адамның тұла – бойын шымырлатардай. Ет пен сүйектен жаралған жан болғанмен, Райымбектің ойы ірі, сөзі де салмақты. Ісі де ірі, үлгісі де төтен. Дастанда Райымбек арқылы драмалық ширығу күшті, бірақ трагедиялық дастан. Оның трагедиялық оқиғаларды суреттеуінен осылай деуге тура келеді. Ал, трагедия қайрат – жігер, жауға деген алапат ыза- кекті туғызады. Райымбек әуелі еліне наразы, кіжінулі. Қабаймен кездескенде ашынып айтқаны- соның көрінісі.

Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,
Жауларына біздің ел сәйгүлігін баптады.
Қойын сойып, қолдарын қусырды да сорлылар,
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,
Алды дағы аларын белімізден аттады.

Бұл сөздер ерекше әсерлі. Он үш жасар жеткіншек бір адамды емес, сансыз адамды айыптауда. Елді айыптауда. Райымбектің мұнысы несі? Қорқақтықтың салдарынан, бауырларын бауыздап, Қаратаудан қиратып өргізіп қойған қас дұшпанды қарсы алғандары қалай? Қолдарын қусырып, алдарына бас тартқандары қалай? Аяқтарына жығылып, сәйгүліктерін баптағандары қалай?

Демек, Райымбектікі дұрыс! Бұдан да оның қатты айтуына болады. Осы сөзден кейін, арада бес жыл өтті. Жырдың жалғасы не дейтінін көрейік.

Арада бес жыл өтті. Түке өлген.
Он сегізде Райымбек.
Жүрген жоқ әке өлді деп уайым жеп.
Тіріге тізе бүгіп, бас имеген,
Тізесін бүктірмесе, құдайы кеп.
Білігі, бітімі де бөлек екен,
Бар күні мал соңында өтеді екен.

Бұл – ер жеткен Райымбек. Буыны қатып, бұғанасы қатқан Райымбек. Ойы толысып, мінезі қалыптасқан, қиындыққа шыдамды, қулықта қайсар, ірі Райымбек. Өз елі аман, жері салтанат болса да, Қаратау мен басқа жерлердегі қазақ жылап жатқан соң, тынши алмаған, өзегін намыс өртеп, сезімталдығы күшті, санасын қорлану шыдатпаған.

Райымбек жалғыз болса да аттан салды. Бірақ ақсақалдардың батасын алу керек. Жан – жақтан бас құраған алқалы топтың кесімі күшті. Бірақ Төбеби кесімі екіталайлық байқатты. Райымбекті сынап көрмек болды.

Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа,

Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа.
Бір шартым бар «батырға» қоятұғын,
Жамыраспа, беталды шуылдаспа.
Басын тартпас «батыр» ғой, несі кетсін,
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.
Топ ішінен таңдаған атын мініп,
Мына жатқан Ілені кесіп өтсін».

Міне, осылайша ақсақалдар Райымбектің намысын қайрауға итермелеген. Ол кездегі Іле көлдария, долы болатын. Бұл билердің қиыннан қиыстырған қулығы, қатал сыны ғана емес, батырды тікелей өлімге айдауы. Арғы бетіне жүзіп адам өтіп көрмеген Іле тілсіз жаудан бір де бір кем емес. Арғы бетке аман – есен жүзіп өтсе, Райымбек қол жинап, жауға аттануға ерікті де, суға кетсе сұрауы жоқ. Райымбек мынадай психикалық шабуылдан тайсалмады. Қазағын дұшпанға талатып, қайрат көрсете алмай қайтқанын тірі жүргеннен гөрі Ілеге кетіп өлуді артық көрді. Күреңінің екі жағына қамыс теңдеп, қаймыққан атын қамшылап, қайнап жатқан тылсым, дүлей ағысқа қойып кетеді.

Сөйтіп, намысқа басқан жүректілігі жеңеді. Тілсіз жаумен арпаласып, арғы бетке өтеді. Бас би сонда былай деді:

- Дауасы жоқ жан екен, оты жанған,
Ілесіндер осыған оты барлар!
Су жол берген батырға мен жол бермей,
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.
Ханкелдінің сауытын кигізіңдер,
Қыннан алып, қылышын сүйгізіңдер.
Сырымбеттің туының алдына әкеп,
Тәу еткізіп, басын да игізіңдер.

Бас бидің бұл сөзінде Райымбектен болашақ батырдың тұлғасы көрінеді. Нағыз батыр боларлық, ерлік көрсетерлік адамды абыз осылай таныды және айнала жұртты да жігерлі сезіммен желпіндіреді. Ол ерлікті мойындады. Қанат – топшысы жетілген қыран осы самғаумен қауымды өзіне ертті. Қара қазақ қолбасшы батыры Райымбектің қасына жиналып жатты.

Халқымыз жауға қарсы шығу үшін жұдырықтай түйілді. Жиналған ерлердің бәрінің жүректерінде отансүйгіштік жалын- қайрат қайнаған.

Қазақ басындағы осы қанқасапқа, алапат – апатқа, трагедияға душар еткен қасақана дұшпан жоңғарлар қазақтың бойжеткенінің бұрымын кесіп, жүктілердің қарнын жарып, баласынан бабасына дейін қырып, тізерге тұяқ қалдырмауды, ұлы даланы қаңыратуды, тартып алуды, басы бүтін иемденуді көздеген қатыгез жаудың қанішерлігіне қоса, сырттан келген жаудан гөрі іштен шыққан жаулық, жамандық. Мұндай күйге түсуге «ақтабан шұбырынды» болуға халқымыздың өздері кінәлі. Ақын сол кездегі күллі қоғамға қоса тұтас қазақ халқын да айыптайды. Сол себепті де Мұқағали қара шындықтарды, ауыр ақиқаттарды аямай ашады. Анығын айтқан. Халықты сүйіп тұрып, күйіп айтқан.

Ақтабан шұбырынды,

Ақ туың жығылулы,
Олақ қатын тоқыған алашадай,
Өрмегіңнің арқауы суырылды.

Бұл сөздерге - аяздай шымыр, алмастай өткір ақиқаттарға түсінік беру артық болар еді. «Райымбек, Райымбек!» дастаны нағыз патриоттық шығарма. Оның бойында жастардың бойына жігер – қайрат беріп, ұлттық бірлікке шақыратын дастан. Шығарманың өзекжарды өміршеңдігі сондай – ол қай ғасырда да жастарымыздың бойына от- жалын беріп тұратын поэтикалық туынды.

М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастаны – оның қомақты идеясымен көрінген шығармаларының бірі. Дастанда ақынның дүние құбылыстарын, табиғат сырын, онда бейнеленген аққудың сұлулықтың символы болған киелі қасиетін суреттеумен қатар, ананың жан дүние болмысын, сырын, балаға деген өшпес сүйіспеншілігін, мейірімділігін суреттегенін көреміз. Дастанның көтерген басты тақырыбы – тыныштық, аққу сияқты сұлу құстың дамылдаған кезіндегі табиғат бейнесін суреттеу арқылы көрсетілген. Ақынның айтпағы ауырып жатқан баласы үшін қандай да қиыншылыққа төтеп беруге дайын болған мұңды ананың жанұшырған өкініші мен үміті арасында болып, қасиетті құс аққуға зақым жасауға болмайды деген елдің сенімі мен нанымын сақтамай бұзғанын, баласы үшін көкірегі қарс айырылып, қатты күйзеліске ұшырағаны психологиялық шеберлікпен көрсетілген. Биік таудағы қаптаған теректер мен шыршаның құшағында жарқыраған Жетім көлді, оның айналасындағы табиғат бейнесін әсем суреттейді.

Қанатынан аққудың балапандап,
Өн ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын Жетім көл Алатауға.
Тірілетін таудағы бар тіршілік,
Қанатынан аққудың оянған ба?!

Ғалым Қ.Алпысбаев дастанда ақынның табиғатты суреттеуі туралы былай дейді: «Қаймағы бұзылмаған сұлу сурет. Кестелі тіл, образбен ойлау, теңеумен сөйлеу, сылдырап аққан келісім әдемі әсер береді. Ақынның тілі айшықты, бедерлі, ойы анық, бояуы қанық. Көзге сыйғанмен, сөзге сыймайтын көркем көріністер жеріне жеткізіле шебер берген. Құдіретті қалам туғызған Жетім көл жанардың жауын алып, жасанып, сұлулығына сұқтандырады. Мұнда ақынның ару аққуға ғана емес, ата дәстүріне, сұлулыққа деген сүйіспеншілігі жатыр. Адамзаттың туған табиғат алдындағы перзенттік парызға деген бірегей көзқарасы жатыр» [1.9]

Ақынның дастанды жазудағы қиял, ой ұшқырлығы көрінеді. Ақын өзінің табиғатты суреттеудегі шеберлігін көрсетумен бірге, тылсым табиғаттың алуан бейнесінен сыр тарта біледі. Дастанда табиғатпен қатар перзенттері өлім халінде жатқан ана мен әкенің тұлғалары көрініс береді. Екі ғазиз жанның жан дүние қопарылыстары мен қайғы құшағында қалып, алдағы іс- әрекеттерін қалай жүзеге асыру жолындағы күйзелістері тіл қатыстарында қайғы – мұң,

сасқалақтау, табиғат алдындағы күнәқарлық жасаудағы ой иірімдері баяндалады. Баланың сырқатынан құтылудың жолы аққудың қанымен аластау деген ойды жүзеге асыру үшін ана баланың әкесін ұйқыдан оятып, күштеп жұмсайды. Сонда табиғатқа қиянат жасағысы келмеген әке былайша толғанады:

- Апырай, қалай барам, қалай барам?
Атармын аққу құсты қалай ғана?
- Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандадың?!
Құрысын онсыз сенің жалған бағың!
Мылтық әкел, атты ертте! Жалған бәрі!

Бұл сөз қатысуларда перзенттері сырқаттанып, жаны көз ұшына келіп жатқандағы ата мен ананың бір – бірімен арпалысулары. Баланың жолында жанын қиюға да дайын әке, аққуды атуға келгенде, мұндай қанішерлікке баруға бата алмайды. Қасиетті құс алдында опасыздық жасағысы келмейді. Ал, тәуіп шалдың баланы аурудан аман алып қалудың жолы аққумен аластау деп түсінген ана құстың қасиетін де аттап өткісі келеді.

Құсты атпау жөніндегі баба дәстүріне байланыстырып, ғалым Қ.Алпысбаев тағы да былай пайымдаған: «Аққуды атпау – атадан балаға жалғасып жеткен жақсы жоралғы, жарасымды дәстүр ғана емес, адамгершілік асыл қасиет заңы, сұлулықты сүйе білудің, бағалай білудің үздік үлгісі. Халық түсінігінде аққу – қасиетті құс, киелі ұғым. Сондықтан оған суық қару оқтамаған, оқтатпаған. Әңгіме әлдеқандай ырымда емес, ұнамды ұғымда. Қасиетті қастерлеп, сұлулықты сақтай білуде. Табиғаттың тұнып тұрған сұлу суретін, суреттей ұйыған күйінде сақтап қалуда. Поэмада екі бірдей сабақтас идея бар, оның бірі – қасиетке оқ атпау, тәтті тыныштық шырқын бұзбау яғни адамгершілікті дәріптеп, уағыздау болса, екіншісі- қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа жанашыр, қамқор болу. Түйіп айтқанда, сұлулықты сүйу, сақтау қасиеті. Автордың айтар ойы, көздеген нысанасы, алтын арқау идеясы осы».

Шығармадағы басты идеялы мақсатты автор әкеге, анаға ішкі психологиялық қақтығысы, жан күйзелісі арқылы берген. Ауру меңдеген нәресте. Аласұрған ана. Тәуіп шалдың айтқанын орындамаса, сәбиін арашалап қалар басқа амалы таусылған. Бар үмітін соңғы шарадан күтіп, бар қияметті орындауды зайыбына жүктеді. Әке халі де мүшкіл. Бала дерті жанын қанша қинағанмен, киелі құс аққуға қол көтергісі келмейді. Әке мен ана диалогы берілетін шумақтарда әке бейнесі ішкі болмыс – бітімімен айқын көрінеді. Қарапайым адамға тән жан тазалығын, қатыгездікке жаны ауыратын ізгі сезімі байқалады. Бала үшін ана жаны отқа түсуге дайын. Сондықтан киелі де қасиетті де перзент жолына құрбан етуге даяр десе, дұрыс – ақ. Поэмадағы негізгі кейіпкерлер ана мен әкенің сом тұлғасын, типтік көркем образын ақын бар сезім қуатынмен реалистік тұрғыдан нанымды жасаған». [1,21]

Поэмадағы бейнеленген кейіпкердің бірі- жылқышы қарт. Ол мылтықтың даусынан бір сұмдықтың болғанын сезіп, оқ дауысы шыққан жаққа жүреді. Ол әйелді көріп, таң қалады.

- Ей, кімсің? Тірісің бе? Жаның бар ма?

Аққуды неге атасың арың бар ма?

Тастағын қаруыңды келгін бері,

Кел бері, кеуденде жаның барда.

Бұл дауысты естіген әйел мылтығын көлге лақтырып жібереді де, жылқышы қартқа өзінің жайын баян етеді. Қарт қатты күйзеліске түседі:

- Әй, балам, болмады ғой, болмады ғой,

Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

Аққуға кезенерде ырым жасап,

Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?!

Поэмадағы жылқышы қарттың айтқан сөзі осы еді.

Жетім көлдегі мылтық дауысын, тау жаңғырығын естіп, ашулана жеткен жылқышы әйелден адам жанын қинар қасірет қайғыны естіп, аяушылық сезіміне беріледі. Бұдан жылқышының психологиялық мінезін, айтқан сөздерінен оның парасатты, жаны сұлу жаралған адам екенін көреміз.

Ақынның «Қарт тастап нелер сұмдық сырды бойға» дегенінде аққуға оқ атуға байланысты небір сұмдық оқиғаларды білетінін, бірақ өзі не істегенін білмей, есеңгіреп есінен айырылған ғазиз анаға ол сырларды, киелі, қасиетті аққуға қатысты жайттарды айтуға басы артық деп есептеген көнекөз қария одан арыға шыдамай, аттың басын шұғыл тартып, тайып тұруы да қисынды. Қарт бейнесі ұнамды бейне болып суреттелген.

Поэмадағы әрі баласының қайғысы, әрі көлдегі аққуды атып жайратқан ісі қатты әсер еткен ана зарын ақын өте әсерлі суреттейді..

Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»

...Бірде ана көкке жайып алақанын:

Қазір, ботам...

Мінеки, таң атады...

Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...

Жазыласың, құлыным...

Балапаным!

Ананың өліп жатқан баласын көргендегі естен танып, жүректен ышқынып шыққан зар – мұңын, әрі баласының өліміне өзі аққу атып себепкер болғанын естен кетпес өкініштердің ащы уын жұтқан ауыр трагедиялық көріністерді ақын аянышты халде, жүрек тебіреністерімен суреттейді.

Шығарма өмір шындығына негізделіп жазылған. Ол қазақ дастандарының ішіндегі ең таңдаулы шығармаларының бірі болып, әдебиетімізде ерекше орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алпысбаев Қ. «Поэма және сюжет», Алматы. Қазақ университеті, 1992 ж., 4,9,21.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ: ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ш.А. Шортанбаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: shokhan69@mail.ru
Ә.А. Салықбаева,
№148 мектеп-гимназия мұғалімі,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: salykbay@mail.ru

Махамбет Өтемісұлы поэзиясының стилі, тілі, лексикасы, көркемдік әлемі хақында ғалымдар тарапынан жазылған үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар, зерттеу-монографиялар бар.

Белгілі зерттеуші ғалым Құлмат Өмірәлиевтің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» атты еңбектері қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Бұқар, Дулат шығармаларымен қатар күрескер ақын Махамбет поэзиясының тілін, жанрын, стилін жан-жақты зерттеп, ғылыми негізде талдап көрсетуге арналған. Әсіресе, «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» атты еңбегінде зерттеуші-ғалым Махамбет поэзиясының тілін арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, кеңірек тоқталған.

Қ. Өмірәлиев XIX ғасыр поэзиясын жанрлық, стильдік тұрғыда мүлде жаңа сапада, таза теориялық талаптар тұрғысынан арнайы, алғаш қарастырды десек, артық айтқандық емес.

«XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясына сипаттама» тарауында XIX ғасырдың 30-40 жылдарынан кейінгі қазақ поэзиясының өлең түрлері, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша поэзия және оның жанры мен стильдік сипаты, қазақ поэзиясындағы ақын жасаған туындылардың жанры мен стилі туралы кеңінен қамтып, толыққанды, толымды пікірлер айтады.

Махамбет бастаған ақындардың шеберлік қисындарын, жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы, қазақ қоғамындағы орнын, ақындық даралығын, өзгеше болмыс-бітімін мейлінше терең зерделеп, ғылыми пайымдаулармен дәйектеп, жанрлық, көркемдік жақтан арнайы қарастырғанын ерекше бағалағанымыз жөн. Зерттеушінің бірнеше ғасыр әдебиетіне, поэзиясына байланысты әдеби-ғылыми тұжырымдарының өміршеңдігін, ғылыми сипатының дәлдігін бүгінгі буын да байқайтыны анық.

XIX ғасыр әдебиеті алдыңғы әдебиетке қарағанда анағұрлым толысқан, кемелденген, жаңалығы мол, жанрлық ерекшелігі түрленген әдебиет. Көне дәуірден жалғасқан әдебиетте хандық кезең тұсында негізінен жыраулар поэзиясы алдыңғы орынға шығып, онда негізінен жыр үлгісінің түрлі жанрлары басым болды. Ал бұл кезеңге жаңа өлең түрлері тән. Сондай-ақ,

дастан-поэмалар, лирикалық өлеңдер, айтыс өнері, ауыз әдебиеті үлгілері де айрықша мәнге ие болды. Қазақ өлеңі шын мәнінде жаңа сапаға көтеріліп, жазба әдебиеттің негізі қаланды. Махамбет, Дулат, Абай, Ыбырайлар шықты тарих сахнасына. Осылайша сөз өнері толысып, толығып, мазмұнын тереңдетіп, өз арнасын кеңейте түскені мәлім.

«Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы» дейтін бөлімінде ақын шығармаларында ауыз әдебиетінің, көне түркі поэзиясының, жыраулық дәстүрдің ықпал-әсері аз болмағанын атап көрсетеді. Ақын туындыларында жыраулар жасаған әдебиеттің дәстүрлі үлгілері, сөз қолданыстары, өлең өлшемі аз кездеспейді. Жыраулар шығармашылығына тән жорық жырлары, елдік мүдде мен ерлік рух астасқан өлең жолдары, халық даналығын байқататын сөз үлгілері, қанатты сөзге айналған сөз тіркестері Махамбетті айналып өтпейді. Көне түркі кезеңінен келе жатқан көркемдік дәстүрдің жалғасын тауып, бүгінгі өмірмен сабақтастық тауып жатуында ақын өлеңінің өзіндік орны бар. Әрине, өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен үйренумен ғана шектеліп қойған жоқ, қайта оны мазмұндық, тілдік, стильдік, көркемдік жағынан байытты. *Яғни*, «Махамбет — өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті үлгі қалдырған ақын»[1].

Мұны автор нақты мысалдармен дәлелдеп, көне ерлік эпостары, қазақтың батырлық жырлары мен ақын шығармаларының арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығының астарын ашуға ұмтылады. Әсіресе, ақынның «Соғыс», «Мінкен ер» өлеңдерінің эпостық жыр үлгісіне өте жақын келетініне назар аудара келе, «Махамбет поэзиясында «Соғыс» сияқты эпостық жыр сипаттас өлеңдер ғана кездесіп қоймайды, эпостық жырдың біз көрсеткендей ерекшелігіне ие өзге үлгідегі де өлеңдер кездеседі. Айталық, ақынның дидактикалық өлеңдерінде ауыз әдебиетіне тән тілге тиек аралық дәнекер жолдар мол кездесіп отырады.

Токсан тарау су ақса,
Дария болар сағасы.
Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы» [2],

-деп ақынның өлең жолдарынан нақты мысалдар келтіреді.

Өзіне дейінгі Қазтуған, Бұқар т.б. жыраулардың дәстүрімен философиялық-дидактикалық үлгідегі толғау жырлар айтқанын, оған «Тайманның ұлы Исатай», «Орай да, борай қар жауса», «Жалған дүние», «Жалғыздық» т.б. өлеңдер дәлел бола алатынын тілге тиек етеді.

Зерттеуші ақын поэзиясының өзіне дейінгі ақын-жыраулардан айырмашылығын, даралығын айта келіп, «Махамбет поэзиясы тілі күрестің, халықтық мүдде күресінің тілі. Ал бұл тілдің лексикасы күрес идеясын жеткізу құралы ретінде жұмсалысқа түскен лексика. Сондықтан да бұл лексика саяси мән реңкін бойына алған лексика. Демек, қазақ поэзиясында өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысынан идеялық құрал қызметінде жұмсалуды, саяси бояу

алуы Махамбеттен басталады»[2,45]-деп, ақын өлеңдерінің мән-мазмұнын аша түседі.

Автор ақын өлеңдерінде жиі кездесетін жер-су атауларының, әсіресе Еділ мен Жайықтың тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, ел қонысы, халық мекені, болашақ тіршілік кепілі ретінде алынғанын айтады.

Дәстүрлі қазақ поэзиясында туған жер, отан, атамекен идеясын білдіру үшін «қос өзен» ұғымының кеңінен қолданғанын білеміз.

«Туған жердің, ел отанының символы ретінде Еділ, Жайық деген заттық нышандарды алу күні кешегі Махамбеттерге дейін келді. Оның: Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім, Жайықтың бойы көк шалғын, Күзерміз де жайлармыз деген өлең жолдарында айтпақ идеясы – Еділ мен Жайық өзендерінің бойына ел қондыру, оны жаз жайлап, күз күзеу емес, нақты осы әрекетте емес, басқа, яғни «туған жерде емін-еркін өмір сүру» идеясы» [3].

Ия, шынында өршіл ақынның отты, рухты өлеңдерінде кездесетін жер-су атауларының, туған өлке атырабының аталуынан біз оның туған жерге деген махаббатын, Отан сүйгіштігін, атамекен, құт қонысы «қос өзен» үшін жанын пида етуге даяр екендігін көреміз. Махамбеттің:

*«Абайламай айрылдым,
Ар жақтағы елімнен,
Анау Нарын деген жерімнен»* — дейтіні,

немесе:

*«Айналайын, Ақ Жайық!
Ат салмай өтер күн қайда?»*-деуі,

немесе:

*«Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан біз едік»,* — деп

елінің, жерінің тәуелсіздігін аңсайтыны, жыр толғайтыны сондықтан.

Зерттеуші Махамбет жырларының тақырыптық сипатын белгілеуде оның тіліндегі *халық, ел, жұрт, алаш, қарындас, ер, батыр, хан, сұлтан* сөздерінің, *қару-жарақ*, аттарының, *туыстық* атауларының келу реті мен жиілік саны елеулі қызмет атқаратынына назар аударады.

«Ел сөзінің *халық* сөзінен көп қолданылуы бұл екі сөздің дара мағыналарындағы ерекшеліктен гөрі қандай сөздерімен тіркесуіне байланысты. Олай болса мұның өзі *ел* сөзінің тіркестік қатарының молдығын көрсетеді

1. *Елдің* қамын жеді ғой; *ел* қорғаған мен едім; *ел* құтқарар мен едім; мен де айрылдым *елімнен*;
2. *Халықтың* кегін қусайшы; *халықтың* көрген қорлығын;
3. Астана *жұртын* айналған;

Міне, бұл жолдар Махамбет жырының тақырыбы мен идеясын танытатын жолдар. Біз Махамбетке дейінгі поэзиядан *халық, ел, жұрт* сөздерінің осы әлпетте мол қолданысын кездестірмейміз»[2].

Мұнан әрі күрескер ақынның өлеңдерінде жиі кездесетін *ата, ана, қарындас, аға-іні, қатын, бала, жар т.б.* туыстық атаулардың келу және өзіндік қолдану ерекшелігіне нақты мысалдар келтіре отырып, тоқталады.

Махамбет поэзиясында кездесетін араб, парсы сөздеріне қатысты өз ойын «Махамбет бұл сөздерді араб-парсы тілін меңгеру арқылы тапқан жоқ. Бұл сөздер Махамбет лексикасына сөйлеу тілінен ауысқан. Яғни, ақын тіліне бұл сөздер оның өзі әңгіме еткен тақырыбына, осы тақырыпқа орай қалыптасқан халықтық түсінік тұрғысынан сөйлеуіне байланысты, осы тақырыптарға орай қалыптасқан салттағы сөздерге баруы негізінде оралған»[2,192], - деп түйіндейді.

Араб, парсы, түркі сөздерінен енген, бірақ қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тіліне барынша кірігіп, сіңісіп кеткен *арман, мақсат, үміт, дүние, заман, фәни, пидә, байтақ, астана, құса, қапы, қайғы, жиһан т.б.* сөздеріне тоқталып, олардың ауыз екі тілде барынша актив қатынас тапқанын айтып өтеді. Жалпы, ақын өлеңдерінде кездесетін кірме сөздер хақында автор келелі мәселе қозғаған. Кейінгі деректерде Махамбеттің бірнеше тілді, соның ішінде араб тілін тәуір меңгергендігі туралы айтылып жүр. Бұл арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе. Махамбет поэзиясындағы кездесетін сөз тіркестері мен фразеология, халықтың дәстүрлі сөз оралымдары мен тұрақты сөйлемдер, афоризмдер үшінші бөлімінде қарастырылған. Махамбетте кездесетін фразеологиялар жайлы сөз еткенде, зерттеуші ақын фразеологизмдерінде жауынгерлік стиль бояуы анық байқалып тұратынын, бірінші кезекте пайдалануға бейімділік аңғарылатынын ескертеді. Одан әрі ақын өлеңдеріндегі фразеологиялы сөйлемдерді ұйытқы тұрақты тіркестердің іштей тіркесу тәсіліне және осы тіркескен қатынасқа түскен сөздердің байланысу формасына қарай бірнеше топқа бөліп, талдап көрсеткен. Атап айтқанда:

- а) Атау тұлғалы тұрақты тіркестердің септіксіз сөзді меңгеруі (*аламанға жел бердік*);
- в) Септік формалы тұрақты тіркестерге атау тұлғалы сөздің қабыса байланысуы (*әділ жаннан түнілмін*); т.с.с.

Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы өзіндік ерекшелікке ие екендігі даусыз. Махамбет өлеңдері негізінен күрескерлік, жауынгерлік рухта туған өлеңдер. Осыған орай Махамбетте кездесетін көркемдік-бейнелеу құралдары, көбіне, осы үлгіде жасалған.

Ақын өлеңдерінде тұрақты эпитеттермен қатар, өзіне тән сөз бедерлерін (біздің *қайсар батырдың, ақ көңіл, аңқау жүрекпен, бұлттан шыққан шұбар күн*), эпостық-батырлық жырларға тән дәстүрлі теңеу сөздермен бірге теңеу сөздерді қолдануда өзіндік ерекшелігін (*Кұландай ащы дауыстым, Кұлжадай айбар мүйіздім*), метафоралар, (*Мен қарақұстан туған қалықпан, мен түбін кескен бәйтерек*), анафора, психологиялық параллелизм, қайталау, инверсия, ассонанс, аллитерация т.б. көркемдік-бейнелеу құралдарын зерттеуші- ғалым өдебиеттану мен тіл білімінің ортақ нысаны ретінде жан-жақты саралап, өзара байланыста салмақтап, саралайды.

Мұнан әрі ақын поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар, ақын өлендерінің синтаксистік жүйесі талданады.

«Әдебиеттану мен тіл біліміне өте жақын, бірақ әрі осы екеуіне ортақ құбылыстарды басын біріктіре қарастырған, әрі осы екеуінен де бөлек зерттеу әдісіне ие еңбек»[2], - деп Қ.Өмірәлиевтің өзі атап көрсеткендей, зерттеу әдісі, құрылымы өзгеше сипатқа ие бұл еңбектердің Махамбет өлендерінің тілін, табиғатын тануға, түсінуге игі қадам жасауыменен де, Махамбеттануға қосқан өзіндік үлесіменен де орны бөлек, ерекше құнды екендігін айту абзал.

Әдебиеттер:

1. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. -Алматы: Ғылым, 1983.-237бет.
2. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі.-Алматы: Ғылым, 1976.-239бет.
3. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. -Алматы: Білім, 2000.-336 бет.

ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

А.К.Шыныбекова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.к., доцент

Латын графикасына көшу мәселесінің тікелей талаптарының бірі – терминдерді бірізділендіру болып табылады. Жүйелі жазуы, тілі бар мемлекеттің ғылыми тілінің негізі болып табылатын терминдердің алуан түрлі қорының әртүрлі атаумен жарыса қолданылуы бұл мәселенің күрделі екенін көрсетеді.

Латын жазбасына көшіру кезеңінің басы-қасында тілші ғалымдармен қатар әлеуметтанушылар, психологтар, социолінгвистер көптеп жүруі тиіс, оларды бұл іске терминтанушы ғалымдармен қатар тарту керек. Терминдердің қалыптасуында ала-құлалық болуы сияқты латын жазбасында да әп дегенде келіспеушіліктер туындауы әбден мүмкін, ол дыбыстарды таңбалау кезінде кеткен бірізділікке түспеуден шығады. Латын әліпбиіне көшу барысында халықаралық тәжірибеге, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия елдеріндегі болған жайттарға мән беруіміз керек. Заман ағымы өз арнасында болып жатқан өзгерістерсіз дами алмайтыны сияқты латын жазбасына көшу кезеңінде көптеген басқа да мәселелер шешуін табуы тиіс. Қазақ әліпбиінің өзгеруімен бірге терминологияның да бірқатар өзекті мәселелері, ұғымдар жүйесінің тілдік прагматикасы да өз шешімін табуы тиіс. Ғылым тілі де, терминдері мен атаулары да халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпыхалықтық тілді ешқашан естен шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек.

Қазақ лексикасының терминденуі туралы Ш.Құрманбайұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі – ұлттық әдеби тілінің құрамындағы жалпы

қолданыстағы сөздер негізінде жасалған. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады, – дейді [1, 95]. Мәселен, ғылымның және өнеркәсіптің түрлі салаларындағы сияқты қазақ тіліндегі мұнай терминдері де мағыналық табиғаты жағынан: *байырғы сөздер* негізінде жасалған терминдер және *кірме терминдер* болып екіге бөлінеді. Байырғы сөздер негізінде қалыптасқан терминдер өнеркәсіптегі басты-басты ұғымдық категорияларды бейнелейді. Сондай-ақ кірме терминдерсіз бұл саланың сан алуан қызметтері мен әрекеттерін, категорияларын түсіну мүмкін емес. Байырғы сөздер өзінің бастапқы білдіретін лексикалық мағынасынан ажырап, жаңа ұғымды білдіретін сөздерге айналды. Мысалы: *желі – жила, сұйық отын – жидкое топливо, қақпақ – клапан, қашау – долото* сияқты мұнай терминдерінің о бастағы лексикалық мағыналары басқа екендігі белгілі [2, 11].

Мұнай терминдерінің табиғи жолмен жасалған қабатының қатарында өзге ғылымдарға ортақ терминдер де кездеседі. Бұл терминологияда екінші терминдену, (В.Иванов, В.Даниленко), транстерминологизация (А.В. Суперанская, Н.В. Васильева, Н.В.Подольская) деп аталады. Ш.Құрманбайұлы мұндай терминдерге «екінші терминденуден» гөрі «транстерминологизация» терминінің қолданысы дұрыс деп санайды. Себебі, терминнің бір терминологиялық өрістен басқа терминологиялық өріске өту құбылысын «транс» терминдік элементі нақты меңзейді. «Ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық жүйенің өз ішіндегі белгілі бір терминологиялық өрістен алынады» [1, 33], – дей келе, бұл терминдерді «ішкі терминдену» деп атауды ұсынады. Мәселен, *дифференциал*: мұнай термині, математика термині. *Динамика*: мұнай термині, философия термині. *Фаза*: мұнай термині, электротехника термині, философия термині, экономика термині. *Изоляция*: мұнай термині, заң термині, медицина термині.

Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге кұпия емес.

Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошқе Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрелік: *пленка – үлдірік, экономия – үнем, экономный – үнемшіл, экономность – үнемшілдік,*

экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизатор – отаршыл, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, патриотизм – отаншылдық, федерация – құрама, экспертиза – сарап, эксперт – сарапшы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей, урок, лекция – дәріс, поэма – дастан, творчество – шығарғыштық, антитеза – шендестіру, чиновник – төре, чиновничество – төрешілдік, музыка - әуез өнері, администратор, правитель - әкім, административность, власть - әкімдік, методика - әдістеме [3, 45].

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А. Байтұрсынов кезеңінде баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кезеңде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына, сөздіктерге еніп, тілде орныға бастаған болатын. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың 30-жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде *пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор* тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін *тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация)* жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін *тіларалық біріздендіру (межязыковая унификация)* ісіне мемлекет тарапынан айырықша мән берілді.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты екі немесе одан да көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А.В.Крыжановская «*терминологиялық интеграция*» деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты *тіларалық біріздендіруі*, екі немесе бірнеше тілге қатысты әңгіме қозғалғанда *халықаралық біріздендіру* термині қолданып келді [4, 19].

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында Г.В. Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себеп болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи қағидаттарға негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын графикасын пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп, толықтырып

алғандықтан, біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз.

Г.В. Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізділерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках» [5, 106].

«Термин *унификация* употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР» – деп көрсетеді Ю.Д. Дешериев өз мақаласында [6, 3].

М. Әуезовтің де қазақ терминологиясының мәселелерімен тікелей айналысқанын көрсететін бірден бір еңбектер – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Мұнда М.Әуезов терминологиядағы ішкі терминжасам туралы айта келіп, ғылым тілін қазақша жасау мәселесін көтереді. «Орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен көріп жатқан сөздер көп. Сонда джайлау, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?», – деп нақты мысалдар келтіре отырып, тіл заңдылығына сәйкес қабылдауды атап өтеді [7, 264].

Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған. Съезд материалдары 1925 жылы жеке кітап болып жарияланды. Бұдан басқа 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен таныстыру мақсатымен жазған А. Байтұрсыновтың «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласы жарияланды. А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын қалыптастыруда, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдерін сөз етеді. Қазақ терминологиясын байытып, дамытуға маңызды үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі Х. Досмұхамедов кірме сөздерді, әсіресе, орыс тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап айтылуын дұрыс құбылыс деп есептеген. Кірме сөздердің тілімізге тән сингармонизм заңына лайықтап алынсын деген қағиданы сол кездегі зиялы қауым кеңінен қолдаған. Н. Төрешұлы «Жат сөздер» деген еңбегінде «қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін», – дейді [8, 19]. Бұдан сол кезең зиялыларының пән атауларын қолдануда ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына көп көңіл бөлгендігін аңғаруға болады.

Тақырыптық салалар туралы мәлімет беру мақсатымен терминдер түрлі ғылыми және басқа да салалар бойынша лексика-семантикалық тұрғыдан топталып берілді: Оқу ағарту, педагогика саласына байланысты: *әдіс бірлігі – методическое объединение, оқу құралы – учебное пособие, руханишы – мыслитель, күн белгі – календарь, оқуқана – читальный зал* т.б.; Экономика саласына байланысты: *үнемші – экономист, жоспаршы – плановик,*

әлеуметшілік жәрдем–социальная помощь, үнем шаруашылығы–экономическое хозяйство, өнеркәсіпші–производственник т.б.; Саясатқа байланысты: әлеуметтік жағдай – социальное положение, үгіт-насихат – агитация, өзгерісшілдер – реформаторы, ілгерішіл – прогрессивный т.б.; тіл ғылымына байланысты: дауысты дыбыс – гласные звуки, ұлы тыныс – точка, кірешек сөздер – заимствованные слова, бұралқы жұрнақ – заимствованный суффикс т.б.; Заң ғылымына байланысты: құқық – право, талапкер – истец, заң кісісі – юридическое лицо, сот алымы – судебная пошлина т.б.; Психологиялық атаулар: мінез ілімі – психология, зейін – внимание, көзқарас – мировоззрение т.б.

Жалпы сөз қолданысында терминдердің қоғам құрылымы мен өзгерісіне тәуелді екендігі белгілі. «Белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды», – дейді терминолог-ғалым Ө. Айтбаев [9, 80].

Қазақ тіліндегі ғылым салалары бойынша қолданыстағы сөздердің 90%-ы терминдердің үлесіне түседі. Ғылымдағы жаңа ұғымдар мен қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістер термин сөздердің күнделікті қолданыс аясының өсіп отырғанын көрсетеді: «Дәл осы жерде біз әдеби тілдің көркемдік сипатынан гөрі стандарттық және ресмилік белгісінің арта бастағанын айқын аңғарамыз», – дейді академик Ә. Қайдар [10, 182].

Жоғарыда айтылған мысалдар терминология ғылымының 20-жылдарында-ақ салалық терминдер мәселесін көтергенін көрсетеді. Рас, 1920-1930 жылдары шет тілінен енген сөздерге балама табуға ұмтылушылық көрініс тапса, 50-70 жылдары орыс тіліндегі терминдер аударылмай, баламасыз қолданылады.

Терминологиялық лексиканы дербес лексикалық қабат ретінде қарап, салалық терминдерді әдеби тіл құрамына қатыссыз деуші ғалымдар пікіріне қарсылық білдіру ниетінде көптеген ғалымдар жүйелілік мәселесін көтеру қажет дейді. «Терминологияның күрделі теориялық мәселелерін айтпағанда салалық терминдерді жүйелеу, реттеу, қалыптау сияқты үнемі жүргізіп отыруға тиісті практикалық маңызы зор жұмыстармен тікелей айналысып отырған өкілетті орган да, бұл істің жайын жетік білетін мамандар да жоқтың қасы» [1, 23].

Мемлекеттік тіл – егеменді елдің, тәуелсіз мемлекеттің ең басты шарттарының бірі. Сондықтан тіліміздің жан-жақты дамып, күнделікті тұрмыста және ресми мемлекетаралық дәрежеде қолданылуы – өмір талабы. Академик Ә. Қайдардың «Қазақ тілі терминологиясының 50 жылдан астам тарихы бола тұрса да, оның жан-жақты даму дәрежесі бүгінгі заманның талабына сәйкес деп айтуға болмайды», – деген пікірінен кейін көптеген тіл жанашырлары ғылыми әдебиеттегі сан алуан терминдерді аударуға атсалысқанын білеміз. Академик Ә. Қайдар «термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың

орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді [1, 3].

Жаратылыстану ғылымдары бойынша халыққа түсінікті, көңілге қонымды, тілге жеңіл, тұрмыс-салтымызға, таным-түсінігімізге сәйкес терминдер жасауда атақты шығыс ғұламасы әл-Фарабидің «Аспанды жерге, ғылымды халыққа жақындатсам» деген пікірін басшылыққа алсақ ұтымды болар еді. XX ғасырдың басында қазақ тілінде ғылым тілін қалыптастыруда А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, С. Асфендияров т.б. зиялылар өсімдіктану (ботаника), тәнтану (анатомия), тәңтірлігінтану (физиология), бәсекесауда (аукцион), жандандыру (реанимация), жансыздандыру (анестезия), жалпытазалық (санитария), жекетазалық (гигиена) т.б. бірсыпыра сөздерді төл тілімізде жаңғыртып қолданды. Осы сөздерден реанимация сөзі бертінде жансақтау бөлімі болып аударылып, сәтті қолданысқа түсті. «Жандандырудан» гөрі «жан сақтау» қолайлы тіркес, өйткені мұнда шынымен де жанын алып қалуға көп күш салынады. *Фонтан* сөзі де *су бұрқағы* деп аударылып, халыққа толық түсінікті сөз қолданысы болуда. *Белок* сөзі *ақуыз* деп аударылып, өзінің төл мағынасын тура көрсете отырып, қолданысқа енді.

Табиғаттағы бар шикізат атаулары жалпы қолданыстағы сөзбен қатар терминге ұласады. *Мұнай, қарамай, жермай, жанармай, жанар-жағар май* т.б. сөздер мұнай саласы терминдеріне айналса, *әрлеу, өңдеу, жапсырмалау, қаптау сөздері құрылыс; уқалау, булау, сауықтыру, сылау* – медицина; *бәсекелестік, бағатізбесі, есепшот, кепілзат, делдал* – экономика; *бетперде, лаңкес, ұйымдасқан топ* – заң т.б. ғылым салалары бойынша терминдер қалыптасты. Жаратылыстану саласының терминдері өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақшаға бір аударылып, кейіннен қайтадан сол түпнұсқада қолданылып, 90-жылдарда оңтайландыру кезеңінде тағы қазақшаланып, қазір жарыспалы немесе дублеттік сипатта қолданыста жүргендері де біршама. *Динамика – қозғалыс – динамика, мұнай – химия рыногы – мұнай – қимие базары (нарқы) – мұнай – химия рыногы, инвестиция мөлшері – инвестиция сомасы, теңіз терминалы – теңіз кедергісі – теңіз терминалы, мұнай фонтаньы – мұнай атпасы, мұнай бұрқағы (нефтяной фонтан)* т.б. терминдер дублеттік сипатта қолданысқа ие. Жаратылыстану саласының терминдері деңгейлік қолданыстан өтпей қалыптаспайтынын байқауға болады.

Ұғымдар арасындағы жүйелі байланыстан терминологиялық өріс пайда болатындығы жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлы еңбектерінен көрінеді [1, 181]. Терминология саласында еңбек етуші ғалымдардың көпшілігі ішкі көздерге мән беру туралы айта келе, А. Байтұрсыновқа соқпай өтпейді. Ішкі

қор мәселесін сөз еткен орыс ғалымдары А.В. Суперанская, А. Даниленко, М.Н. Володина ойлау жүйесіне мән берген жөн дей келе, ұғымдық байланыстың термин жасаудың мәні зор екенін айтады [2, 14]. Терминденуші сөз бен ойлау жүйесі арасында белгілі бір өріс пайда болмаған жағдайда олардың лексикалық қабат құруы қиынға соғады. Тексті – мәтін, материяны – затын, кенежойғы – акарицид аудармаларымен қатар жаратылыстану ғылымдарының терминдерінен *инфауна, инстинк, кадастр, каллус, инбридинг, ихтиология, комменсализм, криофия, ксерофил, ксилофаг, клон, копрофаг, космополит, парник, адекция, абиотика, автохтон* т.б. сөздерді әлі күнге ғылыми әдебиеттерде түпнұсқадағыдай қолданамыз. Бұлардың терминдік табиғатын түсіндіру – сала ғалымдарының жұмысы. *Карантин – оқшаулау, каннибализм – адам етін пайдаланушылық, кома – естен айрылу, лавина – қар көшкіні, оползень – жер сырғымасы, эпизоотия – жануар індеті, предродовая – толғақ бөлмесі, абразивный – жемірілген, интродукция – жерсіндіру, бейімделту, координат – мекендеу мүмкіндігі* т.б. қолдануға болатын сөздерді тілшілер мағынасына қарай, оның тезаурустық сипатына сай жасады.

Нашатыр – мұсатыр, кислота – қышқыл, торф – шымтезек, окись – тотық, насадка – қондырма, углерод – көміртек, водород – сутек, сплав – құйма, щелочь – сілте, двуокись – қостотық болып ХХ ғасырдың басында Қ.Кемеңгерұлы аударылуы сәтті терминдердің жасалуына көңіл бөлгені белгілі. Ол көп варианттылыққа жол бермеуге тырысқан.

Қорыта айтсақ, латын жазбасының болашағының зор екенін мойындай отырып, түрлі экстралингвистикалық факторлар мен психоллингвистикалық үрдістердің термин шығармашылығына тікелей әсер ететінін көруге болады. Ендеше, терминдерді де осы латын жазбасының аясында біріздендіруіміз қажет.

Әдебиеттер

- 1 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1998. – 250 б.
- 2 Нұржанова А.С. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 24 б.
- 3 Терминология мәселелері / құраст. Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Астана, 2006. – 288 б.
- 4 Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – Киев, 1987. – С. 19-21.
- 5 Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М., 1983. – 263 с.
- 6 Дешериев Ю.Д.. Проблемы универсализации (интернационализации) терминологии в условиях развития национально-русского двуязычия (применительно к развитию языковой жизни советского общества) //

Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983. – С. 263.

7 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.

8 Төрекүлұлы Н. Жат сөздер туралы. – Алматы: Өнер, 2005. – 20 б.

9 Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.

10 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 46 б.

References

1 Qurmanbayuli' Sh. Qazaq leksi"kasi'ni'ng termi"ndenw u'rdisi: fi"lol. ghi'l. dokt. di"sc. – Almati', 1998. – 250 b.

2 Nurjanova A.S. Qazaq tilindegi munay termi"nderining leksi"ka-grammati"kali'q erekshelekteri: fi"lol. ghi'l. kand. ... avtoref. – Almati', 2000. – 24 b.

3 Termi"nologiy'a ma'seleleri / qurast. Sh. Qurmanbayuli', O. Jubaeva. – Astana, 2006. – 288 b.

4 Kryzhanovskaya A.V., Simonenko L.A. Aktual'nye problemy uporyadocheniya nauchnoy terminologii. – Kiev, 1987. – S. 19-21.

5 Stepanov G.V. Sovremennaya nauchno-tehnicheskaya terminologiya na yazykah narodov SSSR i za rubezhom // Problemy razrabotki i uporyadocheniya terminologii v akamediyah nauk soyuznyh respublik. – M., 1983. – 263 s.

6 Desheriev Yu.D.. Problemy universalizatsii (internatsionalizatsii) terminologii v usloviyah razvitiya natsional'no-russkogo dvuyazychiya (primenitel'no k razvitiyu yazykovoy zhizni sovetskogo obschestvo) // Problemy razrabotki i uporyadocheniya terminologii v Akademiyah nauk soyuznyh respublik. – M., 1983. – S. 263.7 A'wezov M. 20 tomdi'q shi'gharmalar ji'naghi'. – Almati': Jazwshi', 1985. – 19 t. – 369 b.

8 To'requluli' N. Jat so'zder twrali'. – Almati': O'ner, 2005. – 20 b.

9 Aytbaev O'. Qazaq termi"nologiy'asi'ni'ng damwi' men qali'ptaswi'. – Almati', 1988. – 159 b.

10 Qaydarov A'. Qazaq termi"nologiy'asi'na jangasha ko'zqaras. – Almati': Rawan, 1993. – 46 b.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Салқынбай А.Б. Мархабат Томанов зерттеулері және қазіргі рухани жаңғыру.....	3
Томанова Н.М. Мархабат Томанов - человек в науке	10
Yıldız Naciye. Olumlulaştırma/-olumsuzlaştırma bağlamında doğu türkistan'dan derlenen kazak atasözlerinde “az” ve “çok”	14
Сағындықұлы Б. Құлжанова Б. Түркі тілдеріндегі табыс септігінің даму тарихы	21
Тымболова А.О. Үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту тәжірибелерінен.....	28
Yıldız Naciye Metin merkezli ve bağlam merkezli kuramlar esasında oğuz kağan destanı üzerine inceleme	33
Erbeden Erdi Özbek türkçesinin oş ağzından alkış örnekleri	47
Baldane Orhan Kazan tatar türklerinin mani ve türkülerinde dağ.....	57
Бекмағамбетов Ш. Ежелгі түбір сөздер табиғатын тіл генетикасы тұрғысынан тілдік негіздер арқылы зерттеудің маңыздылығы	66
Алкебаева Д.А. А. Байтұрсыновтың «қазақтың бас ақыны» мақаласының прагматикасы.....	71
Жұбаева О. Қазақ морфологиясының идиоэтникалық сипаты.....	77
Құлназарова Г.С. Профессор М. Томанов еңбектерінің қазіргі кездегі өзектілігі	90
Ezberci Ayşe Eleneksel el sanatımız oya	93
Emrah Yılmaz Türkmen deyimleri üzerine semantik açıdan bir inceleme...107	
Ақымбек С.Ш. Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі мен алмасуының артикуляциялық сипаты	116

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Абитжанова Ж.А. Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафораға негізделген мақал-мәтелдер.....	123
Аширова А.Т., Досанов Б. Түбі бір түркі тілдеріндегі дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктер.....	130
Ахметқалиева Л. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелу жайы.....	134
Әбдікерімова Г.А., Сариева Т.Қ., Сайлаубеков А.Н. Түркі мәдениетінен бастау алған «мәңгілік ел» идеясы негізінде студенттерді отансүйгіштікке баулу, ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейту арқылы рухани жаңғыруға бет бұру.....	138

Әлімтаева Л.Т. Толымсыздықтың коммуникативтік аспектісі: диахрония және синхрония	142
Балтабаева Ж.Қ., Беласарова Ж.Т., М. Томанов еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы.....	146
Дәулетова А.Н. Қожа Ахмет Иассауи хикметтеріндегі адами құндылықтар	154
Қанбаева А. Ұлт мұратын ұлықтаған ұлылық	156
Кушкимбаева А.С. Көнерген сөздер - ұлттық болмыстың өзегін сақтаушы	159
Өтемісова Г.Ж. Шығарма тілінде көнерген аталымдардың тіркестіру тәсілі арқылы жасалуы (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша).....	165
Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды сипаты	171
Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Базарбекова Н.Ш., Сайлаубеков Н. М.Томанов – тіл тарихын зерттеуші	176
Төленби Ә. Шылаулардың даму тарихынан	180

2-СЕКЦИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Абдрахманова Ж.М. Жастар тіліндегі тілдік қолданыс.....	184
Абдрахманова Ж.Ә., Алиева Г.А. Баспасөз тілі: заманауи «мағынасы майысқан мақалдар»	189
Абдрахимова Г.Б. Терминжасам және салалық сөздік	192
Арынбаева Р.А., Танабаева Г.Ө., Жамашева Ж.Р. Инновациялық оқыту тәсілдері арқылы қазақ тілі сабағында студенттердің тілін дамыту	194
Атаханова Н.А. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты	197
Бурабаева Ж. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «тамыр» концепті	202
Даулетова А.С. Тұлға әлеуметіндегі қарым-қатынас рөлі.....	204
Жусанбаева С.Б. Білім технологиясының ерекшеліктері	210
Жунисова М.А. Түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білім	212
Жұмабаева Г.С. Ғабдол Слановтың көркем прозасы	217
Жүсіпов А.Е. Тілде кездесетін қателіктер: стилистикалық, семантикалық қайшылық, аударма қателігі	224
Иманалиева Ғ.Қ., Амирова М.Ж., Ормаханова Л. Көркем шығармаларда эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылу ерекшеліктері.....	229
Қондыбай К.Ә. Диалогтік оқыту арқылы студент белсенділігін арттыру мүмкіндігі.....	235
Мамаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі күшейтпелі үстеулердің функциясы және одан туындайтын проблемалар.....	239

Муханжанова З.Х. Культурные ценности казахов кочевого периода ...	242
Нұржанова А.С. Үштілді білім беру жүйесін жүзеге асырудағы мемлекеттік тілдің алатын орны.....	247
Наурызбай С. Ономастиканы зерттеудің кейбір мәселелері	251
Нұрланова Н.Н. Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық шығармаларының тілі мен стилі	253
Рамазанова Ш.Ә., Иманқұлова С.М. «Жеті қаған» – елдік пен ерліктің шежіресі.....	258
Тлеулесова А.Ш. Тіл - рухани қазына.....	262
Түсіпқалиева Р.Қ. Жарқын болашақ – жастардың қолында	265
Турабаева Л.Қ., Мадалиева А.Б., Байжанова Н.А., Кизбаева Ж.Қ. Төл мәдениетін қалыптастыру және тілдік норма	267
Турсын Ш.К. Білім беру үдерісінде Қазақстанның ашық кітапханасын қолдану тиімділігі	271
Усербаева М.К. М. Мақатаевтың тарихи, трагедиялық дастандарының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері.....	275
Шортанбаев Ш.А., Салықбаева Ә.А. Қазақ поэзиясының тілі мен стилі: оқыту ерекшеліктері	283
Шыныбекова А.К. Терминжасам мәселелері жөнінде	287